Қазіргі уақытта мәдени-тарихи тұғырды қолдану, тек педагогика және психологияның түрлі салаларында емес, сондай-ақ медицина, этноәлеуметтану, отбасы терапиясында да жаңа өзгерістерімен ашылып жатыр. А.Г.Асмоловтың айтуынша: «бүгін тек Л.С.Выготскийдің бір ғана мәдени-тарихи психологиясы емес, мәдени-тарихи психологияның көптеген түрі бар» деп сипаттайды. Заманауи мәдени-тарихи психологияны келесідей белгілі үш фактормен қарастырады: ойлаудың іс-әрекеттік стилі, бірегей іс-әрекеттік әдіснама; ес, қабылдау, басқа да жоғары психикалық қызметтерді зерттеу барысындағы өзіндік қалпын дәлелдей алатын эксперименттің ерекше типі, өзіндік әрекет; даму, тарихтың идеясы, жаңа дарвинистік емес эволюционизм.

Нағыз пән адамның құрылуы мен дамуындағы мәселелерін шешуді зерттеу және іздеу болып табылады, ғылыми және психологиялық танымның әдіснамалық және логикалық сұрақтары, оның негізінде мәдени-тарихи психологияның курсы тұлғалық дамудың жөнелтулері және факторларының психологиялық және педагогикалық талдау әдісі ретінде құрастырылады және қолданады.

«Психологиядағы және білім берудегі мәдени-тарихи және іс-әрекеттік тұғыр» курсы әртүрлі типтегі білім беру орындарында магистрлардың жұмысқа даярлығын қамтамасыз етеді, білім беру үдерісіндегі субъекттерді жетекшілеу облысындағы теориялық білімді меңгеру.

Нысанның игерушілігі тәртібінің “Психология және білім беру саласында мәдени-тарихи және белсенді көзқарас” мақсаты болып: магистрдің кәсіби біліктілігінің дамуы арқылы әдістемелік білімнің игерушілігі мәдени-тарихи және қызметтік тіл табулар психологиялық білімінде, білім беру процессінің субъектілерінің психологиялық – педагогикалық қолдау бойынша кәсіби қызмет құны-семантикалық негіздерін ғылыми түсіністік пен хабардарлыққа алып келеді.

“Психология мен білім беру жүйесіндегі мәдени-тарихи және қызметтік ықпалдастық” пәнінің **негізгі міндеттері:**

- магистранттарды психологиядағы мәдени-тарихи және қызметтік ықпалдастықтың құрылу және даму тарихымен таныстыру;
- магистранттарды білім беру жүйесінің психологиялық мәдени-тарихи және қызметтік ықпалдың әдіснамасымен таныстыру;
- тарихи психологияның психикалық процесстерді басқа ғылым салаларымен өзара (жас ерекшелік және педагогикалық психологиямен, тұлғалық, психологиямен, патопсихологиямен, психолінгвисти камен, әлеуметтік психологиямен) әрекеттестігін зерттеу;

Пән мазмұны

Кіріспе

Пәнді оқыту мақсаты: магистранттардың мәдени-тарихи және іс-әрекеттік психологиясының әдіснамалық және теориялық негіздерін меңгеру. «Психология мен білім беру жүйесіндегі мәдени-тарихи және қызметтік ықпалдастық» пәнінің негізгі **міндеттері:**

- магистранттарды психологиядағы мәдени-тарихи және қызметтік ықпалдастықтың құрылу және даму тарихымен таныстыру;
- магистранттарды білім беру жүйесінің психологиялық мәдени-тарихи және қызметтік ықпалдың әдіснамасымен таныстыру;
- тарихи психологияның психикалық процесстерді басқа ғылым салаларымен өзара (жас ерекшелік және педагогикалық психологиямен, тұлғалық, психологиямен, патопсихологиямен, психолінгвистикамен, әлеуметтік психологиямен) әрекеттестігін зерттеу;

«Психология мен білім беру жүйесіндегі мәдени-тарихи және қызметтік ықпалдастық» пәнін оқу нәтижесінде магистранттардың білуі қажет:

- тарихи-мәдени тұжырымдаманың пайда болуы мен қалыптасуы;
- қызметтік ықпалдың жүзеге асырылуының қазіргі білім беру жүйесіндегі жағдайлары мен қазіргі психологиядағы негізгі бағыттары;
- мәдени-тарихи және қызметтік ықпалдың мүмкіндіктері мен шектеулері;

Магистрант білуге міндетті:

- мәдени-тарихи әдіснаманың және қызметтік ықпалдастығын шешудегі білім берудегі мәселелерді анықтау;
- дамудың жақын және өзекті аймағын белгілеу және сонымен қатар, мәдени-тарихи әдіснама мен қызметтік ықпалдағы оқушылардың тұлғасының күрделі аймағының қалыптасуы;
- мәдени-тарихи әдіснама мен қызметтік ықпалдастықты ескере отырып оқушыларды оқыту мен дамыту диагностикасының әдістемесін таңдау;

Магистрант игеруге міндетті:

- қызметтік ықпалдастық пен мәдени-тарихи әдіснаманы;
- мәдени-тарихи әдіснама мен қызметтік ықпалдастық шегінде түсінік аппараты мен теориялық және қолданбалы зерттеуді.

Білім беру бағдарламасының құрылымындағы пәннің орны.

Пререквизиттер: «Педагогика», «Психология», «Ғылыми зерттеудің әдістері мен әдіснамалары», «Ғылым тарихы мен философиясы».

Постреквизиттер: «Білім беруді ұйымдастырудағы ғылыми-тәжірибелік психологиялық қызметтің негіздері», «Қазақстандағы психолого-педагогикалық ғылымның даму тенденциясы мен тарихы», «ЖОО-дағы интербелсенді оқыту», «Педагог-психологтың әдіснамалық мәдениеті».

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

1. Тұлға дамуының мәдени-тарихи тұжырымдамасы
2. Жоғары психикалық функцияларының дамуын психолого-педагогикалық зерттеу
3. Сана құрылымының мағыналық және жүйелілік түсінігі

4. Эксперименталды-генетикалық әдіс
5. Қызметтік- бағыттық теориялар.
6. Қызметтік ықпалдастықтағы тұлға түсінігін анықтау мәселелері
7. Мәдени-тарихи және қызметтік ықпалдастық тұжырымдамадағы мән мен мағынаның мәселелері
8. Оқушылардың дамудың жақын аймағы мен адамның психикалық даму заңдылықтарын есепке ала отырып білім беру үрдісі мен әрекеттестік құрылымының әдісі.

Пәннің мазмұны

1. тақырып. Тұлға дамуының мәдени-тарихи тұжырымдамасы

Тарихи-мәдени теорияны қалыптастырудың негізгі кезеңі. Тарихи-мәдени теорияның қағидалары мен түсініктерін жүйелеу.

Л.С. Выготскийдің теория конспектісінің әлеуметтік-мәдени қалыптасуы. Основные положения культурно- исторической концепции Л.С. Выготскийдің тарихи-мәдени тұжырымдасасының негізгі жағдайлары. Психологиядағы бала дамуының қозғалыс күшінің мәселелері. Адам психикасының әлеуметтік-тарихи шартталған қағидалары.

2. тақырып. Жоғары психикалық функциялардың психолого-педагогикалық зерттеуінің дамуы.

Жеке тұлғаның ойлауы мен сөйлеуіне бағытталған эксперименттік зерттеу. Ж. Пияженің концепциясы бойынша интеллектің даму кезеңдері. Баланың логикалық сөздігін, жанжақтылығын, нақтылығының дамуына зерттеу жасау. Сөйлеу әрекетінің дамуы.

3. тақырып. Сананың жүйелілік және мағыналық құрылымы туралы түсінік.

Сананың психика дамуының жоғары сатысы . Сананың мәні. Сананың онтогенезде дамуы. Сананың тарихи сипаттамасы. Сананың құрылымы: жеке мағынасы мен мәні. Сана жүйе ретінде. Сананың мағыналық құрылымы. Іс-әрекет – сананың субстанциясы. Сана қайтарымды процесс ретінде.

4. тақырып. Экспериментальды генетикалық әдіс

Мәдени-тарихи әдіснаманың теориялары: генетикалық-модельдеуші әдіс. Эксперименттік-генетикалық әдіс және мәдени-тарихи теориялардың пәні. Эксперименттік-генетикалық әдістің негізгі белгілері және ерекшеліктері. Нақты эксперименталдық зерттеулерді ұйымдастырудың және жүргізудің қағидалары. Жоғары психикалық қызметтің дамуын зерттеудің эксперименттік-генетикалық әдісі. Сана психологиясы және зерттеу әдістері.

Мәдени-тарихи теорияның генетикалық әдісі және методологиясы. Эксперименттік генетикалық әдіс пен мәдени тарихи теория пән ретінде. Арнайы мекемелердегі эксперименттік зерттеудің өтілуі. Экспериментальды генетикалық әдістің зерттелінуі мен психологиялық дамуы. Психологиялық танымның зерттеушілік әдісі.

5. тақырып. Іс-әрекеттік-бағыттылық теориясы. Психологиядағы іс-әрекет категориясы мен іс-әрекет ықпалы.

Л. Рубинштейннің еңбек іс-әрекетінің мәселесін дайындауы. В. Брушлинскийдің еңбектегі субъектті-іс-әрекеттік ықпалын дайындауы. Д.Б. Элконииннің онтогенездегі психикалық дамудың периодизациялану теориясы. В.В.Давыдовтың дамыта оқыту теориясы. А.В. Запарожца перцептивті іс-әрекеттің қалыптасуының теориясы. П:Я: Гальпериннің ақыл-ой іс-әрекетінің жүйелі дамуы теориясы. А.Г.Асмолованың ақыл-ой іс-әрекетінің әмбебаптылығы туралы оқуы.

6 тақырып. Іс-әрекет ықпалындағы тұлға түсінігінің анықтаудағы мәселелер.

С. Л. Рубинштейннің ғылыми мектептегі тұлғаның тұжырымдамасы. Психикалық процестердің тұлғаға тәуелділігі. Іс-әрекет – тұлға дамуының негізі ретінде. Белсенділік – тұлғаның жүйелі сапасы. (К.А. Абульханова-Славская). А. Н. Леонтеваның ғылыми мектебіндегі тұлға түсінігі: тұлға – жүйелі және жоғары сезімталды қасиет. Тұлға – адамның қоғамдық-тарихи және онтогенетикалық дамуы. Пәндік қызмет – жүйе құрылымының негізі. (А.Г. Асмолов). Тұлға дамуының қозғалмалы күші. Л.И. Божовичтің ішкі позиция тұжырымдамасы.

7. тақырып. Іс-әрекет ықпалында және мәдени-тарихи тұжырымдамаларындағы мән мен мағынаның мәселелері.

Психологиядағы мағынаның түсінігі. Интеллектуалды және аффективті процестерінің динамикалық мағыналы жүйе- бірлігі (Л.С.Выготский)

Тұлға құрылымын талдаудың бірлігі – динамикалық мағыналы жүйе. (А.Г.Асмолов). Тұлға мағынасы – қызмет мотивінің қатынасы тұлға санасындағы бейнесі болып табылады. (А.Н.Леонтев). Тұлғаның мағыналық қалыптасуы – мағыналы білімнің қасиеттерінің көрсеткіші.

8 тақырып. Адам психикасының даму заңдылықтарын және оқушылардың дамуының жақын аймағын ескере отырып байланыс орнату мен білім беру процесінің құрылуының әдісі

Выготскийдің дамудың өзекті және жақын аймағы теориясы. Педагогикалық психологияға арналған Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасының теориялық және практикалық мағынасы. Педагогика және психологиядағы бала психикасының дамуының қозғалыстық күшінің мәселелері. Бағыттаушы қызмет түсінігі (А.Н.Леонтев, Д.Б.Эльконин). Білім беру ортасының тәуекелін талдау, болжау және алдын алу.

Практикалық сабақтар тақырыптарының үлгісі

Психологиядағы мәдени-тарихи және қызметтік тәсілі және білім ғылым ретінде және оқыту мен тәрбиелеу өнері.

Жасөспірімдердің жеке тұлғасы. Оның дамуының ерекшеліктері мен қарама-қайшылықтарын есепке алу.

Педагогикалық ынтымақтастық: мұғалім-оқушы. Педагогикалық этиканың мәселесі.

Педагогикалық ынтымақтастық: мектеп және отбасы. Ата-аналарға арналған педагогикалық білімнің мазмұны мен әдісі.

Жоғары мектеп оқушыларының жеке тұлғасы: оның дамуының ерекшеліктері мен қарама-қайшылықтарын есепке алу.

Тәрбие әдістері: әдістерді қолданудағы педагогикалық шарттар. Жазалау және қайта тәрбиелеу әдістерін қолданудағы педагогикалық шарттар. Жас ерекшелік және дара ерекшеліктерін ескеру.

Сынып жетекшісінің тәрбиелік тұлғасының міндеттері, мазмұны, формалары.

Жас ерекшелік педагогикасының дамуының көздері.

Қазіргі заманғы жас ерекшелік педагогикасының бағыттары. (Отрасли)

Педагогикалық зерттеудің әдістері:

Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлары.

Жас ерекшелік дамудың ерекшеліктері, жас ерекшелік дамудың заңдылықтары.

Педагогикалық қарым-қатынастың ерекшеліктері.

Мұғалім типтері. Педагогикалық стильдердің қызметі.

Отбасылық тәрбие. Отбасы мүшелерінің қарым-қатынастарының ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Білім берудегі басқару жүйесі.

Екінші ағымдық бақылаудың сұрақтары:

1. Зерттеу әдістемелерінің пәні және қызметі. А. Н. Леонтьев.
2. Психологиялық сараптама және қызметтің құрылымы.
3. Таным қызметіндегі тұлғалық іс әрекет. С. Л. Рубинштейн. А. Н. Леонтьев. П. Я. Гальперин.
4. Ресей психологиясындағы кәсіби іс-әрекет. А. Н. Леонтьев.
5. Жоғарғы психиканың теориясы. Л. С. Выгодский.
6. Ресей психологиясына кәсіби зерттеу. А. В. Запарожец, П. А. Гельперин. Зерттеу аумағымен білім беру тәжірибесі.
7. Л. С. Выгодскийдің мәдени тарихи теориясы, және таным шығармашылығының дему кезеңі.
8. Тәжірибелік білімнің алдыңғы қатарлы даму процесі мен түсінігі.
9. Білім қызметінің теориясы.
10. Л. С. Выгодскийдің тұлғаның даму теориясы және таным заңдылықтары.

Әдебиеттерімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Асмолов А. Г. Культурно-историческая психология и конструирование миров. – М.: Ин-т практич. Психологии, 1996.
2. Брушлинский А. В. Культурно-историческая теория мышления. – М., 1996.

3. Выготский Л.С. Исторический смысл психологического кризиса // Собр. соч.: В 6 т. М.: Педагогика, 1982. Т. 1.
4. Выготский Л.С. Мышление и речь // Собр. соч.: В 6 т. М.: Педагогика, 1982. Т. 2.
5. Выготский Л. С. Орудие и знак в развитии ребенка // Собр. соч.: В 6 т. М.: Педагогика, 1984. Т. 6. С.5-90.
6. Гальперин Л.Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка. М.: Изд-во Моск. ун-та, 1985.
7. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. М.: Интор, 1996.
8. Деятельностный подход в психологии: Проблемы и перспективы/ Под ред. В.В.Давыдова, Д. АЛеонтьева. М.: Изд-во АПН СССР, 1990.
9. Зинченко В. П., Моргунов Е. Б. Человек развивающийся. Очерки российской психологии. – М. :Тривола, 1994.
10. Коул М. Культурно-историческая психология. Наука будущего. – М., 1997.
11. Леонтьев А.Н. Эволюция психики // Избран, психол. труды. М.: МПСИ; Воронеж: НПО «МОДЭК», 1999.
12. Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии.- М.: Наука, 1984
13. Психология: Адамзатакыл- ойының қазынасы/ Ә.Н.Нысанбаевтың ред. Жетекшілігімен. 10 томдық.- Алматы., 2005

Қосымша әдебиеттер:

1. Асмолов А. Г. Историко-эволюционная парадигма конструирования разнообразиямиров: деятельность как существование // Вопросы психологии. – 2008. – № 5. – С. 3-11.
2. Братусь Б.С. Аномалии личности. М., 1988.
3. Воробьева Л. И. Феномен субъектности в культурно-исторической перспективе //Вопросы психологии. – 2010. – № 6. – С. 3-13.
4. Зарецкий В. К. Эвристический потенциал понятия «зона ближайшего развития» /Вопросы психологии. – 2008. - № 6. – С. 13-25.
5. Джакупов С.М. психологическая структура процесса обучения. – Алматы., 2004.
6. Кудрявцев В.Т. Психология развития человека: основания культурно-исторического подхода. Рига: Педагогический центр "Эксперимент", 1999. Ч. I
- Марюков А. М. Деятельностный подход к исследованию поступка // Вопросы психологии. – 2008. – № 6. – С. 3-12.
7. Морозов С. М. Психологическая теория деятельности: история и перспективы. – М. : МГППУ, 2007.
8. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. Спб.: Питер, 2002.

Құрастырғандар:

Аксакалова Ж.К. – пс. ғ. к, аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ
Ибраимова Ж- п.ғ.к, доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

PZAMA 5301 Педагогикалық зерттеулердің әдісі мен әдіснамасы

6M010300 – Педагогика және психология

1,5 жылдық

3 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Қонақова К.У. - п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ
Джанабаева Р.А. – п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Педагогикалық зерттеулердің әдісі мен әдіснамасы» курсы білім беру магистранттарын кәсіби дайындау жүйесінде базалық болып табылады. Білім беру саласындағы заманауи маманның әдіснамалық мәдениетін дамыту жолдарын іздестіру мәселесі педагогикалық білім берудің қазіргі таңдағы парадигмасына сәйкес өзекті болып табылады. Әдіснамалық мәдениет – білім беру саласындағы маманның жалпы және психологиялық-педагогикалық мәдениетінің құрама бөлігі және оның ғылыми-зерттеу әрекетіне дайындығының маңызды белгісі болып табылады. Заманауи педагогтың әдіснамалық мәдениеті педагогикалық қызмет саласындағы ғылыми ізденуге бағыттылығын; іздеу мәселелерін шешу барысында кәсіби-әдіснамалық құзыреттілікті; шығармашылыққа ұмтылуды және ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қабілеттілікті қамтиды.

«Педагогикалық зерттеулердің әдісі мен әдіснамасы» **пәнінің мақсаты:** магистранттарда ғылыми-педагогикалық зерттеудің табиғатын, ұстанымдары мен логикасын түсінуді қамтамасыз ететін құзыреттіліктер жүйесін қалыптастыру және әртүрлі білім беру ортасында зерттеу мәселелерін табысты шешу қабілеттерін дамыту контекстінде оны ұйымдастыру әдістемесін игерту.

Пәннің міндеттері:

- білім беру саласы маманының әдіснамалық мәселелерге қызығушылығын ғылыми ізденіс нәтижелерін жете түсіну және ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру барысында дамытуға ықпал ету;
- магистрантты әдіснамалық білімдер жүйесімен және ғылыми ізденістер нәтижелерін талдау тәжірибесімен қаруландыру;
- білім беру саласында педагогикалық мәселелер бойынша ғылыми негізделген эксперименттеуге, білім беру саласындағы ғылыми-әдіснамалық негіздегі жаңа мәселелерді өз бетінше іздеуге және шешуге бағдарлау;
- ғылыми ізденісті ұйымдастыру, зерттеу жүргізу, педагогикалық шығармашылықтың байқалуы саласында арнайы іскерліктерді игеруге, кеңейтуге және байытуға ықпал ету;

Курсты оқу нәтижесінде магистрант:

- педагогикалық зерттеудің әдіснамасының негізгі ережелерін, педагог-зерттеушінің әдіснамалық құралын *білуі*;
- заманауи ғылымның тенденцияларын талдай, ғылыми зерттеулердің перспективті бағыттарын анықтай;
- кәсіптік қызметте зерттеудің эксперименттік және теориялық әдістерін пайдалана;
- зерттеудің негізделген жоспарын жасап ұсына *алуы*;
- пәндік салада ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін;
- өзінің ғылыми әлеуетін жетілдіру және дамыту дағдыларын *игеруі* тиіс.

Пәннің пререквезиттері: Ғылым философиясы мен тарихы; Педагогика; Психология.

Пәннің постреквезиттері: Жеке пәндер әдістемесі; Жоғары оқу орынындағы педагогикалық практика; Ғылыми-зерттеу практикасы.

Пәннің тақырыптық жоспары

- 1 тақырып. Ғылыми білімдер танымдық іс-әрекеттің нәтижесі ретінде.
- 2 тақырып. Ғылымдар жүйесіндегі педагогика.
- 3 тақырып. Педагогика әдіснамасының ерекшеліктері.
- 4 тақырып. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары.
- 5 тақырып. Педагог-зерттеушінің әдіснамалық мәдениеті.
- 6 тақырып. Зерттеу кезеңдері мен деңгейлері.
- 7 тақырып. Зерттеудің ғылыми аппараты.
- 8 тақырып. Зерттеу әдістері.
- 9 тақырып. Педагогикалық эксперимент.
- 10 тақырып. Ғылыми зерттеу нәтижелері.
- 11 тақырып. Ғылыми зерттеу нәтижелерін баяндау формалары.
- 12 тақырып. Диссертацияны қорғауға дайындау.

Пән мазмұны

1 тақырып. Ғылыми білімдер танымдық іс-әрекеттің нәтижесі ретінде.

Таным адам іс-әрекетінің түрі ретінде. Ғылыми таным: мәні мен ерекшеліктері. Ғылым жүйе ретінде. Әдіснама – ғылымды тану жолы. Әдіснамалық білімнің мәні. Ғылым мен практиканың өзара байланысы. Ғылыми зерттеудің жалпы әдіснамалық ұстанымдары: теория мен практиканың бірлігі, объективтілік, жан-жақтылық және кешенділік ұстанымдары. Әдіснама деңгейлері: философиялық, жалпығылыми, нақты ғылыми, технологиялық.

2 тақырып. Ғылымдар жүйесіндегі педагогика

Педагогика – білім беру жайындағы ғылым. Педагогиканың дербестігі мен ашықтығы. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы. Ғылыми зерттеу туралы түсінік. Зерттеу түрлері. Ғылыми зерттеулердің жіктелуі: зерттеу нысанының зерттелініп отырған қасиетінің құрамы бойынша, оларды жүргізу орнының белгісі бойынша, зерттеуді орындау кезеңдері бойынша жіктеу. Педагогика ғылымының жүйесі: жалпы педагогика, жас ерекшелік педагогикасы, мектепке дейінгі педагогика, коррекциялық педагогика, салалық педагогика, салыстырмалы педагогика, әлеуметтік педагогика, жеке пәндер әдістемесі.

3 тақырып. Педагогика әдіснамасының ерекшеліктері

Ғылыми-педагогикалық зерттеу ғылыми зерттеу түрі ретінде. Педагогикалық зерттеудің мәні. Педагогикалық зерттеудің әдіснамасының өзіндік ерекшелігі. Педагогика әдіснамасының деңгейлері мен қызметтері. Зерттеу кезеңдерін жүзеге асыруға тән ерекшеліктер. Қазіргі таңдағы педагогикалық зерттеулердің теориялық негіздері және проблематикасы.

4 тақырып. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары

Педагогикалық зерттеулерді әдіснамалық қамтамасыз ету. «Амал» ұғымының мәні. Педагогикалық зерттеулердің жалпы әдіснамалық амалдары: жүйелілік, кешенділік, тұлғалық, іс-әрекеттік, көпсубъективтілік (диалогтық), табиғатқа сәйкестілік, мәдениеттанымдық, антропологиялық, синергетикалық, акмеологиялық және т.с.с. Тарихи-педагогикалық, салыстырмалы-педагогикалық, дидактикалық зерттеулердің, әлеуметтік педагогика мен тәрбиелеу мәселесі бойынша зерттеулердің әдіснамасы.

5 тақырып. Педагог-зерттеушінің әдіснамалық мәдениеті

Педагог-зерттеушінің кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттері. Зерттеушінің педагогикалық шеберлігі: жалпы мәдениеті мен білгірлігі, кәсіптік білімдер, зерттеушілік қабілеттері мен біліктері, зерттеушілік педагогикалық бағыттылығы. Педагог зерттеушінің жұмысындағы шығармашылық пен жаңашылдық. Педагог-зерттеушінің ғылыми және практикалық іс-әрекетінің жүйесіндегі рефлексия. Ғылыми адалдық пен этика, қарым-қатынас мәдениеті мен педагог-зерттеушінің жүріс-тұрыс мәдениеті.

6 тақырып. Зерттеу кезеңдері мен деңгейлері

Педагогикалық зерттеулер деңгейлері. Іргелі зерттеулер. Қолданбалы зерттеулер. Іргелі және қолданбалы зерттеулердің өзара байланысы. Зерттеу кезеңдері және олардың сипаттамалары.

7 тақырып. Зерттеудің ғылыми аппараты

Педагогикалық зерттеудің логикасы. Зерттеудің негізгі сипаттамалары. Зерттеудің көкейтестілігі және оны негіздеу. Зерттеу тақырыбын таңдау әдістемесі. Мәселенің өңделгендігінің дәрежесі және қарама-қайшылықтар. Зерттеу тақырыбы, мақсаты мен міндеттері, нысаны, пәні, болжамы.

8 тақырып. Зерттеу әдістері

Ғылыми таным әдісі: мәні, мазмұны, негізгі сипаттамалары. Әдістің негізгі қызметі. Педагогикалық зерттеу әдістерінің жалпы сипаттамасы. Зерттеудің теориялық әдістері: талдау, жинақтау, жіктеу және абстракциялау, индукция және дедукция. Зерттеудің эмпирикалық әдістері: бақылау, әңгімелесу, сұқбаттасу, сауалнама, үлгі жасау, тестілеу. Мектеп құжаттарын, озат педагогикалық тәжірибені зерттеу. Педагогикалық зерттеулердің математикалық және статистикалық әдістері. Қолданылған әдістердің сенімділігіне, валидтілігіне және сезімталдығына қойылатын талаптар.

9 тақырып. Педагогикалық эксперимент

«Эксперимент» ұғымының мәні. Эксперименттің мақсаты, кезеңдері және түрлері. Экспериментті жоспарлау және ұйымдастыру. Эксперимент нәтижелері мен қорытындыларын жинақтау. Зерттеу материалдарын өңдеу және нәтижелерін жүйелеу. Ғылыми нәтижелерді сынқтан өткізу.

10 тақырып. Ғылыми зерттеу нәтижелері

Зерттеу жұмысының теориялық жаңалығы. Зерттеудің практикалық құндылығы. Теориялық және практикалық нәтижелер және олардың жаңалығы. Педагогикалық зерттеудің сапасы ұғымы және оны бағалау

өлшемі. Зерттеу нәтижелерінің жаңалық өлшемі. Педагогикалық зерттеудің нәтижелілігі. Жүргізілген педагогикалық зерттеулердің тиімділігінің шарттары мен көрсеткіштері. Жаңа ғылыми-педагогикалық білімнің шынайылығы мен дұрыстығын тексеру өлшемі педагогикалық зерттеу нәтижесі ретінде. Зерттеу нәтижелерін практикаға ендіру.

11 тақырып. Ғылыми зерттеу нәтижелерін баяндау формалары

Диссертация, монография, оқулық, оқу құралы, баяндама, конспект, тезис, реферат ғылыми хабарлама формалары ретінде. Ғылыми баяндаманың ерекшеліктері. Мақала құрылымы және оған қойылатын талаптар. Тезистердің ерекшеліктері. Рефераттың негізгі бөліктері. Пікір мен рецензияны жазуға қойылатын талаптар.

12 тақырып. Диссертацияны қорғауға дайындау

Зерттеу жұмысын диссертация түрінде рәсімдеу. Диссертация тілінің академиялық стилі және оның ерекшеліктері. Зерттеудің библиографиялық аппаратын рәсімдеу. Магистрлік диссертацияға қойылатын талаптар. Қорғауға ұсыну, көпшілік алдында қорғау процедурасы.

Семинар сабақтары тақырыптарының үлгілік тізімі

1 тақырып: Ғылыми білім танымдық іс-әрекеттің түрі ретінде

1. «Ғылым», «ғылыми білімдер», «ғылыми зерттеу» ұғымдарының мәнін ашу.
2. Әдіснама деңгейлері.
3. Ғылыми көздердегі «әдіснама» ұғымының түсіндірілуін талдау.

2 тақырып. Ғылыми білімдер жүйесіндегі педагогика

1. Педагогиканың пәні мен нысаны.
2. Педагогика мен философия, психология, антропология, әлеуметтану.
3. Педагогика ғылымының ерекшеліктері.

3 тақырып. Педагогика әдіснамасының ерекшеліктері

1. «Педагогикалық ғылымдар» ұғымының мәнін ашу.
2. Білім саласындағы зерттеулердің бағыттары туралы түсінік.

4 тақырып. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары

1. «Әдіснамалық амал» ұғымының мәнін ашу.
2. Әдіснамалық амалдардың сипаттамасы.

5 тақырып. Педагог-зерттеушінің әдіснамалық мәдениеті

1. Педагог-зерттеушінің кәсіби-маңызды қасиеттері.
2. Ғылыми адалдық, педагог-зерттеушінің жүріс-тұрыс мәдениетінің этикасы.

6 тақырып. Зерттеу кезендері мен деңгейлері.

1. Іргелі зерттеулердің міндеттері
2. Қолданбалы зерттеулердің міндеттері
3. Іргелі және қолданбалы зерттеулер

7 тақырып. Зерттеудің ғылыми аппараты.

1. Ғылыми зерттеу мен практикалық мәселелердің байланысы.
2. Өз зерттеуінің көкейкестілігін негіздеу және тақырыбын айқындау.

3. Зерттеу мақсаты, міндеттері, болжамы.

8 тақырып. Зерттеу әдістері.

1. Зерттеудің эмпирикалық әдістерінің сипаттамасы және оларды жіктеу жұмыстары.

2. Теориялық зерттеу әдістері.

3. Үлгі жасау әдісі

4. Зерттеу жұмысының міндеттеріне сәйкес диагностикалық материалдарды, тестілерді, сауалнамаларды, анкеталарды дайындау технологиясы.

9 тақырып. Педагогикалық эксперимент.

1. Айқындаушы эксперименттің мақсаты, міндеттері, оны жоспарлау.

2. Қалыптастырушы экспериментті жоспарлау.

3. Эксперимент базасын айқындау ерекшеліктері

10 тақырып. Ғылыми зерттеу нәтижелері.

1. Нәтижелердің жаңалық дәрежесін анықтау.

2. Нәтижелердің шынайлығы мен дәйектілігін анықтау жолдары.

3. Зерттеудің теориялық және практикалық құндылығы.

11 тақырып. Ғылыми зерттеу нәтижелерін баяндау формалары.

1. Ғылыми-ақпараттық тіл стилі.

2. Реферат, аннотация, құрылымы мен ерекшеліктері.

2. Конспект ерекшеліктері.

12 тақырып. Диссертацияны қорғауға дайындау.

1. Магистрлік диссертацияға қойылатын талаптарды меңгеру.

2. Қорғау процедурасы.

Курстық жұмыстардың үлгілік тақырыптары

1. Ғылыми жаңалықтың мәні мен маңызы.

2. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы.

3. Жаңа педагогикалық білімдерді қалыптастыру жолдары.

4. Ғылыми білім танымдық іс-әрекеттің түрі ретінде.

5. Ғылыми зерттеудің бағдарламасы.

6. Ғылыми зерттеудің мәні.

7. Ғылыми зерттеудің дәйектілігі.

8. Ғалымға тән қасиеттер.

9. Ғылыми зерттеу іс-әрекетінің әдістері.

10. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ендірудің маңызы.

11. Ғылыми нәтижелерді ендірудің негізгі формалары.

12. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердегі ақпараттық технологиялар.

13. Эксперименттік нәтижелерді көрнекі ұсыну.

14. Эксперименттік зерттеудің түрлері.

15. Ғылыми хабарламалардың негізгі формалары.

Оқытушының жетекшілігімен орындалатын магистранттың өзіндік жұмысының (МОӨЖ) үлгілік тізімі

1. Ғылым мен практиканың өзара бірлігінің сипаттамасы.
2. Педагогиканың басқа ғылым салаларымен байланысын анықтау.
3. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық ерекшеліктерін анықтау.
4. Өз зерттеу тақырыптарының ұстанымдарын анықтау.
5. Зерттеудің әдіснамалық амалдарының кестесін жасау.
6. Зерттеу логикасын анықтау.
7. Зерттеудің аралық және ақырғы нәтижелерін өңдеу.
8. Өз зерттеуінің ғылыми аппаратын жасау.
9. Зерттеу тақырыбы бойынша кесте, сурет, сызба дайындау.
10. Өз зерттеу тақырыбы бойынша мақала жазу.

Магистранттың өзіндік жұмысының (МӨЖ) үлгілік тізімі

1. Қазіргі таңдағы педагогикалық зерттеулердің негізгі мәселелерін тұжырымдаңыз.
2. Білім беру мекемесі мұғалімінің озат тәжірибесін жинақтап қорытыңыз.
3. Білім беру мекемесінде тәжірибелік-іздеу жұмысын жүргізуді жоспарлаңыз.
4. Белгілі бір мәселе бойынша зерттеу бағдарламасын дайындаңыз.
5. Берілген тақырып бойынша педагогикалық зерттеудің әдіснамасын жасаңыз.
6. Зерттеу тақырыбын, зерттеудің ғылыми аппаратын тұжырымдаңыз.
7. Зерттеу өлшемін дайындаңыз.
8. Зерттеу мәселесі бойынша диагностика кезеңдерін анықтаңыз.
9. Зерттеудің ақпараттық базасын жасаңыз.
10. Зерттеу нәтижелерін алудың әдістері мен әдістемелерін анықтаңыз.
11. Мәселе бойынша кешенді педагогикалық эксперимент бағдарламасын дайындаңыз.
12. Тиімді экспериментті бағалау критерийлері мен көрсеткіштері.
13. Зерттеу нәтижелерін рәсімдеңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет

1. Организация и планирование научных исследований. Учеб.пос.для магистрантов. /сост. А.А.Тленбаева.-Алматы: Қазақ унив., 2006.-65 с.
- 2.Хмель Н.Д. Методология научного поиска школа начинающего исследователя. Программа спецкурса и методические рекомендации для магистратуры высших учебных заведений. –Семипалатинск: СГПИ, 2007. - 28с.
- 3.Загвязинский В.И., Атаханов Р. Методология и методы психолого-педагогического исследования. – М., 2010.
4. Краевский В.В., Бережнова Е.В. Методология педагогики. Новый этап. – М., 2008.

5. Полонский В.М. Оценка качества научно-педагогических исследований. – м., 1987.
6. Таубаева Ш.Т. Методология дидактического исследования. -Алматы. – 2015.
7. Тургунбаева Б.А. Методология и методы научных исследований. -Алматы. – 2015.
8. Хан Н.Н., Сарсенбаева Л.О. Магистерская диссертация по специальности «Педагогика и психология» -Алматы. – 2015.

Қосымша әдебиет

1. Методы системного педагогического исследования. /Под.ред. Н.В.Кузминой. – Ленинград: Изд. ЛГУ, 1980.
3. Кудайкулов М. «Ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиялық-теориялық проблемалары» курсының оқытудың кредиттік технологиясы. –Алматы, 2004. -30 б.
4. Бережнова Е.В. Прикладное исследование в педагогике. –М.: Волгоград 2003.
5. Тотанова А.С. Методика научно-педагогического исследования. – Алматы, 2007.
6. Коржова Г.М. Научно-исследовательская работа студентов: организация и содержание.
7. Требования к магистерским диссертациям. МОН РК –Астана, -2008. Сборник правил.
8. Абсатова М.А. Методология и методы педагогического исследования: в схемах и таблицах. Алматы. 2012, -125с.

Құрастырғандар:

Тұрғынбаева Б.А.- педагогика ғылымдарының докторы, Абай ат.ҚазҰПУ педагогика және психология кафедрасының профессоры
Абсатова М.А.- педагогика ғылымдарының докторы, Абай ат.ҚазҰПУ педагогика және психология кафедрасының профессоры

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

PZAMA 5301 Педагогикалық зерттеулердің әдісі мен әдіснамасы

6М010300 – Педагогика және психология

1 жылдық

1 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Қонақова К.У. - п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ
Джанабаева Р.А. – п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Педагогикалық зерттеулердің әдісі мен әдіснамасы» курсы білім беру магистранттарын кәсіби дайындау жүйесінде базалық болып табылады. Білім беру саласындағы заманауи маманның әдіснамалық мәдениетін дамыту жолдарын іздестіру мәселесі педагогикалық білім берудің қазіргі таңдағы парадигмасына сәйкес өзекті болып табылады. Әдіснамалық мәдениет – білім беру саласындағы маманның жалпы және психологиялық-педагогикалық мәдениетінің құрама бөлігі және оның ғылыми-зерттеу әрекетіне дайындығының маңызды белгісі болып табылады. Заманауи педагогтың әдіснамалық мәдениеті педагогикалық қызмет саласындағы ғылыми ізденуге бағыттылығын; іздеу мәселелерін шешу барысында кәсіби-әдіснамалық құзыреттілікті; шығармашылыққа ұмтылуды және ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қабілеттілікті қамтиды.

«Педагогикалық зерттеулердің әдісі мен әдіснамасы» **пәнінің мақсаты:** магистранттарда ғылыми-педагогикалық зерттеудің табиғатын, ұстанымдары мен логикасын түсінуді қамтамасыз ететін құзыреттіліктер жүйесін қалыптастыру және әртүрлі білім беру ортасында зерттеу мәселелерін табысты шешу қабілеттерін дамыту контекстінде оны ұйымдастыру әдістемесін игерту.

Пәннің міндеттері:

- білім беру саласы маманының әдіснамалық мәселелерге қызығушылығын ғылыми ізденіс нәтижелерін жете түсіну және ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру барысында дамытуға ықпал ету;
- магистрантты әдіснамалық білімдер жүйесімен және ғылыми ізденістер нәтижелерін талдау тәжірибесімен қаруландыру;
- білім беру саласында педагогикалық мәселелер бойынша ғылыми негізделген эксперименттеуге, білім беру саласындағы ғылыми-әдіснамалық негіздегі жаңа мәселелерді өз бетінше іздеуге және шешуге бағдарлау;
- ғылыми ізденісті ұйымдастыру, зерттеу жүргізу, педагогикалық шығармашылықтың байқалуы саласында арнайы іскерліктерді игеруге, кеңейтуге және байытуға ықпал ету;

Курсты оқу нәтижесінде магистрант:

- педагогикалық зерттеудің әдіснамасының негізгі ережелерін, педагог-зерттеушінің әдіснамалық құралын *білуі*;
- заманауи ғылымның тенденцияларын талдай, ғылыми зерттеулердің перспективті бағыттарын анықтай;
- кәсіптік қызметте зерттеудің эксперименттік және теориялық әдістерін пайдалана;
- зерттеудің негізделген жоспарын жасап ұсына *алуы*;
- пәндік салада ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін;
- өзінің ғылыми әлеуетін жетілдіру және дамыту дағдыларын *игеруі* тиіс.

Пәннің пререквезиттері: Ғылым философиясы мен тарихы; Педагогика; Психология.

Пәннің постреквезиттері: Жеке пәндер әдістемесі; Жоғары оқу орынындағы педагогикалық практика; Ғылыми-зерттеу практикасы.

Пәннің тақырыптық жоспары

- 1 тақырып. Ғылыми білімдер танымдық іс-әрекеттің нәтижесі ретінде.
- 2 тақырып. Ғылымдар жүйесіндегі педагогика.
- 3 тақырып. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары.
- 4 тақырып. Педагог-зерттеушінің әдіснамалық мәдениеті.
- 5 тақырып. Зерттеу кезеңдері мен деңгейлері.
- 6 тақырып. Зерттеудің ғылыми аппараты және әдістері.
- 7 тақырып. Педагогикалық эксперимент.
- 8 тақырып. Ғылыми зерттеу нәтижелері.
- 9 тақырып. Ғылыми зерттеу нәтижелерін баяндау формалары.

Пән мазмұны

1 тақырып. Ғылыми білімдер танымдық іс-әрекеттің нәтижесі ретінде.

Таным адам іс-әрекетінің түрі ретінде. Ғылыми таным: мәні мен ерекшеліктері. Ғылым жүйе ретінде. Әдіснама – ғылымды тану жолы. Әдіснамалық білімнің мәні. Ғылым мен практиканың өзара байланысы. Ғылыми зерттеудің жалпы әдіснамалық ұстанымдары: теория мен практиканың бірлігі, объективтілік, жан-жақтылық және кешенділік ұстанымдары. Әдіснама деңгейлері: философиялық, жалпығылыми, нақты ғылыми, технологиялық.

2 тақырып. Ғылымдар жүйесіндегі педагогика

Педагогика – білім беру жайындағы ғылым. Педагогиканың дербестігі мен ашықтығы. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы. Ғылыми зерттеу туралы түсінік. Зерттеу түрлері. Ғылыми зерттеулердің жіктелуі: зерттеу нысанының зерттелініп отырған қасиетінің құрамы бойынша, оларды жүргізу орнының белгісі бойынша, зерттеуді орындау кезеңдері бойынша жіктеу. Педагогика ғылымының жүйесі: жалпы педагогика, жас ерекшелік педагогикасы, мектепке дейінгі педагогика, коррекциялық педагогика, салалық педагогика, салыстырмалы педагогика, әлеуметтік педагогика, жеке пәндер әдістемесі.

3 тақырып. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары

Педагогикалық зерттеулерді әдіснамалық қамтамасыз ету. «Амал» ұғымының мәні. Педагогикалық зерттеулердің жалпы әдіснамалық амалдары: жүйелілік, кешенділік, тұлғалық, іс-әрекеттік, көпсубъективтілік (диалогтық), табиғатқа сәйкестілік, мәдениеттанымдық, антропологиялық, синергетикалық, акмеологиялық және т.с.с. Тарихи-педагогикалық, салыстырмалы-педагогикалық, дидактикалық зерттеулердің, әлеуметтік педагогика мен тәрбиелеу мәселесі бойынша зерттеулердің әдіснамасы.

4 тақырып. Педагог-зерттеушінің әдіснамалық мәдениеті

Педагог-зерттеушінің кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттері. Зерттеушінің педагогикалық шеберлігі: жалпы мәдениеті мен білгірлігі, кәсіптік білімдер, зерттеушілік қабілеттері мен біліктері, зерттеушілік педагогикалық бағыттылығы. Педагог зерттеушінің жұмысындағы шығармашылық пен жаңашылдық. Педагог-зерттеушінің ғылыми және практикалық іс-әрекетінің жүйесіндегі рефлексия. Ғылыми адалдық пен этика, қарым-қатынас мәдениеті мен педагог-зерттеушінің жүріс-тұрыс мәдениеті.

5 тақырып. Зерттеу кезеңдері мен деңгейлері

Педагогикалық зерттеулер деңгейлері. Іргелі зерттеулер. Қолданбалы зерттеулер. Іргелі және қолданбалы зерттеулердің өзара байланысы. Зерттеу кезеңдері және олардың сипаттамалары.

6 тақырып. Зерттеудің ғылыми аппараты және әдістері

Педагогикалық зерттеудің логикасы. Зерттеудің негізгі сипаттамалары. Зерттеудің көкейтестілігі және оны негіздеу. Зерттеу тақырыбын таңдау әдістемесі. Мәселенің өңделгендігінің дәрежесі және қарама-қайшылықтар. Зерттеу тақырыбы, мақсаты мен міндеттері, нысаны, пәні, болжамы.

Ғылыми таным әдісі: мәні, мазмұны, негізгі сипаттамалары. Әдістің негізгі қызметі. Педагогикалық зерттеу әдістерінің жалпы сипаттамасы. Зерттеудің теориялық әдістері: талдау, жинақтау, жіктеу және абстракциялау, индукция және дедукция. Зерттеудің эмпирикалық әдістері: бақылау, әңгімелесу, сұқбаттасу, сауалнама, үлгі жасау, тестілеу. Мектеп құжаттарын, озат педагогикалық тәжірибені зерттеу. Педагогикалық зерттеулердің математикалық және статистикалық әдістері. Қолданылған әдістердің сенімділігіне, валидтілігіне және сезімталдығына қойылатын талаптар.

7 тақырып. Педагогикалық эксперимент

«Эксперимент» ұғымының мәні. Эксперименттің мақсаты, кезеңдері және түрлері. Экспериментті жоспарлау және ұйымдастыру. Эксперимент нәтижелері мен қорытындыларын жинақтау. Зерттеу материалдарын өңдеу және нәтижелерін жүйелеу. Ғылыми нәтижелерді сынқтан өткізу.

8 тақырып. Ғылыми зерттеу нәтижелері

Зерттеу жұмысының теориялық жаңалығы. Зерттеудің практикалық құндылығы. Теориялық және практикалық нәтижелер және олардың жаңалығы. Педагогикалық зерттеудің сапасы ұғымы және оны бағалау өлшемі. Зерттеу нәтижелерінің жаңалық өлшемі. Педагогикалық зерттеудің нәтижелілігі. Жүргізілген педагогикалық зерттеулердің тиімділігінің шарттары мен көрсеткіштері. Жаңа ғылыми-педагогикалық білімнің шынайылығы мен дұрыстығын тексеру өлшемі педагогикалық зерттеу нәтижесі ретінде. Зерттеу нәтижелерін практикаға ендіру.

9 тақырып. Ғылыми зерттеу нәтижелерін баяндау формалары

Диссертация, монография, оқулық, оқу құралы, баяндама, конспект, тезис, реферат ғылыми хабарлама формалары ретінде. Ғылыми баяндаманың ерекшеліктері. Мақала құрылымы және оған қойылатын талаптар.

Тезистердің ерекшеліктері. Рефераттың негізгі бөліктері. Пікір мен рецензияны жазуға қойылатын талаптар.

Зерттеу жұмысын диссертация түрінде рәсімдеу. Диссертация тілінің академиялық стилі және оның ерекшеліктері. Зерттеудің библиографиялық аппаратын рәсімдеу. Магистрлік диссертацияға қойылатын талаптар. Қорғауға ұсыну, көпшілік алдында қорғау процедурасы.

Семинар сабақтары тақырыптарының үлгілік тізімі

1 тақырып: Ғылыми білім танымдық іс-әрекеттің түрі ретінде

1. «Ғылым», «ғылыми білімдер», «ғылыми зерттеу» ұғымдарының мәнін ашу.
2. Әдіснама деңгейлері.
3. Ғылыми көздердегі «әдіснама» ұғымының түсіндірілуін талдау.

2 тақырып. Ғылыми білімдер жүйесіндегі педагогика

1. Педагогиканың пәні мен нысаны.
2. Педагогика мен философия, психология, антропология, әлеуметтану.
3. Педагогика ғылымының ерекшеліктері.

3 тақырып. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары

1. «Әдіснамалық амал» ұғымының мәнін ашу.
2. Әдіснамалық амалдардың сипаттамасы.

4 тақырып. Зерттеу кезендері мен деңгейлері.

1. Іргелі зерттеулердің міндеттері
2. Қолданбалы зерттеулердің міндеттері
3. Іргелі және қолданбалы зерттеулер

5 тақырып. Зерттеудің ғылыми аппараты және әдістері.

1. Ғылыми зерттеу мен практикалық мәселелердің байланысы.
2. Өз зерттеуінің көкейкестілігін негіздеу және тақырыбын айқындау. Зерттеу мақсаты, міндеттері, болжамы.
3. Зерттеудің эмпирикалық әдістерінің сипаттамасы және оларды жіктеу жұмыстары.
4. Теориялық зерттеу әдістері.

6 тақырып. Педагогикалық эксперимент.

1. Айқындаушы эксперименттің мақсаты, міндеттері, оны жоспарлау.
2. Қалыптастырушы экспериментті жоспарлау.
3. Эксперимент базасын айқындау ерекшеліктері

Курстық жұмыстардың үлгілік тақырыптары

1. Ғылыми жаңалықтың мәні мен маңызы.
2. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы.
3. Жаңа педагогикалық білімдерді қалыптастыру жолдары.
4. Ғылыми білім танымдық іс-әрекеттің түрі ретінде.
5. Ғылыми зерттеудің бағдарламасы.
6. Ғылыми зерттеудің мәні.

7. Ғылыми зерттеудің дәйектілігі.
8. Ғалымға тән қасиеттер.
9. Ғылыми зерттеу іс-әрекетінің әдістері.
10. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ендірудің маңызы.
11. Ғылыми нәтижелерді ендірудің негізгі формалары.
12. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердегі ақпараттық технологиялар.
13. Эксперименттік нәтижелерді көрнекі ұсыну.
14. Эксперименттік зерттеудің түрлері.
15. Ғылыми хабарламалардың негізгі формалары.

Оқытушының жетекшілігімен орындалатын магистранттың өзіндік жұмысының (МОӨЖ) үлгілік тізімі

1. Ғылым мен практиканың өзара бірлігінің сипаттамасы.
2. Педагогиканың басқа ғылым салаларымен байланысын анықтау.
3. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық ерекшеліктерін анықтау.
4. Өз зерттеу тақырыптарының ұстанымдарын анықтау.
5. Зерттеудің әдіснамалық амалдарының кестесін жасау.
6. Зерттеу логикасын анықтау.
7. Зерттеудің аралық және ақырғы нәтижелерін өңдеу.
8. Өз зерттеуінің ғылыми аппаратын жасау.
9. Зерттеу тақырыбы бойынша кесте, сурет, сызба дайындау.
10. Өз зерттеу тақырыбы бойынша мақала жазу.

Магистранттың өзіндік жұмысының (МӨЖ) үлгілік тізімі

1. Қазіргі таңдағы педагогикалық зерттеулердің негізгі мәселелерін тұжырымдаңыз.
2. Білім беру мекемесі мұғалімінің озат тәжірибесін жинақтап қорытыңыз.
3. Білім беру мекемесінде тәжірибелік-іздеу жұмысын жүргізуді жоспарлаңыз.
4. Белгілі бір мәселе бойынша зерттеу бағдарламасын дайындаңыз.
5. Берілген тақырып бойынша педагогикалық зерттеудің әдіснамасын жасаңыз.
6. Зерттеу тақырыбын, зерттеудің ғылыми аппаратын тұжырымдаңыз.
7. Зерттеу өлшемін дайындаңыз.
8. Зерттеу мәселесі бойынша диагностика кезеңдерін анықтаңыз.
9. Зерттеудің ақпараттық базасын жасаңыз.
10. Зерттеу нәтижелерін алудың әдістері мен әдістемелерін анықтаңыз.
11. Мәселе бойынша кешенді педагогикалық эксперимент бағдарламасын дайындаңыз.
12. Тиімді экспериментті бағалау критерийлері мен көрсеткіштері.
13. Зерттеу нәтижелерін рәсімдеңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет

1. Организация и планирование научных исследований. Учеб. пос. для магистрантов. /сост. А.А.Тленбаева.-Алматы: Қазақ унив., 2006.-65 с.
2. Хмель Н.Д. Методология научного поиска школа начинающего исследователя. Программа спецкурса и методические рекомендации для магистратуры высших учебных заведений. –Семипалатинск: СГПИ, 2007. - 28с.
3. Загвязинский В.И., Атаханов Р. Методология и методы психолого-педагогического исследования. – М., 2010.
4. Краевский В.В., Бережнова Е.В. Методология педагогики. Новый этап. – М., 2008.
5. Полонский В.М. Оценка качества научно-педагогических исследований. – м., 1987.
6. Таубаева Ш.Т. Методология дидактического исследования. -Алматы. – 2015.
7. Тургунбаева Б.А. Методология и методы научных исследований. -Алматы. – 2015.
8. Хан Н.Н., Сарсенбаева Л.О. Магистерская диссертация по специальности «Педагогика и психология» -Алматы. – 2015.

Қосымша әдебиет

1. Методы системного педагогического исследования. /Под.ред. Н.В.Кузминой. – Ленинград: Изд. ЛГУ, 1980.
3. Кудайкулов М. «Ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиялық-теориялық проблемалары» курсының оқытудың кредиттік технологиясы. –Алматы, 2004. -30 б.
4. Бережнова Е.В. Прикладное исследование в педагогике. –М.: Волгоград 2003.
5. Тотанова А.С. Методика научно-педагогического исследования. – Алматы, 2007.
6. Коржова Г.М. Научно-исследовательская работа студентов: организация и содержание.
7. Требования к магистерским диссертациям. МОН РК –Астана, -2008. Сборник правил.
8. Абсатова М.А. Методология и методы педагогического исследования: в схемах и таблицах. Алматы. 2012,-125с.

Құрастырғандар:

Тұрғынбаева Б.А.- педагогика ғылымдарының докторы, Абай ат.ҚазҰПУ педагогика және психология кафедрасының профессоры
 Абсатова М.А.- педагогика ғылымдарының докторы, Абай ат.ҚазҰПУ педагогика және психология кафедрасының профессоры

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

АРРГЗАА 5301 – Арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеудің әдістері мен әдіснамасы

6М010500 – Дефектология

2 жылдық

2 кредит

Алматы – 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Мағауова А.С. – п.ғ.докторы, педагогика кафедрасының профессоры Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Аутаева А.Н. – п.с.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсіндірме хат

5M010500- Дефектология мамандығы бойынша ҚР ГОСО оқу жоспарына сәйкес, «Арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері мен әдіснамасы» пәні базалық компоненттің міндетті пәндер модульіне кіреді

«Арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері мен әдіснамасы» пәнін оқытудың *мақсаты* магистранттарды ғылыми-зерттеу ісіне дайындау, арнайы педагогика мен психологияның өзекті мәселелелерін іске асырудағы психологиялық-педагогикалық зерттеу мен психологиялық және педагогикалық теориялардың мәнін анықтау, магистранттарды ғылыми психологиялық-педагогикалық әдістермен қаруландыру, зерттеушіге тән сапаларын қалыптастыру.

«Арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері мен әдіснамасы» пәнінің *міндеті* магистранттарды ғылыми психологиялық-педагогикалық зерттеу құрылымының логикасы мен ұйымдастыру тәсілдерімен, жүйелі қағидаларымен танысу, әдістер мен әдістемелерді зерттеу тапсырмаларын адекватты таңдау біліктілігіне дағдылану, зерттеу жұмыстарының тәжірибелік дағдыларын игеру, ғылыми нәтижелерді түсіндіру мен талдап беру, өңдеу тәсілдерін меңгеру.

«Арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері мен әдіснамасы» пәнін оқу нәтижесінде магистрант

білуі тиіс: зерттеу әдістері, эксперименттік материалдарды өңдеу тәсілдері, ғылыми нәтижелерді енгізу жолдары.

жасай алуы тиіс: зерттеу әрекетінде теориялық білімді жүзеге асыру; зерттеуді өздігінен ұйымдастыру, ғылыми іздеу нәтижелерін ғылыми тұрғыда дәлелдеу.

Аталған пәнді оқыту магистранттардың мынадай құзіреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- Мүмкіндігі шектеулі балалармен ғылыми психологиялық-педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру мен жоспарлау;
- Ғылыми психологиялық-педагогикалық зерттеуді жүргізу тәсілдері мен әдістемелерін және заманауи әдістерін адекватты қолдану;
- Ғылыми зерттеулерді түсіндіру, талдап беру.

«Арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері мен әдіснамасы» пәнінің бағдарламасы ГОСО талаптарына сәйкес 6M010500 – «Дефектология» мамандығы бойынша жаңа формацияның болашақ ғылыми қызметкерлерінің біліктілік пен дағдыларын, рационалды білім көлемін анықтайды.

Берілген пәнді оқытуда өткен пәндердің тізімі: психология, педагогика, арнайы (түзету) психология және педагогика, психологиялық-педагогикалық диагностика әдістері.

Пәннің тақырыптық жоспары

1 бөлім. Курстың жалпы міндеттері

1 тақырып. «Арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері мен әдіснамасы» курсының мақсаты мен міндеттері.

2 тақырып. Ғылым адам әрекетінің саласы ретінде.

2 бөлім. Арнайы психология мен педагогика әдіснамасы

3 тақырып. Әдіснаманың анықтамасы мен қызметі.

4 тақырып. Әдіснаманың мазмұны

5 тақырып. Арнайы психология мен педагогикада зерттеу жүргізудің міндеттері.

6 тақырып. Ғылыми зерттеудің түсіндірмелі- тұжырымдамалық аппараты.

7 тақырып. Ғылыми зерттеудің логикасы мен жалпы үлгісі.

8 тақырып. Ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдері.

3 бөлім. Арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері

9 тақырып. Ғылыми зерттеу әдістерінің жіктелуі.

10 тақырып. Теориялық және эмпирикалық әдістер.

11 тақырып. Арнайы педагогика мен психологиядағы эксперимент әдісі.

12 тақырып. Арнайы педагогика мен психологиядағы тестілеу әдісі.

13 тақырып. Ғылыми нәтижелерді түсіндіру мен өңдеу тәсілі.

14 тақырып. Ғылыми нәтижелерді талдап түсіндіру (презентация).

4 бөлім. Психологиялық-педагогикалық зерттеу әдебі.

15 тақырып. Психологиялық-педагогикалық зерттеудің әдеп кодексі мен міндеттері.

Пәннің мазмұны

1 бөлім. Курстың жалпы міндеттері.

1 тақырып. «Арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері мен әдіснамасы» курсының мақсаты мен міндеттері.

«Арнайы педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері мен әдіснамасы» курсының мақсаты магистранттарды ғылыми психологиялық-педагогикалық зерттеу құрылымының логикасы мен ұйымдастыру тәсілдерімен, жүйелі қағидаларымен таныстыру.

Курстың міндеті ғылыми психологиялық-педагогикалық зерттеудің ерекшеліктері мен теориялық білімдерін меңгерту; ғылыми зерттеуді жүргізу мен құрастыру логикасымен таныстыру; зерттеу тапсырмаларын адекватты таңдау біліктілігіне дағдыландыру; ғылыми нәтижелерді түсіндіру мен талдап беру, өңдеу тәсілдерін меңгерту.

Курсты оқу барысында магистранттар арнайы педагогика мен психологияның теориялық, практикалық жағынан аса өзекті мәселелерін анықтайды және арнайы педагогика мен психологиядағы заманауи ғылыми зерттеуді талдайды. Ғылымның аса маңызды мәселелері жөнінде білімін

калыптастыру негізінде магистрант оның ары қарай дамуын келешекте жобалай алады.

Пәнді жетік меңгеру үшін арнайы (түзету) педагогикадағы білімі тірек бола алады. Алынған теориялық білімі магистранттардың тәжірибелік біліктілік дағдысын кеңейтіп, пәндік құзыреттіліктің қалыптасуы мен кәсіби сапасының жүзеге асуына себеп болады.

Магистрлік дайындықтың инновациясы болашақ мамандардың өзіндік ойлауын, өзінің ғылыми пікірін айтуын, теориялық талдай білуін, креативтігін, белсенділігін және т.б, яғни олардың бұдан әрі кәсіби қызметіне көмекті болатын сондай қабілеттерін орта және жоғары оқу орындарының оқытушысы ретінде дамытады.

2 тақырып. Ғылым адам әрекетінің саласы ретінде.

Жоғары айнымалы шегі бойынша дифференциалдану шарты. Үзіліссіз функциялардың алғашқы функциясының бар болуы. Ньютон-Лейбниц формуласы. Анықталған интегралда айнымалыны ауыстыру. Анықталған интегралдың қолданылуы.

Жоғары шегі айнымалы болатын интеграл. Интегралды есептеудің негізгі формуласы. Анықталған интегралды есептеудің негізгі ережелері.

Риман интегралының кейбір қолданылулары. Қисық ұзындығы. Жазық фигура ауданы. Айналу денесі бетінің ауданы. Қисықсызықты трапецияның ауданы. Қисықсызықты сектор ауданы. Дене көлемі. Кейбір кубталатын денелер кластары.

II. СЕМИНАР САБАҚТАРЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

1. Санды тізбек. Шектің бар болу анықтамасы. Монотонды тізбектер. *ε*-санының анықтамасы және онымен байланысты шектер.
2. Тізбектің дербес шектері. Больцано-Вейерштрасс теоремасы. Жинақталатын тізбектер үшін Коши критерийі.
3. Сандық функциялар және олардың кейбір берілу тәсілдері. Шегі бар функциялар және олардың қасиеттері. Тамаша шектер.
4. Анықталмағандық және оларды ашудың тәсілдері. Функцияларды салыстыру. О және осимволдары.

5. *Функция туындысы. Элементар функциялардың туындысы. Дифференциалдау ережесі. Жоғарғы ретті туындылар. Лейбниц формуласы. Тейлор формуласы.*

6. *Лопиталь ережесі.*

7. *Функцияны туындының көмегімен зерттеу. Функцияның графигін түзу.*

8. Алғашқы функция. Анықталмаған интеграл. Айнымалыны ауыстыру әдісі.

9. Анықталған интеграл. Ньютон-Лейбниц формуласы.

10. Анықталған интегралда айнымалыны ауыстыру. Бөліктеп интегралдау әдісі.

11. Рационал функцияларды интегралдау. Иррационал функцияларды интегралдау.

III. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Зорич В. А. Математический анализ. - Т.1, 2. - М.: Наука, 2007.

2. Кудрявцев Л.Д. Курс математического анализа. - Т.1-3. - М.: «Высшая школа», 2006.

3. Ильин В.А., Позняк Э.Г. Основы математического анализа. - М., «Физматлит», в 2 частях, 2005.

4. Фихтенгольц Г.М. Основы математического анализа. - Наука, Лань, 2005.

5. Токибетов Ж.А. Некоторые главы математического анализа. Учебное пособие. - А., 2011.

6. Архипов Г.И., Садовничий В.А. Чубариков В.Н. Лекции по математическому анализу. – М., 2004.

7. Демидович Б.П. Сборник задач и упражнений по математическому анализу. - М.: Наука, 2005.

Қосымша:

1. Пискунов Н.С. Дифференциальное и интегральное исчисления. - М.: Наука, 2002.

2. Архипов Г.И. Лекции по математическому анализу. - М.: «Высшая школа», 2001.

3. Бараненков Г.С. Задачи и упражнения по курсу математическому анализу. – М., 2001.

4. Никольский С.М. Курс математического анализа. - М.: «Физматлит», 2001.

5. Берман Г.Н. Сборник задач по курсу математического анализа. - СПб., 2001.

6. Барабанов А.Е. Математический анализ. - М.: МГУ, 2002.

7. Бермант А.Ф., Араманович И.Г. Краткий курс математического анализа. – М., 2005.

Құрастырғандар:

Тоқыбетов Ж.А., физ.-мат.ғ.к., «Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры, Абай атындағы ҚазҰПУ

Тұяқов Е.А., п.ғ.к., «Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының доценті, Абай атындағы ҚазҰПУ.

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ККФОМ 5301 Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері

6М011000 –Физика

2 жылдық

2 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Такибаев Н.Ж.-ҚР ҰҒА академигі, ф.-м. ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Құлбек М. – т.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәні бойынша Типтік оқу бағдарламасы физикада ХХ-ХХІ ғ.ғ. аралығындағы маңызды ғылыми жаңалықтар ашылуымен және келелі мәселелерінің талдануымен негізделген. Осы пәнді оқып зерттеуде физиканың әртүрлі бөлімдерінің өзара байланысы мен физикалық әлемнің табиғатын тереңдеп түсінуге және қоршаған ортаны шығармашылық танып білуін дамытуға мүмкіндік туады.

Жоғары және орта мектепте физиканы оқытудың негізгі мәселелеріне сай болатын физикалық принциптердің, заңдардың және теориялардың, сондай-ақ физиканың ғылым ретіндегі әдіснамасының тәрбиелік пен дамытушылық функцияларының мәнін ашатын әдіснамалық және философиялық мәселелеріне негізгі тақырыптарды қарастырғанда ерекше көңіл аударылады.

Пәнді табысты меңгеру үшін магистранттар құбылыстардың физикалық табиғаты туралы заманауи түсініктер беретін классикалық және кванттық механиканың, статистикалық физика мен термодинамиканың, ядролық физика және элементар бөлшектер физикасының, заттың құрылысының электрондық теориясының негізгі ұғымдары мен заңдарын білуі қажет.

Осы келелі мәселелерді оқып білу біздің білімнің эволюциясын анықтайтын Әлемнің қазіргі физикалық бейнесін түсінуде, сонымен қатар жаңа ғылыми және қолданбалы технологияларды игеруде маңызды.

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәнінің **мақсаты** магистранттарға әлемнің біртұтас бейнесін түсіндіретін физика ғылымының негізгі даму бағыттары және оның маңызды эволюциялық кезеңдерін таныстыра отырып, білімгерлердің қазіргі ғылыми дүниетанымына деген көзқарасын қалыптастыру.

Пәнді оқытудың негізгі мәселелері:

- физика саласында ХХ-ХХІ ғ.ғ. аралығындағы негізгі ғылыми жаңалықтары және олардың ғылым мен техникада қолдануы туралы түсініктерін қалыптастыру;
- физикалық құбылыстар мен бақылауларды талдауда ғылыми дағдыларын дамыту;
- қоршаған әлемнің қазіргі ғылыми таным әдістерімен таныстыру;
- қағаз және электронды сақтаушылардағы ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді оқу материалдарын таңдап алу үшін жинау, сақтау және өңдеу дағдыларын дамыту болады.

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәнін оқыту нәтижесінде магистранттар:

- физиканың іргелі заңдары мен қазіргі ғылыми саланың маңызды даму бағыттарын;
- жүйелердің физикалық сипатамаларына ғылыми әдістемелік талдау жасауды және оларға физикалық түсіндірме беруді;
- қазіргі кездегі пәнаралық байланыстар шеңберінде ғылыми таным

әдістерінің ерекшеліктері, физиканың болашағы мен мәселелері туралы, мысалы барлық төрт фундаменталды әрекеттесулердің бірлескен теориясын құру, материяның өзіндік қауымдастық бірлескен теориясы, Әлемнің жаратылысы және эволюциясы, вакуум күйі сияқты және т.б.;

– жаңа көкейкесті ғылыми бағыттар мен физиканың негізгі жетістіктері және олардың ғылым мен техникада қолдануын **білуі қажет.**

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыптар, бөлімдер
1	Қазіргі физиканың пәні және мәселелері
2	Физикалық принциптер мен заңдардың дамуы
3	Элементар бөлшектер
4	Кванттық физикалық құбылыстардың қазіргі мәселелері
5	Қазіргі астрофизиканың өзекті мәселелері
6	Қараңғы материя және қараңғы энергияның мәселелері
7	Космология
8	Қазіргі физика: ғылым мен техниканың интеграциясы.

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәнін меңгеру нәтижесінде магистранттар келесі **құзыреттерге** ие болу керек:

1 жалпымәдени:

– ғылыми зерттеулер мәдениетінің әдіснамалық және философиялық негіздерін дамытуға және жетілдіруге қабілеттілікке;

– жалпылауға, талдауға, ғылыми ақпаратты игеруге, мақсат қоюға және оған жетуге жол іздестіруге, мемлекеттік тіл мен қажетті шет тілінде қисынды дұрыс, дәлелді және жазбаша мен анық ауызша сөйлеуге қабілеттілікке;

– өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетін атқару.

2 пәндік:

– ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және педагогикалық мәселелерін шешу үшін қажетті (өзінің білім бағдарламасына сәйкес) физиканың іргелі бөлімдерін білуге;

– ғылыми-зерттеу және педагогикалық іс-әрекетінде физиканың жаңа жетістіктерін, қазіргі мәселелері бойынша білімдерін қолдануға ептілікке;

– қазіргі кездегі пәнаралық байланыстар шеңберінде ғылыми таным әдістерінің жалпы ерекшеліктері, физиканың болашағы мен мәселелері туралы түсініктерге;

– жаңа көкейкесті ғылыми бағыттар мен физиканың негізгі жетістіктері және олардың ғылым мен техникада қолдануы туралы түсініктерге;

– физиканы оқыту теориясы мен әдістер жүйесін игерген, білім алушылардың физика мен техникаға танымдық қызығушылығын дамыта алатын және физиканы оқуға ынтасын қалыптастыру ептіліктеріне.

Пререквизиттері: математикалық талдау негіздері, жалпы физика мен теориялық физика, ядролық физика.

Постреквизиттері: ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау, нанотехнологияның физикалық негіздері, наноматериалдарды зерттеу әдістері, заттардың тепе-теңдікті қасиеттері, конденсацияланған күйлердің физика-механикалық негіздері, жоғары және орта мектептегі физикалық білімнің өзекті мәселелері, физиканың пәнаралық байланыстары.

Пәннің тақырыптық мазмұны

1 Қазіргі физиканың пәні және мәселелері

Кіріспе. Физикалық зерттеу әдістері: эмпирикалық және теориялық. Ғылым мен техниканың дамуы. Физиканың негізгі даму кезеңдері. Кеңістік, уақыт және жылдамдық – Аристотелден, Ньютон мен Эйнштейнге дейінгі ұғымдардың эволюциясы. Ғылым мен техникадағы төңкеріс ұғымы. Әлемнің ғылыми бейнесінің эволюциясы. Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі.

2 Физикалық принциптері мен заңдарының дамуы

Ньютон механикасы, Ньютон теңдеулерінің қолдану шегі. Механикадағы қозғалыстардың анықтауыштығы (детерминанттығы). Лапласың детерминизмі. Қазіргі физикадағы детерминизмнің білінуі. Эйнштейн постулаттары. Эйнштейннің эквиваленттік принципі, салыстырмалылық принципі, инварианттық принциптердің (постулаттардың) екі негізгі кластары немесе табиғаттың заңдарының симметриясы.

Классикалық теорияның шектеулігі және кванттық ұғымдарға өтудің қажеттілігі. Планк, Эйнштейн, Бор, де Бройль болжаулары және корпускулалық-толқындық екіжақтылық. Планк тұрақтысы. Жарық кванты – фотон. Бор атомы. Бор постулаттары. Анықталмағандық қатысы -. Гейзенбергтің анықталмағандығы. Паули принципі. Бордың толықтырғыштық принципі. Физикадағы симметрия.

3 Элементар бөлшектер

Элементар бөлшектердің негізгі қасиеттері. Өзара әрекеттесу топтары. Әрекеттесуді тасымалдаушылар мен өріс кванттары. Гравитациялық толқындар және олардың ашылуы. Элементар бөлшектердің сипаттамалары. Кварктар мен глюондар және олардың өзара әрекеттесуі. Стандарттық модель. Стандарттық модельдің фундаментальды бөлшектері. Хиггс бозоны және оның ашылуы. Өзара әсерлердің бірігуі.

4 Кванттық физикалық құбылыстардың қазіргі мәселелері

Асқынөткізгіштік. Кванттық және классикалық Холл эффекті. Джозефсон эффекті. Кванттық туннельдік эффект. Джозефсон эффекті мен кванттық туннельдік эффектің кванттық метрологияда қолдануы. Туннельдік эффект және микроскопия, наноқұрылымдық материалдарды зерттеуде пайдалану.

5 Қазіргі астрофизиканың өзекті мәселелері

Ғарыштық станциялар және ғарыштық зерттеулер. Жерсеріктері мен планетааралық станцияларды пайдалану, астрофизикалық бақылаулардың мәліметтері. Әлем. Анықтамасы. Метагалактика. Жұлдыздар және олардың пайда болуы. Жұлдыздар коллапсы. Нейтрондық жұлдыздар. Қара құрдымдар (тесіктер). Асажаңалар. Қызыл алыптар. Әлемнің кеңеюі. Ескіден қалған (реликті) сәулелену.

6 Қараңғы материя және қараңғы энергияның мәселелері

Қараңғы материяның болуының дәлелдемелері. Ыстық, жылы және суық қараңғы материя. Қараңғы материяның құрамы: әлсіз өзара әрекеттесетін массивті бөлшектер (WIMP), L-бөлшектер, аксиондар. Қараңғы материяның эксперименттік ізденісі. Қараңғы энергия. Қараңғы энергияның болуының дәлелдемелері. Қараңғы энергия күйінің теңдеуі. Әлемнің материясының толық тығыздығына қараңғы материяның қосылатын үлесі.

7 Космология

Космология мен жоғарғы энергия физикасының байланысы. Ұлғайып бара жатқан Әлемдегі физикалық процестер. Инфляция. Әлемнің қабару (инфляциялық) моделі. Космогонияның көкейкесті мәселелері.

8 Қазіргі физика: ғылым мен техниканың интеграциясы

Басқарылатын термоядролық синтез. Кванттық электроника. Қолданбалы рентгенооптика. Туннельдік эффектің техникалық қолдануы. Материяның өзіндік ұйымдастыру қасиеттері. Нанотехнологиялар – жаңа ғылыми-техникалық революция негізі. Ғылымның дамуының қазіргі мәселелері: наноөлшемдерге өту, ғылыми зерттеулердің пәнаралықтығы, органикалық (тірі табиғат) және бейорганикалық (физика-химиялық, техникалық және т.б. жүйелер) әлемдер арасындағы алшақтығын азайту.

Семинарлық сабақтардың шамамен алынған тақырыптары

- 1 Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі
- 2 Ньютон теңдеулерінің қолдану шегі. Эйнштейн постулаттары.
- 3 Классикалық механиканың қолданылу критерийлері.
- 4 Қазіргі физикадағы детерминизмнің білінуі.
- 5 Эйнштейннің эквиваленттік принципі, салыстырмалылық принципі, инварианттық принциптердің (постулаттардың) екі негізгі кластары немесе табиғаттың заңдарының симметриясы.
- 6 Стандарттық модельдегі фундаментальды бөлшектер.
- 7 Элементтердің көп таралғандығы.
- 8 Бариондық асимметрия. Әлемдегі антибөлшектердің болмауы.
- 9 Астрофизикалық бақылаулар мысалында мәліметтерді жүйелеуге және түсіндіруге дағдыларын дамыту.
- 10 Реликтік сәулелену.
- 11 Әлемнің дамуын түсінудегі Ұлы бірігу моделінің кейбір салдары.

- 12 Космологиялық қорытындылар мен жалпылаудың дүние танудағы маңызы.
- 13 Жоғарғытемпературалық асқынөткізгіштік.
- 14 Материяның өзіндік ұйымдастыру қасиеттері.
- 15 Нанотехнологиялар – жаңа ғылыми-техникалық революция негізі.

Оқытушының басшылығымен орындалатын өзіндік жұмыстарының шамамен алынған тақырыптары

- 1 Орта ғасырдағы ғылым дамуы (Шығыс араб елі, Батыс Европа)
- 2 Ғылыми-техникалық төңкеріліс. Өндірістік төңкеріліс.
- 3 17 ғасырдағы негізгі жетістік.
- 4 Физикалық теориялардың жорамалдары және шектеулігі. Бордың атомдық теориясының шектеулігі.
- 5 Күннің толқындық және корпускулалық сәулеленуі. Жердің төңірегіндегі кеңістіктегі процестердің өзара байланысы.
- 6 Электрәлсіз әрекеттесу үлгісі (моделі).
- 7 Әлемнің ірімасштабты құрылымы.
- 8 Ғарыштық сәулелердің қолдану маңыздылығы.
- 9 Ғарыштық автоматтық обсерваториялар.
- 10 Лазерлік физика және техника.
- 11 Қолданбалы рентгенооптика, физикалық технологияның нәзік әдістері.
- 12 Жұлдыздардың өмірлік циклының аяқталуы. Асқынжаңалар.
- 13 Астрофизикалық бақылаулардың жаңа мәліметтері. Салқын қараңғы материя.
- 14 Әлемнің алғашқы мезеттері.
- 15 Хиггс бозоны

Өзіндік жұмыстарының шамамен алынған тақырыптары

- 1 Жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдардың айырмашылығы мен бірлестігі. Ғылыми білімдердің белгілері.
- 2 Қоғамдық іс-әрекет және рухани құндылық жүйесі түрінде ғылымның дамуы. Ғылыми революция туралы түсінік.
- 3 Әлемнің ғылыми бейнесінің орнықтылығы мен айнымалылығы.
- 4 Симметрияның тосын (спонтанды) бұзылуы – табиғаттағы әр алуандылықтың көзі.
- 5 Әрекеттесу түрлері және оларды тасымалдаушылар.
- 6 Планк гипотезасы.
- 7 Комптон эффекті.
- 8 Туннельдік эффект.
- 9 Ұлы бірігу моделдері.
- 10 Галактикалардың топтануы.
- 11 Реликттік сәулелену және оның қасиеттері.
- 12 Бордың толықтырғыштық принципі – ғылымның эволюциялық дамуының түйінді түсінігі.

13 Протон және нейтрон. Негізгі сипаттамалары.

14 Нейтронды жұлдыздар және пульсарлар.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет

1. Шпольский Э.В. Атомная физика. Введение в атомную физику. В 2-х томах. – М.: Лань, 2010. – 560 с.
2. Қадыров Н.Б. Ядролық физика: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 204 б.
3. К.Коэн-Таннуджи, Б. Диу и Ф. Лалоэ. Квантовая механика. (в 2 томах). – ЛЕНАНД, 2015. – 976 с.
4. Мухин К.Н. Экспериментальная ядерная физика. В 3-х томах. – М.: Лань, 2008.
5. Мурзин В.С. Астрофизика космических лучей: Уч. пособие для вузов. – М.: Универ. книга., Логос, 2007. – 488 с.
6. Аскарова А.С., Молдабекова М.С. Молекулалық физика: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 246 б.
7. Жұманов к.Б. Атомдық физика: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 369 б.
8. Қожамқұлов Т.А., Жүсіпов М.А., Имамбеков О.И. Кванттық механика: Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 289 б.
9. Гинзбург В.Л. Теоретическая физика и астрофизика. М.: Наука, 2001. – 487 с.

Қосымша әдебиет

- 1 Вайнберг С. Космология /Пер. с англ. - М.: УРСС: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2013. — 608 с.
- 2 Витязь П., Свидуневич Н.А. Основы нанотехнологий и наноматериалов: Уч. пособие – Минск: Вышш.шк., 2010. – 302 с.
- 3 Хокинг С., Млодинов Л. Великий замысел / Пер.с англ.- New York: Bantam Books, 2010. – 104 с.
- 4 Молдабекова М.С. Қайтымсыз процестер термодинамикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 118 б.
- 5 Уиггинс А., Уинн Ч. Пять нерешенных проблем науки. - М.: ФАИР-Пресс, 2005. – 304с.
- 6 Лидсей Дж.Э. Рождение Вселенной. - М.: Весь Мир, 2005. - 200 с.
- 7 Николис Г., Пригожин И. Познание сложного. Введение. – М.: URSS, 2003. – 342 с.
- 8 Бедняков В.А. О происхождении химических элементов.- М.: Интерпериодика, ЭЧАЯ, Том 33, № 4, 2002. – с. 915 – 963.
- 9 Киржниц Д.А. Труды по теоретической физике и воспоминания. В 2-х томах -М.: Физматлит, 2001.

10 Успехи физических наук (УФН) -2012-2016 гг. Шолу мақалалары.

Анықтамалық әдебиет

1. Физическая энциклопедия. В 5-ти томах. - М.: Советская энциклопедия.- 1988.
2. Большой энциклопедический словарь. Физика.- М.: Большая Российская энциклопедия, 2005. - 944 с.

Құрастырғандар:

Молдабекова М.С., п.ғ. д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің физика кафедрасының профессоры;

Хамраев Ш.И. – т. ғ. к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің физика кафедрасының профессоры;

Насирова Д.М. –PhD докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің физика кафедрасының аға оқытушысы;

Акжолова А.А. - И.Жансугуров атындағы ЖезГУ-дің аға оқытушысы

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ККФОМ 5301 Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері

6М011000 –Физика

1,5 жылдық

3 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Такибаев Н.Ж., ҚР ҰҒА академигі, ф.-м. ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Құлбек М. – т.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәні бойынша Типтік оқу бағдарламасы физикада ХХ-ХХІ ғ.ғ. аралығындағы маңызды ғылыми жаңалықтар ашылуымен және келелі мәселелерінің талдануымен негізделген. Осы пәнді оқып зерттеуде физиканың әртүрлі бөлімдерінің өзара байланысы мен физикалық әлемнің табиғатын тереңдеп түсінуге және қоршаған ортаны шығармашылық танып білуін дамытуға мүмкіндік туады.

Жоғары және орта мектепте физиканы оқытудың негізгі мәселелеріне сай болатын физикалық принциптердің, заңдардың және теориялардың, сондай-ақ физиканың ғылым ретіндегі әдіснамасының тәрбиелік пен дамытушылық функцияларының мәнін ашатын әдіснамалық және философиялық мәселелеріне негізгі тақырыптарды қарастырғанда ерекше көңіл аударылады.

Пәнді табысты меңгеру үшін магистранттар құбылыстардың физикалық табиғаты туралы заманауи түсініктер беретін классикалық және кванттық механиканың, статистикалық физика мен термодинамиканың, ядролық физика және элементар бөлшектер физикасының, заттың құрылысының электрондық теориясының негізгі ұғымдары мен заңдарын білуі қажет.

Осы келелі мәселелерді оқып білу біздің білімнің эволюциясын анықтайтын Әлемнің қазіргі физикалық бейнесін түсінуде, сонымен қатар жаңа ғылыми және қолданбалы технологияларды игеруде маңызды.

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәнінің **мақсаты** магистранттарға әлемнің біртұтас бейнесін түсіндіретін физика ғылымының негізгі даму бағыттары және оның маңызды эволюциялық кезеңдерін таныстыра отырып, білімгерлердің қазіргі ғылыми дүниетанымына деген көзқарасын қалыптастыру.

Пәнді оқытудың негізгі мәселелері:

-физика саласында ХХ-ХХІ ғ.ғ. аралығындағы негізгі ғылыми жаңалықтары және олардың ғылым мен техникада қолдануы туралы түсініктерін қалыптастыру;

-физикалық құбылыстар мен бақылауларды талдауда ғылыми дағдыларын дамыту;

-қоршаған әлемнің қазіргі ғылыми таным әдістерімен таныстыру;

-қағаз және электронды сақтаушылардағы ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді оқу материалдарын таңдап алу үшін жинау, сақтау және өңдеу дағдыларын дамыту болады.

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәнін оқыту нәтижесінде магистранттар:

– физиканың іргелі заңдары мен қазіргі ғылыми саланың маңызды даму бағыттарын;

– жүйелердің физикалық сипатамаларына ғылыми әдістемелік талдау жасауды және оларға физикалық түсіндірме беруді;

– қазіргі кездегі пәнаралық байланыстар шеңберінде ғылыми таным әдістерінің ерекшеліктері, физиканың болашағы мен мәселелері туралы,

мысалы барлық төрт фундаменталды әрекеттесулердің бірлескен теориясын құру, материяның өзіндік қауымдастық бірлескен теориясы, Әлемнің жаратылысы және эволюциясы, вакуум күйі сияқты және т.б.;

– жаңа көкейкесті ғылыми бағыттар мен физиканың негізгі жетістіктері және олардың ғылым мен техникада қолдануын **білуі қажет.**

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыптар, бөлімдер
1	Қазіргі физиканың пәні және мәселелері
2	Физикалық принциптер мен заңдардың дамуы
3	Элементар бөлшектер
4	Кванттық физикалық құбылыстардың қазіргі мәселелері
5	Қазіргі астрофизиканың өзекті мәселелері
6	Қараңғы материя және қараңғы энергияның мәселелері
7	Космология
8	Қазіргі физика: ғылым мен техниканың интеграциясы.

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәнін меңгеру нәтижесінде магистранттар келесі **құзыреттерге** ие болу керек:

3 жалпымәдени:

- ғылыми зерттеулер мәдениетінің әдіснамалық және философиялық негіздерін дамытуға және жетілдіруге қабілеттілікке;
- жалпылауға, талдауға, ғылыми ақпаратты игеруге, мақсат қоюға және оған жетуге жол іздестіруге, мемлекеттік тіл мен қажетті шет тілінде қисынды дұрыс, дәлелді және жазбаша мен анық ауызша сөйлеуге қабілеттілікке;
- өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетін атқару.

4 пәндік:

- ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және педагогикалық мәселелерін шешу үшін қажетті (өзінің білім бағдарламасына сәйкес) физиканың іргелі бөлімдерін білуге;
- ғылыми-зерттеу және педагогикалық іс-әрекетінде физиканың жаңа жетістіктерін, қазіргі мәселелері бойынша білімдерін қолдануға ептілікке;
- қазіргі кездегі пәнаралық байланыстар шеңберінде ғылыми таным әдістерінің жалпы ерекшеліктері, физиканың болашағы мен мәселелері туралы түсініктерге;
- жаңа көкейкесті ғылыми бағыттар мен физиканың негізгі жетістіктері және олардың ғылым мен техникада қолдануы туралы түсініктерге;
- физиканы оқыту теориясы мен әдістер жүйесін игерген, білім алушылардың физика мен техникаға танымдық қызығушылығын дамыта алатын және физиканы оқуға ынтасын қалыптастыру ептіліктеріне.

Пререквизиттері: математикалық талдау негіздері, жалпы физика мен теориялық физика, ядролық физика.

Постреквизиттері: ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау, нанотехнологияның физикалық негіздері, наноматериалдарды зерттеу әдістері, заттардың тепе-теңдікті қасиеттері, конденсацияланған күйлердің физика-механикалық негіздері, жоғары және орта мектептегі физикалық білімнің өзекті мәселелері, физиканың пәнаралық байланыстары.

Пәннің тақырыптық мазмұны

1 Қазіргі физиканың пәні және мәселелері

Кіріспе. Адам танымының негізгі түрі - ғылым. Ғылым танымының логикасы мен методологиясы. Физикалық зерттеу әдістері: эмпирикалық және теориялық. Ғылым мен техниканың дамуы. Физиканың негізгі даму кезеңдері. Кеңістік, уақыт және жылдамдық – Аристотелден, Ньютон мен Эйнштейнге дейінгі ұғымдардың эволюциясы. Ғылым мен техникадағы төңкеріс ұғымы. Ғылыми-техникалық алға басудың қазіргі ғылыми-техникадағы төңкеріспен байланысы. Әлемнің ғылыми бейнесінің эволюциясы. Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі.

2 Физикалық принциптері мен заңдарының дамуы

Ньютон механикасы, Ньютон теңдеулерінің қолдану шегі. Механикадағы қозғалыстардың анықтаушылығы (детерминанттығы). Лапласстың детерминизмі. Қазіргі физикадағы детерминизмнің білінуі. Эйнштейн постулаттары. Эйнштейннің эквиваленттік принципі, салыстырмалылық принципі, инварианттық принциптердің (постулаттардың) екі негізгі кластары немесе табиғаттың заңдарының симметриясы. Инварианттық ұғымның физикалық заңдардың коварианттығымен байланысы.

Классикалық теорияның шектеулігі және кванттық ұғымдарға өтудің қажеттілігі. Планк, Эйнштейн, Бор, де Бройль болжаулары және корпускулалық-толқындық екіжақтылық. Планк тұрақтысы. Жарық кванты – фотон. Бор атомы. Бор постулаттары. Анықталмағандық қатысы -. Гейзенбергтің анықталмағандығы. Паули принципі. Бордың толықтырғыштық принципі. Физикадағы симметрия.

3 Элементар бөлшектер

Элементар бөлшектердің негізгі қасиеттері. Өзара әрекеттесу топтары. Әрекеттесуді тасымалдаушылар мен өріс кванттары. Гравитациялық толқындар және олардың ашылуы. Элементар бөлшектердің сипаттамалары. Кварктар мен глюондар және олардың өзара әрекеттесуі. Стандарттық модель. Стандарттық модельдің фундаментальды бөлшектері. Хиггс бозоны және оның ашылуы. Элементар бөлшектер теориясының көкейкесті мәселелері. Өзара әсерлердің бірігуі. Вайнберг-Салам моделі.

4 Кванттық физикалық құбылыстардың қазіргі мәселелері

Асқынөткізгіштік. Кванттық және классикалық Холл эффекті. Джозефсон эффекті. Кванттық туннельдік эффект. Джозефсон эффекті мен кванттық туннельдік эффектің кванттық метрологияда қолдануы. Туннельдік эффект және микроскопия, нанокұрылымдық материалдарды зерттеуде пайдалану.

5 Қазіргі астрофизиканың өзекті мәселелері

Ғарыштық станциялар және ғарыштық зерттеулер. Жерсеріктері мен планетааралық станцияларды пайдалану, астрофизикалық бақылаулардың мәліметтері. Әлем. Анықтамасы. Метагалактика. Жұлдыздар және олардың пайда болуы. Жұлдыздар коллапсы. Нейтрондық жұлдыздар. Қара құрдымдар (тесіктер). Асажаңалар. Қызыл алыптар. Әлемнің кеңеюі. Ескіден қалған (реликті) сәулелену.

6 Қараңғы материя және қараңғы энергияның мәселелері

Қараңғы материяның болуының дәлелдемелері. Ыстық, жылы және суық қараңғы материя. Қараңғы материяның құрамы: әлсіз өзара әрекеттесетін массивті бөлшектер (WIMP), L-бөлшектер, аксиондар. Қараңғы материяның эксперименттік ізденісі. Қараңғы энергия. Қараңғы энергияның болуының дәлелдемелері. Қараңғы энергия күйінің теңдеуі. Әлемнің материясының толық тығыздығына қараңғы материяның қосылатын үлесі.

7 Космология

Космология мен жоғарғы энергия физикасының байланысы. Ұлғайып бара жатқан Әлемдегі физикалық процестер. Инфляция. Әлемнің қабару (инфляциялық) моделі. Космогонияның көкейкесті мәселелері.

8 Қазіргі физика: ғылым мен техниканың интеграциясы

Басқарылатын термоядролық синтез. Кванттық электроника. Қолданбалы рентгенооптика. Туннельдік эффектің техникалық қолдануы. Экологияның ғылыми мәселелері. Экожүйелердің күрделілігі. Материяның өзіндік ұйымдастыру қасиеттері. Нанотехнологиялар – жаңа ғылыми-техникалық революция негізі. Ғылымның дамуының қазіргі мәселелері: наноөлшемдерге өту, ғылыми зерттеулердің пәнаралықтығы, органикалық (тірі табиғат) және бейорганикалық (физика-химиялық, техникалық және т.б. жүйелер) әлемдер арасындағы алшақтығын азайту.

Семинарлық сабақтардың шамамен алынған тақырыптары

1. Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі
2. Ньютон теңдеулерінің қолдану шегі. Эйнштейн постулаттары.
3. Классикалық механиканың қолданылу критерийлері.
4. Қазіргі физикадағы детерминизмнің білінуі.
5. Эйнштейннің эквиваленттік принципі, салыстырмалылық принципі, инварианттық принциптердің (постулаттардың) екі негізгі кластары немесе табиғаттың заңдарының симметриясы.
6. Стандарттық модельдегі фундаментальды бөлшектер.
7. Элементтердің көп таралғандығы.

8. Бариондық ассиметрия. Әлемдегі антибөлшектердің болмауы.
9. Астрофизикалық бақылаулар мысалында мәліметтерді жүйелеуге және түсіндіруге дағдыларын дамыту.
10. Реликтік сәулелену.
11. Әлемнің дамуын түсінудегі Ұлы бірігу моделінің кейбір салдары.
12. Космологиялық қорытындылар мен жалпылаудың дүние танудағы маңызы.
13. Жоғарғытемпературалық асқынөткізгіштік.
14. Материяның өзіндік ұйымдастыру қасиеттері.
15. Нанотехнологиялар – жаңа ғылыми-техникалық революция негізі.

**Оқытушының басшылығымен орындалатын
өзіндік жұмыстарының шамамен алынған тақырыптары**

1. Орта ғасырдағы ғылым дамуы (Шығыс араб елі, Батыс Европа)
2. Ғылыми-техникалық төңкеріліс. Өндірістік төңкеріліс.
- 16 ғасырдағы негізгі жетістік.
3. Физикалық теориялардың жорамалдары және шектеулігі. Бордың атомдық теориясының шектеулігі.
4. Күннің толқындық және корпускулалық сәулеленуі. Жердің төңірегіндегі кеңістіктегі процестердің өзара байланысы.
5. Электрәлсіз әрекеттесу үлгісі (моделі).
6. Әлемнің ірімасштабты құрылымы.
7. Ғарыштық сәулелердің қолдану маңыздылығы.
8. Ғарыштық автоматтық обсерваториялар.
9. Лазерлік физика және техника.
10. Қолданбалы рентгенооптика, физикалық технологияның нәзік әдістері.
11. Жұлдыздардың өмірлік циклының аяқталуы. Асқынжаңалар.
12. Астрофизикалық бақылаулардың жаңа мәліметтері. Салқын қараңғы материя.
13. Әлемнің алғашқы мезеттері.
14. Хиггс бозоны

Өзіндік жұмыстарының шамамен алынған тақырыптары

1. Жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдардың айырмашылығы мен бірлестігі. Ғылыми білімдердің белгілері.
2. Қоғамдық іс-әрекет және рухани құндылық жүйесі түрінде ғылымның дамуы. Ғылыми революция туралы түсінік.
3. Әлемнің ғылыми бейнесінің орнықтылығы мен айнымалылығы.
4. Симметрияның тосын (спонтанды) бұзылуы – табиғаттағы әр алуандылықтың көзі.
5. Әрекеттесу түрлері және оларды тасымалдаушылар.
6. Планк гипотезасы.
7. Комптон эффекті.
8. Туннельдік эффект.

9. Ұлы бірігу моделдері.
10. Галактикалардың топтануы.
11. Реликттік сәулелену және оның қасиеттері.
12. Бордың толықтырғыштық принципі – ғылымның эволюциялық дамуының түйінді түсінігі.
13. Протон және нейтрон. Негізгі сипаттамалары.
14. Нейтронды жұлдыздар және пульсарлар.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет

1. Шпольский Э.В. Атомная физика. Введение в атомную физику. В 2-х томах. – М.: Лань, 2010. – 560 с.
2. Қадыров Н.Б. Ядролық физика: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 204 б.
3. К.Коэн-Таннуджи, Б. Диу и Ф. Лалозэ. Квантовая механика. (в 2 томах). – ЛЕНАНД, 2015. – 976 с.
4. Мухин К.Н. Экспериментальная ядерная физика. В 3-х томах. – М.: Лань, 2008.
5. Мурзин В.С. Астрофизика космических лучей: Уч. пособие для вузов. – М.: Универ.книга., Логос, 2007. – 488 с.
6. Аскарлова А.С., Молдабекова М.С. Молекулалық физика: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 246 б.
7. Жұманов к.Б. Атомдық физика: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 369 б.
8. Қожамқұлов Т.А., Жүсіпов М.А., Имамбеков О.И. Кванттық механика: Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 289 б.
9. Гинзбург В.Л. Теоретическая физика и астрофизика. М.: Наука, 2001. – 487 с.

10. Қосымша әдебиет

11. Вайнберг С. Космология /Пер. с англ. - М.: УРСС: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2013. — 608 с.
12. Витязь П., Свидунович Н.А. Основы нанотехнологий и наноматериалов: Уч. пособие – Минск: Выш.шк., 2010. – 302 с.
13. Хокинг С., Млодинов Л. Великий замысел / Пер.с англ.- New York: Bantam Books, 2010. – 104 с.
14. Молдабекова М.С. Қайтымсыз процестер термодинамикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 118 б.
15. Уиггинс А., Уинн Ч. Пять нерешенных проблем науки. - М.: ФАИР-Пресс, 2005. – 304с.
16. Лидсей Дж.Э. Рождение Вселенной. - М.: Весь Мир, 2005. - 200 с.

17. Николис Г., Пригожин И. Познание сложного. Введение. – М.: URSS, 2003. – 342 с.
18. Бедняков В.А. О происхождении химических элементов.- М.: Интерпериодика, ЭЧАЯ, Том 33, № 4, 2002. – с. 915 – 963.
19. Киржниц Д.А. Труды по теоретической физике и воспоминания. В 2-х томах -М.: Физматлит, 2001.
20. Успехи физических наук (УФН) -2012-2016 гг. Шолу мақалалары.

Анықтамалық әдебиет

1. Физическая энциклопедия. В 5-ти томах. - М.: Советская энциклопедия.- 1988.
2. Большой энциклопедический словарь. Физика.- М.: Большая Российская энциклопедия, 2005. - 944 с.

Құрастырғандар:

Молдабекова М.С., п.ғ. д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің физика кафедрасының профессоры;

Хамраев Ш.И. – т. ғ. к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің физика кафедрасының профессоры;

Насирова Д.М. –PhD докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің физика кафедрасының аға оқытушысы;

Акжолова А.А. - И.Жансугуров атындағы ЖезГУ-дің аға оқытушысы

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ККФОМ 5301 Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері

6М011000 –Физика

1 жылдық

1 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Такибаев Н.Ж., ҚР ҰҒА академигі, ф.-м. ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Құлбек М. – т.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәні бойынша Типтік оқу бағдарламасы физикада ХХ-ХХІ ғ.ғ. аралығындағы маңызды ғылыми жаңалықтар ашылуымен және келелі мәселелерінің талдануымен негізделген. Осы пәнді оқып зерттеуде физиканың әртүрлі бөлімдерінің өзара байланысы мен физикалық әлемнің табиғатын тереңдеп түсінуге және қоршаған ортаны шығармашылық танып білуін дамытуға мүмкіндік туады.

Жоғары және орта мектепте физиканы оқытудың негізгі мәселелеріне сай болатын физикалық принциптердің, заңдардың және теориялардың, сондай-ақ физиканың ғылым ретіндегі әдіснамасының тәрбиелік пен дамытушылық функцияларының мәнін ашатын әдіснамалық және философиялық мәселелеріне негізгі тақырыптарды қарастырғанда ерекше көңіл аударылады.

Пәнді табысты меңгеру үшін магистранттар құбылыстардың физикалық табиғаты туралы заманауи түсініктер беретін классикалық және кванттық механиканың, статистикалық физика мен термодинамиканың, ядролық физика және элементар бөлшектер физикасының, заттың құрылысының электрондық теориясының негізгі ұғымдары мен заңдарын білуі қажет.

Осы келелі мәселелерді оқып білу біздің білімнің эволюциясын анықтайтын Әлемнің қазіргі физикалық бейнесін түсінуде, сонымен қатар жаңа ғылыми және қолданбалы технологияларды игеруде маңызды.

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәнінің **мақсаты** магистранттарға әлемнің біртұтас бейнесін түсіндіретін физика ғылымының негізгі даму бағыттары және оның маңызды эволюциялық кезеңдерін таныстыра отырып, білімгерлердің қазіргі ғылыми дүниетанымына деген көзқарасын қалыптастыру.

Пәнді оқытудың негізгі мәселелері:

-физика саласында ХХ-ХХІ ғ.ғ. аралығындағы негізгі ғылыми жаңалықтары және олардың ғылым мен техникада қолдануы туралы түсініктерін қалыптастыру;

-физикалық құбылыстар мен бақылауларды талдауда ғылыми дағдыларын дамыту;

-қоршаған әлемнің қазіргі ғылыми таным әдістерімен таныстыру;

-қағаз және электронды сақтаушылардағы ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді оқу материалдарын таңдап алу үшін жинау, сақтау және өңдеу дағдыларын дамыту болады.

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәнін оқыту нәтижесінде магистранттар:

– физиканың іргелі заңдары мен қазіргі ғылыми саланың маңызды даму бағыттарын;

– жүйелердің физикалық сипатамаларына ғылыми әдістемелік талдау жасауды және оларға физикалық түсіндірме беруді;

– қазіргі кездегі пәнаралық байланыстар шеңберінде ғылыми таным

әдістерінің ерекшеліктері, физиканың болашағы мен мәселелері туралы, мысалы барлық төрт фундаменталды әрекеттесулердің бірлескен теориясын құру, материяның өзіндік қауымдастық бірлескен теориясы, Әлемнің жаратылысы және эволюциясы, вакуум күйі сияқты және т.б.;

– жаңа көкейкесті ғылыми бағыттар мен физиканың негізгі жетістіктері және олардың ғылым мен техникада қолдануын **білуі қажет.**

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыптар, бөлімдер
1	Қазіргі физиканың пәні және мәселелері
2	Физикалық принциптер мен заңдардың дамуы
3	Элементар бөлшектер
4	Кванттық физикалық құбылыстардың қазіргі мәселелері
5	Қазіргі астрофизиканың өзекті мәселелері
6	Қараңғы материя және қараңғы энергияның мәселелері
7	Космология
8	Қазіргі физика: ғылым мен техниканың интеграциясы.

«Қазіргі кездегі физиканың өзекті мәселелері» пәнін меңгеру нәтижесінде магистранттар келесі **құзыреттерге** ие болу керек:

5 жалпы мәдени:

– ғылыми зерттеулер мәдениетінің әдіснамалық және философиялық негіздерін дамытуға және жетілдіруге қабілеттілікке;

– жалпылауға, талдауға, ғылыми ақпаратты игеруге, мақсат қоюға және оған жетуге жол іздестіруге, мемлекеттік тіл мен қажетті шет тілінде қисынды дұрыс, дәлелді және жазбаша мен анық ауызша сөйлеуге қабілеттілікке;

– өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетін атқару.

6 пәндік:

– ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және педагогикалық мәселелерін шешу үшін қажетті (өзінің білім бағдарламасына сәйкес) физиканың іргелі бөлімдерін білуге;

– ғылыми-зерттеу және педагогикалық іс-әрекетінде физиканың жаңа жетістіктерін, қазіргі мәселелері бойынша білімдерін қолдануға ептілікке;

– қазіргі кездегі пәнаралық байланыстар шеңберінде ғылыми таным әдістерінің жалпы ерекшеліктері, физиканың болашағы мен мәселелері туралы түсініктерге;

– жаңа көкейкесті ғылыми бағыттар мен физиканың негізгі жетістіктері және олардың ғылым мен техникада қолдануы туралы түсініктерге;

– физиканы оқыту теориясы мен әдістер жүйесін игерген, білім алушылардың физика мен техникаға танымдық қызығушылығын дамыта алатын және физиканы оқуға ынтасын қалыптастыру ептіліктеріне.

Пререквизиттері: математикалық талдау негіздері, жалпы физика мен теориялық физика, ядролық физика.

Постреквизиттері: ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау, нанотехнологияның физикалық негіздері, наноматериалдарды зерттеу әдістері, заттардың тепе-теңдікті қасиеттері, конденсацияланған күйлердің физика-механикалық негіздері, жоғары және орта мектептегі физикалық білімнің өзекті мәселелері, физиканың пәнаралық байланыстары.

Пәннің тақырыптық мазмұны

1 Қазіргі физиканың пәні және мәселелері

Кіріспе. Физиканың негізгі даму кезеңдері. Кеңістік, уақыт және жылдамдық – Аристотелден, Ньютон мен Эйнштейнге дейінгі ұғымдардың эволюциясы. Әлемнің ғылыми бейнесінің эволюциясы. Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі.

2 Физикалық принциптері мен заңдарының дамуы

Ньютон механикасы, Ньютон теңдеулерінің қолдану шегі. Механикадағы қозғалыстардың анықтаушылығы (детерминанттығы). Эйнштейн постулаттары. Эйнштейннің эквиваленттік принципі,

Классикалық теорияның шектеулігі және кванттық ұғымдарға өтудің қажеттілігі. Планк, Эйнштейн, Бор, де Бройль болжаулары және корпускулалық-толқындық екіжақтылық. Планк тұрақтысы. Жарық кванты – фотон. Бор атомы. Бор постулаттары. Анықталмағандық қатысы -. Гейзенбергтің анықталмағандығы. Паули принципі. Бордың толықтырғыштық принципі.

3 Элементар бөлшектер

Элементар бөлшектердің негізгі қасиеттері. Өзара әрекеттесу топтары. Әрекеттесуді тасымалдаушылар мен өріс кванттары. Гравитациялық толқындар және олардың ашылуы. Элементар бөлшектердің сипаттамалары. Кварктар мен глюондар және олардың өзара әрекеттесуі. Стандарттық модель. Стандарттық модельдің фундаментальды бөлшектері. Хиггс бозоны және оның ашылуы. Өзара әсерлердің бірігуі.

4 Кванттық физикалық құбылыстардың қазіргі мәселелері

Асқынөткізгіштік. Кванттық және классикалық Холл эффекті. Джозефсон эффекті. Кванттық туннельдік эффект. Джозефсон эффекті мен кванттық туннельдік эффектінің кванттық метрологияда қолдануы. Туннельдік эффект және микроскопия, нанокұрылымдық материалдарды зерттеуде пайдалану.

5 Қазіргі астрофизиканың өзекті мәселелері

Ғарыштық станциялар және ғарыштық зерттеулер. Жерсеріктері мен планетааралық станцияларды пайдалану, астрофизикалық бақылаулардың мәліметтері. Әлем. Анықтамасы. Метагалактика. Жұлдыздар және олардың пайда болуы. Жұлдыздар коллапсы. Нейтрондық жұлдыздар. Қара

күрдымдар (тесіктер). Асажаңалар. Қызыл алыптар. Әлемнің кеңеюі. Ескіден қалған (реликті) сәулелену.

6 Қараңғы материя және қараңғы энергияның мәселелері

Қараңғы материяның болуының дәлелдемелері. Ыстық, жылы және суық қараңғы материя. Қараңғы материяның құрамы: әлсіз өзара әрекеттесетін массивті бөлшектер (WIMP), L-бөлшектер, аксиондар. Қараңғы материяның эксперименттік ізденісі. Қараңғы энергия. Қараңғы энергияның болуының дәлелдемелері. Қараңғы энергия күйінің теңдеуі. Әлемнің материясының толық тығыздығына қараңғы материяның қосылатын үлесі.

7 Космология

Космология мен жоғарғы энергия физикасының байланысы. Ұлғайып бара жатқан Әлемдегі физикалық процестер. Инфляция. Әлемнің қабару (инфляциялық) моделі.

8 Қазіргі физика: ғылым мен техниканың интеграциясы

Басқарылатын термоядролық синтез. Кванттық электроника. Қолданбалы рентгенооптика. Туннельдік эффектің техникалық қолдануы. Ғылымның дамуының қазіргі мәселелері: наноөлшемдерге өту, ғылыми зерттеулердің пәнаралықтығы, органикалық (тірі табиғат) және бейорганикалық (физика-химиялық, техникалық және т.б. жүйелер) әлемдер арасындағы алшақтығын азайту.

Оқытушының басшылығымен орындалатын өзіндік жұмыстарының шамамен алынған тақырыптары

1. Орта ғасырдағы ғылым дамуы (Шығыс араб елі, Батыс Европа)
2. Ғылыми-техникалық төңкеріліс. Өндірістік төңкеріліс. 17ғасырдағы негізгі жетістік.
3. Физикалық теориялардың жорамалдары және шектеулігі. Бордың атомдық теориясының шектеулігі.
4. Күннің толқындық және корпускулалық сәулеленуі. Жердің төңірегіндегі кеңістіктегі процестердің өзара байланысы.
5. Электрәлсіз әрекеттесу үлгісі (моделі).
6. Әлемнің ірімасштабты құрылымы.
7. Ғарыштық сәулелердің қолдану маңыздылығы.
8. Ғарыштық автоматтық обсерваториялар.
9. Лазерлік физика және техника.
10. Қолданбалы рентгенооптика, физикалық технологияның нәзік әдістері.
11. Жұлдыздардың өмірлік циклының аяқталуы. Асқынжаңалар.
12. Астрофизикалық бақылаулардың жаңа мәліметтері. Салқын қараңғы материя.
13. Әлемнің алғашқы мезеттері.
14. Хиггс бозоны

Өзіндік жұмыстарының шамамен алынған тақырыптары

- 1 Жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдардың айырмашылығы мен бірлестігі. Ғылыми білімдердің белгілері.
- 2 Қоғамдық іс-әрекет және рухани құндылық жүйесі түрінде ғылымның дамуы. Ғылыми революция туралы түсінік.
- 3 Әлемнің ғылыми бейнесінің орнықтылығы мен айнаымалылығы.
- 4 Симметрияның тосын (спонтанды) бұзылуы – табиғаттағы әр алуандылықтың көзі.
- 5 Әрекеттесу түрлері және оларды тасымалдаушылар.
- 6 Планк гипотезасы.
- 7 Комптон эффекті.
- 8 Туннельдік эффект.
- 9 Ұлы бірігу моделдері.
- 10 Галактикалардың топтануы.
- 11 Реликттік сәулелену және оның қасиеттері.
- 12 Бордың толықтырғыштық принципі – ғылымның эволюциялық дамуының түйінді түсінігі.
- 13 Протон және нейтрон. Негізгі сипаттамалары.
- 14 Нейтронды жұлдыздар және пульсарлар.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет

- 1 Шпольский Э.В. Атомная физика. Введение в атомную физику. В 2-х томах. – М.: Лань, 2010. – 560 с.
- 2 Қадыров Н.Б. Ядролық физика: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 204 б.
- 3 К.Коэн-Таннуджи, Б. Диу и Ф. Лалозэ. Квантовая механика. (в 2 томах). – ЛЕНАНД, 2015. – 976 с.
- 4 Мухин К.Н. Экспериментальная ядерная физика. В 3-х томах. – М.: Лань, 2008.
- 5 Мурзин В.С. Астрофизика космических лучей: Уч. пособие для вузов. – М.: Универ.книга., Логос, 2007. – 488 с.
- 6 Аскарлова А.С., Молдабекова М.С. Молекулалық физика: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 246 б.
- 7 Жұманов к.Б. Атомдық физика: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 369 б.
- 8 Қожамқұлов Т.А., Жүсіпов М.А., Имамбеков О.И. Кванттық механика: Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 289 б.
- 9 Гинзбург В.Л. Теоретическая физика и астрофизика. М.: Наука, 2001. – 487 с.

Қосымша әдебиет

- 1 Вайнберг С. Космология /Пер. с англ. - М.: УРСС: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2013. — 608 с.
- 2 Витязь П., Свидунович Н.А. Основы нанотехнологий и наноматериалов: Уч.пособие – Минск: Высш.шк., 2010.- 302 с.
- 3 Хокинг С., Млодинов Л. Великий замысел / Пер.с англ.- New York: Bantam Books, 2010. – 104 с.
- 4 Молдабекова М.С. Қайтымсыз процестер термодинамикасы. Оқу құралы.- Алматы: Қазақ университеті, 2009.- 118 б.
- 5 Уиггинс А., Уинн Ч. Пять нерешенных проблем науки. - М.: ФАИР-Пресс, 2005. – 304с.
- 6 Лидсей Дж.Э. Рождение Вселенной. - М.: Весь Мир, 2005. - 200 с.
- 7 Николис Г., Пригожин И. Познание сложного. Введение. – М.: URSS, 2003. – 342 с.
- 8 Бедняков В.А. О происхождении химических элементов.- М.: Интерпериодика, ЭЧАЯ, Том 33, № 4, 2002. – с. 915 – 963.
- 9 Киржниц Д.А. Труды по теоретической физике и воспоминания. В 2-х томах -М.: Физматлит, 2001.
- 10 Успехи физических наук (УФН) -2012-2016 гг. Шолу мақалалары.

Анықтамалық әдебиет

- Физическая энциклопедия. В 5-ти томах. - М.: Советская энциклопедия.- 1988.
- Большой энциклопедический словарь. Физика.- М.: Большая Российская энциклопедия, 2005. - 944 с.

Құрастырғандар:

- Молдабекова М.С., п.ғ. д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің физика кафедрасының профессоры;
Хамраев Ш.И. – т. ғ. к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің физика кафедрасының профессоры;
Насирова Д.М. –PhD докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің физика кафедрасының аға оқытушысы;
Акжолова А.А. - И.Жансугуров атындағы ЖезГУ-дің аға оқытушысы

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ВАОМ 5301 – Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері

6М011100 – Информатика

2 жылдық

2 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Кеңесбаев С.М. - п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

Салғараева Г.И. – тех.ғ.к., доцент, ҚазМҚЫЗПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру және онымен тығыз байланысты білімді ақпараттандыру ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды жаппай тарату және жетілдірумен сипатталады. Олар қазіргі білім беру жүйесінде ақпаратты таратуда және оқушы мен оқытушының өзара әрекетін қамтамасыз етуде кеңінен қолданылады. Осыған байланысты оқытушы ақпараттық және телекоммуникациялық технология саласы бойынша білімді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар өзінің кәсіби қызметінде оларды тиімді пайдаланатындай маман болуы қажет. Осындай мақсатқа жету педагогтарды білімді ақпараттандыру саласы бойынша дайындау және қайта дайындау мүмкіндігін туғызады.

Оқу курсының мазмұнын жүйелеуші негізгі бағыттары ретінде білімді ақпараттандырудың мәні, мақсаты мен ерекшеліктері, білімді ақпараттандырудың техникалық құралдары мен технологиялары, білім беру қызметін ақпараттандыру әдістері, ақпараттық білім беру ортасын қалыптастыру және ақпараттық білім беру кеңістігін қалыптастыру негіздері, педагог мамандардың ақпараттық технологияны кәсіби пайдалануға дайындығын қалыптастыру мәселелері сұрыпталып алынды.

Болашақ педагогтарға білімді ақпараттандыру екі стратегиялық мақсатқа жетуді қамтамасыз ететінін жеткізу өте маңызды болып табылады. Біріншісі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде білім беру қызметінің барлық түрлерінің тиімділігін арттырудан тұрса, екіншісі – ақпараттық қоғам талаптарына сай жаңа типті ойлайтын мамандарды дайындау сапасын арттыру. Болашақ маман ақпараттандыру әдістері мен құралдарының көмегімен қандай ақпараттық ресурстар бар, олардың қайда екендігі, оларға қалай рұқсат алуға болатыны және оларды өзінің кәсіби қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында қалай пайдалануға болатындығы сияқты мәселелерге жауап беруге үйренуі керек.

Пәнді оқыту мақсаты – білім берудің барлық деңгейлеріне ақпараттандыру құралдарын енгізуге дайын, білім беру қызметін ақпараттандыру әдістерін меңгерген білімді ақпараттандыру аумағының мамандарын дайындау.

Пәнді оқыту міндеттері:

- педагогтарды білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологияны пайдаланудың жағымды және жағымсыз жақтарымен таныстыру;
- ақпараттық қоғамда білімді ақпараттандырудың рөлі мен орыны жайлы түсініктерін қалыптастыру;
- білімді ақпараттандырудың техникалық құралдарының түрлері мен оларды тиімді қолдану аумақтары жайлы түсініктерін қалыптастыру;
- білім беру аумағында ақпаратты құру, өңдеу, беру, сақтау және тарату технологияларының түрлік құрылымдары мен оларды тиімді қолдану жайлы түсініктерін қалыптастыру;

- оқу үдерісінің мұқтаждығына, оқыту нәтижелерін бақылау мен өлшеу, оқудан тыс, оқу мекемелерінің ғылыми-зерттеу және ұйымдастыру-басқару қызметтеріне сәйкес ақпараттандырудың жалпы әдістерімен таныстыру;
- білімді ақпараттандыру құралдарына қойылатын талаптар, олардың сапасын бағалаудың негізгі принциптері мен әдістері жайлы білімдерін қалыптастыру;
- педагогтарды жалпы білім беру аумағында және нақты кәсіби қызметте ақпараттандыру құралдарын практикалық пайдалану стратегиясына оқыту;
- педагогтардың ақпараттық білім беру ортасын қалыптастыру мен енгізуге қатысуға тұрақты мотивациясын шыңдау;
- білімді ақпараттандырудың қалыптасып келе жатқан тілін оқыту;
- педагогтарға оқушыларға бүгінгі әлемдегі ақпараттық технологияның рөлі мен орынын түсіндіруге қосымша мүмкіндік беру;
- өзінің кәсіби қызметінде ақпараттандыру құралдарын пайдалану ауқымы бойынша әр педагогтың мүмкіндіктерін теңестіру.

Пәнді оқу нәтижесінде магистрант **білуі** қажет:

- ақпараттық қоғамдағы білімді ақпараттандырудың рөлі мен орынын;
- ақпараттық білім беру ортасы мен кеңістігі ұғымын, олардың компоненттері мен ұйымдастыруды ;
- білім берудегі АКТ құралдарының топтамасы мен олардың қолданылу аумақтарын;
- білім беруді ақпараттандыру технологияларын, білім берудегі компьютерлік желілердің орнын;
- білім беру іс-әрекетін ақпараттандыру әдістерін;
- білімді ақпараттандыру жағдайында білім беру іс-әрекетін ұйымдастыру түрлерін,
- білімді ақпараттандыру саласы бойынша педагогқа қойылатын талаптарды.

Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар **істей білуі** қажет:

- білім беруде АКТ құралдарының барлық түрін қолдануды;
- білім беру қызметтерінің барлық түрлеріне ақпараттандырудың жалпы әдістерін қолдануды;
- технологиялар мен білімді ақпараттандыру құралдарын пайдаланып әртүрлі формадағы сабақтарды ұйымдастыруды және жүргізуді;
- ақпараттандыру құралдар мен электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарын жасауды;
- ақпараттық білім беру ортасының элементтерін енгізуді.

Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар **меңгеруі** қажет:

- АКТ-ның көмегімен педагогикалық ақпаратпен жасалатын ақпараттық іс-әрекетті;
- ақпараттық мәдениетті;
- білімді ақпараттандыру тілін.

Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар **талдай** алуы қажет:

- білімді ақпараттандырудың тарихи аспектілерін;
- бар ақпараттық білім орталары мен құралдарын ;
- педагогикалық мәселелерді шешуге арналған білімді ақпараттандыру құралдары мен технологияларын;
- педагогикалық қызметке ақпараттандыру құралдарын енгізудің әлемдік тәжірибелерін;
- білімді ақпараттандырудың жағдайы мен оның проблемаларын ;
- пәннің білім беруді ақпараттандырудың жағдайын.

Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар алған білімі мен біліктіліктерін **жинақтай** алуы қажет:

- электрондық білім басылымдары мен ақпараттық ресурстарды жобалауда;
- ақпараттық білім орталарын жобалауда;
- білімді ақпараттандыру элементтерін енгізудің әлемдік тәжірибелерін

Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар **бағала** й білуі қажет:

- электрондық білім басылымдары мен ақпараттық ресурстардың сапасын;
- ақпараттық білім орталарының сапасын;
- педагогтың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылықтарын.

Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар мынадай **құзырлылыққа ие** болуы қажет:

- ақпараттық-коммуникациялық;
- информатика және ақпараттық-коммуникациялық технология аумағы;
- білім беру қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану.

Пәннің пререквизиттері: Педагогика, психология және адам дамуы, Информатика, Информатиканың теориялық негіздері, Информатиканы оқыту әдістемесі, Педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу

Пәннің постреквизиттері: 21-ғасырдағы ақпараттық және білім беру технологиялары, Білімді бақылау мен бағалаудың қазіргі кездегі әдістері, Электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарын жасау және пайдалану, Мобильді оқыту және виртуалдық шындық, Ақпараттық білім беру ортасын құрудың теориялық негіздері.

Пәннің тақырыптық жоспары

	Тақырыптар
	Білімді ақпараттандыруға кіріспе. Білімді ақпараттандырудың мақсаты мен міндеттері.
	Ақпараттық білім ортасы және ақпараттық білім кеңістігі
	Білімді ақпараттандыру құралдары
	Білімді ақпараттандыру технологиялары
	Білім қызметін ақпараттандыру әдістері
	Білімді ақпараттандыру жағдайында оқыту мәселелері

Пәннің мазмұны

1-тарау. Білімді ақпараттандыру

Ақпараттандыру ұғымы. Ақпараттандыру үдерісінің мақсаты мен міндеттері. Ақпараттандыру үдерісіне әсер ететін факторлар. Қоғамды ақпараттандыру бағыттары. Қоғамды ақпараттандырудың даму кезеңдері. Ақпараттандырудың жағымды және жағымсыз жақтары.

Білімді ақпараттандыру ұғымы. Білімді ақпараттандыруға әсер ететін факторлар. Білімді және қоғам өмірін ақпараттандыру. Білімді ақпараттандырудың негізгі бағыттары мен даму кезеңдері.

Білімді ақпараттандырудың мақсаты мен міндеттері. Қазақстан Республикасында және шетелдегі білімді ақпараттандырудың қалыптасуы.

Білімді ақпараттандырудың оқытудың әдістемелік жүйесіне әсері. Қазіргі заманғы компьютерлердің педагогикалық мүмкіндіктері, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Білімді ақпараттандырудың негізіне жататын психологиялық-педагогикалық теориялар. Ақпараттық мәдениет ұғымы және оның компоненттері.

Оқыту моделін құрудың ақпараттық әдісі. Білімді ақпараттандыру ғылыми зерттеудің, ғылыми-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік зерттеулердің бағыты ретінде. Білімді ақпараттандыру педагогтарды дайындаудың бағыты ретінде.

2-тарау. Ақпараттық білім беру ортасы және ақпараттық білім беру кеңістігі

Ақпараттық білім беру ортасы ұғымы және оның компоненттері. Ақпараттық білім беру ортасы жағдайында оқыту ерекшеліктері.

Ақпараттық білім беру кеңістігі және оның компоненттері. Ақпараттық білім беру кеңістігі жағдайында оқыту ерекшеліктері. Ақпараттық білім беру кеңістігі ақпараттық білім беру ортасы жүйесі ретінде.

3-тарау. Білімді ақпараттандыру құралдары

Білімді ақпараттандыру құралдары. Топтамасы. Білімді ақпараттандырудың техникалық құралдары. Енгізу кезеңдері. Топтамасы.

Телекоммуникациялық құралдар. Мультимедиа құралдары. Білім беруде компьютерлік желілерді ұйымдастыру. Тұлғааралық тілдесуді ұйымдастыру құралдары.

Компьютерлік программалық-әдістемелік жабдық. Топтамасы.

Ақпараттық білім ресурстары. Топтамасы. Білім беру порталдары. Тұлғааралық тілдесуді ұйымдастыру ресурстары. Әлеуметтік желілер.

Ақпараттық білім ресурстары мен білімді ақпараттандырудың техникалық құралдарын негіздеу мен таңдауға әсер ететін факторлар.

Электрондық білім беру басылымдары. Топтамасы. Компоненттік құрылымы. Мазмұндық толтыру әдістері. Құралдары. Сапасын бағалау және сараптау.

4-тарау. Білімді ақпараттандыру технологиялары

Білімді ақпараттандыру технологиялары. Топтамасы. Ақпараттық технологиялар. Телекоммуникациялық технологиялар.

Ақпаратты енгізу және шығару, беру және тарату ақпараттық технологиялары. Гипермәтін және гипермедиа технологиялары. Мультимедиа-технология. Ақпараттық модельдеу. Виртуальдық нақтылық. Қашықтықтан оқыту. Ашық білім беру. Виртуальдық білім беру мекемелері. Мобильді оқыту.

Тұлғаға-бағытталған және дамыта оқытуды ұйымдастыру.

5-тарау. Білім қызметін ақпараттандыру әдістері

Оқу үдерісіндегі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар. Оқыту нәтижелерін бақылау мен өлшеуді ақпараттандыру. Оқудан тыс іс-әрекетті ақпараттандыру. Ғылыми және әдістемелік зерттеулерді ақпараттандыру.

Ұйымдастыру-басқарушы қызметті ақпараттандыру әдістері. Есепке алу, жоспарлау және әкімшілік басқару. Электрондық құжатталым. Мәліметтерді сақтау. Бұлттық технологиялар.

6-тарау. Білімді ақпараттандыру жағдайында оқыту мәселелері

Білімді ақпараттандыру ғылыми зерттеудің бағыты және өзіндік пән ретінде. Пәндік білімді ақпараттандыру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуының ақпараттандыру үдерісі мен білімді ақпараттандыруға әсері. Білім беруге техникалық құралдарды енгізу мәселелері.

Білімді ақпараттандыру жағдайында ұйымдастыру-басқарушы қызмет мәселелері. Білімде компьютерлік желілерге әкімшілік ету.

Ақпараттық білім ресурстарының ақиқаттық, сенімділік және өзектілік мәселелері. Құрастырушылардың авторлық құқықтарын қорғау.

Ақпараттандыру мен білімді ақпараттандырудың әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері.

Білімді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандарды дайындау. Білімді ақпараттандыру жағдайында педагогтардың құзырлылықтары. Педагогтардың білімді ақпараттандыру технологиясы, әдістері мен құралдарын пайдалануға дайындығын қалыптастыру факторлары. Білімді ақпараттандыру аумағында педагогтарды дайындау жүйесі.

Зертханалық жұмыстар тақырыптарының үлгісі

1. Берілген жоспарға сәйкес білімді ақпараттандыру құралдары жайлы ақпаратты жинақтау, талдау және жүйелеу.
2. Интернет телекоммуникациялық желісі ресурстары жүйесінде берілген тақырыпқа білім жайлы ақпаратты іздеу.
3. Оқыту құралдарын жасауда танымал құралдардың бірін қолданып электрондық білім беру басылымдарын немесе ресурстарын және презентация жасау.
4. Аудиовизуальді ақпаратты құрылымдау және үйлестіру.

5. Ресурстың мазмұны бойынша навигацияны ұйымдастырудың иерархиялық принципімен берілген оқу тақырыбы бойынша көпбетті электрондық ресурс жасау.
6. Білімді ақпараттандыру құралдары пайдаланып өткізілетін оқу сабағының сценарийін жасау.
7. Ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарын мазмұндық толтыруды таңдау және жасау.
8. Берілген жоспарға сәйкес сипаттамасын құра отырып электрондық білім беру басылымын немесе ақпараттық ресурсты зерттеу.
9. Ақпараттық білім ортасы мен ақпараттық білім кеңістігінде жұмыс істеу.
10. Дербес ақпараттық білім ортасының құралдарымен жұмыс.
11. Ақпараттық білім ортасында ұжымдасып жұмыс істеу технологиясы.
12. Білім порталдарымен жұмыс. Нақты пәнді оқытуға бағытталған білім порталдарының ресурстарын іздеу.
13. Пікір жаза отырып электрондық білім беру басылымы немесе ресурстардың сапасын сараптан өткізу.
14. Он-лайн тестілеу компьютерлік жүйесінде жұмыс істеу.
15. Білімді басқарудың ақпараттық жүйелерінде жұмыс істеу.

Магистранттардың оқытушылардың жетекшілігімен орындайтын өздік жұмыстары тақырыптарының үлгілері

1. Қоғамды ақпараттандыру үдерісінің білімді ақпараттандыруды дамытуға әсері.
2. Электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарын құру мен қолдануға қойылатын талаптар жүйесі.
3. Мультимедиалық технология негізінде іске асырылған электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарды қолданудың болашағы. Электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарды жасауда жасанды интеллект жүйесінің мүмкіндіктерін іске асыру.
4. Білім беруге сараптық жүйелер мүмкіндіктерін іске асыру. Электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарды білім беруде қолданудың шетелдік тәжірибесі.
5. Электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарын енгізудің жағымды және жағымсыз жақтары.
6. Электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарды жасау мен қолданудағы гипермәтіндік және гипермедиалық технологиялар.
7. Электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарын апробациялау және сараптан өткізу ерекшеліктері.
8. Білім беруде телекоммуникациялық желілер сервистерін қолдану.
9. Мультимедиалық электрондық білім беру басылымдары мен ресурстары базасындағы оқу-әдістемелік кешен.

Магистранттардың өздік жұмыстары тақырыптарының үлгілері

1. Ақпараттық білім ресурстарының тақырыптық каталогын құру.
2. Пән бойынша е-портфолио жасау әдістемелік сандықша ретінде.
3. Оқыту құралдарын жасауда танымал құралдардың бірін қолданып электрондық білім беру басылымдары мен ресурстарын және презентация жасау.
4. Аудиовизуальді оқу ақпаратының құрылымын жасау және өңдеу.
5. Қазіргі заманғы технологияларды қолданып навигацияны ұйымдастырудың иерархиялық принципімен берілген курстың мазмұны бойынша көпбетті электрондық ресурс жасау.
6. Білімді ақпараттандыру құралдарын пайдаланып өткізілетін оқу сабағының әдістемелік сценарийін жасау.
7. Білімді ұйымдастырудың ақпараттық білім ортасын жобалау.
8. Дербес ақпараттық білім кеңістігін құру.
9. Ақпараттық білім ортасында ұжымдық жұмыс жасау үшін «қабықша» жасау.
10. Электрондық білім беру басылым немесе ресурстың сапасына пікір жазу арқылы сараптама жасау.
11. Компьютерлік педагогикалық өлшеу құралын жасау.
12. Білімді басқарудың ақпараттық жүйесін жобалау.
13. Педагогтың е-портфолиосын жасау педагогикалық жетістіктерді демонстрациялау құралы ретінде.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

негізгі:

1. Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В., Камалова Г.Б. и др. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. // Учебник. Алматы, 2014. – 352 с.
2. Бидайбеков Е.Ы., Камалова Г.Б., Бостанов Б.Г. Научно-методические основы подготовки магистрантов информатико-математических специальностей к управленческой деятельности в условиях информатизации образования. // Монография. КазНПУ имени Абая. Алматы, 2014. – 200 с.
3. Конева С.Н. Информатизация образования и проблемы обучения. Учебное пособие. Алматы: КазНПУ им. Абая, 2014. – 102 с.
4. Пралиев С.Ж., Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В. Теоретико-методологические основы (концепция) формирования информационной образовательной среды КазНПУ им. Абая. // Монография. Алматы: КазНПУ – 2010. – 140 с.
5. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Информатизация образования. Фундаментальные основы. // Учебник для студентов педагогических вузов и слушателей системы повышения квалификации педагогов, <http://www.twirpx.com/file/1101536/>
6. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Информационные и коммуникационные технологии в современном открытом образовании. Образовательное

электронное Интернет-издание для педагогов. // Министерство образования РФ, РУДН, <http://www.ido.edu.ru/open/ikt>

7. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Использование информационных и коммуникационных технологий в общем среднем образовании. Образовательное электронное Интернет-издание для педагогов. // Министерство образования и науки РФ, РУДН, <http://www.humanities.edu.ru/db/msg/80297>

8. Intel «Обучение для будущего». Академия Intel. // <http://www.intuit.ru/studies/courses/77/77/info>

Қосымша әдебиеттер:

1. Конева С.Н. Введение в информатизацию образования. Учебное пособие. Алматы: КазНПУ им. Абая, 2011. – 102 с.

2. Конева С.Н. Информатизация образования. Тестовые задания. Методическое пособие. Алматы: КазНПУ им. Абая, 2011. – 112 с.

3. Конева С.Н. Создание педагогических инструментов с помощью средств информационных технологий Учебно-методическое пособие.- Алматы, 2011. – 40 с.

4. Бидайбеков Е.Ы., Камалова Г.Б., Бостанов Б.Г. и др. Методические основы и технологии создания и использования электронных образовательных ресурсов для смешанной модели обучения магистрантов и докторантов в педвузах. // Учебное пособие. Алматы, 2014. – 208 с.

5. Бидайбеков Е.Ы., Камалова Г.Б., Бостанов Б.Г. и др. Теория и методика использования технологий смешанного обучения при подготовке магистрантов и докторантов в педвузах. // Учебное пособие. Алматы, 2014. – 122 с.

6. Бидайбеков Е.Ы., Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Создание и использование образовательных электронных изданий и ресурсов. Алматы: Білім, 2006. – 134 с.

7. Бидайбеков Е.Ы., Конева С.Н., Абдулкаримова Г.А. Internet/Intranet-технологии в образовании. КазНПУ им. Абая, Алматы, 2006. – 145 с.

Құрастырғандар:

Бидайбеков Е.Ы. - п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

Сағымбаева А.Е. - п.ғ.д., профессор

Конева С.Н. - п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

KZIMT 5301 - Компьютерлік желілер, интернет және мультимедиялық
технологиялар

6M011100 – Информатика

1,5 жылдық

3 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Бекпатшаев М.Ж. - ф.-м.ғ.к., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ.

Исаев С.Ә. - ф.-м.ғ.к., доцент, ҚазМемҚызПУ.

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсіндірме хат

Бұл пән жоғары оқу орындарының бакалавриатта оқытылатын курстың жалғасы болып табылады. Білім беруді ақпараттандыру жағдайындағы қазіргі уақыттағы педагог өздерінің кәсіби қызметтерінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануда білікті ғана болмай, оны жасауды да білулері тиіс. Осыған байланысты бұл курс педагог-информатиктерді компьютерлік желілер, Интернет және мультимедиа технологияларының мүмкіндіктерін пайдаланып қазіргі білім беру қызметін ақпараттандыру және білім беруді ақпараттандыру құралдарын жасау саласындағы білім мен біліктермен қамтамасыз етуге арналған.

Пәнді оқыту мақсаты - компьютерлік желілер, Интернет-технологиялар, мультимедиа технологиялар бойынша білімді тереңдету болып табылады.

Пәнді оқыту міндеттері:

- компьютерлік желілер, Интернет-технологиялар, мультимедиа технологиялардың қазіргі даму болашағын қарастыру;
- Интернет компьютерлік желілерін құрастыру принциптерін, тұжырымдамасын және халықаралық стандарттарды үйрету;
- Web-қосымшаларын жасаудың қазіргі технологияларын үйрету;
- қазіргі мультимедиа технологияларды үйрету.

Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар:

- компьютерлік желілердің даму болашағы, мәліметтерді жіберудің қазіргі хаттамасын;
- қазіргі қауіпсіздік серверлері мен маршрутизаторлардың, маршрутизациялау алгоритмінің жұмыс істеу принциптерін;
- қазіргі іздеу серверлері мен сайттарды жылжыту әдістерінің технологиясын;
- Web-сервистердегі on-line ерекшеліктерін;
- Web *.0 технологияларын, XHTML, XML, MathML, XSL;
- PERL, PHP серверлік сценарий тілдері;
- Web-қосымшаларын: Joomla, Apache Tomcat, Denver. Eclipse құру инструменттері;
- порталдарды ұйымдастыру принциптерін;
- технологии Java, Java 2 Enterprise Edition (J2EE) платформа стандарттарын;
- сервиске-бағытталған архитектура ұғымын;
- дыбысты және бейнені кодтау стандарттарын;
- қазіргі Computer Addit Design жүйелерін;
- мультимедиялық қосымшаларды жасаудың кезеңдері мен әдістерін;
- сценарийді сипаттау тілін **білуі** керек.

Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар:

- сымсыз желілерге, мобильдік құрылғыларды қосуды баптауды;
- Web-сервистермен on-line режимінде жұмыс істеуді;
- Eclipse © IBM ортасында қосымшалар жасауды;
- XML электрондық құжаттарын құруды;

- XML-схемаларын құрастыруды;
- MathML формулаларды бейнелеу, SVG векторлық графиканы бейнелеу тiлдерiн пайдаланып беттердi жасауды.
- XSL тiлiн қолданып XML құжаттарын түрлендiрудi;
- Wiki беттерiн құруды;
- PERL, PHP, ASP.NET тiлдерiнде серверлiк сценарийлердi жазуды;
- Joomla, Apache Tomcat, Denver орталарында контенттi басқаруды;
- JSR 168/268 спецификациялары бойынша портлеттар жасауды;
- мультимедиа инструментальдық құралдарымен жұмыс iстеудi **менгеруi** керек.

Магистранттар пәндi оқу нәтижесiнде:

- ақпараттық мәдениет;
- информатиканың техникалық тiлiн **игеруi** тиiс.

Пәндi үйрену нәтижесiнде магистранттар:

- компьютерлiк желiлер, Интернет-технология және мультимедиа-технологияның соңғы даму тенденцияларын;
- қазiргi уақыттағы on-line сервистердi пайдалану және дамуын;
- Интернет үшiн программалау тiлдерiнiң дамуын және Интернет-қосымшаларын құрудың инструменттерiн **талдау жасай алулары** керек.

Пәндi үйрену нәтижесiнде магистранттар алған бiлiм, бiлiк және дағдыларын:

- бiлiм беретiн электрондық басылымдар мен ақпараттық ресурстарды жобалауды;
- ақпараттық бiлiм беру ортасын жобалауды;
- бiлiм берудi ақпаратандыру элементтерiн әлемдiк тәжiрибеге ендiрудi **синтездеудi** бiлуi керек.

Пәндi үйрену нәтижесiнде магистранттар:

- электрондық басылымдар мен ақпараттық ресурстардың сапасын;
- ақпараттық бiлiм беру ортасының сапасын;
- педагогтың ақпараттық-коммуникациялық құзыртеттiлiгiн **бағалауды** бiлуi керек.

Пәндi үйрену нәтижесiнде магистранттар келесi:

- ақпараттық-коммуникациялық;
- информатика және ақпараттық-коммуникациялық технология саласында;
- бiлiм беру қызметiнде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануда **құзыретi** болуы тиiс.

Пәннiң пререквизитi: Информатика (жүйелер және желiлер негiздерi, телекоммуникациялар, Интернет). Есептеу жүйелерi және желiлерi. Компьютерлiк графика (Web-графика, анимацияларды жасау құралы). Мәлiметтер қоры және ақпараттық жүйелер. Интернетте программалау. Компьютерлiк желiлер. Интернет-технологиялар. Web-технологиялар. Мультимедиа-технологиялар.

Пәннің постреквизиті: Білім беретін электрондық басылымдарды және Интернет-ресурстарды жасау және пайдалану, Ақпараттық білім ортасын қалыптастырудың теориялық негіздері, Мультимедиалық орталарда программалау.

Пәннің тақырыптық жоспары

№	Пән тақырыптарының аттары
1	Компьютерлік желілердің даму болашағы. Сымсыз желілер. Сымсыз, кеңжолақты желілер. Виртуальды жеке желілер. Мобильді желілер.
2	Мәліметтерді жіберудің қазіргі хаттамалары. Мәліметтерді жіберудің кеңжолақты каналдары. Bluetooth. Байланыстың оптикалық талшықтық желісі. Спутниктік желі. Мәліметтерді жіберудің ассиметрикалық хаттамалары. Тұрып қалуға орнықты желілер (DTN, Bundle). WAP-ұялы құрылғысында мәліметтерді жіберу технологиясы.
3	Коммуникаторлар және концентраторлар. Қазіргі маршрутизаторлар. Маршрутизациялау алгоритмі, Қауіпсіздік серверлері (шлюздер және фэйрволдар) серверлері. Сервер проксиі. CISCO, D-Link. Желілердегі қауіпсіздік. Цифрлік қолтаңба. Сымсыз желілердегі қауіпсіздік.
4	Қазіргі Интернет-технологиялар. Қазіргі іздеу серверлерінің технологиясы. Контентті жеткізу. Желілерде аудио және видео жіберу. Сайттарды жылжыту әдістері. Web сервистердегі on-line. Мәліметтерді сақтау қоймасы. «Бұлттық» технологиялар. Мәліметтерді өңдеу орталықтары. Мобильдік Web.
5	Web-дизайн. Ақпараттық ресурстардың жіктелуі. Ақпараттық ресурстардың өмірлік циклі. Web-қосымшаларын құру технологиясы. Web-қосымшала. Web *.0 технологиясы. XHTML. XML тілі, XML-схемалары, MathML формуласын бейнелеу тілі, SVG векторлық графиканы бейнелеу тілі. XSL құжаттарындағы XML өзгерту тілі. PERL, PHP серверлік сценарийлер. Net технологиялар. ASP.NET
6	Web-қосымшаларын құру инструменттері. Web-редакторлары. Web-конструкторлары. Контентпен толтыру жүйесі (CMS Joomla, WordPress, Drupal және т.б.) Apache Tomcat, Denver. Eclipse ортасы.
7	Порталдар және қосымша серверлер технологиясы. Порталдар. Порталдардың жіктелуі. Ұйымдастыру принциптері. Web порталдар технологиялары. JSR 168/268 спецификациялары бойынша портлеттер жасау. Технологии Java технологиясы. Java 2 Enterprise Edition (J2EE) платформаларының стандарттары. B2B Қосымшалар. SOA сервиске-бағытталған архитектура. Қауіпсіздік мәселелері.
8	Мультимедиа-технологиялар Дыбысты және бейнелерді кодтау стандарттары. MPEG *. Қазіргі Computer Addit Design жүйелері.

№	Пән тақырыптарының аттары
	3DStudio Max, MAYA, CINEMA 4
9	Мультимедиалық жоба. Мультимедиалық қосымшаларды жасаудың кезеңдері мен әдістері. Сызықтық және сызықтық емес монтаж. Мультимедианың инструментальдық құралы. Мультимедиалық бұлт. Сценарийді сипаттау тілі. Flash-технологиялар, Action Script.

Пәннің мазмұны

1 Бөлім. Компьютерлік желілер

Компьютерлік желілердің даму болашағы. Компьютерлік желілердің даму тенденциялары. Сымсыз желілер., Кеңжолақты сымсыз желілер. Виртуальды жеке желілер. Мобильдік желілер.

Мәліметтерді жіберудің қазіргі хаттамалары. Мәліметтерді жіберудің сымсыз, кеңжолақты каналдары. Bluetooth. Байланыстың оптикалық талшықтық желісі. Спутниктік байланыс. Мәліметтерді жіберудің ассиметрикалық хаттамалары. Тұрып қалуға орнықты желілер (DTN, Bundle). WAP-ұялы құрылғысында мәліметтерді жіберу технологиясы.

Коммуникаторлар және концентраторлар. Web-редакторлары. Web-конструкторлары. Контентпен толтыру жүйесі (CMS Joomla, WordPress, Drupal және т.б.) Apache Tomcat, Denver. Eclipse ортасы.

2 Бөлім. Интернет-технологиялар

Қазіргі Интернет-технологиялар. Қазіргі іздеу серверлерінің технологиясы. Контентті жеткізу. Желілерде аудио және видео жіберу. Сайттарды жылжыту әдістері. Web-сервистердегі on-line. Мәліметтерді сақтау қоймасы. «Бұлттық» технологиялар. Мәліметтерді өңдеу орталықтары. Мобильдік Web.

Web-қосымшаларын құру технологиясы. Web-дизайн. Ақпараттық ресурстардың жіктелуі. Ақпараттық ресурстардың өмірлік циклі. Web-қосымшаларын құру технологиясы. Web-қосымшалар. WAP қосымшалар. Web *.0 технологиясы. XHTML. XML тілі, XML-схемалары, MathML формуласын бейнелеу тілі, SVG векторлық графиканы бейнелеу тілі. XSL құжаттарындағы XML өзгерту тілі. PERL, PHP серверлік сценарийлер. Net технологиялар. ASP.NET.

Web-қосымшаларын құру инструменттері. Web-редакторлары. Web-конструкторлары. Контентпен толтыру жүйесі (CMS Joomla, WordPress, Drupal және т.б.) Apache Tomcat, Denver. Eclipse ортасы.

Порталдар және қосымша серверлер технологиясы. Порталдар. Порталдардың жіктелуі. Ұйымдастыру принциптері. Web-порталдар технологиялары. JSR 168/268 спецификациялары бойынша портлеттер жасау. Java технологиясы. Java 2 Enterprise Edition (J2EE) платформасының

стандарты. B2B қосымшасы. SOA сервис-бағытталған архитектура. Қауіпсіздік мәселелері.

3 Бөлім. Мультимедиа-технологиялар

Мультимедиа-технологиялар. Дыбысты және бейнелерді кодтау стандарттары. MPEG *. Қазіргі Computer Addit Design жүйелері. 3DStudio Max, MAYA, CINEMA 4D. Мультимедиалық қосымшаларды жасаудың программалық құралдары. Flash-технологиялар, Action Script.

Мультимедиалық жоба. Мультимедиалық қосымшаларды жасаудың кезеңдері мен әдістері. Сызықтық және сызықтық емес монтаж. Мультимедианың инструментальдық құралы. Мультимедиалық бұлт. Сценарийді сипаттау тілі. Flash-технологиялар, Action Script.

Зертханалық сабақ тақырыптарының тізімі

1. Сымсыз желілерді баптау.
2. Интернет мобильдік құрылғысына қосылу.
3. Желілерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету инструменттерін қолдану.
4. Сайтты жүргізу амалдары.
5. Web-сервистерінде on-line жұмыс істеу.
6. Жеке «бұлт» құру.
7. Мобильдік қосымшалармен жұмыс.
8. Web-конструкторда Web-сайт жасау.
9. Web *.0 технологиялар. XHTML.
10. CMS администрациялау.
11. Web-сайт контентін басқару.
12. Eclipse © IBM жасау ортасы.
13. Java-қосымшаларын жасау.
14. Мультимедиалық қосымшаларды жасау.
15. Мобильдық қосымшаларды жасау.

Магистранттардың оқытушының басқаруымен өзіндік жұмыстары сабақтарының тақырыптарының тізімі

1. CISCO маршрутизаторларын баптау.
2. D-Link маршрутизаторларын баптау.
3. Сайттарды жылжыту құралдары.
4. Мәліметтерді өңдеу орталығы бойынша өнімдерге шолу.
5. XML электрондық құжат жасау. XML-схемаларын құрастыру.
6. MathML формуланы бейнелеу тілінің көмегімен беттерді жасау. SVG векторлық графиканы бейнелеу тілінің көмегімен беттерді құру. XSL тілінің көмегімен XML құжаттарын өзгерту.
7. Wiki беттерін құру.
8. CMS –те Web-сайтты басқару.
9. Web-қосымшаларды жобалау.
10. Java-қосымшаларын жобалау.

11. Мультимедиалық қосымшаларды жобалау.
12. Мобильдық қосымшаларды жобалау.

Магистранттардың өзіндік жұмыстарының тақырыптарының тізімі

1. Білім беруді ұйымдастырудың Web-өкілдігін жобалау және жасау.
2. Білім беру порталын жобалау және жасау.
3. Ұлтты жобалау және жасау.
4. Web-қосымшаларды жобалау және жасау.
5. JSR 168, JSR 268 ерекшеліктері бойынша портлет жасау.
6. Қомысшасын жасау.
7. SOA сервис-бағытталған архитектурамен қосымшаларды жасау.
8. 3DStudio Max ортасында мультимедиялық қосымшаларды жобалау және жасау.
9. MAYA ортасында мультимедиялық қосымшаларды жобалау және жасау.
10. Action Script сценарий тілін пайдаланып мультимедиялық қосымшаларды жобалау
11. Мобильдық қосымшаларды жобалау және жасау.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

негізгі

1. Таненбаум Э.С. Компьютерные сети. СПб: Издательство «Питер», 2013.- 960 с.
2. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети. Принципы, технологии, протоколы – 4-е изд. - СПб: Издательство «Питер», 2013.- 943 с.: ил.
3. Керимбаев Н.Н., Конева С.Н. Компьютерные сети. Учебное пособие. - Алматы, КазГосЖенПУ, 2011. – 320 с.
4. Компьютерные сети. Интернет и мультимедиа технологии. Учебно-методический комплекс дисциплины // Составитель Конева С.Н., КазНПУ им. Абая, Алматы, 2011.- 85 с.
5. Конева С.Н. Компьютерные сети, Интернет и мультимедиа технологии. Часть 1. Компьютерные сети. Рабочая тетрадь.- Алматы, 2011.- 90 с.
6. Конева С.Н. Компьютерные сети, Интернет и мультимедиа технологии. Часть 2. Интернет-технологии. Рабочая тетрадь.- Алматы, 2011.- 90 с.

қосымша

1. Основы Web-технологий. / П.Б. Храмцов и др. - М. «Интернет-университет Информационных технологий» // www.intuit.ru
2. Протоколы и алгоритмы маршрутизации в Интернет / Ю.А. Семенов. - М. «Интернет-университет Информационных технологий» // www.intuit.ru
3. Основные протоколы Интернет/ А.Н. Берлин. - М. «Интернет-университет Информационных технологий» // www.intuit.ru
4. Основы WAP/WML и WMLScript. - М. «Интернет-университет

- Информационных технологий» // www.intuit.ru
5. Основы XML - М. «Интернет-университет Информационных технологий» // www.intuit.ru
 6. Основы работы с CSS- М. «Интернет-университет Информационных технологий». // www.intuit.ru
 7. Брик С. и др. Применение каскадных таблиц стилей (CSS) - М. «Интернет-университет Информационных технологий». // www.intuit.ru
 8. Брик С. и др. Введение в JavaScript - М. «Интернет-университет Информационных технологий». // www.intuit.ru
 9. Ан М. Основы программирования на JavaScript - М. «Интернет-университет Информационных технологий». // www.intuit.ru
 10. Бранс Джо Практикум по программированию на JavaScript - М. «Интернет-университет Информационных технологий». // www.intuit.ru

Құрастырғандар:

Конева С.Н. - п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, математика, физика және информатика институты, информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасының доценті.

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

KGIMT 5301 - Компьютерлік желілер, интернет және мультимедиялық
технологиялар

6M011100 – Информатика

1 жылдық

1 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Бекпатшаев М.Ж. - ф.-м.ғ.к., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ.

Исаев С.Ә. - ф.-м.ғ.к., доцент, ҚазМемҚызПУ.

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсіндірме хат

Бұл пән жоғары оқу орындарының бакалавриатта оқытылатын курстың жалғасы болып табылады. Білім беруді ақпараттандыру жағдайындағы қазіргі уақыттағы педагог өздерінің кәсіби қызметтерінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануда білікті ғана болмай, оны жасауды да білулері тиіс. Осыған байланысты бұл курс педагог-информатиктерді компьютерлік желілер, Интернет және мультимедиа технологияларының мүмкіндіктерін пайдаланып қазіргі білім беру қызметін ақпараттандыру және білім беруді ақпараттандыру құралдарын жасау саласындағы білім мен біліктермен қамтамасыз етуге арналған.

Пәнді оқыту мақсаты - компьютерлік желілер, Интернет-технологиялар, мультимедиа технологиялар бойынша білімді тереңдету болып табылады.

Пәнді оқыту міндеттері:

- компьютерлік желілер, Интернет-технологиялар, мультимедиа технологиялардың қазіргі даму болашағын қарастыру;
- Интернет компьютерлік желілерін құрастыру принциптерін, тұжырымдамасын және халықаралық стандарттарды үйрету;
- Web-қосымшаларын жасаудың қазіргі технологияларын үйрету;
- қазіргі мультимедиа технологияларды үйрету.

Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар:

- компьютерлік желілердің даму болашағы, мәліметтерді жіберудің қазіргі хаттамасын;
- Web-сервистердегі on-line ерекшеліктерін;
- Web *.0 технологияларын;
- Web-қосымшаларын: Joomla, Apache Tomcat, Denver. Eclipse құру инструменттері;
- технологии Java, Java 2 Enterprise Edition (J2EE) платформа стандарттарын;
- сервиске-бағытталған архитектура ұғымын;
- дыбысты және бейнені кодтау стандарттарын;
- қазіргі Computer Addit Design жүйелерін;
- мультимедиалық қосымшаларды жасаудың кезеңдері мен әдістерін;
- сценарийді сипаттау тілін **білуі** керек.

Пәнді оқу нәтижесінде магистранттар:

- сымсыз желілерге, мобильдік құрылғыларды қосуды баптауды;
- Web-сервистермен on-line режимінде жұмыс істеуді;
- Eclipse © IBM ортасында қосымшалар жасауды;
- Wiki беттерін құруды;
- Joomla, Apache Tomcat, Denver орталарында контентті басқаруды;
- JSR 168/268 спецификациялары бойынша портлеттар жасауды;
- мультимедиа инструментальдық құралдарымен жұмыс істеуді **меңгеруі** керек.

Магистранттар пәнді оқу нәтижесінде:

- ақпараттық мәдениет;
- информатиканың техникалық тілін **игеруі** тиіс.

Пәнді үйрену нәтижесінде магистранттар:

- компьютерлік желілер, Интернет-технология және мультимедиа-технологияның соңғы даму тенденцияларын;
- қазіргі уақыттағы on-line сервистерді пайдалану және дамуын;
- Интернет үшін программалау тілдерінің дамуын және Интернет-косымшаларын құрудың инструменттерін **талдау жасай алулары** керек.

Пәнді үйрену нәтижесінде магистранттар алған білім, білік және дағдыларын:

- білім беретін электрондық басылымдар мен ақпараттық ресурстарды жобалауды;
- ақпараттық білім беру ортасын жобалауды;
- білім беруді ақпаратандыру элементтерін әлемдік тәжірибеге ендіруді **синтездеуді** білуі керек.

Пәнді үйрену нәтижесінде магистранттар:

- электрондық басылымдар мен ақпараттық ресурстардың сапасын;
- ақпараттық білім беру ортасының сапасын;
- педагогтың ақпараттық-коммуникациялық құзыртеттілігін **бағалауды** білуі керек.

Пәнді үйрену нәтижесінде магистранттар келесі:

- ақпараттық-коммуникациялық;
- информатика және ақпараттық-коммуникациялық технология саласында;
- білім беру қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануда **құзыреті** болуы тиіс.

Пәннің пререквизиті: Информатика (жүйелер және желілер негіздері, телекоммуникациялар, Интернет). Есептеу жүйелері және желілері. Компьютерлік графика (Web-графика, анимацияларды жасау құралы). Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер, Интернетте программалау. Компьютерлік желілер. Интернет-технологиялар. Web-технологиялар. Мультимедиа-технологиялар.

Пәннің постреквизиті: Ақпараттық білім ортасын қалыптастырудың теориялық негіздері, Мультимедиалық орталарда программалау.

Пәннің тақырыптық жоспары

№	Пән тақырыптарының аттары
1	Компьютерлік желілердің даму болашағы. Сымсыз желілер. Сымсыз, кеңжақты желілер. Виртуальды жеке желілер. Мобильді желілер.
2	Қазіргі Интернет-технологиялар. Қазіргі іздеу серверлерінің

№	Пән тақырыптарының аттары
	технологиясы. Контентті жеткізу. Желілерде аудио және видео жіберу. Сайттарды жылжыту әдістері. Web сервистердегі on-line. Мәліметтерді сақтау қоймасы. «Бұлттық» технологиялар. Мәліметтерді өңдеу орталықтары. Мобильдік Web.
3	Web-дизайн. Ақпараттық ресурстардың жіктелуі. Ақпараттық ресурстардың өмірлік циклі. Web-қосымшаларын құру технологиясы. Web-қосымшала. Web *.0 технологиясы.
4	Web-қосымшаларын құру инструменттері. Web-редакторлары. Web-конструкторлары. Контентпен толтыру жүйесі (CMS Joomla, WordPress, Drupal және т.б.) Apache Tomcat, Denver. Eclipse ортасы.
5	Технологии Java технологиясы. Java 2 Enterprise Edition (J2EE) платформаларының стандарттары.
6	Мультимедиа-технологиялар Дыбысты және бейнелерді кодтау стандарттары. MPEG *. Қазіргі Computer Addit Design жүйелері. 3DStudio Max.
7	Мультимедиалық жоба. Мультимедиалық қосымшаларды жасаудың кезендері мен әдістері. Сызықтық және сызықтық емес монтаж. Мультимедианың инструментальдық құралы. Мультимедиалық бұлт. Сценарийді сипаттау тілі. Flash-технологиялар, Action Script.

Пәннің мазмұны

1 Бөлім. Компьютерлік желілер және Интернет-технологиялар

Компьютерлік желілердің даму болашағы. Компьютерлік желілердің даму тенденциялары. Сымсыз желілер., Кеңжалақты сымсыз желілер.Виртуальды жеке желілер. Мобильдік желілер.

Қазіргі Интернет-технологиялар. Қазіргі іздеу серверлерінің технологиясы. Контентті жеткізу. Желілерде аудио және видео жіберу. Сайттарды жылжыту әдістері. Web-сервистердегі on-line. Мәліметтерді сақтау қоймасы. «Бұлттық» технологиялар. Мәліметтерді өңдеу орталықтары. Мобильдік Web.

Web-қосымшаларын құру технологиясы. Web-дизайн. Ақпараттық ресурстардың жіктелуі. Ақпараттық ресурстардың өмірлік циклі. Web-қосымшаларын құру технологиясы. Web-қосымшалар. Web *.0 технологиясы.

Web-қосымшаларын құру инструменттері. Web-редакторлары. Web-конструкторлары. Контентпен толтыру жүйесі (CMS Joomla, WordPress, Drupal және т.б.) Apache Tomcat, Denver. Eclipse ортасы.

Java технологиясы. Java 2 Enterprise Edition (J2EE) платформасының стандарты.

2 Бөлім. Мультимедиа-технологиялар

Мультимедиа-технологиялар. Дыбысты және бейнелерді кодтау стандарттары. MPEG *. Қазіргі Computer Addit Design жүйелері. 3DStudio Max.

Мультимедиалық жоба. Мультимедиалық қосымшаларды жасаудың кезеңдері мен әдістері. Сызықтық және сызықтық емес монтаж. Мультимедианың инструментальдық құралы. Мультимедиалық бұлт. Сценарийді сипаттау тілі. Flash-технологиялар, Action Script.

Зертханалық сабақ тақырыптарының тізімі

- 1 Сымсыз желілерді баптау.
- 2 Интернет мобильдік құрылғысына қосылу.
- 3 Сайтты жүргізу амалдары.
- 4 Web-сервистерінде on-line жұмыс істеу.
- 5 Жеке «бұлт» құру.
- 6 Мобильдік қосымшалармен жұмыс.
- 7 Web-конструкторда Web-сайт жасау.
- 8 Web *.0 технологиялар.
- 9 CMS администрациялау.
- 10 Web-сайт контентін басқару.
- 11 Eclipse © IBM жасау ортасы.
- 12 Java-қосымшаларын жасау.
- 13 Мультимедиалық қосымшаларды жасау.

Магистранттардың оқытушының басқаруымен өзіндік жұмыстары сабақтарының тақырыптарының тізімі

- 1 D-Link маршрутизаторларын баптау.
- 2 Сайттарды жылжыту құралдары.
- 3 Мәліметтерді өңдеу орталығы бойынша өнімдерге шолу.
- 4 CMS –те Web-сайтты басқару.
- 5 Web-қосымшаларды жобалау.
- 6 Java-қосымшаларын жобалау.
- 7 Мультимедиалық қосымшаларды жобалау.

Магистранттардың өзіндік жұмыстарының тақырыптарының тізімі

- 1 Білім беруді ұйымдастырудың Web-өкілдігін жобалау және жасау.
- 2 Білім беру порталын жобалау және жасау.
- 3 Ұлтты жобалау және жасау.
- 4 Web-қосымшаларды жобалау және жасау.

5 3DStudio Max ортасында мультимедиялық қосымшаларды жобалау және жасау.

6 Action Script сценарий тілін пайдаланып мультимедиялық қосымшаларды жобалау

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

негізгі

1 Таненбаум Э.С. Компьютерные сети. СПб: Издательство «Питер», 2013.- 960 с.

2 Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети. Принципы, технологии, протоколы – 4-е изд. - СПб: Издательство «Питер», 2013.- 943 с.: ил.

3 Керимбаев Н.Н., Конева С.Н. Компьютерные сети. Учебное пособие. - Алматы, КазГосЖенПУ, 2011. – 320 с.

4 Компьютерные сети. Интернет и мультимедиа технологии. Учебно-методический комплекс дисциплины // Составитель Конева С.Н., КазНПУ им. Абая, Алматы, 2011.- 85 с.

5 Конева С.Н. Компьютерные сети, Интернет и мультимедиа технологии. Часть 1. Компьютерные сети. Рабочая тетрадь.- Алматы, 2011.- 90 с.

6 Конева С.Н. Компьютерные сети, Интернет и мультимедиа технологии. Часть 2. Интернет-технологии. Рабочая тетрадь.- Алматы, 2011.- 90 с.

қосымша

7 Основы Web-технологий. / П.Б. Храмов и др. - М. «Интернет-университет Информационных технологий» // www.intuit.ru

8 Протоколы и алгоритмы маршрутизации в Интернет / Ю.А. Семенов. - М. «Интернет-университет Информационных технологий» // www.intuit.ru

9 Основные протоколы Интернет/ А.Н. Берлин. - М. «Интернет-университет Информационных технологий» // www.intuit.ru

10 Основы WAP/WML и WMLScript. - М. «Интернет-университет Информационных технологий» // www.intuit.ru

11 Основы XML - М. «Интернет-университет Информационных технологий» // www.intuit.ru

12 Основы работы с CSS- М. «Интернет-университет Информационных технологий». // www.intuit.ru

13 Брик С. и др. Применение каскадных таблиц стилей (CSS) - М. «Интернет-университет Информационных технологий». // www.intuit.ru

14 Брик С. и др. Введение в JavaScript - М. «Интернет-университет Информационных технологий». // www.intuit.ru

15 Ан М. Основы программирования на JavaScript - М. «Интернет-университет Информационных технологий». // www.intuit.ru

16 Бранс Джо Практикум по программированию на JavaScript - М. «Интернет-университет Информационных технологий». // www.intuit.ru

Құрастырғандар:

Конева С.Н. - п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, математика, физика және информатика институты, информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасының доценті,

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

JBXOAZT 5301 Жалпы және бейорганикалық химияны оқыту әдіснамасы
мен заманауи технологиясы

6M011200 – Химия

2 жылдық

2 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Бекишев К.Б.- п.ғ.докторы, Химия факультеті бейорганикалық химия кафедрасының профессоры, әл – Фараби атындағы ҚазҰУ.

Нурахметова А.Р.- п.ғ.к., химия кафедрасының доценті, Абай атындағы ҚазҰПУ.

5. ҚР БҒМ Републикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсініктеме хат

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңына сәйкес, Жоғары кәсіби білім біру жүйесіне енгізілген магистратура мамандығы ғылыми және ғылыми – педагогикалық бағытта мамандарды дайындауды қамтамасыз етеді.

Білім беру бойынша жоғары сапаға жету мақсатында магистранттарды халықаралық ережелерге сәйкес дайындау және еңбек нарығын жоғары дәрежеделі мамандармен қамтамасыз етуде магистранттардың өзіндік, оқу, ғылыми–зерттеу, ғылыми–педагогикалық шеберлігін арттырып, магистратура түлектерін докторлық дәрежені игеруге даярлау қажет.

Бұл бағдарлама ҚР Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жасалған және жоғары оқу орындарының жаратылыстану факультеттерінің БМ011200 – "Химия" мамандықтарына арналған.

Магистратурада жоғары дәрежелі мамандарды даярлау жоғары оқу орнында алған білім базасының негізінде жүзеге асып, кәсіби іс-әрекеттің педагогикалық және ғылыми – зерттеушілік түрлеріне бағытталған. Соған сәйкес, магистратураны бітірушілер заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдана білуі тиіс және таңдалған мамандығы бойынша жоғары оқу орындарында және ғылыми ұйымдарда педагогикалық және ғылыми – зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, жүргізе білуі қажет.

«Жалпы және бейорганикалық химияны оқытудың заманауи технонологиялары мен әдіснамасы» курсының *мақсаты* бакалавриат пәндері бойынша теориялық білімдерді жүйелеу және педагогикалық ғылымның заманауи жағдайының деңгейінде химияны оқытудың әдістері мен инновациялық білім беру технологияларын үйрену. Үздіксіз химиялық білім берудегі маңызды кезеңі мектепте, ЖОО – да және ЖОО – нан кейінгі білім беруде жалпы және бейорганикалық химия курсының мазмұнының ерекшеліктері мен бірлігі болып табылады.

Пәнді жақсы меңгеру үшін келесі химия курстарының білімдері негіз болуы тиіс (пререквизиттер):

- Бейорганикалық химияның теориялық негіздері;
- Д.И.Менделеевтің периодтық жүйесіндегі химиялық элементтер;
- Аналитикалық химия;
- Зат құрылысы;
- Химияны оқыту әдістемесі;
- Химиядан есептер шығару әдістемесі;
- Химиялық технологияның теориялық негіздері;
- Аралас пәндер: математика, физика, бакалавриат бағдарламасы бойынша информатика.

Магистранттар жоғары оқу орындарында жалпы және бейорганикалық химияны оқытудың инновациялық педагогикалық және ақпараттық технологияларын *меңгеруі қажет*:

- химияның заманауи әдіснамалық негіздері;
- химиялық білімді жетілдірудің негізгі бағыттары;

- мектеп – ЖОО – ЖОО кейінгі білім беру жүйесі бойынша жалпы және бейорганикалық химияны оқытудың заманауи әдіснамалық көзқарастары;
- өнімдерді өндірудегі негізгі бейорганикалық синтездердің химия – технологиялық процесстерін зерттеудің ғылыми – әдіснамалық негіздерін;
- ҚР орта және жоғары білім беру жүйесіндегі инновациялар;
- мектеп – ЖОО жүйесіндегі химия бойынша қазіргі оқулықтар мен қосымша құралдарды *жасай білуі керек*.

Сондай-ақ, магистрант:

- Жалпы және бейорганикалық химияны оқытуда негізгі міндеттер мен мақсаттарды қалыптастырудың заманауи әдіснамалық тәсілдерін пайдалану;
- оқу материалын тақырыптық модульдер бойынша бөлу;
- химияны оқытудың заманауи технологияларын қолдану;
- мектеп – ЖОО жүйесінде оқу үрдістерін ұйымдастыру;
- бейорганикалық қосылыстарды өндіру технологиясын оқытуда ғылыми – әдіснамалық әдістерді пайдалану;
- химия – технологиялық өндірістің экологиялық мәселелерін ашып көрсету;
- химия бойынша заманауи оқулықтар мен қосымша құралдарды пайдалануды үйренуі қажет.

бақылау - магистранттың білімін бақылау магистранттың танымдық – шығармашылық іскерлігінің тиімділігін бағалауға бағытталуы тиіс. Бақылау түрлері:

- ауызша сұрау;
- аралық бақылау;
- рефераттар тапсыру
- топтық жобалар;
- іскерлік ойындар, тестер;
- дөңгелек үстелдер, пікір таластар;
- жағдайлық тапсырмалар;
- қорытынды бақылау - емтихан.

Пәннің тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар
1	Кіріспе
2	Бейорганикалық химияны оқытудағы негізгі тапсырмалар мен мақсаттарын қалыптастырудағы заманауи әдіснамалық әдіс – тәсілдері
3	Мектеп – ЖОО – ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесіндегі оқу материалы мазмұнының құрылымдық – логикалық байланысы мен сабақтастығы
4	Университеттерде жалпы және бейорганикалық химия курсының қазіргі кездегі мазмұны
5	Химияны оқытудың инновациялық технологиялары

6	Білім берудің заманауи әдістері мен құралдары. Бейорганикалық химияны интерактивті оқытуды ұйымдастырудың түрлері
7	Бейорганикалық қосылыстарды өндірудің технологияларын оқып-үйренудің ғылыми – әдіснамалық бағыттары

Пән мазмұны

1. Кіріспе

ЖОО және ЖОО дан кейінгі білім беруде жалпы және бейорганикалық химияны оқытудың әдіснамалық негіздері. Университеттерде жалпы және бейорганикалық химия курсының мазмұнын анықтау оқу процесіне жаңа материалды енгізудің сабақтастығы. ЖОО да оқытудың инновациялық әдістері мен технологиялары. Бейорганикалық химияның басқа да химия пәндерімен байланысы.

2. Бейорганикалық химияны оқытудың негізгі міндеттері мен мақсаттарын қалыптастырудағы заманауи әдіснамалық әдіс – тәсілдері

Ғылым жүйесіндегі әдіснамалық орны. Химияны оқытудың әдіснамасын анықтайтын, негізгі философиялық категориялар. Химияның тарихи дамуының әдіснамасы. Әдіснамалық мәселелер. Бейорганикалық химиядағы негізгі идеялары мен түсініктерінің қалыптасуының ғылыми – теориялық бағыттары. Бейорганикалық айналымдардың кванттық – механикалық және құрылымдық негіздемесі. Заманауи химияның қалыптасу кезеңдері. Мектеп–ЖОО жүйесі бойынша бейорганикалық химияны оқытудың мақсаттары мен міндеттерінің қалыптасуының заманауи әдіснамалық тәсілдері.

3. Мектеп – ЖОО – ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесіндегі оқу материалы мазмұнының құрылымдық – логикалық байланысы мен нәтижелері

Химия ғылымдарының жіктелуі ғылыми танымның жүйесі ретінде. Бейорганикалық химияның негізгі теориялары мен заңдары. Заттардың негізгі химиялық түрлері: атом, молекула, кристаллдар (немесе макромолекула). Классикалық химияның негізгі ұғымдары: элемент, қосылыс, реакция. Химиялық заттардың туынды формалары: ион, радикал, ерітінділер, коллоидты жүйелер. Заттардың химиялық реакциялары әр түрлі фазалық күйлері (агрегаттары). Жаңа материалды оқу процесіне енгізудің сабақтастығы.

4. Университеттерде жалпы және бейорганикалық химия курсының заманауи мазмұны

Классикалық және педагогикалық бағыттағы университеттердегі жалпы және бейорганикалық химия курсының заманауи мазмұны. Жалпы және бейорганикалық химияны негізгі бөлімдерін оқытудың әдіснамалық аспектілері. Оқу материалын баяндау нәтижесі. Атом – молекулалық оқыту. Негізгі химиялық ұғымдар мен заңдар. Химиядағы стехиометриялық қатынастар. Атом құрылысы. Периодтық заң және Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесі. Химиялық байланыс. Ерітінділер. Электролиттік

диссоциация теориясы. Тұздардың гидролизі. Тотығу-тотықсыздану реакциялары. Электродтық үрдістер. Периодтық жүйедегі негізгі топша элементтері (s- и р-элементтері). I - VIII топтың қосымша топша элементтері (d-элементы). Жалпы және бейорганикалық химияның инженерлі-техникалық, технологиялық, медициналық және ауылшаруашылық, әскери және басқа да ЖОО-ғы заманауи мазмұны.

5. ЖОО-да химияны оқытудағы инновациялық технология.

Заманауи технологияның білім берудегі теориялық негізі. Технологиялық жіктеу. Оқытудағы пәндік-бағдар технологиясы. Технологиялар: мақсат қою, педагогикалық үрдіс, толық меңгеру.

Оқытудағы жеке-бағдар технологиясы. Технологиялар: педагогикалық іскерлік, пәндік зерттеу, ұжымдық ойлау шығармашылығы, эвристикалық оқыту.

6. Заманауи әдістер және оқыту құралы. Бейорганикалық химияны интерактивті оқытуды ұйымдастыру түрлері.

ЖОО-ғы химияны оқытудың заманауи әдістері. Жалпы және бейорганикалық химиядағы проблемалық оқыту. Жекелей, дифференциалдық және интеграциялық оқыту. Жалпы және бейорганикалық химияны оқыту құралы, электронды және мультимедиялық жүйелерді пайдалану.

Постреквизиттер тізімі: Теориялық биология. Биологиялық дамуы және методология. Физиологияның іргелі және қолданбалы мәселелері. Микробиологияның қазіргі мәселелері. Генетика ережесі. Биоиндикация және биотестілеу. Тірі организмдердің жеке дамуының методологиялық аспектісі. Тірі организмдер эмбриологиясының теориясы және практикасы.

Пән мазмұны

Кіріспе

Эволюциялық биология – биологияда организмдердің пайда болуын тарихи дамуын зерттейді. «Эволюциялық биология» пәнінен сабақ берудің мақсаты: биологияны жоғары, «үшінші реттік» деңгейде оқып-білуге қабілетті, біліктілігі жоғары биологтарды даярлау; дәстүрлі эволюциялық теориялардың, сондай-ақ оның аясындағы дискуссиялық концепциялардың білімдерін игеру. Пәннен сабақ берудің міндеттеріне биологияның ежелгі дәуірлерден бастап қазіргі уақытқа дейінгі даму кезеңдерін білу; биологтардың осы ғылымның дамуына белгілі біртұтас дүниетанымдық позицияларының қалыптасуын білу; ғаламшардағы тірі организмдердің эволюциясына әсерін тигізетін механизмдер мен процестерді; жердегі тіршіліктің пайда болуын; эволюциялық ілім тарихын білу; эволюцияның

қазіргі теориялары мен концепцияларын білу; эволюцияның қорытындылаушы кезеңін – адамның пайда болуы мен дамуын білу кіреді.

Эволюциялық биологияның зерттеу нысандары: организм, популяция, түрлер. Эволюциялық биологияны оқыту әдістемелері: дәстүрлі (сипаттау, салыстыру, эксперименттік, статистикалық, тарихи), палеонтологиялық, биогеографиялық, морфологиялық, эмбриологиялық, генетикалық, молекулалық биология әдістері, экологиялық, биохимиялық (иммунологиялық), эволюциялық модельдеудің әдістері.

Эволюциялық биологияның қазіргі биологияның негізгі мәселелері: өмірдің пайда болуы мен эволюциясы, қоректенудің әр алуан түрлеріне (авто- және гетеротрофия) негізделген тіршілік түрлерінің типтері және т.б. мәселелерін дамытудағы маңызы.

Глоссарий.

1 Тарау. Кіріспе

1 тақырып. Биологиядағы эволюциялық көзқарастардың, принциптердің және теориялардың қалыптасуы. Эволюцияның анықталған түсініктері. Тіршіліктің эволюциялық түрлерін зерттеу әдістері.

Эволюциялық биологияның пайда болуы. Эволюциялық процестердің табиғаты туралы түсініктердің дамуы. Ғаламшардағы тірі түрлердің эволюциясы туралы түсініктердің қалыптасуы. Эволюциялық биологиядағы негізгі түсініктер: ұйымдасу деңгейлері, фенотиптер және белгілер, бейімделгіштік және бейімделулер, мутациялық процес және өзгергіштік, популяция, түр және түрлердің қауымдастықтары, табиғи іріктелу, эволюция, эволюцияның дәлелдері, концепциялары және теориялары. Эволюцияның генетикалық теориялары.

Тірі материяның эволюциясын геологиялық, палеонтологиялық, геохронологиялық, стратиграфиялық және басқа да әдістер арқылы зерттеу. Эволюциялық биологияның климаттық факторлармен байланысы. Геохронологиялық шкала. Эволюциялық процестерді нақтылы уақытта зерттеу: қазіргі жергілікті бейімделулер, *vivo* және *vitro* жағдайларындағы (табиғи және жасанды жағдайлардағы) жылдам эволюция, үй жануарларының және өсімдіктерінің эволюциясы, эволюциялық эксперименттер (популяциялардың еркін емес жағдайлардағы эволюциясы, жасанды іріктеу, эксперименттік түр түзілу).

2 тақырып. Бейімделу процестерінің жалпы түсініктері, қоршаған орта жағдайларына бейімделу механизмдері. Түр түзілу.

Бейімделу түрлері: морфологиялық, физиологиялық және жүріс-тұрыстық. Бейімделудің осы түрлерінің сипаттамасы. Бейімделудің генетикалық негізі. Қоректену түріне бейімделу. Көбею генетикалық материалды беру процесі ретінде. Жеке-жеке орналасу эволюция механизмдерінің бірі ретінде.

Түр түзілу. Түрді анықтау. Түр түзілу – жаңа түрлердің пайда болу процесі. Түр түзілу – бұл ескі түрлердің өзгеру және жаңа белгілердің жинақталуының нәтижесінде жаңа түрлердің пайда болу процесі. Түр түзілу

– жана түрлердің пайда болу процесі. Түр түзілу механизмдері. Тұраралық үйлесімділіктің кедергісі туралы түсінік. Түр түзілу механизмдерін түсіндіретін теориялар. Зерттеліп отырған процестің ұзақ мерзімділігіне орай эмпирикалық тексерудің күрделілігі. микроэволюциялық деңгейдегі түр түзілу. Жасанды түр түзілу.

3 тақырып. Өсімдіктер және жануарлар әлемінің эволюциясы.

Өсімдіктер және жануарлар әлемінің эволюциясы. Тіршіліктің жер бетінде пайда болуы туралы түсініктер. Тіршіліктің жер бетінде пайда болу сатылары. Жер бетінде тіршілік пайда болуы туралы қазіргі теориялар. Алғашқы тірі организмдер. Құрлық өсімдіктерінің эволюциялық сатылары, олардың күрделенуі. Төменгі сатыдағы өсімдіктердің және жоғары балдырлардың дәуірі. Құрлықтық флора. Жабықтұқымды өсімдіктердің көбею мүшелерінің күрделенуі. Құрлық өсімдіктерінің негізгі бейімделу қасиеттері. Қазіргі флористикалық патшалықтар және олардың мінездемелері.

Жануарлар әлемі эволюциясының негізгі ерекшеліктері. Көпклеткалық және ұлпалармен мүшелердің мамандандырылуы. Жануарлардың мінез-құлық механизмдері. Қоршаған орта факторларының құбылыстарынан онтогенездің жанама тәуелсіздігі. Қатты қаңқаның пайда болуы. Жануарлар нерв жүйесінің прогрессивті дамуы. Адамның пайда болуы

2 Тарау. Негізгі эволюциялық концепциялардың табиғи-ғылыми мазмұны және қазіргі эволюциялық көзқарастардың қайнар көздері

4 тақырып. Табиғи сұрыптаудың жүру механизмі және керекті жағдайлар. Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік туралы түсініктер.

Табиғи іріктелудің сипаттамасы. Табиғи іріктелудің негізі – кездейсоқ тұқым қуалаушылық өзгерістер (генотиптердің, мутациялардың рекомбинациясы және олардың комбинациялары). Жыныстық көбею бар болғандағы, мысалға, тұрақты кроссинговер бар болғандағы табиғи іріктелудің күрделенуі. Табиғи іріктелудің механизмдері – генотиптің дискреттік өзгерістері болып табылатын гендердегі мутациялар. Іріктеу түрлерін жіктеу. Қозғаушы іріктеудің сипаттамасы. Тұрақтандырушы іріктеп алу – табиғи іріктелудің осы кезде оның әрекеті орташа нормадан шеткі ауытқулары бар особьтарға қарсы, белгінің орташа білінуі бар особьтардың пайдасына бағытталған түрі (И. Шмальгаузен). Дизруптивті (үзіп тастайтын) іріктелу – табиғи іріктелудің осы кезде жағдайлар өзгергіштіктің екі немесе бірнеше варианттарына (бағыттарына) қолайлы жағдай жасайтын, бірақ белгінің аралық, ортаңғы күйіне қолайлы емес түрі. Жыныстық іріктелу – іріктелудің көбеюдегі табысқа бағыт-бағдар алған түрі. Оң және теріс іріктелу. Табиғи іріктелудің эволюциядағы ролі.

Тұқымдық немесе генотиптік өзгергіштіктің сипаттамасы. Комбинативтік өзгергіштіктің сипаттамасы. Мутациялық өзгергіштіктің сипаттамасы (Г. де Фриз, 1901-1903 жж.). Мутация түрлері: гендік, хромосомалық және геномдық. Тұқым қуалаушылықтың түрлері. Пластидтік

тұқым қуалаушылық. Митохондриялық тұқым қуалаушылық. Адамның тұқым қуалаушылығын зерттеу әдістері.

5 тақырып. Микроэволюция және макроэволюция. Мутациялар және гендердің көшірілуі, генетикалық дрейф туралы түсінік, оның өрбуінің шарттары, жағдайлары мен механизмдері.

Терминнің шығуы. Микроэволюцияның сипаттамасы және механизмдері. Таңдамалы элиминация гипотезасы. Макроэволюциялық процестерді зерттеу әдіснамасы. Макроэволюцияның дәлелдері: салыстырмалы-анатомиялық, эмбриологиялық, палеонтологиялық, биохимиялық, биогеографиялық.

Организмдер эволюциясы – организмнің тұқым қуалайтын белгілерінің өзгеруі. Генотип және фенотип туралы түсініктер. Мутациялар және генетикалық өзгергіштік. Ұшқыр генетикалық элементтер. Гендердің рекомбинациясы. Гендер ағындары немесе гендер аллельдерінің популяциялар арасында көшірілуі. Гендер дрейфі – гендер аллельдерінің жиілігінің организмдердің аман қалуы және көбеюі кезіндегі кездейсоқ процестермен байланысты, ұрпақтан ұрпаққа өзгеріп отыруы. Гендердің горизонталь көшірілу механизмі. Тұқым қуалаушылық заңдары (Г. Мендель, 1900).

6 тақырып. Химиялық эволюция, молекулалардың пайда болуы. РНҚ әлемінің гипотезасы, ақуыз құрылымдарының пайда болуы.

Химиялық эволюция немесе пребиотикалық эволюция теориясы, негізі және постулаттары. Химиялық эволюцияны зерттеу әдіснамасы. Абиогенездің сипаттамасы (С. Миллер, 1953). Химиялық эволюция гипотезалары: А. Опарин (коацерваттар), Г. Юри және С. Миллер (симуляцияланатын ежелгі атмосферадағы қарапайым биомолекулалар), С. Фокс (протеноидтардан микросфералар). Химиялық эволюцияның унификацияланған үлгісін жасап шығарудың күрделілігінің себептері.

РНҚ әлемінің гипотезасы, ақуыз құрылымдарының пайда болуы. Т. Чек және С. Алтман – автокатализдік РНҚ-бөліну (1981). У. Гилберт – идея мира РНҚ (1986). РНҚ-ның абиогенді синтезі. Пре-РНҚ әлемдер. РНҚ молекулалары ансамбльдерінің эволюциясы. РНҚ әлемі нысандарының қасиеттері. Қазіргі әлемдегі РНҚ ролі.

Молекулалардың күрделі қосылыстарының пребиотикалық синтезінің үш бірізді кезеңі. Биомолекулалардың пайда болуы және функциялары. Миллер-Юри эксперименті. Макромолекулалардың (ақуыздар және нуклеин қышқылдары). Ежелгі атмосфераның даму гипотезасы, оның алғашқы тірі организмдердің пайда болуындағы ролі. Өмірдің пайда болуы үшін судың маңызы.

7 тақырып. Алғашқы эволюциялық ілімдер (Ж.-Б. Ламарктың эволюциялық теориясы, неоламаркизм, Ч. Дарвиннің эволюциялық теориясы, неodarвинизм).

Систематиканың (Дж. Рей, 1693 және К. Линней, 1735) және эмбриологияның (преформизм және эпигенез теориялары) жанды табиғат

идеяларының дамуындағы (XVII-XVIII ғасырлар) ролі. Ж.Б. Ламарктың эволюциялық теориясы (XIX ғ.) және неоламаркизм. Униформизм концепциясы арқылы апаттар теориясында (Ж. Кювье) органикалық әлем эволюциясы идеясының дамуы. Неокатастрофизм, жуффруизм, бруккизм теориялары. Ч. Дарвиннің эволюциялық теориясы және неодарвинизм.

3 тарау. Эволюцияның қазіргі концепциялары және теориялар

8 тақырып. Замануи эволюционизм.

С.С. Четвериковтың теориясы – эволюциялық генетика негізі немесе жаңа гендердің рецессивтілігі туралы гипотеза (Р. Фишер, 1930). Жеке даму генетикасының құрылуы (Дж. Холдейн, 1932). Ф. Добржанскийдің жұмыстары бойынша эволюцияның синтетикалық теориясының қалыптаса бастауы (1937); «Эволюцияның оқшаулағыш механизмдері» туралы түсінік. Қазіргі генетиканың, экологияның және классикалық дарвинизмнің негізінде эволюцияның синтетикалық теориясының құрылуы (немесе қазіргі дарвинизм, Дж. Хаксли, 1942). Эволюцияның синтетикалық теориясының негізгі ережелері.

Үзілмелі тепе-теңдік теориясы (немесе кванттық эволюция теориясы) – жыныстық жолмен көбейетін жанды организмдердің секіріс тәріздес эволюциясы (Н. Элдридж, С. Гулд, 1972). Жаңа түрлердің түзілу кезеңі ретіндегі кладогенездің сипаттамасы.

Бейтарап эволюция теориясындағы мутациялардың маңызды ролі (М. Кимура, 1968). Мутациялардың молекулалық деңгейде бекітілуінің тұрақты жылдамдығын бейтарап эволюция теориясымен үйлестіру. Бейтарап молекулалық эволюция теориясының оң және теріс жақтары.

9 тақырып. Эволюцияның эпигенетикалық және экожүйелік теориялары. Антропогенез теориясы.

Эпигенетиканың сипаттамасы (М. Шишкин, 1987; К. Уоддингтон, 1970, 1975; У. Холл, 1983). Сыртқы жағдайларға тәуелсіз онтогенезбен жүзеге асырылатын тұқым қуалайтын морфоздардың пайда болуы. Эпигенетикалық теория – неодарвинизмнің баламасы. Экожүйелердің (биоценоздардың, биомдардың және биосфераның) эволюциясына негізделген экожүйелік эволюция теорияларының сипаттамасы. Эволюцияның экожүйелік теориясының ережелері. Осы теорияның негізгі постулаттары. Эволюцияның экожүйелік теориясының терминдері. Эволюция теорияларына оппозициялық көзқарас.

Антропогенезді зерттеу әдістері. Антропогенезді зерттеу тарихы (К. Линней, 1735; Ж. Бюффон, 1766 және т.б.). Ч. Дарвиннің адамның шығуы туралы симиальды теориясы (1863). Антропогенездің еңбек теориясы (Ф. Энгельс, 1896). Приматтардың адамға дейін эволюциясы. *Ното* тұқымы. *Ното sapiens* түрі. Адамның болашақтағы эволюциясы (А.П. Быстров, 1957).

Семинар сабақтарының үлгілік тақырыптарының тізімі

1. Эволюция теориясындағы жалпы түсініктер, олардың дамуы және трансформациясы

2. Ғаламшардағы жанды материяның эволюциялық процестерін зерттеудің әртүрлі әдістерін талдау
3. Биологияда катастрофизм мен креационизмнің табиғи-ғылыми мазмұны және олардың пайда болуы
4. Орта Ғасыр биологиясында алғашқы эволюциялық теориялардың пайда болуы
5. Эволюциялық биологиядағы прогресс және регресс түсініктері және механизмдері
6. Жерде өмірдің пайда болуы концепциялары

МОӨЖ үлгілік тақырыптарының тізімі

- 1 Орта ғасырлардағы биологиялық білімдер. Қайта Жаңғыру дәуірі. Анатомияның және физиологияның пайда болуы
- 2 Биогенез және абиогенез теориясы
- 3 Жана уақыт ғылымы. Дарвинизм көздері
- 4 Табиғи іріктелу түрлері: қозғаушы, тұрақтандырушы, дизруптивті
- 5 Түр ішіндегі және тұраралық күрес
- 6 Оқшаулау эволюциялық фактор ретінде
- 7 Гендер дрейфі эволюцияның генетикалық факторы ретінде
- 8 Түрлердің өзгергіштік түрлері
- 9 Түрлердің тұқым қуалағыштық түрлері
- 10 Табиғи іріктелу түрлері
- 11 Неодарвинизм теориясының негізгі ережелері
- 12 Неодарвинизмнен эволюцияның синтетикалық теориясына көшу үшін негіздемелер
- 13 Эволюцияның синтетикалық теориясының негізгі ережелері
- 14 Сальтоционизм эволюция теориясы ретінде
- 15 Антропоцентристік ойлаудан биосфералық ойлауға

МӨЖ үлгілік тізімі

1. Эволюциялық биология дамуының тарихи очеркі
2. Ежелгі антикалық әлемдегі эволюциялық биологияның жетістіктері
3. Орта ғасырлардағы эволюциялық биологияның жетістіктері
4. Даму және тұқым қуалаушылық
5. Қоршаған орта факторларының тірі организмдерге әсері және оларға бейімделу механизмдері
6. Өмір, оның жаратылысы және дамуы
7. Өмірдің пайда болуы
8. Тұрақтандырушы іріктеу теориясы
9. Жеке даму эволюциясы
10. Эволюциялық процестің жолдары мен заңдылықтары
11. Организм жеке және тарихи дамудағы тұтас ретінде
12. Эволюция қағидалары

13. Негізгі биологиялық концепциялар
14. Эволюцияның экологиялық заңдылықтары
15. Антропогенездің алғышарттары

Ұсынылатын әдебиет тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Воронцов Н.Н. Развитие эволюционных идей в биологии. М. 2004
2. Грант В. Эволюционный процесс. М. 1991
3. Иорданский Н.Н. Эволюция жизни. М. 2001
4. Кондрашов А.С. Введение в эволюционную биологию: курс лекций. М. 2010
5. Северцов А.С. Основы теории эволюции. М. 1987.
6. Шмальгаузен И.И. Факторы эволюции. Теория стабилизирующего отбора. М. 1968
7. Шмальгаузен И.И. Пути и закономерности эволюционного процесса. М. 1983
8. Яблоков А.В., Юсуфов А.Г. Эволюционное учение. М. 2006

9. Қосымша әдебиет:

10. Красилов В.А. Нерешенные проблемы теории эволюции. Владивосток. 1986
11. Медавар П., Медавар Дж. Наука о живом. Современные концепции в биологии. М. 1977
12. Назаров В.И. Учение о макроэволюции. На путях к новому синтезу. М. 1991
13. Опарин А.И. Жизнь, ее природа, происхождение и развитие. М. 1968
14. Рутген М. Происхождение жизни. М. 1973
15. Рэфф А., Кармен Т. Эмбрионы, гены и эволюция. М. 1996
16. Солбриг О., Солбриг Д. Популяционная биология и эволюция. М. 1982
17. Тимофеев-Ресовский Н.В. Генетика, эволюция, значение методологии в естествознании. М. 2009
18. Филипченко Ю.А. Эволюционная идея в биологии. М.1977
19. Фокс С. Молекулярная эволюция и возникновение жизни. М. 1975
20. Шмальгаузен И.И. Стабилизирующий отбор и его место среди факторов эволюции. М. 1941

Құрастырғандар:

Иманкулова С.К.- Абай атындағы ҚазҰПУ жаратылыстану және география Институты ботаника және жалпы биология кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының кандидаты.

Мыңбаева Б.Н.- Абай атындағы ҚазҰПУ жаратылыстану және география Институты ботаника және жалпы биология кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының докторы.

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ShTKB 5301 Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар

6M011400 – тарих

2 жылдық

2 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Сарыбаев М.С. – PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Рүстем К. М. – PhD докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

ТҮСІНІК ХАТ

«Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар» пәні ХХ ғасырдағы шетел тарихнамасының қазіргі бағыттарының қалыптасу және даму үрдісі мәселесін қарастырады.

Аталмыш пән жаңа тарихи ағымдар мен бағыттардың және мектептердің тарихын, жаңа тарихи бағыттар қалыптастырған шетелдік тарихшылардың шығармашылық мұрасын, тарих ғылымының дамуындағы маңызды үдерістерді қарастыруға да арналады.

Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттарды қарастыру ХХ ғасырдағы батыстық тарих ғылымының тарихын, оның аясында қалыптасқан «жаңа тарих ғылымы» ағымын, теориялық - методологиялық тұжырымдарды және жекелеген ғалымдар мен тарихшылар тобының, ұлттық тарихи мектептер зерттеулерінің мәні мен маңызын түсінуге мүмкіндік береді.

«Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар» оқу пәні 6М11400-Тарих оқу бағдарламасының «Кәсіби пәндер модуліне» (міндетті компонентке) кіреді және 1 курстың 1 семестрінде оқытылады. Аталған пән магистранттарға ХХ ғасырдағы шетелдік тарихшылар қалыптастырған тарихи антропология, күнделікті тарих, психотарих, отбасы тарихы, гендерлік тарих, тарихи урбанистика және т.б. жаңа тарих ғылымы туралы мәліметтер береді деп күтіледі.

Пәннің мақсаты: ХХ ғасырдағы батыстық тарих ғылымының тарихы бойынша білім беру, шетелдік тарихнамадағы қазіргі бағыттардың даму барысын көрсету және магистранттардың батыстық тарихнаманың дамуындағы инновациялық үдерістер туралы түсінігін, тарихи әдебиеттерді талдау қабілетін қалыптастыру көзделеді.

Міндеттері:

- Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттардың қалыптасу және даму үрдісі тарихын оқыту;
- Батыс Еуропа мен АҚШ-тың ХХ ғасырдағы жетекші жаңашыл тарихнамалық бағыттарын қарастыру;
 - инновациялық шетелдік тарихи зерттеулермен танысу және жаңа тарихи бағыт қалыптастырған батыстық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау;
 - батыстық тарихшы ғалымдар зерттеулерінің ресейлік және отандық тарих ғылымына әсерін қарастыру;
 - аталған мамандыққа магистранттарды кәсіби даярлауға жәрдемдесу.

Пәннің ББ құрылымындағы орны

пререквизиттер:

тарихнама;
шетелдік тарихнама;
әлем тарихы;
Қазақстан тарихының тарихнамасы;

«Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар» пәнін меңгеруде бұдан кейін жүргізілетін пәндерді игеруге қажетті негіз құрай отырып, олармен

байланысатын және магистранттардың дүниетанымын кеңейтуге және алған білімін игеруге, сондай-ақ педагогикалық тәжірибеден өтуге жәрдемдесетін **постреквизиттері:**

тарих ғылымы және қазіргі заманғы теориялар;

тарихи зерттеулердің әдістері;

тарих ғылымының теориялық әдіснамалық мәселелері.

Пәнді меңгеруге қойылатын талаптар:

Пәнді үйрену үрдісі

нормативті-құқықтық,

аналитикалық,

болжам жасаушы,

коммуникативтік,

творчестволық,

толеранттық,

өзіндік білім алушылық **кәсіби құзыреттіліктерін** қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Пәнді үйрену үрдісі

элеуметтік-педагогикалық,

элеуметтік-информациялық,

элеуметтік-құқықтық,

элеуметтік-экономикалық,

табыс әкелушілік,

басқарушылық **пәндік құзыреттіліктерін** қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Пәнді үйрену барысында магистрант:

- қазіргі заманғы тарих ғылымы мен жалпыгуманитарлық білімдегі негізгі әдістемелік мәселелерді,
- шетелдік тарихнаманың жаңа бағыттарының қалыптасуын,
- шетелдік тарих ғылымындағы жаңа үдерістерді **білуі**,
- тарихнамалық деректерді жан-жақты және сыни талдауды,
- алынған білімді оқу, ғылыми-зерттеу үрдісінде қолдануды,
- пән бойынша сұрақтарға жүйелі және логикалық тұрғыдан жауап беруді,
- элеуметтік-саяси құбылыстарды және үрдістерді талдау үшін аған білімін қолдана білуді **игеруі**,
- курс бойынша білімді,
- аудиторияның алдына шығып сөйлеу дағдыларын,
- тарихи материалдарды жинауды және талдау әдістерін,
- аталған пәннің мәліметтік және терминологиялық аппаратын,
- ғылыми-зерттеу барысында шетелдік тарихнаманың қазіргі бағыттары бойынша алған білімдерін қолдану дағдыларын **меңгеруі** тиіс.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

- 1 «Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар» пәніне кіріспе
- 2 Франциядағы «Жаңа тарих ғылымы»

- 3 Американдық тарихнамадағы психотарих
- 4 Американдық тарихнамадағы сандық тарих
- 5 Американдық тарихнамадағы ауызша тарих
- 6 Американдық тарихнамадағы жаңа әлеуметтік тарих: отбасы тарихы
- 7 Американдық тарихнамадағы жаңа әлеуметтік тарих: гендерлік тарих
- 8 Американдық тарихнамадағы жаңа әлеуметтік тарих: тарихи урбанистика
- 9 Американдық тарихнамадағы интеллектуалдық тарих
- 10 Британдық тарихнамадағы әлеуметтік тарих
- 11 Неміс тарихнамасындағы күнделікті өмір тарихы
- 12 Италиян тарихнамасындағы микротарих

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

1-тақырып. Кіріспе. Пәннің мақсаты мен міндеттері. Батыстық тарих ғылымындағы жаңа бағыттардың пайда болуының алғышарттары. Презентизм (ағылшынша present - осы шақ) және релятивизм (лат. relativus - салыстырмалы) философиясының тарихшылар арасына таралуы. Классикалық тарихшылықтың дағдарысы. ХІХ ғасырдағы неміс тарихи мектебі, позитивизмнің тарихи мектебі, марксистік тарихи мектеп және олардың сынға ұшырауы. Тарих ғылымын жаңарту жолындағы қозғалыс. Неміс философы О. Шпенглердің «Еуропаның күйреуі» еңбегінің тарихи ойға ықпалы.

XX ғасырдың екінші жартысында жаңа тарихи ғылыми ағымның қалыптасуы. «Жаңа тарих ғылымы» ұғымы. Батыстағы XX ғасырдың екінші жартысындағы жаңашыл зерттеу бағыттары мен ұлттық мектептер және олардың ұқсастығы мен ерекшеліктері. Тарихи антропология, психотарих, отбасы тарихы, күнделікті тарих, ауызша айтылған тарих, гендерлік тарих және т.б. сипаты.

Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар тарихының дерек көздері және зерттелу деңгейі. Жаңа тарихи бағыттардың Қазақстан тарихшыларының зерттеулеріне ықпалы: ізденістер мен нәтижелер.

2-тақырып. Франциядағы «Жаңа тарих ғылымы». Француз тарихшыларының дағдарыстан шығу жолын іздеуі. «Экономикалық және әлеуметтік тарихтың анналдары» (фр. Annales d'histoire économique et sociale) (Страсбург қаласы, 1929 -1938 жж.) және «Әлеуметтік тарихтың анналдары» (фр. Annales d'histoire sociale) (1939 –1941, 1945) атты журналдың шығуы. «Анналдар» мектебінің (фр. École des Annales) қалыптасуы. Марк Блок пен Люсьен Февр – Франциядағы «Жаңа тарих ғылымы» (фр. La Nouvelle Histoire) тарихи бағытының негізін салушылар. М.Блок – жаңа зерттеулердің ізашары. М.Блоктың (1886 – 1944) «Тарих мадақтау немесе тарихшының кәсібі» еңбегінің тарихи маңызы. Жаңа бағыттың негізгі идеялары. Тарихты ғылым ретінде түсіну. Тарихи уақыт. Өткен мен бүгіннің байланысын көрсетудің қажеттілігі. Қазіргіні өткеннің

көмегімен түсіну. Өткенді қазіргінің көмегімен түсіну. Тарихи бақылаулар. Сын. Сыни тәсіл. Тарихи талдау. Терминология.

Л.Феврдың тарихи методологияға қосқан үлесі. Люсьен Феврдің (1878 – 1956) «Тарих үшін күрес» еңбегі. Тарих ғылымын гуманизациялау мақсатының қойылуы. Тарих және адам. Адам және діл. Адамның дүниетанымының ерекшелігі мәселесі. Өркениетті тұтас жүйе ретінде қарастыру. Пәнаралық ұстаным.

«Анналдардың» екінші буыны. Француз тарихнамасындағы «Анналдар» мектебінің «салтанатты шеруі» (1950 – 1960 жж.). «Анналдар. Экономика. Қоғам. Өркениет» (фр. «Annales. Economies. Sociétés. Civilisations») (1946–1993) журналы және гуманитарлық ғылымдарды топтастыру идеясы. Ғылыми-зерттеу орталықтары тармақтарының пайда болуы. Зерттеу арнасының ұлғаюы. «Анналдардың» екінші буыны өкілдері: Фернан Бродель, Эрнест Лабрус, Пьер Губер, Жорж Дюби, Пьер Шоню, Робер Мандру.

Ф. Бродельдің (1902 – 1985) ғылыми ізденістері. «Жерорта теңізі және II Филипп тұсындағы жерортатеңіздік әлем» (1949), «Материалдық өркениет, экономика және капитализм» (1967) атты еңбектері және жаһандық тарих тұжырымдамасы. Әлеуметтік уақытың екі түрін – қысқа және ұзақ – анықтауы. «Ұзақ қашықтық уақыты» (фр. *longue durée* – ұзақ уақыт) категориясын енгізуі.

1970-1980 жж. «Анналдар» мектебінің үшінші буынының қалыптасуы. 1960-1970 жж. француз қоғамындағы өзгерістер және «Анналдар» мектебі өкілдерінің ғылыми көзқарастары. «Анналдар» мектебінің үшінші буыны өкілдері: Эммануэль Ле Руа Ладюри, Марк Ферро, Жак Ле Гофф, Пьер Нора, Филипп Арьес және т.б. Олардың теориясы, зерттеу нысаны және әдістері. Құрылымдылық (Структурализм). Семиотика. Француздық «сериалы» тарих. Пьер Шонюдің «сериялы» тарихы. Э. Ле Руа Ладюридің «адамдарсыз тарихтан» «этнографиялық романға» дейін тұжырымдамасы.

Франциядағы діл тарихы және тарихи антропология. Діл ұғымы. Кездейсоқтық (казус) ұғымы. Тарихи антропология ұғымы. Тарихи білімнің шынайылығын тексеру мәселесі. Тарихи антропология саласындағы француздық ғалымдар: Ф. Арьес, М.Вовелль, П.Шоню, Э. Ле Руа Ладюри, Ф.Лебрен, Ж.Шиффоло, Ж.Делюмо және т.б.

Анналдар мектебінің сабақтастығы. «Анналдар. Тарих. Әлеуметтік ғылымдар» (фр. *Annales. Histoire, Sciences sociales (ou Annales HSS)*) журналы (1994 жылдан бері шығады). Француздық діл тарихының ресейлік тарих ғылымының дамуына әсері. 1970-1980 жж. Ресей ғылым академиясының ғалымдарының зерттеулері. А.Я.Гуревичтің «Ортағасырлық мәдениет категориялары» (1972), Ю.Л.Бессмертныйдың «Орта ғасырдағы өмір мен өлім» (1992) еңбектері және т.б.

3-тақырып. Американдық тарихнамадағы психотарих. Психотарих ұғымы. Австралиялық ғалым Зигмунд Фрейд (1856 – 1939) және оның идеяларының Америкадағы тарих ғылымына әсері. Неофрейдизм. XX

ғасырдың екінші жартысында американдық тарихнамада жаңашыл бағыттың – психотарихтың пайда болуы. Американдық психотарихшылар: П.Левенберг, Б.Мэзлиш, П.Монако, Л.Демоз, Э.Фромм, Э.Эриксон және т.б.

Э.Фромның (1900 – 1980) авторитарлық тұлға және әлеуметтік мінез теориясы. Тоталитаризм, әлеуметтік мінез, авторитарлық мінез ұғымдарына Э.Фромның берген түсініктемесі. Э.Эриксонның бірегейлік тұжырымдамасы және адамның өмір бойғы дамуы кезеңдерінің кестесін ұсынуы.

4-тақырып. Американдық тарихнамадағы сандық тарих. Клиометрия (грек. клио - тарих, метрио - өлшеу), квантативті немесе сандық тарих ұғымы. 1950 – 1960 жылдары тарих ғылымында электронды есептегіш техниканы қолдану бағыты. Американдық тарихнамадағы клиометрия және оның жалпы сипаты мен теориялық негіздері. 1957 жылғы американдықтардың табысы мен әл-ауқатын зерттеуге арналған конференция және жаңа экономикалық тарих бағытының жария болуы. АҚШ - тағы «квантативтік мектептердің» өкілдері: С.Кузнец (негізін салушы), Д.Норт, С.Энгерман, Р.Фогель.

Тарихтың сандық сипаты. Р.Фогельдің экономикалық тарих бойынша зерттеулері. Р.Фогельдің «Тынықмұхиттық темір жол» (1960), «Темір жолдар және Американың экономикалық өсуі» (1964) еңбектері және тарихта сандық әдісті пайлану тәсілдері. Контент – талдау (ағылшын. contents – мазмұн) ұғымы. Контент-талдау клиометрияның бір бағыты ретінде. Американдық тарихшы Р.Мерриттің «Американдық ұлтшылдықтың тууы: квантативтік ұстаным» (1968) атты еңбегі және контент-талдауды қолдану тәжірибесі.

Клиосаясаттану бағыты. Клиосаясаттану жаңа саяси тарихтың бөлімі ретінде. Дж. Г.Силон. М. Хаммарберг.

Тарихи демографияда математикалық-статистикалық әдісті қолдану. Э.Д. Коулдың «Еуропада Француз революциясынан Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде табиғи өсімнің төмендеуі» (1979) атты еңбегі.

Клиометрияның АҚШ-тан тысқары жерлерге таралуы. Францияда демографиялық тарихты, Ұлыбританияда тарихи демография мен әлеуметтік тарихты, неміс тарихнамасында бұқаралық құбылыстарды зерттеуде сандық әдісті пайдалану. Ресейлік ғалымдардың математикалық әдісті тарихи зерттеулерге қолдануы. 1970-1980 жж. аралығында И.Д. Ковальченконың сандық тарихпен айналысуы. Л.И.Бородкиннің тарихи информатика бағытындағы еңбектері.

Фогель мен Д.Норттың экономикалық тарихты зерттеуде жаңа ұстанымдарды дамытқаны үшін 1993 жылы Нобель сыйлығын алуы.

5-тақырып. Американдық тарихнамадағы ауызша тарих. Ауызша тарих ұғымы, әдістері, ерекшелігі. АҚШ-та ауызша тарихтың қалыптасуы. Журналист Джо Гулдің (1889 – 1957) «Біздің заманымыздың ауызша тарихы» еңбегінің танымалдығы. 1948 жылы Колумбия университетінде ауызша тарих орталығының ашылуы. 1967 жылы АҚШ-та ауызша тарих Ассоциациямының құрылуы. Ауызша тарихтың шетелдерде таралуы.

Ағылшын тарихшысы Пол Томпсонның «Өткеннің дауысы: ауызша тарих» (ағылшын. The Voice of the Past: Oral History; 1977, 3-ші басылымы 2000) еңбегінің ауызша тарих әдістерін дамыту мен насихаттаудағы рөлі. Ауызша тарихтың Ресейде қалыптасуы. А. В. Драбкиннің интернет-жобасы. Қазақстандағы ауызша тарих.

6-тақырып. Американдық тарихнамадағы жаңа әлеуметтік тарих: отбасы тарихы. АҚШ-та 1960-1970 жж. әлеуметтік ғылымдардың дамуы. Американдық «жаңа әлеуметтік тарихтың» ерекшеліктері. «Отбасы тарихы» түсінігі және оның сипаты. Пенсильван университетінің профессоры Майкл Б. Катцтің американдық кедей отбасының (ақ нәсілді Сэлливандар әулетінің) тарихын зерттеуі және олардың адами қасиеттерін жоғары бағалауы. Қара нәсілді отбасының тарихын Нью Йорк қалалық университетінің профессоры Герберт Гатманның (1929-1988) зерттеуі. Афроамерикандық отбасы тарихын зерттеуге Л.Литвак, С.Линд, Э.Фонер, Ю.Дженовезе, Г.Лернер және т.б. қосқан үлесі. «Қара американдық», «афроамерикандық» термині. Қара американдықтардың американдық қоғамның лайықты бөлігін құрайтыны жөніндегі қоғамдық пікірдің қалыптасуында отбасы тарихының алар орны.

7-тақырып. Американдық тарихнамадағы жаңа әлеуметтік тарих: гендерлік тарих. Гендер ұғымы. Феминистік қозғалыстар. 1960 – 1970 жж. феминизмнің екінші толқыны және «Әйелдер тарихының» жаңа пәнаралық ғылыми бағыт ретінде қалыптасуы. Л.Гордон - «әйелдер тарихын» зерттеуші. Тарихи феминологияға арналған Н.З.Дэвистің еңбектері. Зерттеу тақырыптарының кеңеюі. Әйгілі әйелдердің биографиясы, әйелдердің өндіріс пен үй шаруашылығындағы қызметі, әйелдер институты, ассоциациясы, мектептері және т.б. зерттеу нысанына айналуы. 1980 жылдары гендерлік тарих ұғымының пайда болуы. Гендер ұғымы. Гендерлік тарихтың әлемдік тарихнамадағы орны.

8-тақырып. Американдық тарихнамадағы жаңа әлеуметтік тарих: тарихи урбанистика. Демография, социология, экономика, тарихи география және т.б. пәндердің тоғысуы жағдайында «жаңа әлеуметтік тарих» - тарихи урбанистиканың пайда болуы. Қалалардың жаңа тарихын С.Тернстрдың зерттеуі және ғылыми тұжырымдары. Т.Хершберг және оның Филадельфия қаласының әлеуметтік тарихын зерттеуі. Иммигранттар өмірінің зерттелуі. «Қалалардың жаңа тарихындағы» танымал тақырыптар: қалалардың бай, кедей және гетто аудандары тарихы, қалалардағы қылмыс және т.б. Эгалитаризм американдық «жаңа әлеуметтік тарихтың» идеялық негізі ретінде. Жаңа бағыттың американдық қоғамдағы демократиялық сананың жанаруына әсері

9-тақырып. Американдық тарихнамадағы интеллектуалдық тарих. Интеллектуалдық тарихтың сипаты. Интеллектуалдық тарихтың бастау көздері. Американдық тарихшы және философ Артур Лавджойдың интеллектуалдық тарихқа арналған «Тұрмыстың ұлы сабақтастығы» еңбегі. Қазіргі кездегі интеллектуалдық тарих методологиясының ерекшеліктері. Интеллектуалдық тарихтың тарихнамасы.

10-тақырып. Британдық тарихнамадағы әлеуметтік тарих.

Ұлыбританияда «жаңа тарих ғылымының» қалыптасуының алғышарттары. Дж.М. Травельяанның «Англияның әлеуметтік тарихы» еңбегі (1944). 1960 жылдардағы методологиялық пікірталастар. Э.Карр (1892- 1982) және оның «Тарих деген не?» атты дәрістері. Тарихтың жаңа ұстанымдары туралы пікірталастардың «Паст энд презент» (ағылшын. «Past and Present» - өткен және осы шақ) журналында жалғасуы. Дж. Пламбтың тұжырымдары. Тарих ғылымының мәселелерін талқылаған симпозиум (1966).

1960-1970 жж. «жаңа әлеуметтік тарихтың» қалыптасуы. Э. Томпсонның (1924- 1993) «Ағылшын жұмысшы табының қалыптасуы» атты кітабы (1963). Жаңа бағыттың пайда болуы. «Жаңа тарих ғылымының» өкілдері: Э.Карр, Дж.Барраклоу, Дж.Пламб, С.Поллард, Э.Томпсон, К.Хилл, Э.Хобсбаум, Дж.Рюде және т.б. Англиядағы «жаңа тарих ғылымының» ерекшеліктері. Әлеуметтік тарихқа бұқаралық сипат беруге ұмтылыс. Демографиялық тарихпен айналысатын зерттеушілердің Кембридж тобының қызметі. П.Ласлет және оның «Ағылшын тарихи демографиясына кіріспе» атты еңбегі (1966). Оксфорда «тарих шеберханаларының» пайда болуы (1967). «Тарихи шеберхана журналының» 1975 жылдан шыға бастауы. Әлеуметтік тарих орталықтарының құрылуы. Э.Томпсонның еңбектері. У. Ростодың экономикалық өсу кезеңінің тұжырымдамасы. 1980 – 1990 жж. британдық «әлеуметтік тарих». Халық мәдениетін зерттеу. А. Макфарлейн, П. Берк, К.Томас, Э.П. Томпсон және т.б.

Британдық тарихнамадағы «жаңа жергілікті тарих» және оны зерттеушілер. Ч.Ф.Адамс, К.Райтсон. және т.б.

11-тақырып. Неміс тарихнамсындағы күнделікті өмір тарихы.

Күнделікті өмір тарихы (немісше Alltagsgeschichte) ұғымы. XX ғасырдың екінші жартысында Германиядағы тарих ғылымында жаңа бағыттың пайда болуы. Неміс тарихшылары Альф Людтке және Ханс Медик жаңа бағыттың негізін салушылар. Күнделікті өмір тарихының тарих ғылымының жаңа бағыты ретінде қалыптасуы және зерттеу нысаны мен әдістері. Луц Нитхаммердің Рур облысындағы еңбекшілердің күнделікті өмірін және әлеуметтік мәдениетін зерттеуі. Зерттеуші М.Клаус және фашистік диктатура кезіндегі әйелдердің «күнделікті тарихы». Күнделікті өмір тарихының 1980 жылдың соңына қарай Германияда тарих ғылымының құрамдас бөлігі ретінде мойындалуы.

Күнделікті өмір тарихының өзге елдерде көрініс беруі. Күнделікті өмірді зерттеудің француздық тарихнамасы: А.Лефевр және оның «Күнделікті өмірдің сыны» және «Қазіргі әлемдегі күнделікті тұрмыс» атты еңбектері. Ресейдегі күнделікті өмір тарихының жаңа ғылыми бағыт ретінде қалыптасуы және дамуы. Ресейдегі күнделікті өмір тарихының тарихнамасы. Е.И.Кукушкина, В.А.Лекторский, И.Т.Касавина, В.Г.Федорова, Ю.Л.Бессмертный, А.Я.Гуревич және т.б. зерттеулері. «Одиссей» альманахы және «Казус» журналы. «Жеке өмір тарихы бойынша» жинақтар. Ресейдегі

күнделікті өмір тарихын зерттеуші шетелдік ғалымдар. Ш.Фицпатрик және оның «Сталиндік шаруалар. Кеңестік Ресейдің ХІХ ғ. 30-шы жылдарындағы әлеуметтік тарихы: деревня», «Күнделікті сталинизм. Кеңестік Ресейдің ХІХ ғ. 30-шы жылдарындағы әлеуметтік тарихы: қала» атты еңбектері. Қазақстандағы күнделікті өмір тарихының зерттелінуі.

12-тақырып. Италия тарихнамасындағы микротарих. Микротарих ұғымы. 1970 ж. итальяндық микротарихтың қалыптасуы. Микротарихшылар Дж.Леви, К.Гинзберг, К.Пони, Э.Гренди. Биографиялық зерттеулердегі мәселелердің және әдістеменің жаңаруы. Дж. Леvidiң бағдарламалық мақалалары. «Квадери storici» (итальян. Quaderni Storici – тарихи дәптерлер) атты журналдың шығуы. «Микротарих» (Microstorie) кітаптар сериясы.

Кішігірім тарихи объектілерді таңдауға, «жол жиегіндегі» топтарға деген қызығушылық. Э. Грендидің «ерекше қалыпты» тұжырымы». К. Гинзбургтің «Ірімшік және құрттар» (1976) еңбегі. Италияндық микротарихтың көрнекті өкілі Дж. Леви және оның кішігірім деревняның елужылдық тарихын зерттеуі. С.Черуттидің зерттеулері.

Италиядағы күнделікті тарихтың тарихнамасы. Италия тарихшыларының еңбектеріндегі микротарихтың алатын орны.

Семинар (лабораторялық) сабақтары тақырыптарының үлгілік тізімі:

- 1 Шетелдік тарихнаманың қазіргі бағыттары тарихының дерек көздері және тарихнамасы.
- 2 Франциядағы «Анналар» мектебі
- 3 Франциядағы діл тарихы және тарихи антропология
- 4 Америкадағы неофрейдизм және психотарих: қалыптасуы және даму барысы
- 5 Сандық тарихтың тарихнамасы
- 6 Ауызша тарихтың тарихнамасы
- 7 Отбасы тарихы: тарихнамасы
- 8 Гендерлік тарих: тарихнамасы
- 9 Тарихи урбанистика: тарихнамасы
- 10 Ұлыбританиядағы «жаңа тарих ғылымының» тарихнамасы
- 11 Германиядағы күнделікті өмір тарихының тарихнамасы
- 12 Шетелдік тарихшылардың еңбектеріндегі Ресейдің күнделікті өмірі (Ш.Фицпатрик, С.Коткин, К.Келли, С.Бойм, Л.Виола, Т.Вихавайнен, К.Кухер және т.б.).
- 13 Ресейлік зерттеушілер еңбектеріндегі күнделікті өмір тарихы
- 14 Италияндық микротарихшы ғалымдар

Студенттердің оқытушы жетекшілігімен

өзіндік жұмысының тақырыптарының үлгілік тізімі

- 1 Шетелдік тарихнаманың қазіргі бағыттарының қалыптасуының алғышарттары

- 2 М.Блок, Л.Феврдің шығармашылығы
- 3 Э.Фромның (1900-1980) авторитарлық тұлға және әлеуметтік мінез теориясы
- 4 Контент-талдау сандық тарихтың бір тәсілі
- 5 Ауызша тарих: зерттеу әдістері
- 6 Афроамерикандық отбасы тарихын зерттеуге Л.Литвак, С.Линд, Э.Фонер, Ю.Дженовезе, Г.Лернер және т.б. қосқан үлесі
- 7 Л.Гордон - «әйелдер тарихын» зерттеуші
- 8 Т.Хершберг зерттеулеріндегі қаланың әлеуметтік тарихы мәселесі
- 9 П.Ласлет және оның «Ағылшын тарихи демографиясына кіріспе» атты еңбегі (1966).
- 10 А. Лавджойдың «Тұрмыстың ұлы сабақтастығы» атты еңбегіндегі интеллектуалдық тарих
- 11 Ш.Фицпатриктің еңбектеріндегі Ресейдің күнделікті өмірі тарихы
- 12 Италияндық зерттеуші Д.Леви еңбектеріндегі микротарих

Студенттердің өзіндік жұмысының тақырыптарының үлгілік тізімі

- 1 Француз тарихнамасындағы «Анналар» мектебі өкілдерінің орны
- 2 Фернан Бродельдің еңбектеріндегі жаһандық тарих мәселесі
- 3 Психотарихтың тарихнамасы
- 4 Роберт Фогель шығармашылығы және сандық тарих
- 5 Ағылшын тарихшысы Пол Томпсонның «Өткеннің дауысы: ауызша тарих» (ағылшын. The Voice of the Past: Oral History; 1977, 3-ші басылымы 2000) еңбегінің ауызша тарих әдістерін дамыту мен насихаттаудағы рөлі
- 6 М. Катцтің еңбектеріндегі отбасы тарихы
- 7 Тарихи феминологияға арналған Н.З.Дэвистің еңбектері
- 8 С.Тернстрдың зерттеулеріндегі қалалардың жаңа тарихы
- 9 Демографиялық тарихпен айналысатын зерттеушілердің Кембридж тобының қызметі
- 10 Күнделікті өмірді зерттеудің француздық тарихнамасы: А.Лефевр және оның «Күнделікті өмірдің сыны» және «Қазіргі әлемдегі күнделікті тұрмыс» атты еңбектері
- 11 Неміс тарихшылары Альф Людтке және Ханс Медик жаңа бағыттың негізін салушылар
- 12 К.Гинзбургтің «Ірімшік және құрттар» (1976) еңбегіндегі микротарих

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі

- Зайцева Т.И. Зарубежная историография: Историческая наука в XX – начале XXI века: Учебное пособие. – Томск, 2007.
- Могильницкий Б.Г. История исторической мысли XX века: Курс лекций. – Вып. 3. Историографическая революция. – Томск, 2008.
- Репина Л.П. История исторического знания. – М., 2004.

Қосымша

- Тарих – адамзат ақыл ойының қазынасы. 20 томдық. – Астана, 2009.
- Анналы на рубеже веков. Антология. – М., 2002.
- Зевелев А.И. Историографическое исследование: методологические аспекты. – М., 1987.
- Историческая наука в XX веке. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки. – М., 2002.
- Историческое познание и историческое сознание. – Томск, 2000.
- К новому пониманию человека в истории. Очерки развития современной западной исторической мысли. – Томск, 1994.
- Ким С.Г. Историческая антропология в Германии: методологические искания и историографическая практика. – Томск, 2002.
- Становление «новой исторической науки». – Томск, 2003.
- Репина Л.П. Социальная история в современной историографии. Методические материалы к спецкурсу. – М., 2001.
- Соколов А.Б. Введение в современную западную историографию. – Ярославль, 2002.
- Альф Людтке. «История повседневности в Германии. Новые подходы к изучению труда, войны и власти». -М., 2010.

Интернет көздері:

- books.academic.ru
- <https://ru.wikipedia.org/wiki>
- <http://studopedia.su/>
- academia-moscow.ru>ftp_share/_books/fragments/...
- http://www.academia-moscow.ru/ftp_share/_books/fragments/fragment_18858.pdf
- e-history.kz
- <http://kitaphana.kz/ru>
- www.glossary.ru

Анықтамалар мен энциклопедиялар

- Словари, энциклопедии // <http://dic.academic.ru/>
- Энциклопедии, словари // <http://enc-dic.com/word/i/Istoriografija>
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – 1-10-томдар. – Алматы, 1997-2007.

Құрастырғандар:

Махаева А.Ш.- т.ғ.д., асс. профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ТБВЗАТ 5301 Тарих және білім беруді зерттеудің ақпараттық
технологиялары

6М011400 – Тарих

1,5 жылдық

3 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Сутеева Х.А.-т.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

Иембекова М.О.- т.ғ.к., «Нархоз университетінің» доценті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

Бүгінде Интернет ғаламторының қарқынды дамуы жаңа ақпараттық мәдениет қалыптастырды. Тарих ғылымы да жаңа ақпараттық құралдарды игеру жолына түсті. Бұл өзгерістер тарихты зерттеу әдістеріне және білімді ақпараттандыруға түбегейлі әсер етті.

Ғаламторға қосылған тарихшы-зерттеушілер санының көбеюіне байланысты тарихи мәліметтер қорын жасау және жүйелеу (каталогтау) қажеттігі өсті. Европа, АҚШ, Ресей тарихшыларының кәсіби қауымдастықтары ғылыми мазмұндағы және білім беру мақсатындағы электрондық қорлар жасаумен айналысуда. Бұл тарихи зерттеулер жүргізуде және білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану үшін жаңа көкжиектер ашып бергені сөзсіз. Ғылым мен білімнің осындай ақпараттану заманында, ғаламдық ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктің қалыптасуы ғалым-педагогтарға ерекше талаптар қойып отыр. Бұл талаптарға сай келгісі келген маманның информатиканың тек базалық курсы мен мергенділікпен шектеле алмасы анық.

«Тарих зерттеулеріндегі және біліміндегі ақпараттық технологиялар» пәнінің мақсаты магистранттарда өзінің ғылыми-зерттеу және білім беру қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың құзыреттілік жүйесін қалыптастыру болып табылады. Аталмыш пән бағдарламасы ақпараттық технологияларды ғылым мен білімде қолданудың қол жеткен жетістіктерімен таныстыра отырып, оны тарихи зерттеулер мен тарих білімін беруде практикалық қолдану жағын қарастырады.

Сол себепті пәннің негізгі **міндеттерін** біз мыналардан көреміз:

- болашақ оқытушы-педагог әрі зерттеушінің жалпы ақпараттық білімі мен ақпараттық мәдениетін тереңдету;
- ғылыми мәліметтерді іздеудің, талдаудың және жүйелеудің ақпараттық-компьютерлік технологияларын игерту;
- электронды ғылыми жарияланымдар мен тұсау кесерлер әзірлеудің қазіргі заманғы әдістерін меңгерту;
- жаңа ақпараттық технологиялар негізінде білім бағдарламаларын жаңартудың технологияларын игерту;
- білім берудің қазіргі электрондық құралдарын пайдалануды меңгерту және сонымен бірге электрондық оқу-әдістемелік кешендер жасау жолдарын үйрету;
- тарихшы-зерттеуші және тарихшы-педагогтың күнделікті кәсіби қызметінде интернет қорларын қолданудың практикалық шеберлігін қалыптастыру.

Білім бағдарламасы құрылымында пәннің алатын орны:

«Тарих зерттеулеріндегі және біліміндегі ақпараттық технологиялар» пәнін меңгеру үшін, магистранттар «Мамандыққа кіріспе», «Информатика», «Тарихи информатика», «Деректану», «Тарихнама» пәндерін оқу барысында жинақтаған білімін, біліктілігін пайдаланады.

«Тарих зерттеулеріндегі және біліміндегі ақпараттық технологиялар» пәнін меңгеру вариативті бөлімдегі пәндерді, олардың қатарында «Тарих ғылымының әдіснамасы және әдістері», «Қазіргі тарих ғылымындағы пәнаралық әдістер мен бағыттар», «Тарих білімінің қазіргі мәселелері» пәндерін жалғастырып оқу үшін және педагогикалық практиканы өту үшін негіз болады.

Пәнді меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар:

Бұл пәнді меңгеру мынадай кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына және дамуына бағытталған:

- жаңа жағдайларға бейімделуге, өзінің кәсіби қызметінің ғылыми және ғылыми-өндірістік бейінін өзгертуге, қызметінің әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік талаптарын өзгертуге, жинаған тәжірибесін қайта бағалаудан өткізуге қабілетті;

- қазіргі пәнаралық байланыстар негізінде ғылыми зерттеу нәтижелерін сараптауға және қорытуға қабілетті.

Бұл пәнді меңгеру мынадай пәндік құзыреттіліктің қалыптасуына және дамуына бағытталған:

- танымдық және кәсіби қызметінде информатика негіздері бойынша базалық білімін, сонымен қатар оқытудың қазіргі техникалық құралдарын және ақпараттық-компьютерлік оқу технологиясын қолдануға қабілетті;

- қазіргі зерттеу әдістерін және әдістемесін қолдануға қабілетті;

- интернет желісінде ақпаратты іздеу әдістерін тиімді пайдаланады, ҚР және әлемдік жетекші кітапханалардың электрондық каталогтарымен жұмыс істей біледі, сонымен қатар ҚР және шет ел мұрағаттарының интернет-қорларын пайдаланады;

Аталмыш пәнді оқу барысында магистрант:

- білімді ақпараттандырудың негізгі бағыттарын және білімді ақпараттандырудың қазіргі құралдарын білуі тиіс;

- тарихи зерттеулерде және білім беруде ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолданудың негізгі бағыттары туралы түсінігі болуы керек;

- электрондық (сонымен қатар мультимедиялық) материалдарды қолдану арқылы оқыту әдісін білуі тиіс;

- өзінің кәсіби қызметіне қажетті ақпараттық-білім беру қорларына іздеу жүргізу және Интернет-сілтеменің қысқаша мазмұндық топтамасын жасауды меңгеруі керек;

- оқу үдерісінде оқу-әдістемелік және ақпараттық кешендерді жасай білуі және қолдана алуы қажет;

- компьютерлік тестілеу жүргізу үшін тест тапсырмаларын жасай білуі керек;

- практикалық сабақтарды өткізу үшін Интернет желісіндегі сабақтарды (оқу материалын оқу, семинарлар, практикумдар, тестілеу және т.б.) ұйымдастыру нысандарын қоса пайдалана білуі тиіс;

- Power Point арқылы оқу материалының тақырыптары бойынша электрондық тұсау кесерлер жасай біледі.

Пәннің тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар, бөлімдер
1.	Тарих ғылымы мен біліміне ақпараттандырудың тигізген әсері
2.	Қазіргі ақпараттық технологиялардың негізгі ақпараттық және бағдарламалық құралдары
3.	Педагогикалық информатика: қалыптасуы және барысы
4.	Мәліметтерді өңдеудің ақпараттық технологиясы
5.	Тарих зерттеулеріндегі ақпараттық жүйелер
6.	Тарих зерттеулеріндегі мәліметтер базасы
7.	Тарих тақырыбындағы ғылыми-ағартушылық интернет қорлары
8.	Ақпаратты іздеудің және алмасудың интернет технологиялары
9.	Қашықтықтан оқытудың ақпараттық технологиясы
10.	Тарихты зерттеудің ақпараттық технологиялары
11.	Тарих зерттеулеріндегі ГАЖ-технологиясы
12.	Қазіргі білім жүйесіндегі ақпараттық технологиялар
13.	Презентация дайындау технологиясы
14.	Қазақстан Республикасындағы электрондық оқыту жүйесі
15.	Электронды оқу-әдістемелік кешендер жобасын жасау

Пәннің мазмұны

Тақырып 1. Тарих ғылымы мен біліміне ақпараттандырудың тигізген әсері.

Қоғам өміріне және ғылымға ақпараттық және математикалық әдістердің жаппай енуі. АҚШ-тағы жаңа экономикалық тарих және 1960-шы жылдары клио метрианың пайда болуы. Қазақстандағы клио метрика. 1960-1970-ші жылдардағы КСРО-дағы сандық (квантитативті) тарих. Тарихи информатиканың сандық тарихтан бөлініп шығуы және оның негізгі кезеңдері. Тарихи информатиканың тарих ғылымында алатын орны. «History and Computing» (АНС) халықаралық қауымдастығының құрылуы.

Қазіргі тарих ғылымындағы және біліміндегі «ақпараттық технологиялар», «компьютерлік технологиялар» ұғымдарының арақатынасы. Ақпараттық технологиялар негізіндегі тарихты зерттеудің және оқытудың әдістерін жасау. Жаңа технологиялар негізінде тарихнамадағы жаңа бағыттар мен ғылыми мектептердің пайда болуы: шетелдік және отандық тәжірибелер мен ізденістер. Қазақстандық зерттеушілер еңбектеріндегі тарихи танымның сандық әдістері, тарихи информатика әдістері. Тарихи зерттеулерде ақпараттық технологияларды пайдалану қайшылықтарының методологиялық мәселелері.

Ақпараттық технологиялардың қазіргі заманғы үрдістері және болашағы.

Тақырып 2. Қазіргі ақпараттық технологиялардың негізгі аппараттық және бағдарламалық құралдары.

Компьютерлік жүйелерді аппараттық қамтамасыз ету. Компьютерлік жүйелерді бағдарламалық қамтамасыз ету. Жалпы және арнайы мақсаттағы қолданбалы бағдарламалар. Мәтіндік және графикалық өңдеу, кестелік және математикалық өңдеу міндеттерін шешудің қазіргі технологияларының ерекшеліктері. Тарих ресурстарын жинақтау және сақтау, өңдеу және талдау жолдары мен құралдары, ақпаратты қорғау. Қазақстан Республикасында электрондық ресурстарды заңды пайдалану туралы негізгі заң құжаттары.

Тақырып 3. Педагогикалық информатика: қалыптасуы және барысы.

Педагогикалық информатиканың қысқаша сипаттамасы. Педагогикалық информатика пәнаралық және ғылыми пән ретінде. Педагогикалық информатиканың негізгі бағыттары. Компьютерлік сауаттылық, білімді ақпараттандыруды қамтамасыз ету, оқытудың жаңа компьютерлік технологиялары негізіндегі тұлғаға бағытталған білім беру.

Ақпараттық технологияны білім жүйесіне қолданудың алуандығы. Білім берудің оқытуда және тәрбиелеуде компьютерді және ақпараттық технологияны пайдалануға негізделген интеграциялық үдерістері.

Тема 4. Мәліметтерді өңдеудің ақпараттық технологиясы.

Электронды мәтін: жасау, сақтау, іздеу, талдау. Мәтінге қатысты негізгі операциялар: енгізу, редакциялау, форматтау, ресімдеу, басып шығару.

3. Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. Анализ зарубежного опыта. - М.: Знание, 1989. - 80 с.
4. Кукушин В.С. Педагогическиетехнологии: учеб. пособиедлястудентовпедагогическихспециальности. -М.: ИКЦ «МарТ», Ростов на/Д, 2006. - С. 54-59.
5. Кларин М.В. Технологии обучения: идеал и реальность. Рига, 1999.
6. Ксензова Г.Ю. Перспективные школьные технологии. М., 2000.
7. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. -М.: Издательский центр «Академия», 2007.
8. Блаженков В. А. Приемы развивающего обучения географии. -М.: Дрофа, 2006.- 64 с.
9. Барнс Л.Б., Кристенсен Р.К., ХансенЭ.Дж. Преподавание и метод конкретных ситуаций.-М.: Гардарики, 2000.-502с.

10. Гладких, И.В. Методические рекомендации по разработке учебных кейсов. Вестник Санкт-Петербургского университета. Серия: Менеджмент.-2005.-Выпуск 2. с 169-194.
11. Калачикова О.Н. Метод кейс-стади: Учебное пособие. Томск, 2007.
12. Михайлова Е.И. Кейс и кейс-метод: общие понятия. Е.И.Михайлова. Маркетинг.-1999.-№1.
13. Мухина С.А., Соловьева А.А. Современные инновационные технологии обучения.-М: ГЭОТАР-Медиа, 2008г.
14. Смолянинова О.Г. Инновационные технологии обучения студентов на основе метода Casestudy . Инновации в российском образовании: сб.- М.: ВПО, 2000.
15. Смолянинова О.Г. Информационные технологии и методика Casestudy в профессиональном обучении студентов педагогического вуза. – Красноярск, май 2000.
16. Душина И.В., Понурова Г.А. Методика преподавания географии. М., 1996.
17. Душина И. В. Методика и технология обучения географии. -М.: АСТ, 2004. - 208 с.
18. Современные технологии в обучении географии /Под ред. В.П.Соломина. – СПб: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2007.
19. Баранский Н.Н. Методика преподавания экономической географии. М., 1990.
20. Бенькович Т.М., Бенькович Д.Л. Опорные конспекты в обучении географии. 7класс. М., 1995.
21. Якиманская И.С. Личностно ориентированное обучение в современной школе. – М., 1996.
22. Загрекова Л.В. Теория и технология обучения. Учеб. пособие для студентов пед. вузов. – М.: Высш. шк., 2004. - 157с.

Қосымша әдебиеттер:

23. Гузеев В.В. Образовательная технология: от приема до философии. - М.: Сентябрь, 1996. -С.8.4. Петти Дж. Современное обучение. - М.: Ломоносов, 2012. - 624 с.
24. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – М.: Педагогика, 1986. - 240 с.
25. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний.–М., 1984.– 344с.
26. Каропа Г.Н. Методика преподавания географии: курс лекций. – Гомель: ГГУ им. Ф. Скорины, 2004. – 248 с.
27. Савина Н.Г. Формирование технолого-методической культуры будущего учителя. – Брянск: РИО БГУ, 2005.
28. Савина Н.Г. Активные и интерактивные методы и технологии обучения как условие совершенствования методической подготовки будущих учителей. – Брянск: Группа компаний «Десяточка», 2010.

29. Слостенин В.А. Целостный педагогический процесс как объект профессиональной деятельности учителя. – М.: Прометей, 1997.
30. Спирин Л.Ф. Теория и технология решения педагогических задач: Развивающееся профессионально педагогическое обучение и самообразование. – М.: Российское педагогическое агентство, 1997.
31. Феноменология образовательных инноваций. Коллективная монография. Под ред. Г.Н.Прозументовой. – Томск, издательство Томского университета, 2005.
32. Томаш М.С. О практических методах обучения географии в современной общеобразовательной школе. – Гомель: ГГУ им. Ф. Скорины, 2009. – С.102–103.
33. Томаш М.С. Традиционное и развивающее обучение в современной общеобразовательной школе. – г. Гомель: ГГУ им. Ф.Скорины. – С.95–97.
34. Бринкендорф, Р.О. Метод успешного случая. Быстрый способ узнать, что работает, а что нет. – М.: Нипро, 2005. – 224 с.
35. Изменения в образовательных учреждениях: опыт исследования методом кейс-стади. под ред. Г.Н.Прозументовой. - Томск, 2003.
36. Караев Ж.А. Трехмерная методическая система обучения – основа формирования функциональной грамотности учащихся //Международный журнал экспериментального образования . №11, 2013 – С. 19-25.
37. Нурахметов Н.Н., Абдыгалиев К.А. Технологии концентрированно-интенсивного обучения (КИО).
38. Галиев Т.Т. Технологии обучения основанной на системном подходе.
39. Гулаева С.М. Применение интерактивного оборудования в преподавании географии. //География в школах и вузах Казахстана. – 2011. - № 10. – С.20-21.
40. Жадаева Б.Х.
Информационные технологии как одно из средств обучения географии. //«Вопросы географии и геоэкологии» . – 2012. - № 4. – С.44
41. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии //Школьные технологии. 1998. № 2.
42. Рейнгольд Л.В. За пределами CASE-технологий. //Компьютерра, 2000. – №13-15.
43. Ситуационный анализ, или анатомия Кейс-метода. Под ред. Ю.П.Сурмина-Киев: Центр инноваций и развития, 2002.
44. Каропа, Г. Н. О некоторых проблемах и тенденциях обучения географии в современной общеобразовательной школе. //География: Проблемы выкладки. – 2010. – № 2. – С.10–18.
45. Искиндинова К.К. Модульная технология в обучении географии. //География в школах и вузах Казахстана. – 2010. - № 9, 10. – С.16-18.
46. Лобина Н.В. Изучение нового материала на уроках нетрадиционных форм. //География в школе. –1997. – № 6. – С.53–55.
47. Козина, И. Casestudy: некоторые методические проблемы. – Рубеж., 1997. №10-11. – С.177-189.

48. Михайлова, Е.И. Кейс и кейс-метод: процесс написания кейса. Маркетинг.-1999.-№5 с 113-120; №6. с 117-123.
49. Кутейников С.Е. Типы учебных элементов модульной программы //География в школе. 1998 № 2.
50. Федорова В.А. Изучение темы «Население» в курсе «География России» (IX класс) //География в школе. 1998. № 5.
51. Чернявская А.П. Технология развития критического мышления: перспективы для образования 21 века. Н.Новгород, 2001.
52. Беловолова Е. А. «К вопросу об усилении практической направленности школьной географии». //География в школе, 2006. №6.
53. Беловолова Е. А. «Значение практических работ в реализации компетентностного подхода». //География в школе, 2007. №7.
54. Душина И.В., Летягин А.А., Беловолова Е.А. «Практическая составляющая обучения географии – основа формирования компетенций школьников». //География в школе, 2009. №1.

Интернет көздері

55. <http://festival.1september.ru/artieles/530586>.
56. <http://festival.1september.ru/artieles/508246>.
57. <http://www.rospedclub.ru/index.phtml/prPedNov.compts/54/?cntst=168nom=9>.
58. <http://www.uchportal.ru/load/0-0-4768-0-17>.
59. <http://festival.1september.ru>.
60. www.edu-reforma.ru
61. www.moi-universitet.ru.
62. <http://for-teacher.ru/technique/78-multimedia-tehnologii-v-obrazovanii.html>.
63. <http://pandia.org/text/77/234/40030-3.php> .
64. <http://www.dissercat.com/content/pedagogicheskaya-tehnologiya-formirovaniya-gotovnosti-studentov-k-razvitiyu-uchebnoi-deyate#ixzz3PYmTdaMA>.

Құрастырғандар:

Б.Ш.Абдиманатов - *з.ғ.д.*, Жаратылыстану және география институты профессоры, Абай атындағы ҚазҰПУ.

Ш.Ш. Карбаева- *п.ғ.к.*, Елтану және туризм кафедрасының доценті, Абай атындағы ҚазҰПУ.

Д.М. Боранқұлова -*ғ.ғ.к.*, Елтану және туризм кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ.

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ТТДТН 5301 Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті

2 жылдық

2 кредит

Алматы-2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Есенова Қ.Ө. –фил.ғ.докторы, профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

Ермекова Т.Н.–ф.ғ.д., профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» пәні "Қазақ тілінің тарихиграмматикасы" пәнімен және "Көне түркі тілі", "Түркологияға кіріспе" пәндерімен тығыз байланыста оқытылады.

"Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" пәні тілдердің ежелде бір тілден (праязыктен) шыққандығы, тарағандығы жөнінде алпысыншы жылдардың аяғында пайда болған ностратикалық теорияны ескерусіз қалдырмайды. Оған дәлел ретінде мыңдаған жылдар бойы өзгермей келе жатқан негізгі сөздік қордың көптеген тілдерге ортақ болып шығуын есепке алады. Ежелгі Тұран даласынан Месопотамияға көшіп барып, өздерімен бірге Еуропа мен Азияға мәдениетті, тілді, жазуды ала барған Шумерлер жайлы зерттеу деректерін, қазақтың халық болып құралу процесінде үлкен рол атқарған тайпалық одақтардың тілі мен түркі халықтарының тарихында белгілі қағанаттардың ресми тілі дәрежесіне көтерілген көне түркі тілі мен орта ғасыр түркі тілдерінің материалдарын тілге тиек етеді. Материал беретін зерттеу көздері ретінде Ә.Баһадүрхан, Рашид-ад-Дин, Н.Аристов, В.Бартольд, В. М. Иллич-Свитыч, Н.Баскаков, Б.Я.Владимирцов, Г.Е.Грум-Гржимайло, САманжолов, Ә.Қайдаров, О.Сүлейменов, А.Бахти, С.Қойшығара, Ө.Панзарбеков, Бекмағамбетов Ш. т.б. еңбектер пайдаланылуы қажет.

"Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" пәні бұл аталған пәндерден мазмұны, мақсаты мен міндеті, оқыту әдісі жағынан өзгеше. "Қазақ тілінің тарихи грамматикасы" тарихи-салыстырмалы әдіске сүйеніп, тілдік тұлғалардың қандай жолдармен өзгеріске түсіп, бүгінгі күндегі дәрежеге қалай жеткенін түйіндей тұжырымдаса, "Көне түркі тілі" пәні сипаттау әдісіне сүйеніп, көне түркі тілінің қалпын баяндайды. Ал "Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" пәнінде әрі тарихи, әрі сипаттама әдіске сүйене отырып, қазақ тілінің шығу тегін, түркі тілдерімен бірге басып өткен жолын, көне түркі тілінің жалғасы екендігін дәлелдейтін теориялық негіздерді басшылыққа алады. Мұндай теориялық негізге шумерология және түркітаным мәселелері жатады. Шумерлер мен көне түркілердің жақындығын танытатын тілдік қор, тарихи лексика және олардың семантикалық жүйесі, өзгеру жолдарындағы заңдылықтар, жазу түрлері, тайпалық одақтардың атрибуттары, ежелгі дәуірден сақталып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ойлау жүйесі, түркілердің дүниетанымы, олардың тілдегі көрінісі орта ғасырдағы халық тіліне, кейінгі дәуірдегі ұлт тіліне тигізген әсері ашылуға тиіс.

Қазақ тілі өз дамуының бүгінгі сатысында қазақ халқының бірыңғай ұлттық тілі, ұлттық әдеби тіл болып отыр. Бұл күнде ол әртүрлі стильдік салаларда дамыған, тілдік нормалық белгілері нақтыланған, лексикасы бай, грамматикалық құрылысы жетілген, орамды әдеби тілге, жазу тіліне айналды. Әрине, мұндай дәрежеге жету үшін тіл шындалып жетілудің талай өткелдерін басып өтті.

Тіл фактілерін тарихи тұрғыдан зерттеп білудің сол тілді жетік меңгеру үшін мәні зор. Тілдің тарихын білмей тұрып, оның қазіргі күйін, сырын жете білу мүмкін емес. Қазақ тілін ғылым ретінде танып білудегі ең маңызды нәрсе - негізгі тарихи байланысты ұмытпау, әрбір тілдік мәселеге тарихта сол құбылыс қалай шықты, өзінің дамуында ол қандай басты-басты дәуірлерді өтті деген тұрғыдан қарау керек, сонда ғана оның қазір қандай күйде екенін білуге болады.

"Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" курсының өтуде мынадай жайттар ескерілуі қажет: бірінші, қазақ тілінің түркі тілдерінің ішінде алатын орны, түркі тілдерімен бірге жүріп өткен жолы, түркі тілдерімен жақындығы бар көне тіл-шумер тілінің сипаты, көне түркі тілінің шумерлік сипаты, қазақ тіліндегі көне түркілік элементтер, орта ғасырдағы халық тілі болып қалыптасуы жайындағы зерттеу еңбектерін теориялық негіз етіп алады. Қазақ тілінің тарихын (тайпа тілі, халық тілі, ұлт тілі болып қалыптасу тарихын) түсіндіру үшін, алдымен қазақтың халық болуы, одан кейін ұлт болуы процестеріне жүгінеді. Қазақтың халық болып қалыптасу тарихы қазақ жеріндегі бұрынғы ірі тайпалық одақтармен, жүздермен, олардың тарихымен тікелей байланысты. "Жүз деп әдетте қазақ халқына қарасты және тарихи дәстүр арқылы белгіленген жалпы қазақ территориясының бір бөлігін мекендеген тайпалардың ірі бірлестіктерін (немесе одақтарын) атау қабылданған" (Қазақ ССР тарихы, 2т, Алматы, 1983. 258- б.)

Екінші, қазақ тілінің шығу тегі мен даму кезеңдері жалпы түркі тектес тілдердің даму дәуірлерімен бірлікте, соның шеңберінде алып қарастырғанда ғана толық түсінуге болады. Олар: шумер дәуірі, алтай дәуірі, гүң дәуірі, көне түркі дәуірі, ортағасырлық дәуір, түркі тілдерінің жаңа және ең жаңа дәуірі. Осы дәуірлердегі тарихи жазба ескерткіштердің қазақ тарихына қатыстыларына тоқталу қажет.

Үшінші, қазақ тайпаларының халық болып бірігуі, қазақтың халық тілінің қалыптасуы ірі тайпалық одақтар тілі бірлестігінен, 15-16 ғасырларда қазақ тайпаларының қыпшақ қауымынан, ноғай ордасынан бөлініп шығуына, монғол басқыншылығынан кейін қазақ жерінде патриархтық феодалдық қатынастың күшейіп, алғашқы қазақ хандықтарының пайда болуына байланысты екені, бұл процестің 19ғ. екінші жартысына дейін созылғаны ескерілуі қажет.

Төртінші, қазақ тілінің тайпалық, халықтық дәуірлердегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құрылысының тарихи дамуы қазақ тілінің даму кезеңдеріне байланысты екендігін таныту мақсатында оның типологиялық белгілері өтіледі.

Пәнді оқытудың мақсаты: «Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» пәнінде әрі тарихи, әрі сипаттама әдіске сүйене отырып түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тілінің тарихына қатысы бар кезеңдерді саралап, әр кезеңге тарихи сипаттама беру; түркі тілдерінің тарихына қатысты зерттеу еңбектеріндегі ой-пікірлердің қазақ тіліне қатысты

шынайылығын дәлелдеу; ежелгі мәдениеттің, жазудың отаны болған шумерлердің көне түркі тіліне, соның ішінде қазақ тіліне қатыстылығын айқындау; қазақ тілінің даму тарихында ерекше рөл атқаратын көне түркі және орта ғасыр дәуірлеріндегі тарихи ескерткіштердің тілін түркітаным мәселелерімен байланыстыра оқыту *пәнінің мақсаты болып табылады.*

Пәнді оқытудың міндеттері:

- тілдің тарихын дәуірлеудегі теориялық мәселелерді анықтау.
- қазақ тілінің тарихын кезең-кезеңге бөліп қарастыру;
- қазақ тілінің түркі тілдер ішінде алатын орнын анықтау;
- түркі тілдерінің ежелгі тілдермен байланысын білу;
- түркі мәдениетінің тарихындағы шумер мәдениетінің рөлін көрсету;
- шумер әдебиетінің түркі мұраларымен және қазақтың салт-дәстүрлерімен ұқсастығын дәлелдеу;
- қазақ тіліне тікелей қатысы бар көне түркі тілін шумер тілімен салыстыра талдау жүргізу;
- жазу түрлерін оқыту және ежелгі жазулардың қазақ даласында кездесетіндігін білгізу;
- қазақ халқының ру-таңбалары мен көне түркі және шумер жазуының таңбаларындағы ұқсастықтарды табу;
- қазақ тілінің ежелгі тайпалар мен тайпалық одақтардың тіліне жақындығын дәлелдеу;
- шумер тілі мен көне түркі тілі және қазақ тіліндегі лексикалық ұқсастықтарды талдау;
- тарихи атаулардың этимологиясын талдау арқылы олардың көне дәуірлерге кететіндігін анықтау;
- көне түркі тілінің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін қазақ тілімен салыстыра қарастыру;
- орта ғасыр тілінің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін қазақ тілімен салыстыра талдау;
- ежелгі түркі тілдерінің заңдылықтары мен қазақ тілінде сақталып қалған заңдылықтарды жүйелеу;
- қазақ тілінің тарихына қатысты зерттеу еңбектерін оқып тұжырымдау .

Пәннің тақырыптық жоспары:

Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері пәнінің қарастыратын мәселелері.

Адамзат тілінің пайда болуы жайындағы ностратикалық теорияның шындыққа қатысы.

Түркі тілдерінің даму кезеңдері және қазақ тіліне қатысы.

Қазақ жерінің адамзат тілі мен жазуының өркендеуінде алатын орны

Шумерлер ілімінің қалыптасу тарихы. Шумерлер өркениетінің зерттелуі.

Шумер мәдениеті мен жазуы. Шумер жазуының түрлері және таралуы. Оның

Қазақстан территориясындағы жазумен байланысы.

Шумер әліпбиі мен көне түркі әліпбиінің байланысы.

Шумер әдебиеті. Шумер әдебиеті-көшпенділер философиясының көрінісі.
Шумер тілі мен түркі тілдерінің байланысы. Шумер тілінің сипаты.
Алтай тілдер теориясы. Орал-Алтай тіл бірлестігін дәлелдейтін заңдылықтар.
Көне түркі тілі. Көне түркі тіліндегі тарихи сөздер. Көне түркі тіліндегі тарихи сөздердің семантикалық жақтан дамуы. Көне түркі тіліндегі сөзжасамдық тәсілдер.
Тарихи атаулардың танымдық мәні. Тайпа тілдерінің сипаты.
Ортағасырлық түркі тілі, оның қазақ тіліне қатысы.
Қазақ тілінің халық, ұлт тілі болып қалыптасуындағы тайпалық одақтар тілі.
Түркі тілдерінің тарихына қатысты мұралардың тілді дамытудағы рөлі.

Пәндік күзіреттілік:

Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» пәнін оқу негізінде магистрант:

- тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық мәселелерін жетік біліп, қазақ тілінің даму тарихын түркі тілдерімен бірлестікте алып қарайды;
- қазақ тілінің тарихы талай мыңдаған жылдарға кететінін, оған негіз болатын ежелгі тілдер- шумер тілі мен көне түркі тілі және орта ғасыр тілі материалдары екенін біледі;
- шумер, көне түркі, орта ғасыр және қазақ мәдениетінің байланысын зерделейді,
- ежелгі шумер жазуының таралу аймағын, соның ішінде қазақ даласындағы жазулардың табиғатын таниды;
- шумер-көне түркі-орта ғасыр-қазақ тілдерінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құрылысындағы типологиялық белгілер мен ортақ заңдылықтарды меңгереді;
- шумер әдебиетіндегі түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқына қатысты ортақ жайттарды дәлелдейді;
- тілдің даму тарихындағы орын алған трансформациялық өзгерістерді түсіндіреді;
- тілдің тарихи қабаттарында қалыптасқан атаулардың этимологиясын ғылыми тұрғыда негіздейді.

Пререквизиттер тізімі

1. Қазақ жазуының тарихы
2. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы
5. Түркі филологиясына кіріспе

Постреквизиттер тізімі

1. Түркі тілдерінің лексикасы мен фразеологиясы
2. Қазақ тілінің тарихи фонологиясы
3. Әдебиеттің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

Бағдарлама мазмұны

Түркі тілдерінің даму кезеңдері және қазақ тіліне қатысы

Қазақ тілінің шығу тегі мен даму кезендері адамзат тілінің пайда болуы мен түркі тектес тілдердің даму дәуірлерімен бірлікте, соның шеңберінде қарастырылатыны.

Адамзат тілінің пайда болу кезеңі. Алғашқы адамдардың пайда болу мекені жөніндегі болжам. Тілдердің ежелде бір тілден (праязыктен) шыққандығы, тарағандығы жөнінде ностратикалық теория. Оған дәлел мыңдаған жылдар бойы өзгермей келе жатқан негізгі сөздік қордың көптеген тілдерге ортақ болып шығуы. Тайпа атаулары мен жер-су атауларының этимологиясындағы ұғым-түсінікті білдіретін тарихи деректер. Бір тілден басқа тілге ауыспайтын сөзжасамдық және морфологиялық жүйенің ортақтығы.

Шумер ілімінің қалыптасу тарихы. Шумер іліміндегі басты мәселе-шумерлер мен түркілер арасындағы жақындық мәселесі. Шумер дәуірінің түркі тілдерінің дамуындағы алатын орны. Шумер халқының этникалық құрамы, тілі мен мәдениеті жайындағы пікірлер. Шумер ілімінің қалыптасуындағы археолог ғалымдардың рөлі.

Шумер мәдениеті мен жазу түрлері. Шумер мәдениетіне кіретін басты ұғымдар. Шумерлер мен түркілерді жақындастыратын жазу түрлері, шаруашылық мәдениеті, әдет-ғұрып, тұрмыс-салттары.

Шумер мәдениетіндегі жазудың рөлі. Шумер жазуының оқылу жайы. Шумер жазуларының түрлері және таралу аймағы. Пиктограммалық жазу. Идеограммалық жазу. Фонограммалық жазу. Логограммалық жазу. Әліпбилік жазудың қалыптасуындағы түркі халқының ру таңбаларының рөлі.

Шумер әдебиеті. Шумер әдебиеті-көшпенділер философиясының көрінісі. Шумер әдебиетіндегі образдар. Крамердің «Шумерлер мифологиясы» деп аталатын еңбектің маңызы. Шумер поэмасы сюжеттерінің түркі халқы, соның ішінде қазақ халқына тәндігі. Шумер поэмаларындағы философиялық ұғым-түсініктердің, психологиялық наным-сенімнің түркі халықтарының мұраларына және қазақ халқына жақындығы.

Түркі тілдерінің ежелгі тілдермен байланысы. Түркі тілдерін шумер тіліне жақындастыра зерттеген ғалымдар, олардың еңбектері.

Шумер тілі. Шумерлердің Орталық Азиядан шыққандығы жайында деректер. Шумерлер мен сақтардың туыстығын көрсететін фактілер. Түркі тілдерін шумер тіліне жақындастыруда Америка үндістерінің тілін зерттеудің маңызы.

Шумер тілінің түркі тілдеріне қатысын дәлелдейтін деректер. Түркі тілдеріндегі шумерлік элементтер. Шумер-түркі тілдеріне ортақ тілдік заңдылықтар.

Шумер мен көне түркі тілінің байланысы. Шумер тілі мен түркі тілінің жақындығын танудағы Осман Недим Тунаның еңбегі. О.Н.Туна сөздігінің түзілу жайы. Шумерше-түркіше дыбыс сәйкестіктері. Дыбыстық сәйкестердің түрлері және қолданылған орындары. Шумер-түркі сөздерін салыстыруда қолданылған әдістер. О.Н.Туна пайдаланған ғылыми деректер мен әдебиеттер.

Алтай тілдері теориясы. Алтай тіліндегі көне түркі тілінің ерекшеліктері: д-мен келген көне түркілік сөздердің, -ғар, -ғару тұлғалардың қазақ тілінде сақталуы.

Орал-Алтай тіл бірлестігін дәлелдейтін заңдылықтар: дауысты дыбыстардың үндесуі, дауыстылардың ассимиляциясы, түбірдегі үнді дыбыстарының ұқсастығы, жалғамалық белгісі, жалпылық мағынаны түбірдің жекеше формасы арқылы беру мүмкіндігі, атау септігі мен тәуелдік жалғауының болуы, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі, құрмалас сөйлемдердің көсемше, есімше формаларымен құрмаласуы, т.б.

Алтай тілдер тобына кіретін түркі—моңғол тілдеріндегі грамматикалық ұқсастықтар. Бұл тілдердегі қосымшалардың беретін мағыналары және қосымшалардың түбір сөзге жалғану тәртібі жағынан сәйкестігі. Түркі - моңғол тілдерінің морфологиясын тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеген алтаист ғалымдар- Г.Рамстедт, Б.Я.Владимирцов, Н.Поппе, К.Менгес, М.Рясянен еңбектерінің мәні.

Көне түркі тілі. Көне түркі тіліндегі тарихи атаулар. Түркі-қазақ тілінің жасын ұзартудағы тарихи атаулардың мәні. Көне түркі тіліндегі атаулардың семантикалық жақтан дамуы. Тілдегі көпмағыналылық пен омонимдік қатарлардың пайда болу жолдары. Ежелгі түркі сөздерінің мағыналық жақтан өзгерісі. Көне түркі тіліндегі сөзжасамдық тәсілдер.

Тарихи атаулардың танымдық мәні. Тарихи атаулардың негізін жер-су атаулары мен тайпалық одақтардың аттары құрайтындығы. Тарихи атаулар жайындағы зерттеушілер пікірі. Жер-су атауларының этимологиясын анықтауда М.Қашқари еңбегінің мәні. Түркілердің рунасында сақталған әлемнің жаратылыс жайындағы ой-пікірлер.

Қазақтың халық тілінің қалыптасуы қазақтың халық болуымен тікелей байланыстылығы. Бұл процесте қазақ жеріндегі ру-тайпалардың тайпалық одақтарға бірігуі, тайпалық одақтардың кейін өзінен жоғары бірлестіктерге - жүздерге бірігуінің үлкен мәні болғаны. Тайпалық атаулардың мәні. Орта Азия тайпалары және олардың тілі жайлы деректер. Тайпа атауларының этимологиясы, қалыптасу жолы. Тарихи атаулардың Орал=Алтай тілдері, түркі -моңғол, түңғыс-маньчжур тілдерін байланыстырушылық сипаты. Аталған тілдердің арасындағы ортақ элементтер жайлы Г.И.Рамстедт, Е.Д.Поливановтың., В.Л. Котвичтің т.б. зерттеушілердің пікірлері.

Орта ғасыр түркі тілі. Ортағасыр түркі тілінің лексика-грамматикалық сипаты. Қазақ тілінің халық, ұлт тілі болып қалыптасуындағы тайпалық одақтар тілі. Түркі тілдерінің тарихына қатысты мұралар.

Түркі халықтарына ортақ орта ғасыр түркі ескерткіштеріне шолу. М.Қашқаридің "Дивани лугат-ит түрк" еңбегі. М.Қашқаридің түркі тілдерін топтастыру классификациясы. Түркі тілінің ерекшеліктері. Түркі халықтарының мақал-мәтелдері. Түркі халықтарының тілінде көп қолданылатын сөздер, олардың қазақ тіліне қатысы.

Ж. Баласағұнның "Құдатқу білік" еңбегі. "Құдатқу білік" еңбегіндегі даналық сөздер, мақал-мәтелдер. Кітаптың тілдік ерекшеліктері: лексикалық, дыбыстық және грамматикалық ерекшеліктері.

"Кодекс Куманикус" сөздігі. Сөздік туралы зерттеулер. Сөздіктің құрылымы, жазылу тілі және кейін енгізілген қосымша материалдар. "Кодекс Куманикус" тіліндегі сөздердің қазақ тіліне ұқсастығы. Сөздіктің фонетикалық пішіні, морфологиялық құрамы.

Қадырғали Жалайырдың "Шежірелер жинағы" еңбегінің мәні. Әбілғазы Баһадүрдің "Шежіре-и түркі" еңбегінің мәні.

Аталған мұралардың тілді дамытудағы рөлі.

Семинар тақырыптары:

- 1." Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері "пәнінің мақсаты мен міндеттері, қарастыратын нысанасы, зерттеу әдістері. Пәннің басқа пәндермен байланысы.
- 2.Адамзат тілінің пайда болу теориясы. Тілдердің ежелде бір тілден (праязыктен) шыққандығы, тарағандығы жөнінде ностратикалық теория.
3. Түркі тілдерінің дамуындағы ортақ кезеңдер, ондағы шумер дәуірі.
4. Шумер ілімінің қалыптасу тарихы. Шумер іліміндегі басты мәселе-шумерлер мен түркілер арасындағы жақындық мәселесі.
- 5.Шумер мәдениеті мен жазу түрлері. Шумер мәдениетіне кіретін басты ұғымдар. Шумер жазуы және оның таралу шегі.
- 6.Шумер әдебиеті. Шумер әдебиеті-көшпенділер философиясының көрінісі.
- 7.Түркі тілдерінің ежелгі тілдермен байланысы.Шумер тілінің түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне қатысы.
- 8.Шумер мен түркі тілдерінің байланысы. Қазақ тілінің басқа көне тілдермен қарым-қатынасы.
- 9.Алтай тілдер теориясы. Алтай тіліндегі көне түркі тілінің ерекшеліктері. Орал-Алтай тіл бірлестігін дәлелдейтін заңдылықтар.
- 10.Көне түркі тіліндегі тарихи сөздер. Түркі-қазақ тілінің жасын ұзартудағы тарихи сөздердің семантикалық жақтан дамуы, сөзжасамдық тәсілдер.
- 11.Қазақтың халық тілінің қалыптасуы қазақтың халық болуымен тікелей байланыстылығы. Тайпа тілдері және олардың тарихи сипаты.
- 12.Тарихи атаулардың танымдық мәні. Тарихи атаулардың негізін жер-су атаулары мен тайпалық одақтардың аттары құрайтындығы.
- 13.Тарихи сөздердің этимологиясы.
14. Орта ғасыр жазба ескерткіштерінің лексика-грамматикалық сипаты.
15. Қазақ тілінің тарихына қатысты жазба мұралар.

Магистранттардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

Шумерлер ілімін қалыптастырған европалық зерттеулер. Жоба.

Шумерлер жайындағы түркілік және қазақстандық зерттеушілердің еңбектері. Жоба.

Шумер жазуының сипаты мен таралу жайы. Жоба.

Шумер тілі мен түркі тілдеріндегі фонетикалық сәйкестіктер. Тест.
Шумерлерді түркілермен байланыстыратын белгілер мен нышандар.Талдау
Қазақ тілі тарихының шумер жазуымен, қазақ руларының таңбаларымен,
көне түркі әліпбиімен байланысы. Реферат.
Көне түркі тілінің көне тілдермен байланысы. Алтай тіліндегі көне түркі
тілінің ерекшеліктері. Материал жинау, талдау.
Түркі-моңғол тілдеріндегі ортақ элементтер. Баяндама.
Көне түркі тіліндегі тарихи атаулардың семантикалық даму жолы. Тарихи
атаулардың этимологиясы. Материал жинау. Талдау.
Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктері. Материалдарды қазақ
тілімен салыстыра талдау.
Халық тілінің құралуындағы тайпа тілдерінің рөлі. Баяндама.
Көне қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық сипаты. Реферат.
Орта ғасыр ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктері. Материалдарды қазақ
тілімен салыстыра талдау.
Орта ғасыр ескерткіштеріндегі Р.Сыздықова көрсеткен лексика-
грамматикалық сипат.
Орта ғасыр ескерткіштеріндегі Б.Әбілқасымов зерттеген лексика құрамы.

Оқытушымен орындалатын магистранттардың өзіндік жұмыстар

- 1-тапсырма. Қазақстан аймағындағы және Тамғалы тастағы жазулардың түрлерін талдаңыздар.
- 2-тапсырма. Жазу түрлеріне байланысты айтылған ғалымдардың тұжырымдарын келтіріп, өз ойларыңызды білдіріңіздер. Сөздеріңізді нақты тілдік фактілермен дәйектей құрастырыңыздар.
- 3-тапсырма. Шумер әліпбиін көне түркі әліпбиімен салыстырыңыздар. Ұқсастықтарды түсіндіріңіздер. Бұл жайында айтылған ғалымдардың пікірлеріне сілтеме жасаңыздар.
- 4-тапсырма. Қазақтың ру таңбаларын көне түркі әліпбиімен салыстырып, өзара ойбөліске түсіңіздер.
- 5-тапсырма. Шумер тілінің лексикасы деп танылған сөздерді көне түркі және қазақ тіліндегі көне сөздермен салыстырыңыздар да, тұжырым жасаңыздар.
- 6-тапсырма. Шумер және түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерін ұсынылған еңбектерден алынған нақты мысалдар арқылы дәлелдеңіздер.
- 7-тапсырма. Диалект сөздікпен жұмыс істеп, сөздіктегі көне сөздерді тайпа тілінің қалдықтары екенін дәлелдеңіздер.
- 8-тапсырма. Жер-су атаулары мен тайпа тауларының этимологиясындағы ежелгі түркілік ұғым-түсініктерді ажыратыңыздар.
- 9-тапсырма. Қазақстандағы жер-су аттарының көнелігін көне түркі тілінің заңдылығына сәйкес дәлелдеп, баяндама жазыңыздар.
- 10-тапсырма. С.Аманжоловтың қазақ тілінің тарихына қатысты пікірлерін ой елегінен өткізіп, өз топшылауыңызбен талдау жасаңыз.
- 11-тапсырма. Орта ғасыр жазба мұраларының грамматикалық құрылымын қазақ тілі грамматикасымен салыстырып, тұжырым жасаңыздар.

- 12-тапсырма. Ә.Қайдардың «Қаңлы» еңбегіндегі түркі тайпаларының байланыс жайындағы ой-пікірлерді талдаңыздар. Қаңлы сөзінің этимологиясы жайындағы пікірлердің шындыққа сәйкестігін тілдік фактілермен дәлелдеңіздер.
- 13-тапсырма. Алтай теориясына қатысты еңбектерден түркі тілдеріне ортақ заңдылықтарды табыңыздар.
- 14-тапсырма. Тарихи сөздердің этимологиясын талдау арқылы тарихи атаулардың қай дәуірде пайда болып орныққанын этимологиялық еңбектерге сүйеніп түйіндеңіздер.
- 15-тапсырма. Шумер тілі мен түркі тілдеріндегі сөзжасамдық құрылымды анықтаңыздар.
- 16-тапсырма. Крамер С.Н. Шумеры: Первая цивилизация на земле (М.2002) атты еңбектің шумерлердің әдебиетін ілім дәрежесіне көтергендігі әрі практикалық қажетті өтеуге тұрарлық құнды еңбек болғандығы. Мағыналық-құрылымдық талдау.
- 17-тапсырма. Рамстедт В. «Введение в алтайской языкознания» атты еңбекті тілдік-этимологиялық тұрғыдан талдау. Мағыналық-модельдік талдау.
- 18-тапсырма. Тарихи сөздіктер – М.Қашқари Түркі сөздігі I,II,III том. Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б. Құманша–қазақша жиілік сөздік. А., 1978. Деректі материалдарды талдау.
- 19-тапсырма. Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркских письменности и этнокультурной истории. СПб. 2006 атты еңбегін құрылымдық, мазмұндық тұрғыдан талдау.
- 20-тапсырма. Г.Қосымова. Тарихи атаулардың этимологиясы. А., 2010. Деректі материалдарды талдау.

Әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 2001.
2. Аманжолов А.А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. А., 1996.
3. Аристов Н.А. Заметки об этическом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности, СПб, 1897.
4. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. А., 1970.
5. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның түрік шежіресі және оның тілі. А., 2001.
6. Баскаков Н.А. Введение в изучении тюркских языков. М., 1962.
7. Бахти А. Шумеры. Скифы. Казахи. А., 2004.
8. Бекмағамбетов Ш. Тіл генетикасы: тілдік таңба-нышандық жүйе. А., 2014.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 2010.
10. Қайдаров Ә. Қаңлы. А., 2004.
11. Қосымова Г. Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері. А., 2015.
12. Рамстедт В.И. Введение в алтайское языкознание. М., 1975.

13. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. Астана, 2007.
14. Сүлейменов О. Азия. М., 2005.
15. Сүлейменов О. Тюрки в доистории. О происхождении древнетюркских языков и письменностей. А., 2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. Асфендияров С. "История Казахстана с древнейших времен, т. 1. Алма-Ата, 1935.
2. Әбілғазы Баһадүрхан. Түрік шежіресі. А. 1992.
3. Бернштам А.Н. Социально-экономический строй Енисейских тюрков VІ-VІІІ веков, М-Л., 1946.
4. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в древние времена, М-Л.-І, II том, 1950.
5. Грум-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край, том II., Л, 1926.
6. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М., 1967.
7. Ескеева М.Қ. Қазақ жазуының тарихи негіздері. Астана, 2002.
8. Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. А., 2006.
9. Древнетюркский словарь. Ленинград, 1969.
10. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. А., 2010.
11. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. А., 1997.
12. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. А., 1966.
13. Қайдар Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. А., 1988.
14. Қашқари М. Түркі сөздігі. I, II, III том. А., 1997, 1998.
15. Қордабаев Т. Тюркология және қазақ тіл білімі. А., 1998.
16. Қосымова Г. Қазақ тілінің тарихы. А., 2007.
17. Қосымова Г. Тарихи атаулардың этимологиясы. А., 2010.
18. Құрышжаиов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. А., 2001.
19. Малов С.Е. К истории казахского языка // Известия АН СССР, отд. языка и литературы, 1941, № 3
20. Өмірәлиев Қ. VІІІ-ХІІ ғасырдағы көне түркі әдеби ескерткіштері. А., 1985.
21. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. А., 2004.
22. Сүлейменов О. Сөз коды. А., 2014.

Құрастырғандар:

Қосымова Г.С. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы .

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ТТДТН 5301 Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті

1,5 жылдық

3 кредит

Алматы-2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Есенова Қ.Ө. –фил.ғ.докторы, профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

Ермекова Т.Н.–ф.ғ.д., профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» пәні "Қазақ тілінің тарихи грамматикасы" пәнімен және "Көне түркі тілі", "Түркологияға кіріспе" пәндерімен тығыз байланыста оқытылады.

"Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" пәні тілдердің ежелде бір тілден (праязыктен) шыққандығы, тарағандығы жөнінде алпысыншы жылдардың аяғында пайда болған ностратикалық теорияны ескерусіз қалдырмайды. Оған дәлел ретінде мыңдаған жылдар бойы өзгермей келе жатқан негізгі сөздік қордың көптеген тілдерге ортақ болып шығуын есепке алады. Ежелгі Тұран даласынан Месопотамияға көшіп барып, өздерімен бірге Еуропа мен Азияға мәдениетті, тілді, жазуды ала барған Шумерлер жайлы зерттеу деректерін, қазақтың халық болып құралу процесінде үлкен рол атқарған тайпалық одақтардың тілі мен түркі халықтарының тарихында белгілі қағанаттардың ресми тілі дәрежесіне көтерілген көне түркі тілі мен орта ғасыр түркі тілдерінің материалдарын тілге тиек етеді. Материал беретін зерттеу көздері ретінде Ә.Баһадүрхан, Рашид-ад-Дин, Н.Аристов, В.Бартольд, В. М. Иллич-Свитыч, Н.Баскаков, Б.Я.Владимирцов, Г.Е.Грум-Гржимайло, САманжолов, Ә.Қайдаров, О.Сүлейменов, А.Бахти, С.Қойшығара, Ө.Панзарбеков, Бекмағамбетов Ш. т.б. еңбектер пайдаланылуы қажет.

"Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" пәні бұл аталған пәндерден мазмұны, мақсаты мен міндеті, оқыту әдісі жағынан өзгеше. "Қазақ тілінің тарихи грамматикасы" тарихи-салыстырмалы әдіске сүйеніп, тілдік тұлғалардың қандай жолдармен өзгеріске түсіп, бүгінгі күндегі дәрежеге қалай жеткенін түйіндей тұжырымдаса, "Көне түркі тілі" пәні сипаттау әдісіне сүйеніп, көне түркі тілінің қалпын баяндайды. Ал "Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" пәнінде әрі тарихи, әрі сипаттама әдіске сүйене отырып, қазақ тілінің шығу тегін, түркі тілдерімен бірге басып өткен жолын, көне түркі тілінің жалғасы екендігін дәлелдейтін теориялық негіздерді басшылыққа алады. Мұндай теориялық негізге шумерология және түркітаным мәселелері жатады. Шумерлер мен көне түркілердің жақындығын танытатын тілдік қор, тарихи лексика және олардың семантикалық жүйесі, өзгеру жолдарындағы заңдылықтар, жазу түрлері, тайпалық одақтардың атрибуттары, ежелгі дәуірден сақталып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ойлау жүйесі, түркілердің дүниетанымы, олардың тілдегі көрінісі орта ғасырдағы халық тіліне, кейінгі дәуірдегі ұлт тіліне тигізген әсері ашылуға тиіс.

Қазақ тілі өз дамуының бүгінгі сатысында қазақ халқының бірыңғай ұлттық тілі, ұлттық әдеби тіл болып отыр. Бұл күнде ол әртүрлі стильдік салаларда дамыған, тілдік нормалық белгілері нақтыланған, лексикасы бай, грамматикалық құрылысы жетілген, орамды әдеби тілге, жазу тіліне айналды. Әрине, мұндай дәрежеге жету үшін тіл шындалып жетілудің талай өткелдерін басып өтті.

Тіл фактілерін тарихи тұрғыдан зерттеп білудің сол тілді жетік меңгеру үшін мәні зор. Тілдің тарихын білмей тұрып, оның қазіргі күйін, сырын жете білу мүмкін емес. Қазақ тілін ғылым ретінде танып білудегі ең маңызды нәрсе - негізгі тарихи байланысты ұмытпау, әрбір тілдік мәселеге тарихта сол құбылыс қалай шықты, өзінің дамуында ол қандай басты-басты дәуірлерді өтті деген тұрғыдан қарау керек, сонда ғана оның қазір қандай күйде екенін білуге болады.

"Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" курсының өтуде мынадай жайттар ескерілуі қажет: бірінші, қазақ тілінің түркі тілдерінің ішінде алатын орны, түркі тілдерімен бірге жүріп өткен жолы, түркі тілдерімен жақындығы бар көне тіл-шумер тілінің сипаты, көне түркі тілінің шумерлік сипаты, қазақ тіліндегі көне түркілік элементтер, орта ғасырдағы халық тілі болып қалыптасуы жайындағы зерттеу еңбектерін теориялық негіз етіп алады. Қазақ тілінің тарихын (тайпа тілі, халық тілі, ұлт тілі болып қалыптасу тарихын) түсіндіру үшін, алдымен қазақтың халық болуы, одан кейін ұлт болуы процестеріне жүгінеді. Қазақтың халық болып қалыптасу тарихы қазақ жеріндегі бұрынғы ірі тайпалық одақтармен, жүздермен, олардың тарихымен тікелей байланысты. "Жүз деп әдетте қазақ халқына қарасты және тарихи дәстүр арқылы белгіленген жалпы қазақ территориясының бір бөлігін мекендеген тайпалардың ірі бірлестіктерін (немесе одақтарын) атау қабылданған" (Қазақ ССР тарихы, 2т, Алматы, 1983. 258- б.)

Екінші, қазақ тілінің шығу тегі мен даму кезеңдері жалпы түркі тектес тілдердің даму дәуірлерімен бірлікте, соның шеңберінде алып қарастырғанда ғана толық түсінуге болады. Олар: шумер дәуірі, алтай дәуірі, гүн дәуірі, көне түркі дәуірі, ортағасырлық дәуір, түркі тілдерінің жаңа және ең жаңа дәуірі. Осы дәуірлердегі тарихи жазба ескерткіштердің қазақ тарихына қатыстыларына тоқталу қажет.

Үшінші, қазақ тайпаларының халық болып бірігуі, қазақтың халық тілінің қалыптасуы ірі тайпалық одақтар тілі бірлестігінен, 15-16 ғасырларда қазақ тайпаларының қыпшақ қауымынан, ноғай ордасынан бөлініп шығуына, монғол басқыншылығынан кейін қазақ жерінде патриархтық феодалдық қатынастың күшейіп, алғашқы қазақ хандықтарының пайда болуына байланысты екені, бұл процестің 19ғ. екінші жартысына дейін созылғаны ескерілуі қажет.

Төртінші, қазақ тілінің тайпалық, халықтық дәуірлердегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құрылысының тарихи дамуы қазақ тілінің даму кезеңдеріне байланысты екендігін таныту мақсатында оның типологиялық белгілері өтіледі.

Пәнді оқытудың мақсаты: қазақ тілінің тарихына қатысты шумер тілі, тайпалық одақтардың тілі және түркі халықтарының тарихында белгілі қағанаттардың ресми тілі дәрежесіне көтерілген көне түркі тілі мен орта ғасыр түркі тілдері жайлы теориялық мағлұмат беру; шумер мәдениеті мен әдебиетін оқыту; қазақ тілінің тарихи тамыры өте көне дәуірлерге

кететіндігін тілдік фактілер арқылы дәлелдеу; түркі жазуының тарихында шумерлердің рөлін айқындау; шумер тілі мен көне түркі тілінің ортақ лексикасы мен заңдылықтарын білгізу; тарихи атаулардың этимологиясын көне тілдер арқылы анықтау; тілдің даму тарихында болған трансформациялық өзгерістерді таныту.

Пәнді оқытудың міндеттері:

- қазақ тілінің тарихын кезең-кезеңге бөліп қарастыру;
- қазақ тілінің түркі тілдер ішінде алатын орнын анықтау;
- түркі тілдерінің ежелгі тілдермен байланысын білу;
- түркі мәдениетінің тарихындағы шумер мәдениетінің рөлін көрсету;
- шумер әдебиетінің түркі мұраларымен және қазақтың салт-дәстүрлерімен ұқсастығын дәлелдеу;
- қазақ тіліне тікелей қатысы бар көне түркі тілін шумер тілімен салыстыра талдау жүргізу;
- жазу түрлерін оқыту және ежелгі жазулардың қазақ даласында кездесетіндігін білгізу;
- қазақ халқының ру-таңбалары мен көне түркі және шумер жазуының таңбаларындағы ұқсастықтарды табу;
- қазақ тілінің ежелгі тайпалар мен тайпалық одақтардың тіліне жақындығын дәлелдеу;
- шумер тілі мен көне түркі тілі және қазақ тіліндегі лексикалық ұқсастықтарды талдау;
- тарихи атаулардың этимологиясын талдау арқылы олардың көне дәуірлерге кететіндігін анықтау;
- ежелгі түркі тілдерінің заңдылықтары мен қазақ тілінде сақталып қалған тілдік тұлғаларды меңгеру;
- қазақ тілінің тарихына қатысты зерттеу еңбектерін оқып тұжырымдау .

Пәннің тақырыптық жоспары:

Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері пәнінің қарастыратын мәселелері.

Адамзат тілінің пайда болу кезеңі.

Алтай тілдер теориясы. Алтай тілдеріне тән заңдылықтар.

Түркі тілдерінің даму кезеңдері және қазақ тіліне қатысы.

Түркі тілдерінің ежелгі тілдермен байланысы.

Қазақ жерінің адамзат тілі мен жазуының өркендеуінде алатын орны

Түркі тілі мен қазақ тілі тарихының зерттелу жайы

Шумерлер ілімінің қалыптасу тарихы. Шумерлер өркениетінің зерттелуі.

Шумерлер тарихының халық тарихына қатысы.

Шумер мәдениеті мен жазуы. Шумер жазуының түрлері және таралуы.

Қазақстан территориясындағы жазумен байланысы.

Шумер әліпбиі мен көне түркі әліпбиінің байланысы.

Шумер әдебиеті. Шумер әдебиеті-көшпенділер философиясының көрінісі.

Түркі тілдерінің ежелгі тілдермен байланысы.

Шумер тілі мен түркі тілдерінің байланысы. Шумер тілінің сипаты.

Көне түркі тілі. Көне түркі тіліндегі тарихи атаулар. Көне түркі тіліндегі атаулардың семантикалық жақтан дамуы. Көне түркі тіліндегі сөзжасамдық тәсілдер.

Тарихи атаулардың танымдық мәні. Тайпа тілдерінің сипаты.

Ортағасырлық түркі тілі, оның қазақ тіліне қатысы.

Қазақ тілінің халық, ұлт тілі болып қалыптасуындағы тайпалық одақтар тілі.

Түркі тілдерінің тарихына қатысты мұралар.

Пәндік күзіреттілік:

- тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздерін дәйектей алады;
- ностратикалық ілімнің қарастыратын мәселелерін біледі, оны алтай теориясымен ұштастыра алады;
- тілдің даму тарихындағы кезеңдерді ежелгі тілдермен байланыстыра негіздейді;
- қазақ тілінің түркі тілдеріндегі алатын орнын тарихи мұралар арқылы анықтайды;
- түркі тілдерінің негізін шумер тілімен байланыста қарастырып дәлелдейді;
- шумер тілі мен көне түркі тілінің заңдылықтарын қазақ тілі материалдары негізінде дәйектейді;
- шумер әдебиетіндегі түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқына қатысты ортақ жайттарды дәлелдейді;
- тілдің даму тарихындағы орын алған трансформациялық өзгерістерді түсіндіреді;
- тілдің тарихи қабаттарында қалыптасқан атаулардың этимологиясын ғылыми тұрғыда негіздейді;
- Орал-Алтай тіл бірлестігін дәлелдейтін заңдылықтарды біледі.

Пререквизиттер тізімі

- 1.Қазақ жазуының тарихы
2. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы
- 3.Түркі филологиясына кіріспе
4. Ежелгі дәуір әдебиеті

Постреквизиттер тізімі

- 1.Түркі тілдерінің лексикасы мен фразеологиясы
2. Қазақ тілінің тарихи фонологиясы
3. Әдебиеттің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

Бағдарлама мазмұны

Түркі тілдерінің даму кезеңдері және қазақ тіліне қатысы

Қазақ тілінің шығу тегі мен даму кезеңдері адамзат тілінің пайда болуы мен түркі тектес тілдердің даму дәуірлерімен бірлікте, соның шеңберінде қарастырылатыны.

Адамзат тілінің пайда болу кезеңі. Алғашқы адамдардың пайда болу мекені жөніндегі болжам. Тілдердің ежелде бір тілден (праязыктен)

шыққандығы, тарағандығы жөнінде ностратикалық теория. Оған дәлел мыңдаған жылдар бойы өзгермей келе жатқан негізгі сөздік қордың көптеген тілдерге ортақ болып шығуы. Тайпа атаулары мен жер-су атауларының этимологиясындағы ұғым-түсінікті білдіретін тарихи деректер. Бір тілден басқа тілге ауыспайтын сөзжасамдық және морфологиялық жүйенің ортақтығы.

Ностратикалық теорияның біздің елімізде алпысыншы жылдардың аяғында пайда болғандығы. Орал-алтай, индоевропа-орал, орал-дравид, индоевропа-семито-хамит, алтай-дравид, семито-хамит-картвел, семитохамит-дравид, дравид-индоевропа тілдеріндегі ұқсастықты, туыстықты совет және шетел ғалымдарының осы теория пайда болмастан бұрын байқағандығы. Жоғарыдағы аталған алты семья тілдеріндегі лексика, фонетика және морфологиядағы ұқсастықты зерттей келе В. М. Иллич-Свитычтың осы семьяларға кіретін тілдерді бір тілден (ностратикалық праязыктен) шығарғандығы. Тілдердің бірлігі жайындағы Қ.Жұбановтың пікірі.

Шумер ілімінің қалыптасу тарихы. Шумер іліміндегі басты мәселе-шумерлер мен түркілер арасындағы жақындық мәселесі. Шумер дәуірінің түркі тілдерінің дамуындағы алатын орны. Шумер халқының этникалық құрамы, тілі мен мәдениеті жайындағы пікірлер. Шумер ілімінің қалыптасуындағы археолог ғалымдардың рөлі.

Шумер мәдениеті мен жазу түрлері. Шумер мәдениетіне кіретін басты ұғымдар. Шумерлер мен түркілерді жақындастыратын жазу түрлері, шаруашылық мәдениеті, әдет-ғұрып, тұрмыс-салттары.

Шумер мәдениетіндегі жазудың рөлі. Шумер жазуының оқылу жайы. Шумер жазуларының түрлері және таралу аймағы. Пиктограммалық жазу. Идеограммалық жазу. Фонограммалық жазу. Логограммалық жазу. Әліпбилік жазудың қалыптасуындағы түркі халқының ру таңбаларының рөлі.

Шумер әдебиеті. Шумер әдебиеті-көшпенділер философиясының көрінісі. Шумер әдебиетіндегі образдар. Крамердің «Шумерлер мифологиясы» деп аталатын еңбектің маңызы. Шумер поэмасы сюжеттерінің түркі халқы, соның ішінде қазақ халқына тәндігі. Шумер поэмаларындағы философиялық ұғым-түсініктердің, психологиялық наным-сенімнің түркі халықтарының мұраларына және қазақ халқына жақындығы.

Түркі тілдерінің ежелгі тілдермен байланысы.

Түркі тілдерінің Америка үндістерінің тілімен жақындығы. Бұл бағытта зерттеу жүргізген Әділ Ахметовтің «Америка үндістерінің азиялық тегі» деп аталатын еңбегінің мәні.

Түркі тілдерін шумер тіліне жақындастыра зерттеген ғалымдар, олардың еңбектері.

Шумер тілі. Шумерлердің Орталық Азиядан шыққандығы жайында деректер. Шумерлер мен сақтардың туыстығын көрсететін фактілер. Түркі тілдерін шумер тіліне жақындастыруда Америка үндістерінің тілін зерттеудің маңызы.

Шумерлер танымының тарихи шындыққа айналғандығы. Шумер тілінің түркі тілдеріне қатысын дәлелдейтін деректер. Түркі тілдеріндегі шумерлік элементтер. Шумер-түркі тілдеріне ортақ тілдік заңдылықтар.

Шумер мен көне түркі тілінің байланысы. Шумер тілі мен түркі тілінің жақындығын танудағы Осман Недим Тунаның еңбегі. О.Н.Туна сөздігінің түзілу жайы. Шумерше-түркіше дыбыс сәйкестіктері. Дыбыстық сәйкестердің түрлері және қолданылған орындары. Шумер-түркі сөздерін салыстыруда қолданылған әдістер. О.Н.Туна пайдаланған ғылыми деректер мен әдебиеттер.

Алтай тілдері теориясы. Алтай, Саян тауларын мекен еткен туыс, туыстас елдер. Түркілердің ежелгі мекені Алтай екендігі жөніндегі пікірлер. Осы күнгі алтай халықтары бұрынғы кезде әр дәуірде Алтайды мекен еткен көп халықтардың әрқайсысынан қалған қалдықтар екендігі.

Алтай тіліндегі көне түркі тілінің ерекшеліктері: д-мен келген көне түркілік сөздердің, -ғар, -ғару тұлғалардың қазақ тілінде сақталуы.

Орал-Алтай тіл бірлестігін дәлелдейтін заңдылықтар: дауысты дыбыстардың үндесуі, дауыстылардың ассимиляциясы, түбірдегі үнді дыбыстарының ұқсастығы, жалғамалық белгісі, жалпылық мағынаны түбірдің жекеше формасы арқылы беру мүмкіндігі, атау септігі мен тәуелдік жалғауының болуы, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі, құрмалас сөйлемдердің көсемше, есімше формаларымен құрмаласуы, т.б.

Алтаистикадағы "ротацизм" (р-з), "ламбдаизм" (л-ш) деп аталатын дыбыс сәйкестіктері (Ә.Қайдаровтың пікірі). Алтай тілдер тобына кіретін түркі—монғол тілдеріндегі грамматикалық ұқсастықтар. Бұл тілдердегі қосымшалардың беретін мағыналары және қосымшалардың түбір сөзге жалғану тәртібі жағынан сәйкестігі. Түркі - монғол тілдерінің морфологиясын тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеген алтаист ғалымдар- Г.Рамстедт, Б.Я.Владимирцов, Н.Поппе, К.Менгес, М.Рясянен еңбектерінің мәні.

Көне түркі тілі. Көне түркі тіліндегі тарихи атаулар. Түркі-қазақ тілінің жасын ұзартудағы тарихи атаулардың мәні. Көне түркі тіліндегі атаулардың семантикалық жақтан дамуы. Тілдегі көпмағыналылық пен омонимдік қатарлардың пайда болу жолдары. Ежелгі түркі сөздерінің мағыналық жақтан өзгерісі. Көне түркі тіліндегі сөзжасамдық тәсілдер.

Тарихи атаулардың танымдық мәні. Тарихи атаулардың негізін жер-су атаулары мен тайпалық одақтардың аттары құрайтындығы. Тарихи атаулар жайындағы зерттеушілер пікірі. Жер-су атауларының этимологиясын анықтауда М.Қашқари еңбегінің мәні. Түркілердің рунасында сақталған әлемнің жаратылыс жайындағы ой-пікірлер.

Қазақтың халық тілінің қалыптасуы қазақтың халық болуымен тікелей байланыстылығы. Бұл процесте қазақ жеріндегі ру-тайпалардың тайпалық одақтарға бірігуі, тайпалық одақтардың кейін өзінен жоғары бірлестіктерге - жүздерге бірігуінің үлкен мәні болғаны. Тайпалық атаулардың мәні. Орта Азия тайпалары және олардың тілі жайлы деректер. Тайпа атауларының

этимологиясы, қалыптасу жолы. Тарихи атаулардың Орал=Алтай тілдері, түркі -моңғол, түңғыс-маньчжур тілдерін байланыстырушылық сипаты. Аталған тілдердің арасындағы ортақ элементтер жайлы Г.И.Рамстедт,Е.Д.Поливановтың., В.Л. Котвичтің т.б. зерттеушілердің пікірлері.

Орта ғасыр түркі тілі. Ортағасыр түркі тілінің лексика-грамматикалық сипаты. Қазақ тілінің халық, ұлт тілі болып қалыптасуындағы тайпалық одақтар тілі. Түркі тілдерінің тарихына қатысты мұралар.

Түркі халықтарына ортақ орта ғасыр түркі ескерткіштеріне шолу. М.Қашқаридің "Дивани лугат-ит түрк" еңбегі. М.Қашқаридің түркі тілдерін топтастыру классификациясы. Түркі тілінің ерекшеліктері. Түркі халықтарының мақал-мәтелдері. Түркі халықтарының тілінде көп қолданылатын сөздер, олардың қазақ тіліне қатысы.

Ж. Баласағұнның "Құдатқу білік" еңбегі."Құдатқу білік" еңбегінің мазмұны туралы. Еңбектегі даналық сөздер, мақал-мәтелдер. "Құдатқу біліктің" тілі туралы айтылған зерттеулер. Кітаптың тілдік ерекшеліктері: лексикалық, дыбыстық және грамматикалық ерекшеліктері. Шығарма тілінің қазақ тіліне жақындығы.

"Кодекс Куманикус" сөздігі. Сөздік туралы зерттеулер. Сөздіктің құрылымы, жазылу тілі және кейін енгізілген қосымша материалдар. "Кодекс Куманикус" тіліндегі сөздердің қазақ тіліне ұқсастығы. Сөздіктің фонетикалық пішіні, морфологиялық құрамы.

Қадырғали Жалайырдың "Шежірелер жинағы" еңбегінің мәні. Әбілғазы Баһадүрдің "Шежіре-и түркі" еңбегінің мәні. Түркі халқының ауызша поэзиясы: жорық жырлары, жоқтау жырлары, өсиет-жырлары. Түркі халқының фольклоры. "Қорқыт ата" кітабы. Аталған мұралардың тілді дамытудағы рөлі.

Семинар тақырыптары:

- 1." Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері "пәнінің мақсаты мен міндеттері, қарастыратын нысанасы, зерттеу әдістері. Пәннің басқа пәндермен байланысы.
- 2.Адамзат тілінің пайда болу теориясы. Тілдердің ежелде бір тілден (праязыктен) шыққандығы, тарағандығы жөнінде ностратикалық теория.
3. Түркі тілдерінің дамуындағы ортақ кезеңдер, ондағы шумер дәуірі.
4. Шумер ілімінің қалыптасу тарихы. Шумер іліміндегі басты мәселе-шумерлер мен түркілер арасындағы жақындық мәселесі.
- 5.Шумер мәдениеті мен жазу түрлері. Шумер мәдениетіне кіретін басты ұғымдар. Шумер жазуы және оның таралу шегі.
- 6.Шумер әдебиеті. Шумер әдебиеті-көшпенділер философиясының көрінісі.
- 7.Түркі тілдерінің ежелгі тілдермен байланысы.Шумер тілінің түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне қатысы.
- 8.Шумер мен түркі тілдерінің байланысы. Қазақ тілінің басқа көне тілдермен қарым-қатынасы.

9. Көне түркі тіліндегі тарихи атаулар. Түркі-қазақ тілінің жасын ұзартудағы тарихи атаулардың мәні.
10. Қазақтың халық тілінің қалыптасуы қазақтың халық болуымен тікелей байланыстылығы. Тайпа тілдері және олардың тарихи сипаты.
11. Тарихи атаулардың танымдық мәні. Тарихи атаулардың негізін жер-су атаулары мен тайпалық одақтардың аттары құрайтындығы.
12. Тарихи сөздердің этимологиясы.
13. Көне түркі тіліндегі атаулардың семантикалық жақтан дамуы.
14. Алтай тілдер теориясы. Алтай тіліндегі көне түркі тілінің ерекшеліктері. Орал-Алтай тіл бірлестігін дәлелдейтін заңдылықтар.
15. Қазақ тілінің тарихына қатысты жазба мұралар.

Магистранттардың өзіндік жұмыстарының сұрақ-тапсырмалары

- Шумерлер ілімін қалыптастырған еуропалық зерттеулер. Жоба.
- Шумерлер жайындағы түркілік және қазақстандық зерттеушілердің еңбектері. Жоба.
- Шумер жазуының сипаты мен таралу жайы. Жоба.
- Шумер тілі мен түркі тілдеріндегі фонетикалық сәйкестіктер. Тест.
- Шумерлерді түркілермен байланыстыратын белгілер мен нышандар. Талдау
- Қазақ тілі тарихының шумер жазуымен, қазақ руларының таңбаларымен, көне түркі әліпбиімен байланысы. Реферат.
- Көне түркі тілінің көне тілдермен байланысы. Алтай тіліндегі көне түркі тілінің ерекшеліктері. Материал жинау, талдау.
- Түркі-моңғол тілдеріндегі ортақ элементтер. Баяндама.
- Көне түркі тіліндегі тарихи атаулардың семантикалық даму жолы. Тарихи атаулардың этимологиясы. Материал жинау. Талдау.
- Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктері. Материалдарды қазақ тілімен салыстыра талдау.
- Халық тілінің құралуындағы тайпа тілдерінің рөлі. Баяндама.
- Көне қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық сипаты. Реферат.
- Орта ғасыр ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктері. Материалдарды қазақ тілімен салыстыра талдау.
- Орта ғасыр ескерткіштеріндегі Р.Сыздықова көрсеткен лексика-грамматикалық сипат.
- Орта ғасыр ескерткіштеріндегі Б.Әбілқасымов зерттеген лексика құрамы.
- Шумерлердің өркениетін танытқан ғылым салалары.
- Үш бағанадан тұрған жазбаның сына жазуының үш түрін білдіретіндігі.
- Шумерлік эпос - көшпенділер философиясының көрінісі.
- Жазудың мәні және оның тарихы
- Фонетикалық жазудың іштен бөлінісі
- Жазудың түрлері.
- Жазудың тарихын зерттеген ғалымдар.
- Бейнесуреттен тұратын жазу және оның таралу аймағы.
- Фразограмма және оның түрлері.

Логографиялық жазу жүйесінің ерекшелігі. Оның таралу аймағы.
Силлограммалық жазудың ерекшелігі. Оның таралу аймағы.
Фонографиялық жазудың түрлері және оның таралу аймағы.
Әліпбилік жазу және оның қалыптасуы. Онымен жазылған ескерткіштер.
Қазақстандағы жазудың түрлері.
Шумер жазуы қандай жазу болып табылады?
Шумер жазуындағы идеограммалардың үлгілерін келтір. Оны Қазақстан жеріндегі идеограммамен салыстыр.
Шумер жазуы жайында айтылған пікірлер.
Уруктағы шумерлер жазуы және оның сипаты.
Шумер жазуының бірінші таңбалары, оның оқылуы.
Шумер грамматикасы, авторы, сипаты.
Шумер тілін алтай тілдерімен салыстыра зерттеген ғалымдар.
Шумерлер түркі негіздес халық деген кімдер?
Шумерлерді түркі халықтарымен байланыстыратын аргументтер.
Шумерлерді қазақ халқымен байланыстырған ғалымдар.
С.Крамердің көрсетуінше, шумерлердің 9 поэмасы кімдерге арналған?
Сақ сөзінің қолданылатын орындары.
Түркі тілі шумерлер мен скифтердің ортақ тілі болуы мүмкін екендігін А.Бахти немен дәлелдеді?
Қазақ тіліндегі өзгерссіз сақталған шумерлік тұлғаға мысал келтір. Шумер тілі мен түркі тілдерінің туыстығын О.Сүлейменов қандай туыстыққа жатқызды?
О.Сүлейменов шумер тіліндегі сөздерді қандай топтарға бөлді?
Адам тобындағы сөздерге қандай сөздер жатады?
Табиғат тобындағы сөздерге қандай сөздер жатады?
Тәңір, құдай тобындағы сөздерге қандай сөздер жатады?
О.Туна қандай дыбыстық сәйкестіктерді көрсетеді?
Шумер тілінде қандай дауысты дыбыстар болған?
Шумер тіліндегі дауыссыз дыбыстар қайсылар?
Шумер тіліндегі заңдылықтар қандай?
Шумер тілі мен түркі тілдеріндегі үндестік заңы.
З дыбысы қандай дыбысқа сәйкес келеді?
Г дыбысы қандай дыбысқа сәйкес келеді?
Д дыбысы қандай сәйкестікті туғызды?
Н дыбысы қандай дыбыспен сәйкес келеді?
О.Сүлейменов жүйелі дыбыстық айырмашылықтар деп нені айтады?
Соңғы дыбыстардың жоғалуы қандай заңдылықтарға сүйенеді?
Шумер тілі мен түркі тілдеріндегі сөзжасамдық құрылым.
Түркі тіліндегі императив қандай құрылымда жұмсалады?
Түркі тілінің синтаксисіндегі шумерлік құрылым.
Түркі тіліндегі шумерлік жалғаулар.
Түркі тіліндегі шумерлік буын түрлері.

Түркі тіліндегі шумерлік сөйлемдік құрылым
Түркі тіліндегі шумерлік изафеттік құрылым.
Түркі тіліндегі шумерлік анықтауыштық қатынас.
Түркі тілдерінің дамуындағы Алтай дәуірі.
Шумерлік әліпби мен көнетүркі әліпбиінің ұқсастығы.
Қазақтың ру таңбалары нені білдіреді?
Көнетүркі тіліндегі шумерлік сөздер.
Халық тілінің құралуындағы тайпа тілдерінің рөлі.
Қазақ тілінің тарихына қатысты ескерткіштердің мәні.
Көне қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық сипаты.
Орта ғасыр ескерткіштеріндегі Р.Сыздықова көрсеткен лексика-грамматикалық сипат.
Орта ғасыр ескерткіштеріндегі Б.Әбілқасымов зерттеген лексика құрамы.

Оқытушымен орындалатын магистранттардың өзіндік жұмыстар

- 1-тапсырма. Белицкий М. Забытый мир шумеров. М., 1980. Баяндама не реферат жазу.
- 2-тапсырма. Шумерлер өркениетін жариялаудағы археологтардың рөлі. Баяндама жасау.
- 3-тапсырма. Қазақстан аймағындағы және Тамғалы тастағы жазулардың түрлерін талдаңыздар.
- 4-тапсырма. Жазу түрлеріне байланысты айтылған ғалымдардың тұжырымдарын келтіріп, өз ойларыңызды білдіріңіздер. Сөздеріңізді нақты тілдік фактілермен дәйектей құрастырыңыздар.
- 5-тапсырма. Шумер әліпбиін көне түркі әліпбиімен салыстырыңыздар. Ұқсастықтарды түсіндіріңіздер. Бұл жайында айтылған ғалымдардың пікірлеріне сілтеме жасаңыздар.
- 6-тапсырма. Қазақтың ру таңбаларын көне түркі әліпбиімен салыстырып, өзара ойбөліске түсіңіздер.
- 7-тапсырма. Шумер тілінің лексикасы деп танылған сөздерді көне түркі және қазақ тіліндегі көне сөздермен салыстырыңыздар да, тұжырым жасаңыздар.
- 8-тапсырма. Шумер және түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерін ұсынылған еңбектерден алынған нақты мысалдар арқылы дәлелденіңіздер.
- 9-тапсырма. Диалект сөздікпен жұмыс істеп, сөздіктегі көне сөздерді тайпа тілінің қалдықтары екенін дәлелденіңіздер.
- 10-тапсырма. Жер-су атаулары мен тайпа тауларының этимологиясындағы ежелгі түркілік ұғым-түсініктерді ажыратыңыздар.
- 11-тапсырма. Қазақстандағы жер-су аттарының көнелігін көне түркі тілінің заңдылығына сәйкес дәлелдеп, баяндама жазыңыздар.
- 12-тапсырма. С.Аманжоловтың қазақ тілінің тарихына қатысты пікірлерін ой елегінен өткізіп, өз топшылауыңызбен талдау жасаңыз.
- 13-тапсырма. Орта ғасыр жазба мұраларының грамматикалық құрылымын қазақ тілі грамматикасымен салыстырып, ереже шығарыңыздар.

- 14-тапсырма. Ә.Қайдардың «Қаңлы» еңбегіндегі түркі тайпаларының байланыс жайындағы ой-пікірлерді талдаңыздар. Қаңлы сөзінің этимологиясы жайындағы пікірлердің шындыққа сәйкестігін тілдік фактілермен дәлелдеңіздер.
- 15-тапсырма. Алтай теориясына қатысты еңбектерден түркі тілдеріне ортақ заңдылықтарды табыңыздар.
- 16-тапсырма. Тарихи сөздердің этимологиясын талдау арқылы тарихи атаулардың қай дәуірде пайда болып орныққанын этимологиялық еңбектерге сүйеніп түйіндеңіздер.
- 17-тапсырма. Шумер тілі мен түркі тілдеріндегі сөзжасамдық құрылымды анықтаңыздар.
- 18-тапсырма. Крамер С.Н. Шумеры: Первая цивилизация на земле (М.2002) атты еңбектің шумерлердің әдебиетін ілім дәрежесіне көтергендігі әрі практикалық қажетті өтеуге тұрарлық құнды еңбек болғандығы. Мағыналық-құрылымдық талдау.
- 19-тапсырма. Рамстедт В. «Введение в алтайской языкознания» атты еңбекті тілдік-этимологиялық тұрғыдан талдау. Мағыналық-модельдік талдау.
- 20-тапсырма. Тарихи сөздіктер – М.Қашқари Түркі сөздігі I, II, III том. Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б. Құманша–қазақша жиілік сөздік. А., 1978. Деректі материалдарды талдау.
- 21-тапсырма. Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркских письменности и этнокультурной истории. СПб. 2006
атты еңбегін құрылымдық, мазмұндық тұрғыдан талдау
- 22-тапсырма. Г.Қосымова. Тарихи атаулардың этимологиясы. А., 2010.
Деректі материалдарды талдау.
- 23-тапсырма. Шумерлерді қазақ халқына жақындатуда Бахти Асанның «Шумеры. Скифы. Казахи» (А., 2004) атты еңбегінің мәні. Деректі материалдарды талдау.
- 24-тапсырма. Гумилев Л. Көне түріктер. Алматы, 1994, 477 б. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. А., 2002 еңбектерін талдау. Мағыналық-модельдік талдау.
- 25-тапсырма. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. А. 1996 еңбектерін құрылымдық-мазмұндық жағынан талдау.
- 26-тапсырма. Сүлейменов О. Тюрки в доистории. О происхождении древнетюркских языков и письменностей. А., 2002. Мағыналық-модельдік талдау.
- 27-тапсырма. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. Астана, 2007. Мағыналық-құрылымдық талдау.
- 28-тапсырма. Бекмағамбетов Ш. Тіл генетикасы: тілдік таңба-нышандық жүйе. А., 2014. Баяндама жасау.
- 29-тапсырма. Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. Алматы, 2006. Лексика-грамматикалық талдау.
- 30-тапсырма. Ескеева М.Қ. Қазақ жазуының тарихи негіздері. Астана, 2002, 125 б. Мағыналық-модельдік талдау.

Әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 2001.
2. Аманжолов А.А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. А.,1996.
3. Аристов Н.А. Заметки об этическом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности, СП б, 1897.
4. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. А.,1970.
5. Ахметов Ә. Америка үндістерінің азиялық тегі. А., 1995.
6. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның түрік шежіресі және оның тілі. А.,2001.
7. Баскаков Н.А. Введение в изучении тюркских языков. М., 1962.
8. Бахти А.Шумеры. Скифы. Казахи. А.,2004.
9. Бекмағамбетов Ш. Тіл генетикасы: тілдік таңба- нышандық жүйе. А.,2014.
10. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 2010.
11. Қайдаров Ә. Қаңлы. А., 2004.
12. Қосымова Г. Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері. А.,2015.
13. Рамстедт В.И. Введение в алтайское языкознание. М.,1975.
14. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. Астана, 2007.
15. Сүлейменов О. Азия. М., 2005.
16. Сүлейменов О. Тюрки в доистории. О происхождении древнетюркских языков и письменностей. А., 2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. Асфендияров С. "История Казахстана с древнейших времен, т. 1. Алма-Ата, 1935.
2. Әбілғазы Баһадүрхан. Түрік шежіресі. А. 1992.
3. Бернштам А.Н. Социально-экономический строй Енисейских тюрков VI-VIII веков, М-Л., 1946.
4. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в средней Азии в древние времена, М-Л.-I, II том, 1950.
5. Грум-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край, том II, Л, 1926.
6. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М., 1967.
7. Ескеева М.Қ. Қазақ жазуының тарихи негіздері. Астана, 2002.
8. Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. А., 2006.
9. Древнетюркский словарь. Ленинград, 1969.
10. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. А.,2010.
11. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. А., 1997.
12. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. А., 1966.
13. Қайдар Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері// Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. А.,1988.

14. Қашқари М. Түркі сөздігі. I, II, III том. А., 1997,1998.
15. Қордабаев Т. Тюркология және қазақ тіл білімі. А., 1998.
16. Қосымова Г. Қазақ тілінің тарихы. А., 2007.
17. Қосымова Г. Тарихи атаулардың этимологиясы. А., 2010.
18. Құрышжаиов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. А., 2001.
19. Малов С.Е. К истории казахского языка //Известия АН СССР, отд. языка и литературы, 1941, № 3
20. Өмірәлиев Қ. YIII-XII ғасырдағы көнс түркі әдеби ескерткіштері. А., 1985.
21. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. А., 2004.
22. Сүлейменов О. Сөз коды. А., 2014.

Құрастырғандар:

Қосымова Г.С. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы .

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ТТДТН 5301 Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті

1 жылдық

1 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Есенова Қ.Ө. –фил.ғ.докторы, профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

Ермекова Т.Н.–ф.ғ.д., профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» пәні "Қазақ тілінің тарихи грамматикасы" пәнімен және "Көне түркі тілі", "Түркологияға кіріспе" пәндерімен тығыз байланыста оқытылады.

"Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" пәні тілдердің ежелде бір тілден (праязыктен) шыққандығы, тарағандығы жөнінде алпысыншы жылдардың аяғында пайда болған ностратикалық теорияны ескерусіз қалдырмайды. Оған дәлел ретінде мыңдаған жылдар бойы өзгермей келе жатқан негізгі сөздік қордың көптеген тілдерге ортақ болып шығуын есепке алады. Ежелгі Тұран даласынан Месопотамияға көшіп барып, өздерімен бірге Еуропа мен Азияға мәдениетті, тілді, жазуды ала барған Шумерлер жайлы зерттеу деректерін, қазақтың халық болып құралу процесінде үлкен рол атқарған тайпалық одақтардың тілі мен түркі халықтарының тарихында белгілі қағанаттардың ресми тілі дәрежесіне көтерілген көне түркі тілі мен орта ғасыр түркі тілдерінің материалдарын тілге тиек етеді. Материал беретін зерттеу көздері ретінде Ә.Баһадүрхан, Рашид-ад-Дин, Н.Аристов, В.Бартольд, В. М. Иллич-Свитыч, Н.Баскаков, Б.Я.Владимирцов, Г.Е.Грум-Гржимайло, САманжолов, Ә.Қайдаров, О.Сүлейменов, А.Бахти, С.Қойшығара, Ө.Панзарбековт.б. еңбектер пайдаланылуы қажет.

"Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" пәні бұл аталған пәндерден мазмұны, мақсаты мен міндеті, оқыту әдісі жағынан өзгеше. "Қазақ тілінің тарихи грамматикасы" тарихи-салыстырмалы әдіске сүйеніп, тілдік тұлғалардың қандай жолдармен өзгеріске түсіп, бүгінгі күндегі дәрежеге қалай жеткенін түйіндей тұжырымдаса, "Көне түркі тілі" пәні сипаттау әдісіне сүйеніп, көне түркі тілінің қалпын баяндайды. Ал "Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" пәнінде әрі тарихи, әрі сипаттама әдіске сүйене отырып, қазақ тілінің шығу тегін, түркі тілдерімен бірге басып өткен жолын, көне түркі тілінің жалғасы екендігін дәлелдейтін теориялық негіздерді басшылыққа алады. Мұндай теориялық негізге шумерология және түркітаным мәселелері жатады. Шумерлер мен көне түркілердің жақындығын танытатын тілдік қор, тарихи лексика және олардың семантикалық жүйесі, өзгеру жолдарындағы заңдылықтар, жазу түрлері, тайпалық одақтардың атрибуттары, ежелгі дәуірден сақталып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ойлау жүйесі, түркілердің дүниетанымы, олардың тілдегі көрінісі орта ғасырдағы халық тіліне, кейінгі дәуірдегі ұлт тіліне тигізген әсері ашылуға тиіс.

Қазақ тілі өз дамуының бүгінгі сатысында қазақ халқының бірыңғай ұлттық тілі, ұлттық әдеби тіл болып отыр. Бұл күнде ол әртүрлі стильдік салаларда дамыған, тілдік нормалық белгілері нақтыланған, лексикасы бай, грамматикалық құрылысы жетілген, орамды әдеби тілге, жазу тіліне айналды. Әрине, мұндай дәрежеге жету үшін тіл шындалып жетілудің талай өткелдерін басып өтті.

Тіл фактілерін тарихи тұрғыдан зерттеп білудің сол тілді жетік меңгеру үшін мәні зор. Тілдің тарихын білмей тұрып, оның қазіргі күйін, сырын жете білу мүмкін емес. Қазақ тілін ғылым ретінде танып білудегі ең маңызды нәрсе - негізгі тарихи байланысты ұмытпау, әрбір тілдік мәселеге тарихта сол құбылыс қалай шықты, өзінің дамуында ол қандай басты-басты дәуірлерді өтті деген тұрғыдан қарау керек, сонда ғана оның қазір қандай күйде екенін білуге болады.

"Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері" курсының өтуде мынадай жайттар ескерілуі қажет: бірінші, қазақ тілінің түркі тілдерінің ішінде алатын орны, түркі тілдерімен бірге жүріп өткен жолы, түркі тілдерімен жақындығы бар көне тіл-шумер тілінің сипаты, көне түркі тілінің шумерлік сипаты, қазақ тіліндегі көне түркілік элементтер, орта ғасырдағы халық тілі болып қалыптасуы жайындағы зерттеу еңбектерін теориялық негіз етіп алады. Қазақ тілінің тарихын (тайпа тілі, халық тілі, ұлт тілі болып қалыптасу тарихын) түсіндіру үшін, алдымен қазақтың халық болуы, одан кейін ұлт болуы процестеріне жүгінеді. Қазақтың халық болып қалыптасу тарихы қазақ жеріндегі бұрынғы ірі тайпалық одақтармен, жүздермен, олардың тарихымен тікелей байланысты. "Жүз деп әдетте қазақ халқына қарасты және тарихи дәстүр арқылы белгіленген жалпы қазақ территориясының бір бөлігін мекендеген тайпалардың ірі бірлестіктерін (немесе одақтарын) атау қабылданған" (Қазақ ССР тарихы, 2т, Алматы, 1983. 258- б.)

Екінші, қазақ тілінің шығу тегі мен даму кезеңдері жалпы түркі тектес тілдердің даму дәуірлерімен бірлікте, соның шеңберінде алып қарастырғанда ғана толық түсінуге болады. Олар: шумер дәуірі, алтай дәуірі, гүн дәуірі, көне түркі дәуірі, ортағасырлық дәуір, түркі тілдерінің жаңа және ең жаңа дәуірі. Осы дәуірлердегі тарихи жазба ескерткіштердің қазақ тарихына қатыстыларына тоқталу қажет.

Үшінші, қазақ тайпаларының халық болып бірігуі, қазақтың халық тілінің қалыптасуы ірі тайпалық одақтар тілі бірлестігінен, 15-16 ғасырларда қазақ тайпаларының қыпшақ қауымынан, ноғай ордасынан бөлініп шығуына, монғол басқыншылығынан кейін қазақ жерінде патриархтық феодалдық қатынастың күшейіп, алғашқы қазақ хандықтарының пайда болуына байланысты екені, бұл процестің 19ғ. екінші жартысына дейін созылғаны ескерілуі қажет.

Төртінші, қазақ тілінің тайпалық, халықтық дәуірлердегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құрылысының тарихи дамуы қазақ тілінің даму кезеңдеріне байланысты екендігін таныту мақсатында оның типологиялық белгілері өтіледі.

Пәнді оқытудың мақсаты: қазақ тілінің тарихына қатысты шумер тілі, тайпалық одақтардың тілі және түркі халықтарының тарихында белгілі қағанаттардың ресми тілі дәрежесіне көтерілген көне түркі тілі мен орта ғасыр түркі тілдері жайлы теориялық мағлұмат беру; шумер мәдениеті мен әдебиетін оқыту; қазақ тілінің тарихи тамыры өте көне дәуірлерге

кететіндігін тілдік фактілер арқылы дәлелдеу; түркі жазуының тарихында шумерлердің рөлін айқындау; шумер тілі мен көне түркі тілінің ортақ лексикасы мен заңдылықтарын білгізу; тарихи атаулардың этимологиясын көне тілдер арқылы анықтау; тілдің даму тарихында болған трансформациялық өзгерістерді таныту.

Пәнді оқытудың міндеттері:

- қазақ тілінің тарихын кезең-кезеңге бөліп қарастыру;
- қазақ тілінің түркі тілдер ішінде алатын орнын анықтау;
- түркі мәдениетінің тарихындағы шумер мәдениетінің рөлін көрсету;
- шумер әдебиетінің түркі мұраларымен және қазақтың салт-дәстүрлерімен ұқсастығын дәлелдеу;
- жазу түрлерін оқыту және ежелгі жазулардың қазақ даласында кездесетіндігін білгізу;
- қазақ халқының ру-таңбалары мен көне түркі және шумер жазуының таңбаларындағы ұқсастықтарды табу;
- қазақ тілінің тайпалық одақтардың тіліне жақындығын дәлелдеу;
- шумер тілі мен көне түркі тілі және қазақ тіліндегі лексикалық ұқсастықтарды талдау;
- тарихи атаулардың этимологиясын талдау арқылы олардың көне дәуірлерге кететіндігін анықтау;
- ежелгі түркі тілдерінің заңдылықтары мен қазақ тілінде сақталып қалған тілдік тұлғаларды меңгеру.

Пәннің тақырыптық жоспары:

Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері пәнінің қарастыратын мәселелері.

Түркі тілдерінің даму кезеңдері және қазақ тіліне қатысы.

Қазақ жерінің адамзат тілі мен жазуының өркендеуінде алатын орны

Шумерлер ілімінің қалыптасу тарихы. Шумерлер өркениетінің зерттелуі.

Шумер мәдениеті мен жазуы. Шумер жазуының түрлері және таралуы.

Қазақстан территориясындағы жазумен байланысы.

Шумер әдебиеті. Шумер әдебиеті-көшпенділер философиясының көрінісі.

Шумер тілі мен түркі тілдерінің байланысы. Шумер тілінің сипаты.

Көне түркі тілі. Көне түркі тіліндегі тарихи атаулар. Көне түркі тіліндегі атаулардың семантикалық жақтан дамуы.

Ортағасырлық түркі тілі, оның қазақ тіліне қатысы.

Қазақ тілінің халық, ұлт тілі болып қалыптасуындағы тайпалық одақтар тілі.

Пәндік күзіреттілік:

- тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздерін дәйектей алады;
- қазақ тілінің түркі тілдеріндегі алатын орнын тарихи мұралар арқылы анықтайды;
- түркі тілдерінің негізін шумер тілімен байланыста қарастырып дәлелдейді;

- шумер тілі мен көне түркі тілінің заңдылықтарын қазақ тілі материалдары негізінде дәйектейді;
- шумер әдебиетіндегі түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқына қатысты ортақ жайттарды дәлелдейді;
- тілдің даму тарихындағы орын алған трансформациялық өзгерістерді түсіндіреді;
- тілдің тарихи қабаттарында қалыптасқан атаулардың этимологиясын ғылыми тұрғыда негіздейді;

Пререквизиттер тізімі

1. Қазақ жазуының тарихы
2. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы
3. Түркі филологиясына кіріспе

Постреквизиттер тізімі

1. Түркі тілдерінің лексикасы мен фразеологиясы
2. Қазақ тілінің тарихи фонологиясы
3. Әдебиеттің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

Бағдарлама мазмұны

Түркі тілдерінің даму кезеңдері және қазақ тіліне қатысы

Қазақ тілінің шығу тегі мен даму кезеңдері адамзат тілінің пайда болуы мен түркі тектес тілдердің даму дәуірлерімен бірлікте, соның шеңберінде қарастырылатыны.

Шумер мәдениеті мен жазу түрлері. Шумер мәдениетіне кіретін басты ұғымдар. Шумерлер мен түркілерді жақындастыратын жазу түрлері, шаруашылық мәдениеті, әдет-ғұрып, тұрмыс-салттары.

Шумер мәдениетіндегі жазудың рөлі. Шумер жазуының оқылу жайы. Шумер жазуларының түрлері және таралу аймағы. Пиктограммалық жазу. Идеограммалық жазу. Фонограммалық жазу. Логограммалық жазу. Әліпбилік жазудың қалыптасуындағы түркі халқының ру таңбаларының рөлі.

Шумер әдебиеті. Шумер әдебиеті-көшпенділер философиясының көрінісі. Шумер әдебиетіндегі образдар. Крамердің «Шумерлер мифологиясы» деп аталатын еңбектің маңызы. Шумер поэмасы сюжеттерінің түркі халқы, соның ішінде қазақ халқына тәндігі. Шумер поэмаларындағы философиялық ұғым-түсініктердің, психологиялық наным-сенімнің түркі халықтарының мұраларына және қазақ халқына жақындығы.

Түркі тілдерінің шумер тілдерімен байланысы. Түркі тілдерін шумер тіліне жақындастыра зерттеген ғалымдар, олардың еңбектері.

Шумер тілі. Шумерлердің Орталық Азиядан шыққандығы жайында деректер. Шумерлер мен сақтардың туыстығын көрсететін фактілер. Шумер тілінің түркі тілдеріне қатысын дәлелдейтін деректер. Түркі тілдеріндегі шумерлік элементтер. Шумер-түркі тілдеріне ортақ тілдік заңдылықтар.

Шумер мен көне түркі тілінің байланысы. Шумер тілі мен түркі тілінің жақындығын танудағы Осман Недим Тунаның еңбегі. О.Н.Туна сөздігінің түзілу жайы. Шумерше-түркіше дыбыс сәйкестіктері. Дыбыстық сәйкестердің түрлері және қолданылған орындары. Шумер-түркі сөздерін салыстыруда қолданылған әдістер. О.Н.Туна пайдаланған ғылыми деректер мен әдебиеттер.

Көне түркі және орта ғасыр түркі тілі. Көне түркі тілі мен орта ғасыр түркі тіліндегі тарихи атаулар. Түркі-қазақ тілінің жасын ұзартудағы тарихи атаулардың мәні. Көне түркі тіліндегі атаулардың семантикалық жақтан дамуы. Ежелгі түркі сөздерінің мағыналық жақтан өзгерісі. Көне түркі тіліндегі сөзжасамдық тәсілдер.

Тарихи атаулардың танымдық мәні. Тарихи атаулардың негізін жер-су атаулары мен тайпалық одақтардың аттары құрайтындығы. Тарихи атаулар жайындағы зерттеушілер пікірі. Жер-су атауларының этимологиясын анықтауда М.Қашқари еңбегінің мәні.

Семинар тақырыптары:

- 1." Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері "пәнінің мақсаты мен міндеттері, қарастыратын нысанасы, зерттеу әдістері. Пәннің басқа пәндермен байланысы.
2. Шумер ілімінің қалыптасу тарихы. Шумер мәдениеті мен жазу түрлері. Шумер мәдениетіне кіретін басты ұғымдар. Шумер жазуы және оның таралу шегі.
- 3.Шумер әдебиеті. Шумер әдебиеті-көшпенділер философиясының көрінісі.
- 4.Шумер мен түркі тілдерінің байланысы. Шумер тілінің түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне қатысы.
- 5.Көне түркі тіліндегі тарихи сөздер. Түркі-қазақ тілінің жасын ұзартудағы тарихи сөздердің мәні.Көне түркі тіліндегі тарихи сөздердің семантикалық жақтан дамуы.
- 6.Тарихи атаулардың танымдық мәні. Тарихи атаулардың негізін жер-су атаулары мен тайпалық одақтардың аттары құрайтындығы.
7. Орта ғасыр түркі тілінің лексика-грамматикалық сипаты. Орта ғасыр түркі тілін зерттеген ғалымдардың еңбектері.

Магистранттардың өзіндік жұмыстарының сұрақ-тапсырмалары

Шумерлердің өркениетін танытқан ғылым салалары.

Шумерлік эпос - көшпенділер философиясының көрінісі.

Жазудың мәні және оның түрлері

Әліпбилік жазу және оның қалыптасуы. Онымен жазылған ескерткіштер.

Шумер тілін алтай тілдерімен салыстыра зерттеген ғалымдар.

Шумерлер түркі негіздес халық деп пікір айтқан ғалымдар.

Шумерлерді түркі халықтарымен байланыстыратын аргументтер.

Шумерлерді қазақ халқымен байланыстырған ғалымдар.

С.Крамердің шумерлердің 9 поэмасы туралы айтқан пікірлері.

Түркі тілі шумерлер мен скифтердің ортақ тілі болуы мүмкін екендігі жайында пікірлер.

О.Сүлейменовтің шумер тіліндегі сөздерді топтастыруы.

О.Туна көрсеткен шумер және түркілік дыбыстық сәйкестіктер.

Шумер тілі мен түркі тілдеріндегі үндестік заңы.

Көне түркі тіліндегі сөзжасамдық құрылым.

Шумерлік әліпби мен көнетүркі әліпбиінің ұқсастығы.

Қазақтың ру таңбаларының көне түркі әліпбиіне ұқсастығы.

Көнетүркі тіліндегі шумерлік сөздер.

Халық тілінің құралуындағы тайпа тілдерінің рөлі.

Қазақ тілінің тарихына қатысты ескерткіштердің мәні.

Көне қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық сипаты.

Орта ғасыр ескерткіштеріндегі Р.Сыздықова көрсеткен лексика-грамматикалық сипат.

Орта ғасыр ескерткіштеріндегі Б.Әбілқасымов зерттеген лексика құрамы.

Оқытушымен орындалатын магистранттардың өзіндік жұмыстар

1-тапсырма. Жазу түрлеріне байланысты айтылған ғалымдардың тұжырымдарын келтіріп, өз ойларыңызды білдіріңіздер. Сөздеріңізді нақты тілдік фактілермен дәйектей құрастырыңыздар.

2-тапсырма. Шумер әліпбиін көне түркі әліпбиімен салыстырыңыздар.

Ұқсастықтарды түсіндіріңіздер. Бұл жайында айтылған ғалымдардың пікірлеріне сілтеме жасаңыздар.

3-тапсырма. Қазақтың ру таңбаларын көне түркі әліпбиімен салыстырып, өзара ойбөліске түсіңіздер.

4-тапсырма. Шумер тілінің лексикасы деп танылған сөздерді көне түркі және қазақ тіліндегі көне сөздермен салыстырыңыздар да, тұжырым жасаңыздар.

5-тапсырма. Шумер және түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерін ұсынылған еңбектерден алынған нақты мысалдар арқылы дәлелденіңіздер.

6-тапсырма. Диалект сөздікпен жұмыс істеп, сөздіктегі көне сөздерді тайпа тілінің қалдықтары екенін дәлелденіңіздер.

7-тапсырма. Жер-су атаулары мен тайпа тауларының этимологиясындағы ежелгі түркілік ұғым-түсініктерді ажыратыңыздар.

8-тапсырма. С.Аманжоловтың қазақ тілінің тарихына қатысты пікірлерін ой елегінен өткізіп, өз топшылауыңызбен талдау жасаңыз.

9-тапсырма. Ә.Қайдардың «Қаңлы» еңбегіндегі түркі тайпаларының байланыс жайындағы ой-пікірлерді талдаңыздар.

10-тапсырма. Тарихи сөздердің этимологиясын талдау арқылы тарихи атаулардың қай дәуірде пайда болып орныққанын этимологиялық еңбектерге сүйеніп түйінденіңіздер.

11-тапсырма. Көне түркі тіліндегі сөзжасамдық құрылымды анықтаңыздар.

12-тапсырма. Орта ғасыр жазба мұраларының грамматикалық құрылымын қазақ тілі грамматикасымен салыстырып, ереже шығарыңыздар.

Әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. А., 2001.
2. Аманжолов А.А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. А.,1996.
3. Айдаров Ғ.,Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. А.,1970.
- 4.Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның түрік шежіресі және оның тілі. А.,2001.
5. Бахти А.Шумеры. Скифы. Казахи. А.,2004.
- 6.Қайдаров Ә. Қаңлы. А., 2004.
- 7.Қосымова Г. Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері. А.,2015.
8. Рамстедт В.И. Введение в алтайское языкознание. М.,1975.
- 9.Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. Астана, 2007.
- 10.Сүлейменов О. Азия. М., 2005.

Қосымша әдебиеттер:

1. Әбілғазы Баһадүрхан. Түрік шежіресі. А. 1992.
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М., 1967.
3. Ескеева М.Қ. Қазақ жазуының тарихи негіздері. Астана, 2002.
4. Есбосынов Е.Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. А., 2006.
5. Древнетюркский словарь. Ленинград, 1969.
6. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. А.,2010.
7. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. А., 1966.
8. Қайдар Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері// Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. А.,1988.
9. Қашқари М. Түркі сөздігі. I, II, III том. А., 1997,1998.
10. Қосымова Г. Қазақ тілінің тарихы. А., 2007.
11. Қосымова Г. Тарихи атаулардың этимологиясы. А., 2010.
12. Құрышжанов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. А., 2001.
13. Өмірәлиев Қ. YIII-XII ғасырдағы көне түркі әдеби ескерткіштері. А., 1985.
14. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. А., 2004.
15. Сүлейменов О. Сөз коды. А., 2014.

Құрастырғандар:

Қосымова Г.С. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы .

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

AL 5301 Әлеуметтік лингвистика

6M012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті

2 жылдық

2 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Сүлейменова Ж.Н. –п.ғ.докторы, профессор ҚазМемҚызПУ

Балтабаева Ж.Қ. - п.ғ.докторы, профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Републикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

Тілдің өз алдына қарастырылмай, қоғаммен тығыз байланыста зерттелуі ХХ ғасырдың екінші жартысында жаңа құбылыс болды. Әлеуметтік лингвистика жаңа заманда лингвистиканың жасампаз саласы ретінде қарқынды даму жолына түскені анық. Әлеуметтік лингвистика бМ012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша магистратура бағдарламасына міндетті компонент дербес ғылыми пән ретінде енгізілді. Ғылым қарқынды даму жолына тақтайдай түзу жолмен келмейтіні белгілі. Ендеше, магистрант бұл ғылымның үздіксіз даму жолына қалай келгенін, қазіргі даму үрдісін аңдай алуы шарт.

Магистрант *әлемдік, отандық тілдік даму деңгейі* мен *үрдісін* Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан дәл білуі, оны *дамыту жолдарын* нақты таба алуы тиіс. Магистрант тілдердің хал-ахуалын, даму үрдісі мен болашағын немесе өмірі өшуге бет алғанын әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық тұрғыдан тап басып, сезіне алуы шарт. Әлеуметтік лингвистиканың дербес пән ретінде оқу үдерісі мен зерттеу барысында қолданатын өзіндік әдіснама мен әдіс, тәсіл жүйесі қалыптасқан.

Әлеуметтік лингвистика курсы мен оған байланысты жүргізілетін жұмыстар филология мамандығы бойынша жоғары білікті маман дайындауға арналған, ХХІ ғасырдағы жасампаз Әлеуметтік лингвистиканы ғылыми, оқу-педагогикалық жұмыста тиімді пайдалану шеберлігіне дағдыландырады.

Әлеуметтік лингвистиканың *құзыреттілігі* тілдің пайда болуы, өзгеруі, дамуы мен қолданылуына әлеуметтік жағдайлардың ықпалын, сонымен қатар, керісінше, тілдің қоғамға әсерін (прагматика) зерттейтін тілдік құзыреттің дамуына ықпал ететін, әлемдік тіл білімінің жасампаз бағыты ретінде сипатталады.

Магистранттардың жоғары білікті маман ретінде іргелі мәселелерді шешетін теориялық тіл білімін игеруінде әлеуметтік лингвистикатеориясының атқарар қызметі ерекше.

Әлеуметтік лингвистика пререквизиті лингвистика мен әлеуметтану (социология), психология, тарих, этнография, мәдениеттану негізінде дербес оқу пәні мәртебесінде қалыптасты. Әлеуметтік лингвистика - тіл біліміне кіріспе, жалпы тіл білімінің жалғасы, тіл теориясының негізін қалайтын пән.

Әлеуметтік лингвистиканың постреквизитіне негіз болған – оның тіл мен әлеуметтік шындықты зерттеу барысында пайда болған теориялық қоры (базасы). Әлеуметтік лингвистика магистранттардың тіл мен қоғам байланысын танып-білуіне, психолінгвистика, этнолінгвистика, қолданымдық (функционалды) лингвистика, ареалдық лингвистика, когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика, паралингвистика сияқты курстарды тиісті дәрежеде игруіне негіз болады.

Әлемдік әлеуметтік лингвистиканың даму үрдісі тілді зерттеуді мынадай бағыттарға меңзейді:

-әлеуметтік лингвистиканың өзге лингвистикалық бағыттардан айырмасы сол - адамзат қоғамы мен тілінің дамуын зерттеуші, реттеуші ҒЫЛЫМ;

- ана тілі – ұлттық даму мен ұлтішілік қатынас тірегі;
- тілдік қатынас пен оның дамуының әлеуметтік лингвистикалық сипаты;
- тіл – идеологияның нысаны әрі құралы;
- тіл саясаты, оны жүзеге асырудың тетіктері;
- тілдің мемлекеттік мәртебесі және оны жүзеге асыру жолдары;
- тіл өміршендігін дамытып, өлмелі тілдерді сақтап қалу мәселелері;
- тілдердің өзара байланысы: қостілділік, үштілділік, көптілділік, диглоссия, интерференция, интеркаляция;
- нақты тілдердің этникалық отанында қолданылу мәртебесі және оның отанынан тыс жерлерде қолданылуы;
- әдеби тілдің нормада және бірнеше социолінгвистикалық нұсқада (вариантта) қолданылуы;
- тіл мен мәдениет;
- тіл мен мәдениетаралық қарым-қатынас т.б.

Әлеуметтік лингвистика тілдік дерек (мәнбір ретінде) пен әлеуметтік жағдай байланысын терең де жан-жақты қарастырады. Тілдік, әлеуметтік жағдайлардың өзара байланыстылығын анықтау – әлеуметтік лингвистиканың түбегейлі де өзекті мәселесі.

«Әлеуметтік лингвистика» оқу пәнінің типтік бағдарламасы тіл мен қоғамдағы интерактивтік құбылыстардың теориялық, практикалық міндеттері ескеріліп түзілді. Тіл мен қоғамның өзара байланысы – қауымдастыққа ұйымдасқан адамдардың ортақ мүдде, біріккен іс-әрекетін білдіретін категория.

Пәннің тақырыптық жоспары

1. Қазіргі тіл туралы ғылымның білім үлгілері және әлеуметтік лингвистика.
2. Әлеуметтік лингвистика – өткен ғасырдың өнімі, жаңа ғасырдың жасампаз ғылымы. Қысқаша тарихы, анықтамасы, ұғымдық аппараты.
3. Әлеуметтік лингвистиканың нысаны мен пәні.
4. Әлеуметтік лингвистиканың зерттеу әдіснамасымен әдістемесі, тәсілдері мен ұстанымдары.
5. **Әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелері.** Тілдің әлеуметтік лингвистикалық мән-жайы. Тіл мен шындық-болмыстың өзара байланысы. Тілдің атқаратын қызметі. Тіл және тағдыр. Тіл мен қоғам. Әлеуметтік фактор - ықпалды жағдай. Әлеуметтік факторлардың тіл жүйесіне қиысуының әлеуметтік лингвистикалық деңгейлік сипаты. Әлеуметтік факторлардың тіл дамуындағы көрінісі. Тілдік жағдаят. Тілдік-этникалық жағдаят.
6. **Тілдік қатынастар- тілдердің өзара байланысы**
7. **Ұлттық-аумақтық құрылымның тілдік өмірі: әлеуметтік лингвистикалық сипаты.** Тілдердің әлеуметтік лингвистикалық мәртебесі. Тілдік басқару. Тілдікахуалды жоспарлы түрде жақсарту.

Тілдік дау-дамай. Тіл және идеология.

8. **Қазақстанның тілдік өмірі.** Ана тілі. Тіл туралы заңнама, оны жүзеге асырудың өзекті мәселелері. Тілдік өмірді жақсартудың кепілі – әлеуметтік лингвистикалық біліктілікті басқару. Қазақстанда әлеуметтік лингвистиканы дамыту – қоғамдық қажеттілік.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ **Теориялық бөлім**

1.Қаіргі тіл туралы ғылымның білім үлгілері және әлеуметтік лингвистика

Жаңа ғасыр тіл теориясының күре тамыры болып танылған әлеуметтік лингвистиканы қалыптастырып, дамытқан - білімнің сараптау үлгілері (парадигмалары). Әлеуметтік лингвистиканың қалыптасуына, ғылымға әкелген жаңалығы мен басымдылық сипатына әрі уақыт сынынан өту үрдісіне ықпал еткен лингвистиканың кейбір бағыттары болды. Бұл ретте әлеуметтік лингвистиканың жаңа ғасыр лингвистикасы атты бірыңғай білім сапасына айналуына негіз болған лингвистикалық парадигмаларды атап көрсеткен жөн.

1.Тілдің философиялық әмбебап тұжырымдарын (универсализмін) ауыстырған тілдік әралуандықты пайымдайтын **салыстырмалы-тарихи бағыт**. Бұл - жаңа парадигма.

2.Тілді құрылымдық элементтерден тұратын таңбалық жүйе деп танытын **құрылымдық лингвистика** пайда болды (XX ғ. 20-30 жж.). Алайда тілдің ішкі жүйелік сапасына баса назар аударуымен дараланған жүйелік-құрылымдық зерттеу үлгісі (структурализм – *құрылымдық лингвистика*, постструктурализм – *кейінгі құрылымдық лингвистика*) тұрақты басымдыққа ие бола алмады, ал сөйлеу тууы үшін қажетті қарым-қатынас жағдаятының «сыртқы» құралымдары (компонеттері) мен тілдік күзіретке әсер ететін «ішкі» (психикалық, когнитивтік) жағдайларды (факторларды) ескере отырып зерттеуді ұсынған антропоөзектілік (антропоцентризм) бағыты игілікті бағыт болып қабылданды және солай қала беруде. Өйткені антропоөзектілік жалпығылыми ұстанымы қазіргі лингвистиканың күллі парадигмаларының басын біріктіріп, білімнің бір саласына орайластыруымен құнды болып танылуда. Бұл бағыттағы зерттеулер қағидалық тұжырымдарды (модельдерді) өзгертуге емес, басқа үлгі (парадигма) жасауға бағытталған.

3.Қазіргі лингвистика парадигмаларының басы бірігуіне, сол арқылы лингвистиканың бірыңғай білім саласы ретінде қалыптасуына себін тигізген құрылымдық лингвистиканың бір тарауы ретінде пайда болған тілдің қарым-қатынстық қызметін қарастыратын **функционализм** ұстанымына негізделген білімнің **функционалдық парадигмалары**.

Тілдің атқаратын қызметін зерттеу парадигмасы функционалдық нұсқалар (варианттар) мен тілдің макрожүйесінің құралымдарынан

(компоненттерінен) тұрады. Әр түрлі тілдердің *функционалдық парадигмалары* салыстырыла, салғастырыла зерттеледі.

Тілдің қолданылуы- ежелден сөз болған тақырып, бірақ бұл ХХ ғ. екінші жартысынан бері қарай әлем лингвистері назары ауған өзекті мәселеге айналды. Алайда оны шешу үшін лингвистиканың іргелі мәселесі *тілдің жүйелілігін* айналып өтуге болмайды.

4. Тілдің бірліктер мағынасы сөйлерменнің сөйлеу-ойлау іс-әрекетінде пайда болады деген идея негізінде ХХ ғ. соңына қарай **лингвистикалық прагматика** бағыты пайда болды. Сөйлеудің тууы мен түсінілуіне әсер ететін сөйлеу жағдаяты құралымдарын талдауға ерекше мән беріле бастады.

Тілдің қоғамға ықпалын, тілдің (оның құрылымының) қоғамға ықпалы тиімділігін **прагмалингвистика** (немесе лингвапрагматика) зерттейді.

Тілдің сыртқы жүйесі мен ішкі құрылымы өзара байланыста зерттелуі тиіс. Алайда тіл әлеуметтануы (тіл социологиясы) ішкі құрылысқа назар аудармайды. Өйткені ол тілдің сыртқы жүйесін, әлеуметтік лингвистикадай емес, әлеуметтік топ тұрғысынан алып зерттейді.

Адамзаттың қарым-қатынас пен таным шеберлігі (технологиясы) үздіксіз даму үстінде. Қарым-қатынас қызметі екі деңгейде жүреді: бірі – әлеумет (ұжым) деңгейінде, екіншісі – жекеадамдық қатынас (іс-әрекет - акт) тұрғысынан жүзеге асады. Бұл жағдайда күллі сыртқы жүйе бейнеленбейді, өйткені қарапайым сөйлермен ешуақытта сыртқы жүйені қамти алмайды. Тілдік өмір жекеадамдық сөйлеу әрекеті ғана емес, тілқолданыстың қоғамдық-типтік түрінде де көрініс береді.

Әлеуметтік лингвистика мен прагмалингвистиканың арақатынасын анықтаған жөн. Прагматика, семиотиканың бір бөлігі бола отырып, тіл құрылысының әлеуметке тигізер әсерінің тиімділігін зерттейді.

Тұлғаның тілді қолдануының прагматикалық деңгейі мақсат пен мүддені қамтиды. Тіл әлеуметке ұдайы икемделеді, ал бұл тілдің әлеуметтік табиғатымен (мәнімен) байланысты. Сондықтан да прагматика тіл білімінің жеке саласы емес.

Прагматикалық лингвистика деген – әлеуметтік лингвистиканың бір саласы, бұған көз жеткізуге әбден болады. Қарым-қатынас жағдаятының құралымдары санатында аталатын *орын, уақыт, қарым-қатынас саласы* деген сияқтылар – әлеуметтік, экстралингвистикалық факторлар, айырма сол – мұнда тілдің осы факторларға әсері зерттеледі.

5. Тіл құбылысының мән-жайын, тіл құрылымын оның атқаратын қызметінен іздеуді негізгі ұстаным еткен **функционалдық лингвистика** бағыты пайда болды. Функционализм – әдіснамалық бағыт, әлеуметтік лингвистиканың әдіснамалық тұжырымдамасы, тілді қарым-қатынас құралы ретінде қарастыруға жол сілтейді, тіл мен оның бірліктерін қолданыс барысында, атқаратын қызметі тұрғысынан түсіндіреді. Қысқасы, функционализм – тілдік қарым-қатынас сипатын зерттеумен байланысты пайда болған әлеуметтік лингвистиканың әмбебап категориясы.

6. Өткен ғасырдың дәл ортасынан бастап лингвистиканың әр түрлі ғылымға ортақ өрісінен сан алуан салалары пайда бола бастады, барған сайын олардың жігі айқындала түсті. Дәстүрлі лингвистиканың қауқары кетіп, әдістері сан қилы мәселелерін шешуде әлсіздік танытып, бірте-бірте қолданбалы лингвистика сипатына ие бола бастады, көп жағдайда **әлеуметтік лингвистикамен** психолінгвистика алдында қауқарсыз күн кешті. Әлеуметтік лингвистика болса, әлемнің жиырма шақты озық ғылымды елдерінде қауырт даму үстінде.

XX ғасырдың соңғы жылдары біздің елімізде тілге деген жаңа көзқараспен ерекшеленді. Тәуелсіздік тұғырында тілдік лингвистикалық егемендік пайда болды. Тіл өмірлік мәселелердің алдыңғы шебіне шықты.

Тілдің әлеуметтік қызметін дамыту – XXI ғасыр тіл білімінің бірден-бір сұранысы, уақыт уағызы. Сұраныс өтелуі шарт, өтелмесе, тіл ақыры күйрейді. Бұл – заңдылық.

XX ғасыр ортасында өмірге келген әлеуметтік лингвистика XX ғасырдың екінші жартысында күрт даму жолына түсті. Оның дамуына себепші жағдай көп болды. Соның ішінде Кеңес үкіметі қолдаған орыс тілінің ұлтарлық қатынас құралына айналғанда қостілділік оны ынталандырушы (стимул) қызмет атқарды.

Әлеуметтік лингвистика – жас ғылым, жас болса да жасамыс ғылым, білім атаулының соңғы жетістіктерін сырқа пайдалану арқылы оның әдіснамалық, әдістемелік тұрғыдан негізі берік қаланды. Әлеуметтік лингвистика өзге ғылым жетістіктерін пайдаланған тұста құлпырып, жігерлене түседі.

Әлеуметтік лингвистиканы менеджмент, мониторинг, маркетинг, тұғырында дамыту тиімді. Қазіргі кезде әлеуметтік лингвистика – тіл туралығылымның болашағы ұшан-теңіз, аса маңызды саласы. Бұл күндері оның өзіне тән зерттейтін пәні мен ұғымдық аппараты анықталған, талдау әдістері мен зерттеу ұстанымдары да нақтыланған, белгіленген. Сол себепті ғалымдар оны тіл білімінің ерекше бағыты деп есептесе, кей мамандар оны **ғылымның жеке саласы** деп пайымдайды (А.Д. Швейцер).

Әлеуметтік лингвистика тіл білімі мен психология, тарих, әлеуметтану, этнография, мәдениеттану т.б. ғылымдарының қиылысқан жерінде дами отырып, тілдің дамуына негіз болатын әлеуметтік факторға байланыстымәнді де маңызды мәселелерді зерттейді. Әрине, тіл де өз кезегінде қоғамға әсер етеді. «Тіл - қоғам» жүйесі – әлеуметтік ғылымның төл нысаны.

Әлеуметтік лингвистика курсының оқытылуы қоғам мен тілдің өзара байланысу заңдылықтарын жақсы меңгерген, мемлекеттік қызмет, қоғамдық ұйымдар мен мекемелерде жұмыс істей алатын білікті мамандар дайындау мақсатынан туындайды. *Өйткені әлеуметтік лингвистикалық біліктілік – тілдің өміршеңдігін қамтамасыз етудің басты кепілі.*

Бұл күндері социолінгвистика әлемнің жиырмадан аса елінде даму үрдісіне ие болды.

Әлеуметтік лингвистика тілді қоғамдық құбылыс, сөйлеуді қарым-қатынас іс-әрекеті ретінде зерттейтін болғандықтан, әлеуметтік ғылымдар санатына жатады.

2.Әлеуметтік лингвистика — өткен ғасырдың өнімі, жаңа ғасырдың жасампаз ғылымы

Әлеуметтік лингвистика - бұл күндері тіл білімінің өзге салаларынан шоқтығы биік, дара тұрған, жан-жақты жетілген дербес пән. Болашақ педагог әр түрлі тілдік курстармен қатар оларға жақын тілді әлеуметтік тұрғыда баяндайтын пәнді меңгереді. Тілді бұл жағынан зерттеудің біршама тарихы бар. Тілдің әлеуметтік қыры әлеуметтану, пәлсапа және психология саласында, солардың тұрғысынан, солардың терминімен пайымдалды. Әлеуметтік лингвистика жеке ғылым ретінде өткен ғасырдың соңғы ширегінде әбден танылып, енші алды.

Қазіргі кезде ғылымды дамытуға бетбұрыс белгі беруде. Соның нақты бір көрінісі – Қазақстан білімінің қара шаңырағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, ал оның Магистратура және докторантура институты – сол білім шаңырағының ғылыми қайнары.

Дәстүрлі лингвистика ежелгі философия, логика сияқты ғылымдардан еншісін алып шыққаннан бері сан алуан өзекті мәселелерге тап болды, соларды шешу жолында талай бел-белес, асулардан асты.

1) Әлбетте, қажеттілік болмаса, заңдылық пайда болмайды. Заңдылыққа айналған қажеттілік өтелуі шарт. Қоғамдағы қажеттілік өтелуінің тетіктері пайда бола бастайды. Осы ретте білім ауысу парадигмасы негізінде ғылыми бағыттар пайда болады.

2) Қоғам мен тілдің өзара байланыстылығын зерттеу үшін әлеуметтік лингвистика пайда болды. **Әлбетте, әлеуметтік лингвистика – тілі білімінің жасампаз да болашағы зор саласы.**

Әлеуметтік лингвистика – қосарлы нысан негізінде зерттеу пәнін мейлінше кеңейткен ғылым. Қазіргі социолингвистиканың даму үрдісі мен жетістіктеріне көз салсақ, оның болашағының зор екенін, қоғамдық өмірді түгел қамтитынын, тіл аясында әлемнің тілдік бейнесін антропоөзектілік (антропоцентризм) тұғырында сипаттай алады.

Әлеуметтік лингвистика: қысқаша даму тарихы. Тіл туралы ғылым аясында әлеуметтік лингвистиканың пайда болуы дәстүрлі тілдік талдау үдерісіне әлеуметтік өлшемнің енгізілуімен тікелей байланысты, ал оның кейбір нышандары өткен ғасырда белгі берді.

Әлеуметтік лингвистиканың пайда болуына өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы Прага лингвистикалық мектебі түрткі болды. Бұл мектептің әдеби тілді өмір қажеттілігінен пайда болған тілдің өмір сүруінің формасы деп түсіндіруі әлеуметтік лингвистиканың пайда болуына себепші болды.

Тілдің әлеуметтік құбылыстарға байланыстылығы ХХ ғасырдың басында Франция, Ресей, Чехияда зерттеле бастады.

Әлеуметтік лингвистика ғылымына қатысты пікір айтып, оның қалыптасуына тікелей немесе жанама әсер еткен ғалымдар қатарында алдымен атауға болатындар: Швейцария ғалымы Фердинанд де Соссюр (1857-1913), француз ғалымы Антуан Мейе (1866-1936), шетелдік ғалым У.Брайт, АҚШ ғалымдары Делл Хатауэй Хаймз (1927), Джон Гампери (1922), Уильям Лабов (1927), Джошуа Фишман (1926), «Социолингвистика» атты еңбек жазған Р.Т.Белл (ағылшын тілінен орыс тіліне аударылып, Мәскеуде 1980 ж. жарық көрді).

Әлеуметтік лингвистика – қоғамдық өмірге пайда тигізер ғылым. Алайда өткен ғасырдың 40-50 –жылдары әлеуметтік лингвистика тоқырауға түсті.

Өткен ғасырдың 60-70 –жылдары әлемде, әсіресе КСРО-да, әлеуметтік лингвистика жан-жақты дами бастады. Әлеуметтік лингвистиканың КСРО-да пайда болған алғашқы зерттеушілері екіге жарыла жұмыс жүргізді. Л.Б. Никольский бас болып бір топ ғалым синхронды социолингвистика мәселесіне баса назар аударса, ғалымдардың келесі легі (В.К. Журавлев бастап) диахронды социолингвистика мәселелеріне ден қойды.

Әлеуметтік лингвистиканы синхрондық және диахрондық деп екіге бөледі. **Синхрония** – (<гр.*synchronos*-бір мезгілде), - лингвистикадағы (гуманитарлық, әлеуметтік ғылымдардағы) элементтердің арасындағы қатынастарды зерттеу әдісі. **Диахрония** – (<гр.*dia*-арқылы, + *chronos*-уақыт) тілдік құбылыстардың лингвистикалық зерттеу пәні ретіндегі тарихи дамуы.

Әлеуметтік лингвистика әр елде өзінше даму жолына түсті, социолингвистер арасында байланыс жоқтың қасы.

Қазіргі әлемдік әлеуметтік лингвистиканың хал-ахуалын талдаған, қорытындылығын еңбек жоқ, әр елде бірді-екілі аймақтық зерттеулер ғана кездеседі. Бұған әр түрлі себептердің салдарынан ғылыми байланыстың үзілуі де әсер етуде.

Магистранттар мен докторанттарға ұсынарлық ғылыми еңбектердің өзі аз. Әлеуметтік лингвистика бойынша жазылған санаулы ғана оқулық пен оқу құралдары қатарында ертерек шыққан А.Д. Швейцердің мен Л.Б. Никольскийдің «Введение в социолингвистику» (М.,1978), В.Д. Бондалетовтың «Социальная лингвистика» (М., 1987),Н.Б. Мечковскаяның «Социальная лингвистика» (М., 1996), үлкен үзілістен кейін жарық көрген В.И. Беликов пен Л.П. Крысиннің «Социолингвистика» (М., 2001), Н.Б. Вахтин мен Е.В. Головкиның «Социолингвистика и социология языка» (СПб., 2004), А.М. Абасиловтың «Әлеуметтік лингвистика» (Қызылорда, 2009) атты еңбектерін атауға болады. **Әлеуметтік лингвистика: анықтамасы.** Әлеуметтік лингвистика деген – «тіл-қоғам» жүйесін, яғни тілдік кеңістік пен қоғамдық болмыстың өзара байланысын зерттейтін пәнаралық ғылым, оны іске асыруға байланысты жүргізілетін жүзелік (практикалық) қызмет саласы.

Тіл ғылымының дербес саласы – «әлеуметтік лингвистика» (қысқарған түрі - «әллингвистика»). Бұл – орыстың «социальная лингвистика», ағылшынның «sociolinguistics» [лат. *sociolis* қоғамдық+лингвистика] деген

терминдерінің баламасы. Алғаш рет 1952 жылы американ ғалымы Х. Карри ағылшынша «sociolinguistics» терминін қолданысқа енгізген. Сондықтан да социалингвистика ғылымы Америкада пайда болған деуге тура келеді. Алайда атын атап, түсін түстемегенмен, дәстүрлі лингвистикадан ауытқыған әлеуметтік бағыт ұстаған лингвистикалық зерттеулер алғаш рет Ресейде өткен ғасырдың алғашқы ширегінде пайда болды. Осы орайда Б.А. Ларин, Л.П. Якубовский, А.М. Селищев, Е.Д. Поливанов, В.М. Жирмунский еңбектерін ескермек керек. Бұған себепкер болған төңкерістен кейін елде пайда болған әр түрлі өзгерістер.

Әлеуметтік лингвистиканың күллі социалингвистер мойындаған жалпыға ортақ анықтамасы жоқ. Алайда мынадай анықтама Әлеуметтік лингвистика ғылымның мәнін ашады:

Әлеуметтік лингвистика деген – тілі білімі, әлеуметтану, психология, этнография т.б. бірсыпыра ғылымдардың қиылысқан жерінде пайда болған және дамитын, тілдің әлеуметтік табиғаты мен қоғамдық қызметін, ықпалды жағдайлардың (әлеуметтік жағдайлардың) тілге әсер ету тетігін және қоғам өміріндегі тілдің атқаратын қызметін зерттейтін ғылым.

«Адамның күні – адаммен», адамдар тобы, қауымдастық жағдайында ғана тайпа не ұлыс болып қалыптасады, олар дами келе халыққа айналады. Сол үшін олардың ортақ тілі болуы бірден-бір шарт.

Әлеуметтік құзірет - өзгелермен өзара байланысқа түсуге ықыласы мен ептілігі қатынасқа түсу үшін өзі мен күшіне сенімділігі болуы, сондай-ақ өзгеге көмектесуге ебі болуы, қарым-қатынаста әріптесінің түсінбеу үдерісінде өзін оның орнына қойып, жағдаймен күресте қабілеттілік таныту.

Әлеуметтік-мәдени құзірет - тіл иелерінің мәдени ерекшеліктерін, олардың әдеті мен дәстүрін, мінез-құлық нормасы мен әдебін білу және өзі бөгде мәдениет иесі ретінде қала отырып, оларды қарым-қатынас үдерісінде түсіну және бара-бар пайдалану. Мәдени құзірет қалыптасуы әлемдік, ұлттық мәдениет жүйесінде тұлғалардың өзара ықпалдасуы болмақ.

Тілдің маңызы мен атқаратын қызметін күллі адамзат мойындады. **Әлеуметтік лингвистика – адамзат пен тіл арасындағы дәнекерші.** Ал әлеуметтік лингвистиканың пайда болуына себеп болған жағдайлар:

- дәстүрлі тіл білімінің тілге толық талдау жасай алмауы;
- құрылымдық лингвистиканың тілге не байланысты болса – соның бәрін құрылымға таңғаны;
- тіл таңбасы қызметінің әлеуметтік сипаты болуы;
- тіл зерттеуде адам факторының ескерілмеуі;
- әлеумет тілдің сыртқы жүйесі тілдің ішкі құрылысының өзара байланыстылығымен бір-біріне тәуелділігі; т.б.

Жеке тіл білімі (мысалы, қазақ тіл білімі) идеялық дамуының қуатты қайнар көзі - әлеуметтік лингвистика. Әлеуметтік лингвистика нысанындағы өзекті мәселенің бірі – тіл саласындағы қуғын-сүргін. Кеңес дәуірінде ондаған қазақ тілі мамандары қуғын-сүргінге түсті. Мұның басты себебі сол

–қазақ тілі мамандары ана тілін дамытуды көздеді, ал Кеңес үкіметіне керегі орыс тіліне басымдық беру болды.

Әлеуметтік лингвистиканың ұғымдық аппараты. «Әлеуметтік лингвистика» қоғам мен тілдің арасындағы белсенді әрі өзара тәуелді құбылыстардың теориялық және қолданбалы тапсырыстар тұрғысынан зерттейді – сонысымен өміршең, адамзат тұрғанша тұратын тілтаным ғылымы.

Әлеуметтік лингвистиканың ұғымдық аппараты философия мен әлеуметтану т.б. қоғамдық ғылым терминдері негізінде қалыптасу үстінде. Алайда әлеуметтік лингвистика ғылымын дамытқан – тілшілер.

Әлеуметтік лингвистика курсынан өткен ғалым тілдің ішкі құрылысын оның өмірде қолданылуымен орайлас, өзара байланыста ала отырып, тілдік өмір сүру формаларын (әдеби тіл, жергілікті және әлеуметтік диалектілік ерекшелік, қарапайым сөйлеу тілі т.б.) тілдің аясы бойынша қарастыра отырып, тілдік жағдаят деңгейін жақсарту мақсатында әлеуметтік лингвистикалық заңдылықтарға құрылған бағыт, психолінгвистикалық бағдар беретін *елдің тілдік даму жоспарын* жасап, тіл құрылысы тізгінін ұстап отырған басшылыққа тіл құрылысын (языковое строительство) *басқару тетіктерін* сайлап береді.

Әлеуметтік лингвистиканың ауқымды мәселелері тіл теориясы құрамына енеді.

Әлеуметтік лингвистика ғылымының пәнаралық сипаты оның ұғымдық аппараттарынан ойып орын алады. Әлеуметтік лингвистика тіл білімі мен әлеуметтанудың қиылысқан жерінен өсіп, өрбіді. Демек, әлеуметтану ғылымының негізін білу шарт. Әлеуметтану – адамдардың қоғам өміріне қатынасын қоғамдық институттар қызметіне қатыстыра зерттейтін ғылым. Осы ретте әлеуметтік лингвистика мен тіл әлеуметтануын ажырата білмек керек. Тіл әлеуметтануы тіл мәліметтері арқылы әлеуметтік, саяси құбылыстарды дұрыс пайымдауды көздеп, тілді әлеуметтік мәнмәтінде қарастырады. Мысалы, тілдік ұжым, тілдік тұлға, өмір саласы - әлеуметтік лингвистиканың өзекті де төл мәселелері, бұлардың бәрі тілдік және әлеуметтік белгілеріне қарай анықталады.

Қоғам, әлеуметтік философия тұрғысынан алғанда, әлемнің әлеуметтік болмысының ерекше түрі. Қоғамның енді бір түрі әлеуметтік құбылыстардың өмір сүру формалары ретінде сипатталады.

«Қоғам» термині әлеуметтік ұжымдастық формасын, нақты адамдар қауымдастығын белгілейтін әлеуметтік ұғым. Әлеумет (социум) деген адамдардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмір ортақтығы арқылы ұйымдасқан түрі.

Тілдің функционалдық элементтері әлеуметтің ықпалымен сұрыпталады және олар нақты жүйеге түсіреледі, сондықтан да тілдің сыртқы жүйесін **функционалды** (яғни **атқарымды**) деп атауға болар еді.

Әлеуметтік лингвистика - даму үстіндегі ғылым, сондықтан да ол біліктілік пен білімдарлықты қажет етеді.

3. Әлеуметтік лингвистиканың нысаны мен пәні

Зерттеудің пәні - нысанның мәнді жақтары мен қасиеті. Мысалы, жанұя – нысан, оның материалдық жағдайы зерттеу пәні болады. Пән зерттеу нысаны мен өзекті мәселелерінің өзара байланыстылығын білдіреді. Егер нысан жан-жақты зерттелсе, зерттеудің нысаны мен пәні сәйкес келеді.

Ғылымның көздегені - нысанды бағалау. Ғалымның қызметі өз кезінде ғылымға қосқан үлес, инновацияларымен ғана емес, ынталандырушы идеяларымен де құнды болады.

Әлеуметтік лингвистикалық зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі, тәсілдері мен ұстанымдары

Тіл туралы ғылымның негізін **лингвистикалық әдіснама** құрайды. Әдіснаманың **жалпы әдіснама** (философиялық әдіснама) және **жеке** (нақты-ғылыми) **әдіснама** дегенекі түрі болады.

Жалпы әдіснама – таным ұстанымдарының жиынтығы. Жеке (ғылыми-нақты) әдіснама – объективті әлемнің нақты пәндік саласын, жалпы ұстанымдардан бастап, нақты мәнбірлермен (фактілермен) қабылдау аралығында таңдаудың жолдары мен тәсілдері жиынтығы.

Философиялық әдіснама деген – адамның қоршаған әлемді тануының тірі және өлі табиғаттың ең негізгі заңдарына негізделген жалпы ережелер жиынтығы.

Әрбір арнаулы зерттеу әдісі ғылыми жұмыс практикасымен ұштасады, ғылымның іс-әрекетінің барысында жүйелі жинау тәсілі (прием), өңдеу, қорытындылау жүзеге аспақ. Осы жинау жүйесін әдістеме дейді.

Әлеуметтік лингвистиканың әдіс-тәсілдері қатарында байқау, сөйлеуші сөзін жазу, сауалнама тарату, сұхбаттасу, құжаттар мен статистикалық материалдарды пайдалану, тәжірибе жүргізу т.с.с. атауға болады.

Әлеуметтік лингвистикалық зерттеу *материал, дерек жинау әдістері (байқау, тікелей байқау, сауалнама жүргізу, сынама (тест), сұхбат т.б.)* тілдік мәнбірлерді іріктеуде қолданылады. Материалды талдау негізі қорытындылаумен бірге аяқталып, басқараушы органдарға ұсынымдар жасаумен бітеді.

5. Әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелері

Тілдің әлеуметтік лингвистикалық мән-жайы. Тіл деген – әлеуметтік мәні зор, мағынасы терең, ғажайып құбылыс. Тіл – адамзат қоғамының құрамдас бөлігі әрі өмір сүруінің басты шарты, сондықтан да оны әлемдік әлеуметтік лингвистика қоғамдық құбылыс ретінде сипаттауда. Алайда адамның генетикалық кодында тіл жоқ, бірақ баланың тіл меңгеру қабілеті тұмысынан болады, тілді ол сөйлейтін қоғамда ғана меңгереді.

Тіл адамдар арасындағы қарым-қатынас қажеттілігін өтеу барысында пайда болды да, одан әрі даму жолына түсті.

Тіл – әлеуметтік қызметімен тіл. Қоғам, ұжым не топта тұлғааралық қызмет атқармаған тіл сол қызметтен айырылған күні құриды, мұның аты – «тілдік күйреу»(яғни «банкротқа ұшырау») деген сөз. Өлмелі тілді сақтау, өміршең тілдің әлеуметтік қызметін дамыту – ұлттың зиялы қауымына сын. Бұл сыннан ол әлеуметтік лингвистикалық біліктілік арқылы сүрінбей өтеді.

Тіл теориясының негізін қалаушы неміс ғалымы Карл Вильгельм фон Гумбольдт (1767 - 1835) тілді шындық-болмыс («действительность») нысаны ретінде сипаттайды.

Тілді шындық өмірдің нысаны десек, сол шындық-болмысты бейнелеген тілді зерттеу арқылы тіл білімі, тіл білімі теориясы қалыптасады, ол шындық-болмыстан туындайды.

Тіл білімі дүниеге келгелі тілге байланысты тұжырым да аз емес, сипаттама да сан алуан. Солардың ішінде соңғы кезде уақыт сынынан өтіп келе жатқаны – тілді шындық-болмыстың нысаны (объектісі) ретінде сипаттайтын тұжырым.

Шындық-болмыс пен тіл - өзара байланысты, бір-біріне тәуелді құбылыстар. Бұлардың байланысы, кемінде үшжақты көрініс береді. Сөз жетпестей алуан түрлі жаралған шындық-болмыс тілде көрініс табады. Оның атадан балаға мирас болып келе жатқан күнделікті бейнелеуші дағдылы тілі болады. Бұл – бір; екіншісі – адамдардың шындық-болмыс туралы ақпарат «өндірген» ғылыми таным тілі; үшіншісі – шындық-болмыс саласындағы қарым-қатынас құралы қызметін атқаратын тіл.

Тілдің атқаратын қызметі. Тіл – атқаратын қызметімен тіл. Тілдің қоғамда атқаратын қызметіне басым көңіл бөлетін – «қолданымдық лингвистика» («функционалды лингвистика»). Шынында, «тіл қолданымы» («тіл функциясы») қоғамда ғана, қоғам аясында атқарылады, сондықтан ол - әлеуметтік лингвистиканың төл мәселесі, демек, функционалды лингвистика әлеуметтік лингвистика аясында бағыныстылық жағдайда ғана болмақ.

Гносеологиялық тұрғыдан берілген анықтамаларда тіл ойлау, таным құралы ретінде сипатталады. Ал онтологиялық тұрғыдан берілген анықтамалар «дүниетанымдық», «бейнелеу» («тіл – ойлау бейнесі», «тіл – ұлттық сана-сезім немесе ұлттық рухтың бейнесі», «тіл – шындықтың бейнесі») тұжырымына құрылған.

Тілді құрал деп анықтауды оқулықтар дәстүрлі-логистикалық тұрғыдан сақтауда. Мұндағы басты кемшілік сол – тілді еш дәлелдемесіз, өз алдына лингвистикалық зерттеу нысанына айналдырмастан, ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас құралы деп түсіндіру, түсіну. Адам тілді кез келген жағдайда ойланып қолданбайтыны анық.

Тілдің ерекшелігі сол – оны барлық өмір сүру формасында бақылау қиын, бақылауға болатын жері – қарым-қатынас үдерісіне – сөйлеуге шығарылуы, ал сол үдерістің нәтижесі – **мәтін**.

Тілдің өмір сүру тәсілі – ұдайы қолданым, үздіксіз іс-әрекет. Әлбетте, тіл атқаратын қызметі тұрғысынан алғанда, қарым-қатынас құралы, «адамдар қарым-қатынасының аса маңызды құралы». Алайда тілдің қарым-қатынас

құралы екенін қабылдағанмен, бұл оның бірден-бір қызметі, негізгі қызметі деп есептеле бермейді.

К. Маркс пен Ф. Энгельс «тіл – ой шындығының тікелей көрінісі» деп атап көрсетті. Олар тілдің материалды құбылыс екенін, адам санасы қалыптасуындағы ролін дұрыс анықтаған.

Тіл және тағдыр. Тілді халық туғызады, халық өлсе, тіл де өледі. Әлде бір ықпалды жағдайлардың әсерінен сол тіл өзі өмірге әкелген халықтың алдында өмірден өтіп кете барады. Ал тілі құрыған тұста оны дүниге келтірген халық ұлттық қасиеттерінен ада болады, өзгеше өмір кешетін болады.

Тілдің ажалы қоғамдағы не мемлекеттегі көптілділік факторының қысымынан не тіл саясатының кертартпа бағыт алып, қырын кетуінен болады. Алайда тіл тағдыры оның сөйлеушісінің мемлекеті болу-болмауына да байланысты.

Тіл мен қоғам. Адамзат қоғамы, қоғамдық даму, о заманда - бұ заман, тілден тыс болған емес, болмайды да. Адамды адам еткен – қарым-қатынас, ал бұл тіл арқылы жүзеге асады. Демек, қоғамды қоғам еткен – тіл.

Адам тілін қоғамнан тыс алып елестетудің өзі мүмкін емес. Бұл – адам - адам болғалы, қоғам-қоғам болғалы өмір сүріп келе жатқан заңдылық, ат беріп, айдар тағып айтқанда, бұл заңдылықтың аты – қоғамдық тілдік заңдылық. Алайда бұл заңдылық түгілі, қоғам мен тілдің байланыстылығы дегеннің өзі тіл білімі теориясы пайда болғаннан кейін де, ұзақ уақыт бойы қаға берісте ақтаңдақ болып келді. Бұл тақырыпты зерттеуге дәстүрлі лингвистика қауқарсыз болды.

Тіл мен қоғам байланысын әлемде ұйымдасқан түрде Кеңес Одағының кейбір ғалымдары ХХ ғ. бірінші жартысынан бастап зерттеуге кірісті, ал шетел ғалымдары ғасырдың екінші жартысында құрылымдық лингвистика арқылы үлкен нәтижеге қол жеткізуге болмайтынына әбден көз жеткен кезде назар аудара бастады. Бір қызығы, американдық, неміс ғалымдары тіл мен қоғам мәселесін шешуде тілге басымдық береді.

«Тіл - қоғам» жүйесі - көп қырлы, күрделі де өзекті мәселе. Бұл жүйедегі әлеуметтану мен социолингвистиканың төл еншісі бар деп әр қырынан келіп, қарастыруына болар, бірақ, «тіл» мен «қоғам» арасындағы байланысты зерттейтін социолингвистика мен тіл социологиясын бөліп қарастырудың қисыны келмейді. Бұған социолингвистиканы, деңгейіне қарай, екіге бөліп қарастырған тұста, атап айтқанда, ірі әлеуметтік лингвистика (макросоциолингвистика) мен шағын әлеуметтік лингвистика (микросоциолингвистика) бөліп қарастырғанда әбден көз жеткізуге болар еді.

Шағын әлеуметтік лингвистика қарастыратын мәселелер:

а) *тілдесім барысында қажетті нәтижеге жету жолдары:* тыңдаушы назарын қандай тәсілдермен аударуға және ұстап тұруға болатыны; нақты әлеуметте (социумда) әңгімені қалай бастап, қалай аяқтауға болады, ол үшін пайдаланылатын сөйлеу тәсілдері; ә) *қатынас дағдыларының (competence) меңгерілуі және өзгерілуі;* б) *қатынастық дағдылардың пайда болуы және*

өзгеруі; қатынас үдерісінде ұтымды белгі бере білу мен қабылдай алу, «тиісті» қатынас ережесін білу; в) тілге қатынасты зерттеу; т.б.

Әлеуметтік лингвистика ғылымы әлемде бірден пайда болған жоқ. Тіл мен қоғам байланысының зерттелу тарихы бар. Әр түрлі аймақта алғашында өмірдегі өзгерістер мен тілдік жағдайлардың әсерін ескеру барысында дәстүрлі лингвистика әлеуметтік сипат ала бастады. Мұны *әлеуметтік бағдарлы лингвистика* деуге болады.

Тіл мен қоғамдық құбылыстар қатынасының кейбір жәйттері ХІХ ғ. екінші жартысында В. Гумбольт, Г. Вунд, Г. Штейнталь еңбектерінде көрініс берді. Француз ғалымы Поль Лафарг «Тіл және төңкеріс» атты кітабында төңкерістің ұлт тіліне тигізген әсерлерін бейнелейтін мәнбірлерді талдады.

Әлеуметтік лингвистика тақырыбына қатысты еңбектерді ХХ ғ. 20-30-жылдары Е.Д. Поливанов, Р.О. Шор, Б.А. Ларин, Л.Я. Якубинский, В.М. Жирмунский, А.М. Селищев сынды ғалымдар жариялады.

ХХ ғасырда шетелде әлеуметтік лингвистиканың дамуына Ф. Де Соссюрдің «ішкі лингвистикалық» сипатты еңбектері оң әсер еткен жоқ. Сол себепті де америкалық ғалымдары Д. Хаймс, В. Лабов әлеуметтік лингвистикадан ХХ ғ. 60-жылдары ғана еңбектер жариялай бастады.

ХХ ғ. соңғы он жылдығында КСРО құлағаннан кейін бұрынғы одақтас республикаларда жергілікті халық тілдері мәселелерін мемлекеттік мәртебе беру арқылы шешу мәселесі күн тәртібіне қойылып, кеңес үкіметінің іс жүзінде жергілікті ұлт тілдерінің қолданылу аясын шебер шектеп, орыс тілінің күллі өмір саласында еркін, кедергісіз қолданылуын қамтамасыз еткені сынға алынды. Лингвистикалық егемендік өз жемісін беруде.

Әлеуметтік лингвистика пәні – «қоғам мен тіл» байланысын, тілдің әлеуметтік топтармен қарым-қатынасы, тілге әлеуметтік факторлардың ықпалы.

Көптілділік пайда болған жерде тілдік жағдаяттың күрделенуі – табиғи құбылыс.

Игілікті тіл саясатын қалыптастыру Үкімет міндетіне жатады, оның жүзеге асу болмысы тіл құрылысы деңгейін танытады.

Тіл дамыту құрылысы *басқару, ұйымдастыру, ақпарат* атты үш тарапта үйлесім табуы шарт.

Қоғамдық-тілдік өмір адамдар мен тілдік ұжымдар арасында қатынас орнататын әлеуметтенген сөйлеу қызметінен тұрады. Олар: сөйлеу, оқу, жазу, тыңдау. Бұл үдеріс тілдерді байытатын бір немесе көпэтносты мәдени кеңістікте өтеді. Тіл – ұлттық (этникалық) мәдениеттің ғажайып құбылысы, ендеше, тіл мен қоғам өзара тәуелді жағдайда көрініс береді.

Әр тілдің өз тағдыры болады. Қоғаммен тығыз байланысты, бір-біріне тәуелді. Әрбір тіл - қарым-қатынас қажеттілігінің жемісі. Тіл адамға қызмет етеді, тіл мен қоғам қарым-қатынасы тарихи қоғам өміріндегі тілдің қызметінің өсуімен сипатталатыны сондықтан. *Тілге мемлекеттік мәртебе беру*, сол арқылы оны дамыту – *халықаралық қалыпты іс* (стандарт). Бұл, негізінен алғанда, әлеуметтік лингвистика құзырындағы қоғамдық мәселе.

Олай болса, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін үзеге асыруда *социолингвистикалық зерттеу әдіснамасын* қолдану қажеттігі өзінен-өзі туындайды. Бірақ бұл ретте алдымен бой көрсеткен әлеуметтік лингвистика әдіснамасының құндылығын анықтау үшін лингвист болу аз, әлеуметтік лингвист (социолингвист) болуы керек.

Әлеуметтік топ деген – мүдде бірлігі негізінде басы біріккен адамдар. Мүдденің түрі көп, соның бір түрі – тіл мүдделестігі. Ана тіліне деген перзенттік сүйіспеншіліктің орны мүлдем басқа.

Әлеуметтік жағдай – бұл халық өмір сүріп жатқан *нақты тарихи жағдай*. Ол халықтың әрқашан әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси деңгейіне тікелей байланысты.

Әлбетте, әлеуметтік қарым-қатынас тілдік байланыссыз болмайды. Әлеуметтік өзара байланыстың бір саласы – **тілдік байланыс**, ол тілдік *қолдану саласы* мен *тілдік ортадан* тұрады.

Тіл саласы. Тілдің қолданылу саласы – қоғамдық қызметтің нақты түрі аясындағы адамдардың қарым-қатынасы.

Қарым-қатынас саласы деген – қызметтің ерекше түрімен, тақырыбымен сипатталады, оған тілдің қолданылу аясы тән.

Тіл қолдану ортасы деген – туыстық, этникалық, әлеуметтік, аумақтық байланысқа түскен **адамдар қауымдастығы**.

Әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелер қатарында тілдердің күллі деңгейі бойынша *әлеуметтік жіктелуі*, «тіл мен ұлт», «мемлекет және тіл», тіл саясаты, біртілділік, қостілділік, үштілділік, көптілділік сияқты жүздеген терминдер алынады.

Әлеуметтік лингвистика ұғымдық аппаратқа бай. Бұл ретте Э.Д. Сүлейменованың редакциясымен шыққан «*Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі*» (Астана, 2008) 650-дей терминді қамтығанын айтсақ та жеткілікті.

О заман да - бұ заман, тіл біткен екі жолмен дамиды: бірі - өз бетімен (стихиялы түрде) даму, екіншісі — адамдардың арнайы әсерімен болатын даму.

Тілдің қоғам қажеттілігіне сай дамуы — заңдылық.

Мемлекеттік тілді дамыту үшін мынаны ескеру керек: күллі әлемде игілікті іс біткен үш алып тұғырдан нәр алады. Олар: басқару, ұйымдастыру, ақпарат. Ал нарықтық қатынасқа түскен қоғамдағы тіл дамыту шаруасы осы үш тұғыр менеджмент, маркетинг, мониторинг деген үш қайнар көзінен күш алуы тиіс.

Алайда қазақтілінің мемлекеттік мәртебесі тиісті деңгейде жүзеге асар емес. Не істеу керек? Алдымен жүзеге аспау себебін білу керек. Себеп сол — жаппай біліктілік жетіспейді: тілшілер саясат пен экономикадан бейхабар. Ал экономистер мен саясаткерлер тіл дамытумен айналысатын әлеуметтік лингвистиканы білмейді. Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан келгенде, экономика мен тіл екі түрлі құбылыс екені анық, бірақ оларды байланысты қарастырсақ, екеуінің бір-бірін дамытатын факторлар екені тағы анық.

Экономиканың маңызы адам өміріндегі алатын орынымен ерекше. Ал тіл адам өмірін жан-жақты, түгел қамтиды, олай болса, экономика мен әлеуметтік лингвистика ғылымдарының арасында да тығыз байланыс орнаған.

Адамды адам еткен - тіл, жеке адамды әбден жетілген, кемеліне келген, Абай сөзімен айтқанда, «толық адам» етіп әлеуметтендіру, тұлғаға айналдыру да тіл арқылы жүзеге аспақ.

Қазақтар елімізде экономикалық қызметтегілердің тең жартысынан астамын құрайды. Бұл - қазақ тілін экономикалық өмірге енгізуге мүмкіндік мол деген сөз. Таратып айтар болсақ, қазақ тілін өмірдің алты саласында қызмет бабында кең көлемде қолдануға болады. Мысалы, білім, мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет, ауыл шаруашылығы, қаржы қызметі саласы.

Қазақ өнеркәсіп пен құрылыс саласындағы қызметкерлердің 1/3 бөлігіненаса құрады. Бұл екі салаға қазақ тілін енгізу мәселесін менеджменттік тұрғыдан, ғылыми негізде шешпек керек.

Тіл мәселесін шешуде қаржыландырудың орыны ерекше, бұл мәселені шешпей, тіл мәселесін шешем деу ағаттық болады. Алайда қаржыны үйіп-төккеннен тіл мәселесі түбегейлі шешілмейтінін әлеуметтік лингвистика мамандары әлемдік тәжірибе арқылы әлдеқашан дәлелдеді.

Тіл саласында екі жағдай басты, іргелі болып есептеледі: бірі - тілдің әлеуметтік құбылыс екенін жете түсіну, екіншісі - тіл мен әлеуметтік қауымдастықтың түрлерінің өзара байланыстылығына жете көз жеткізуі.

Кез келген тіл жоспарлы түрде, жергілікті ықпал ететін әлеуметтік факторларды (жағдайларды) жоспарлы ұйымдастыру арқылы жүзеге аспақ. Сондай фактордың бірі және бірегейі - мемлекеттік мәртебе. Көптілділік жағдайында белгілі бір тілді мемлекеттік мәртебе беру арқылы дамыту - тіл әлемінде нық орын алған халықаралық калыпты жағдай (халықаралық стандарт). Алайда мемлекеттік мәртебе өзінен өзі жүзеге аспайды. Бұл үшін мәртебені жүзеге асырудың ғылыми негізі салынуы шарт.

Әлеуметтік фактор – ықпалды жағдай. Әлеуметтік фактор – адам қызметінің нақты жүйелі ұйымдасқан әлеуметтік іс-әрекеті. Әлеуметтік фактор сөйлеу әрекеті үдерісінде тіл әлеуметтігін туғызады және соның пайда болуына себепші болады.

Тілдің әлеуметтік нышаны оның күллі деңгейінен түрлі дәрежеде көрініс береді. Әлеуметтік факторлар мен тілдің ішкі даму заңдылықтары ұдайы өзара байланыс жағдайында болады.

Әлбетте, әлеуметтік факторлардың тілдің түрлі деңгейіне әсері әрқилы болып келеді.

Әлеуметтік факторлардың тіл жүйесіне қиысуының социолингвистикалық деңгейлік сипаты. Тілдің күллі деңгейі әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан сипатталады. Әр деңгейге сай,

«социолингвистика» сөзін «социо-»деп қысқарта отырып, әлеуметтік лингвистиканың бес түрін атап көрсетуге болады.

1. Социолексика сөздік құрамның әлеуметтік факторлар әсерімен пайда болған қабатын зерттейді. Әлбетте, әлеуметтік фактордың әсері лексиканың әр қабатында әрқилы бейнеленеді. Бұл қоғамның тілге мақсатты ықпалымен байланысты.

2. Социоморфология тілдің морфологиялық жүйесі табиғатына тән тұрақты әлеуметтің тарихи сөйлеу әрекетін зерттейді.

3. Социосинтаксис әлеумет пен әлеуметтік факторлардың сөз тіркесі мен сөйлемге тигізетін ықпалын зерттейді. Бұл тұрғыдан зерттеу арқылы әлеуметтік факторлар әсерімен тілде оң, теріс пайда болған сөз тіркестері мен сөйлемдер, олардың ішінде аударма арқылы (калька жолымен) пайда болғандары анықталады.

4. Социофонетика әр түрлі әлеуметтік топтың белгілі бір дыбысты айту ерекшелігі *социофонетикалық* тілтаным арқылы анықталады. Бұл үшін көпшілік қатынасқан әлеуметтік лингвистикалық зерттеу (сауалнама) жүргізіледі. Социофонетика шын айтылым нормасын белгілеуге (орфоэпияға) қызмет етеді, соның негізінде әдеби тілдің социофонетикалық заңдылықтары қалыптасады(М.В. Панов).

5. Социостилистикағылымы (В.В. Виноградов еңбектерінен бастау алады) тіл бірліктері мәнбірлерінің (фактілерінің) «әлеуметтік төлқұжаттануына» («социальная паспортизация») мән бере отырып, олардың шығу көзін тауып, әлеуметтік немесе кәсіби ортаның қай саласы мен стиліне бекігенін анықтайды (Л.П. Крысин).

Әлеуметтік факторлардың тіл дамуындағы көрінісі. Тіл құрылысы өзгереді, тарихи дамиды. Бірақ тіл құрылысындағы өзгерістің бәрі дамуға апармайды. Тілдік өзгерістердің себебін үнемі анықтау мүмкін емес. Алайда өзгерістер, біріншіден, тіл заңдылықтарына, тіл құрлысы ұстанымдарына негізделген. Екіншіден, тілдің қолданылу тетіктерінен туындайды. Тіл құбылысын тіл мен сөйлеу диалектикасы тұрғысынан үш қырынан сипатталады. Бір қыры – сөйлеу мен түсіну үрдісі («сөйлеу әрекеті»). Екінші қыры – сөздіктер мен грамматикалар («тіл» немесе «тіл жүйесі»). Үшінші қыры – белгілі бір дәуірдегі сөйленген мен түсінілгеннің жиынтығы(тілдік материал) (Л.В. Щерба).

Тіл дамуына тікелей әсер ететін қоғам өміріндегі ықпалды жағдайлар сапында лингвистикалық егемендік, экономикалық өзгерістері мен мәдени даму және қоғамдық жіктелімдер (*кәсіп, жыныс, жас, демография, білім* т.б.) белгі береді.

Әлбетте, әлеуметтік факторлар тіл жүйесі құрылысы дамуында да бейнеленеді. Сырт қарағанда бұл анық байқала қоймады, бірақ нақты тілқолданыста лексикалық парадигматикалар мен синтаксистік құрылымдағы соны құбылыстар саралана түседі.

Тілдің қолданылуы мен дамуына әсер ететін әлеуметтік факторлар алуан түрлі, оларды бірыңғай топтастыру мүмкін емес, бірақ тоғыз түрі белгілі.

Тілдің қолданылуы мен дамуының әлеуметтік факторлары тілдің ішкі даму заңдылықтарымен біте қайнасқан.

Тілдік-этникалық жағдаят. Қарым-қатынастың әлеуметтік лингвистикалық сипаты халықтардың қоныстану үдерісі мен жиынтығынан тұрады, тілдердің оларға қызмет етуімен анықталады. Тілдік-этникалық жағдаят нақты аумақтың әлеуметтік, идеологиялық және саяси жағдайлары негізінде туындайды.

6. Тілдік қатынастар – тілдердің өзара байланысы

Қарым-қатынас саласы белгілі дәрежеде тілдің сыртқы жүйесі элементтерімен өзара сәйкес келеді: тұрмыстық қарым-қатынас әдеби тілдің ауызекі сөйлеу стилімен, аймақтық әлеуметтік диалектілермен қамтамасыз етіледі, ал көпшілік қарым-қатынаста әдеби тілдің көсемсөзі, ғылыми т.б. стильдер қолданылады. Бейресми жазбаша қарым-қатынаста көркем және ғылыми стиль, көркемсөз стилі қолданылады, ал ресми байланысқа ресми-іскерлік стиль тән.

Адамдардың тікелей қарым-қатынас жемісі әрі жалпы «қатынас» атаулының тіл арқылы жүзеге асатын түрі тілдік қатынастарда сипатталады. Тілдік қатынас – екі не одан да көп тіларалық қатынастың нақты байланысқа құрылған түрі. Тілдердің өзара қарым-қатынасы негізінде олардың құрылымы мен сөздік құрамы өзара байланысқа түседі. Тілдік қатынастар нейролингвистиканың да зерттеу нысаны.

Тілдердің өзара байланысы әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттелуде, кейінгі кезде көптілді Қазақстанның жоғары оқу орындарында «Тілдік қатынастар негізі» деген пән оқытыла бастады.

Тілдер байланысындағы әр тілдің атқаратын қызметіне, ықпалына қарай *субстрат, суперстрат, адстрат* құбылыстары өзара ажыратыла анықталады.

Әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан алғанда, сөйлермен біртүлді, көстүлді және көптүлді адам болып сипатталады. Бұлай деп сипаттау қоғам, ел деңгейінде де көрініс беруі мүмкін. Тіл меңгерудің а) лингвистикалық, ә) педагогикалық, б) психологиялық негіздегі қырлары бойынша зерттейді.

Біртүлділік – *жекелеген адамдардың әлеуметтік топ немесе халықтың бір түлді кез келген жағдайда алуан түрлі өмір саласында қолдануы.* Бір түлде сөйлейтін адамдар өздерінің тұтастығын және де өзге түлде сөйлейтін адамдардан айырмашылығын анық сезінеді. Біртүлділік жанұяда пайда болады, мектеп қабырғасында қалыптасады.

Көстүлділік – *жекелеген адамдардың, әлеуметтік топ не ұжымның немесе халықтың әр түрлі жағдай орайына қарай, әр түрлі өмір саласында екі түлді алма-кезек (кейде, мысалы, жазуда- қатар) қолдануы.*

Үштүлділік немесе **көптүлділік** – *жекелеген адамдардың, әлеуметтік топ не ұжымның немесе халықтың, әлеуметтік жағдайға байланысты, әр*

түрлі өмір саласында үш немесе одан да көп тілді алма-кезек (кейде, мысалы, жазуда- қатар) қолдануы.

Тілдер байланысына себепкер болатын - халықтардың экономикалық, саяси, мәдени байланысы. Қарым-қатынас үдерісінде тіл пайдаланушылардың қостілділік, көптілділік түрлері қалыптасады. Бөгде тілді игеру деңгейінің көрсеткіші - интерференция (жалпыға ортақ нормадан фонетика, грамматика, лексика деңгейіндегі ауытқулар).

Ана тілін білу деңгейінің көрсеткіші – интеркаляцияның болмауы.

7. Ұлттық–аумақтық құрылымның тілдік өмірі: әлеуметтік лингвистикалық сипаты

Белгілі бір лингвистикалық кеңістік, нақты қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени жағдай деңгейіндегі қарым-қатынас жағдаятындағы адамдардың бір не бірнеше тілдің өмір сүру формаларын пайдалануы тілдік өмір құрайды. Елдің әлеуметтік лингвистикалық көрініс-кейіпін тереңдете зерттеу қарым-қатынастық орта ұғымын ендіруді қажет етеді. Ол - белгілі аумақ шеңберінде тұрақты, жүйелі қарым-қатынаспен сипатталатын әлеуметтік, этникалық, тілдік қауымдастық қарым-қатынас салалары негізінде тұрақты әрі ірі әлеуметтік лингвистикалық кеңістіктер қалыптасады. Бұл арада *кім қай тілде сөйлейді, кіммен, қашан, қайда және неге сөйлейтіні* анықталады.

Тілдердің әлеуметтік лингвистикалық мәртебесі. Тілдік мәртебе оның қызмет түрлерін бөлу, әр түрлі өмір салаларында қолданылу деңгейінен туындайды. Бөліс тұсында тілдердің қатар өмір сүруінің негізі мен мақсаты ескеріледі. Әлеуметтік лингвистикада бұл ретте а) көпэтносты мемлекетте шағын этностар тілін жергілікті тіл ретінде бөліп қарайды, ә) әлеуметтік диалектінің бір түрі кәсіби тілді (мамандырылған тіл, саудагерлер тілі, балықшы, бақташы, қолөнерші тілі) ескереді, б) ерекше салада қолданылатын салт-жора тілін, в) ұлт тілін, г) көпұлтты мемлекетте қатысым қызметін атқаратын ұлықделдал тілді (ұлтаралық қатынас тілін), д) әлемдік қауымдастықта қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатын халықаралық тілді, дүниежүзілік халықаралық ұйымдардың ресми (жұмыс) тілі қызметін атқаратын әлемдік тілдерді бөліп қарастырады.

Тілдік басқару. Тіл қалай дамиды, оны кім дамытады? Міне, осы бір сұраққа жауап таба алсақ қана тілді дамытуға болады.

Тіл екі түрлі жолмен дамиды: бірі - әлеуметтік топтар тарапынан арнайы саналы түрде ықпал ету арқылы дамыту; екіншісі - тілдің ішкі даму заңдылықтары негізінде, өзінен-өзі дамуы. Екеуі де зерттеу нысанына айналуы тиіс.

Тілдер әлеуметтік топтар ықпалымен, әлеуметтік фактор әсерімен дамиды. Әлеуметтік топ деген — *бірыңғай әлеуметтік бағдарда қызмет атқаратын, мүдде бірлігі негізінде басы біріккен адамдар жиынтығы.* Мүдденің түрі көп, соның бір түрі - тіл мүдделестігі. Ана тіліне деген перзенттік сүйіспеншіліктің орны ерекше.

Тіл (ана тілі) өзін дүниеге әкелген халық өмірін түгел де жан-жақты қамтиды, сондықтан да ол –ғылымның сан алуан салаларын, атап айтқанда, тіл білімі, әлеуметтік тіл білімі, ұлттық психология (этнопсихология), психолінгвистика, педагогика, халықтану, тарих, пәлсапа, заң ғылымдарына ортақ мәселе. Тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ереже болады.

Тілдік реттеу - мемлекеттік идеологияның аса маңызды қыры. Ол тіл саясаты мен тілдік жоспарлау, тілді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, тіл заңнамасы, «мемлекеттік тіл», «ресми тіл» ұғымдарының әлеуметтік лингвистикалық түсініктемесін қамтиды.

Тіл саясаты деген — мемлекеттің аумағындағы тілдерді дамыту немесе тұқыртуға байланысты белгіленген ұстанымдары мен басшылыққа алған басым бағыттар жүйесі. Мемлекеттік тіл саясаты заңмен бекітіледі.

Тіл саясаты, сайып келгенде, мемлекеттік тілді тандау, оны нормаландыруға және мемлекеттік тіл мен қалған тілдер қолданылатын өмір салаларын белгілеуге барып саяды. Әлбетте, тілдің мемлекеттік мәртебе алуы үшін көбіне сол тілде сөйлейтін халықтың байырғы тұрғыны болып, оның саны мол, шоғырланған сипатты, беделі айқын, ұлттық мәдениетті меңгерген зиялы қауымның болуы шарт. Қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі, міне, осындай жағдайлар ескеріліп берілді.

Мемлекет қайраткерлері, саясаткер т.с.с. тұлғалар тілін идеологиялық және саяси мәтіндерді талдаудың өзекті мәселелерін зертеу негізінде «Саяси лингвистика» ғылымы қалыптасу үстінде.

Бағдарлама. *Ғылымның, жалпы іс-әрекеттің мазмұны, даму жоспары* деген сияқты мағынада бағдарлама ұғымы қалыптасқан. Тіл туралы ғылым білім үлгісінің (парадигмасының) ауысуы негізінде дамиды, оған нақты бағдарлама бойынша даму тән емес. Бірақ бағдарлама – социолінгвистиканың жан-жақты дамуының құбыланамасы (компасы). Алдымен социолінгвистика *ғылымының даму бағдарламасы*, содан кейін *социолінгвистикалық зерттеу жүргізудің бағдарламасы* жасалады. Социолінгвистикалық зерттеу нәтижесінде тіл мәселелерін алуан түрлі жоспарлы ұсыным жасалып, болжам жобаланады, реттеу тетіктері түзіледі — солардың негізінде мемлекеттік тіл құрылысын жүзеге асырудың бағдарламасы жасалады.

Тілдік ахуалды жоспарлы түрде жақсарту. Ел-елде тілдерді жоспарлы түрде дамыту мәселесі дәстүрлі сипат алуда. Әлемдік тілдік өмір тәжірибесінде тілді мемлекеттік жоспарлау арқылы дамыту жиі кездеседі.

Мемлекеттік бағдарлама деген - белгілі бір елдің тілдік өмірін жақсарту мақсатын көздейтін сол ел үкіметі бекіткен нақты мерзімге белгіленген іс-әрекет, шараның нақты жоспары.

Қазақстанда тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасының жүзеге асуы көңіл көншітпейді. Жаңа бағдарламадан елдің күтері көп-ақ.

Тілдік дау-дамай. Қоғамдағы, әсіресе көпэтносты қоғамдағы, тілдік ахуал саяси, әлеуметтік, ұлттық, аймақтық негізде шиеленіседі. Тіл –

адамдардың көңіл-күйіне әсер етудің қуатты құралы. Әр түрлі партия, қоғамдық қозғалыстар, жекелеген саяси қайраткерлер үкіметті сынап, өз мақсатына жету үшін тілдің мүшкіл халін алға тартады.

Тіл - әлеуметтік қызметімен тіл. Бір тіл атқарар қызметтер арасында да, тілаларлық қатынаста да өзіндік бәсекелестік бой көрсетеді. Сондықтан да көпұлтты қоғамда тілге белгілі дәрежеде бақылау қойылады. Бақылау түбі бір тілдің қоғамдық өмірдің күллі саласында атқарар қоғамдық қызметін реттеу, әр тілдің көпұлтты қоғамда қолданылу үрдісін белгілеу болмақ.

Тілаларлық қатынасқа (тілге) қойылар бақылау мен бәсекелестікті реттеу деңгейі әлеуметтік біліктілік дәрежесін танытады. Бұл алдымен мемлекеттік тіл саясатынан көрінеді.

Тіл және идеология. Тіл - идеологиялық күрестің нысаны және құралы. Тіл - қоғамдық қатынасқа жан-жақты қызмет ететін құрал, ол қоғамның әлеуметтік топтарына бірдей қызмет көрсетеді. Бірақ тілге оны қолданушылар тарапынан ықпал күшті болады. Бұл алдымен тілдің лексикалық деңгейінен көрініс береді. Идеологтар мен саясаткерлердің, мемлекет қайраткерлерінің ауызша сөздері мен жазбаша мәтіндерін зерттеудің әлеуметтік лингвистика үшін мәні зор.

8. Қазақстанның тілдік өмірі

Қазақстанда әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан арнайы жазылған мақала-зерттеулер өткен ғасырдың 60-жылдарының соңына қарай, ал монографиялар 70-жылдары пайда болды.

Қазақстан – жүзден аса тіл иелерінің отаны. Бұл ерекшілік сақталады, бұған Қазақстанның игілікті тіл саясаты кепіл. Қазақстанның әлеуметтік қарым-қатынасы лингвистикалық егемендік жағдайында жүзеге асуда, жүзден аса ана тіл мен мемлекеттік тіл негізінде әр түрлі дәрежедегі (жекеадамдық, топтық, ұжымдық, ұлттық деңгейдегі) қостілділік пен үштілділік қалыптасуда.

Ана тілі. Ана тілі халық өмірін түгел де жан-жақты қамтиды, сондықтан да ол ғылымның сан алуан салаларын, атап айтқанда, тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, ұлттық психология (этнопсихология), психолінгвистика, педагогика, халықтану (демография), тарих, пәлсапа, заң ғылымдарының тілге келіп тоқайласқан жерінен алынып сипатталуы тиіс. Міне, осы тұрғыдан алғанда, ана тілі дегеніміз әлемдегі күллі тіл атауыдан ішкі құрылыс ерекшелігімен дараланатын, белгілі бір халықпен нақты кеңістікте тарихи бірге жасап, оның төл мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластырушы, сол халық адамдарына (*жас, жыныс, сенім, кәсіп, әлеуметтік жағдай айырмасына қарамай*) түгелдей және жан-жақты қызмет етегін ұлтшілік қатынас құралы.

Қазақтың ана тілінің құты қашқан кезі тоталитаризм тұсы болды. Сол кезде қазақ зиялысы жергілікті үкімет басшыларынан қазақ тілінің беделін көтеру, оның оқу-ағарту саласындағы қоғамдық қызметінің көлемін арттыру мәселесін шешуді талап етті.

Тіл қалай дамиды, оны кім дамытады? Міне, осы бір сұраққа жауап таба алсақ қана тілді дамытуға болады.

Тіл екі түрлі жолмен дамиды: бірі - әлеуметтік топтардың қоғам тарапынан арнайы, саналы түрде ықпал ету арқылы дамытуы; екіншісі – тілдің ішкі даму заңдылықтары негізінде өзінен-өзі дамуы. Екеуі де зерттеу нысанасына айналуы тиіс.

Тіл дамыту мәселесін шешудің барған сайын қиындай түсуі социолингвисті үздіксіз ізденіске түсіреді. Бұл – менеджмент, маркетинг, мониторингке сүйенген қоғам бастан кешіп отырған кезең мен нарықтық қатынас ерекшеліктерін ескеру қажеттілігінен туындады.

Халықтардың ана тілінде, мемлекеттік тілде, орыс тілінде және шетел тілдерінде оқыту, оларды үйрену еліміздің оқу стандартына жатады. Қазақстан халықтары тілі зерттелуде, зерттеу ісі теориялық, оқу-әдістемелік және ізденіс бағыттарында жүргізілуде.

Қазақстан әлеуметтік лингвистикасы белгілі дәрежеде даму үстінде. Алайда Қазақстанның 17 млн-дай халқының тілдері атқаратын қоғамдық қызметінің көлеміне қарай бірді-екілі монографиялық зерттеулерде ғана таптастырылған. Ал таптастырудың қажетті екені айтылмаса да белгілі. Елімізде қазақтың үлес салмағы 63,1%-дан асса, қоғамдық қызметінің көлемі орыс тілінен басым емес. Қазақ пен орыстан басқа халықтардың еліміздегі үлес салмағы 13,2%, қоғамдық қызметінің көлемі сол үлес салмағына сай болып келеді. Бұл тілдер – орташа дамыған, әлеуметтік қызметі шағын тілдер және қоғамдық қызметі көлемі мейлінше шағын, өлмелі, сақтау үшін қамқорлықты қажет ететін тілдер ретінде таптастырылар еді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл – қазақ тілі» (7-бап, 1-тармақ). Әлбетте, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе қазақтың көпшілік болуына ғана байланысты емес, қазақ тілінің мәселесін шешу үшін берілді. Қазақ тілі - әлемдегі күллі тіл атаулыдан ішкі құрылыс ерекшелігімен дараланып, қазақ халқымен Қазақстан аумағында тарихи бірге жасап, оның төл мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластырушы, қазақ халқына (адамдардың жас, жыныс, сенім, кәсіп, әлеуметтік жағдай айырмасына қарамай) түгелдесі және жан-жақты қызмет ететін бірден-бір ұлттық қатынас құралы.

Қазақтың тілі Қазақстанда мемлекеттік тіл ретінде қолданыла отырып, Қазақстан халықтарының ортақ тілі – «ұлттаралық қатынас құралы» қызметін атқарады. Ал Қазақстан халқы құрамында үлес салмағы 23,7%-ды құрайтын орыстың тілі, Қазақстан конституциясы бойынша, «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» (7-бап, 2-тармақ), бірақ оның қолданылуы да заң жүзінде міндеттелмеген. Қазақстанның 13,2%-ын құрайтын қазақ пен орыстан басқа халықтары тілдерінің мүддесі деескерілген. «Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» (7-бап, 3-тармақ).

Тіл туралы заңнама: оны жүзеге асырудың өзекті мәселелері. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңнамасы тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау бағытындағы атқарар міндеттерін белгіледі, елімізде қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарау қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік мәртебедегі қазақ тілі, заң бойынша, елдің (мемлекеттің) бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Мемлекеттік тілдің сәні *билік тілі* болуымен кіреді. Билік - саяси дискурстың негізгі тұжырымы, сондықтан саяси өкіл сөзін зерттеу мейлінше өзекті.

Мемлекеттік тілді мәпелейтін - біліктілік. Біліктілік болғанда да алдымен **әлеуметтік лингвистикалық біліктілік** керек. **Тілдік органы** қалыптастыру керек - соның өзі арнайы оқытудан кем емес.

Ғылымда *даму ұғымы мен өзгеру* деген түсінік қатар жүреді. Алайда тілдік бірлік өзгергеннен тіл жетілмеуі мүмкін. Тілдік бірлік бір қалыптан екінші қалыпқа көшуі (мысалы, сөзден жұрнақ пайда болуы) немесе оның тілдік қатынас талабына жауап беруі мүмкін. Тілдің дамуына сыртқы және ішкі фактор ықпал етеді. Сыртқы фактор - тіл заңы деп аталатын әлеуметтік лингвистикалық категория. Ішкі фактор - *тілдің ішкі құрылысының даму заңдылығы* деп аталатын лингвистикалық категория.

Әлемдік тіл практикасында тілдің мемлекеттік мәртебесі болса, онда ол тілді міндетті түрде қолдануды талап етеді. Олай болса, мемлекеттік тіл дегенелдің бүкіл халқы күллі аймақта міндетті түрде қолданатын мемлекеттің әлеуметтік-қатынас жүйесінде ресми мәртебеге ие болуға тиісті.

Тілдік өмірді жақсартудың кепілі – әлеуметтік лингвистикалық білікті басқару. Тілдің мемлекеттік мәртебесінің жүзеге аспауының ең басты себебі –біліксіз басқару. Басқару мамандығы бойынша кадр дайындау кейінгі кезде қолға алына бастады. Ғылыми негізделген басқару, білікті шешім қабылдау, осы екеуі болуы - қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін жүзеге асырудың басты кепілі.

Тіл дамыту үшін алдымен керегі - менеджмент, маркетинг, мониторингке негізделген әлеуметтік лингвистикалық зерттеу. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің іске аспауының ең басты себебі - біліксіз басқару.

Тілдік зерттеу маркетинг ғылымына сүйенуі тиіс, бірақ зерттеу әлеуметтік лингвистика мен маркетингтің ортақ өрісінен табылмақ керек.

Тіл дамытудың басым бағыттарының бірі - *тіларалық бәсекелестікті реттеу* жолы. Қазақ тілінің ахуалы өткен ғасырдың екінші жартысында мүшкіл халде болды. Ол Қазақстанның көпшілігі сөйлейтін, тоталитаризмнің

қолшоқпары болған орыс тілінің тегеурініне шыдай алмау, өмірдің әлеуметтік мәні зор салаларында қолданыстан шығып қалу қаупі төнді. Қазақ тілінің күрделі мәселелерінің түйінін шешу мақсатында 1989 жылы Қазақстанның жеке-дара мемлекеттік тілі болып қабылданды.

Қазақ тілі Кеңес дәуірінде қоғамдық қызметін дамытты. Бірақ кейбір өмір салаларында оның қызметін орыс тілі атқарып, шектеуге түскені анық. Қазақ тілі қолданыста жасанды түрде шектелгенмен, тоталитаризмге қарсы тұра білді, жалпы алғанда, әлеуметтік лингвистикалық құнсыздануға ұшырамаған тіл. Бұл күндері оның болашағы бұлыңғыр емес, халық тарапынан жоспарлы даму жолында. Мемлекеттік мәртебесінің толық жүзеге асуына негіз бар.

Қазақстанда халықтар тілдерінің дамуы, солардың негізінде бұрын қалыптасқан қостілділік пен көптілділік құбылыстары жалғасын табуда.

ізденістерге, зерттеушілік жұмыстарға құштарландыру және баулу - *пәннің мақсаты* болып табылады.

«Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» пәнінің негізгі міндеттері: Магистранттарды әдеби-сын, зерттеу еңбектерімен жұмыс істей (оқу, конспект жасау, реферат жазу, библиография, т.б.) білуге, ғылыми баяндама жасауға, еңбектегі негізгі түйінді ойларды тани білуге, әдебиет тізімі, яки, библиография түзуге, сілтеме жасауға т.б. машықтандыру. Әдебиеттану ғылымының қазіргі даму барысы туралы толық мағұлмат беру және әдеби шығармаларды толық түсіну және қабылдау үшін қазіргі ғылыми әдіснамалық принциптерді дұрыс қолдануды үйрету. Алған білімдерін тәжірибеде пайдалана алуға жаттықтыру.

«Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» пәнін оқу негізінде магистрант білуі тиіс: Әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттар курсына оқу барысында ізденуші мыналарды білуі керек:

- Әйгілі әдебиеттанушылардың негізгі еңбектерін;
- Көркем әдебиеттің өзіне ғана тән ерекшеліктерімен оның эстетикалық құрылымын;
- Әдебиеттануды оқытудың негізгі әдістерін;
- Әдебиеттанудың негізгі философиялық мәселелерін;
- Әдебиеттанудың өзекті мәселелерін шешу жолдары мен әдеби құбылыстарды анықтаудың жаңа әдістерін меңгері.

«Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» пәнін оқу негізінде магистрант меңгеруі керек: қазіргі қазақ, орыс және шет ел әдебиеттеріне қатысты әдебиеттану ғылымы жинақталған жүйелі білім беру, шешімі күрделі әдебиеттің теориясы мен тарихына және сынына қатысты әдебиеттанудың өзекті мәселелерін, әдебиеттану ғылымының қазіргі даму барысын, әдеби шығармаларды толық түсіну және қабылдау үшін қазіргі ғылыми әдіснамалық принциптерді дұрыс қолдануды, талдау әдісі, салыстырмалы-типологиялық әдіснамалық, жүйелеу әдісі, кешенді әдіс секілді ғылыми әдістерді меңгерген жөн.

«Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» пәні әдебиеттанудың бүгінгі келелі мәселелерін, соңғы жылдары жарық көрген монографиялармен, зерттеу мақалалармен таныстыруды, мәнді, маңызды еңбектерді бүгінгі әдебиеттанудың бағытын аңғартатын пікірлермен, негізгі идея, басты ағымдарды өзара салыстыра зерттеуді, алда тұрған өзекті мәселелерді, айқындап зерттеудің жаңа әдістемелері әдіс-тәсілдерін үйретуді мақсат етеді. Сонымен қатар, магистрлерді әдебиеттану ғылымының осындай өзекті мәселелерін жан-жақты хабардар етіп қана қоймай, қиын да күрделі мәселелер турулы өз беттерінше ой қорытып, ізденуге бағыт-бағдар береді.

Пәнді оқу барысында алған білімін қолдану жолдары: Аталған курсты оқу барысында алған білім нәтижелерін магистрант магистрлік диссертация жазғанда, ғылыми зерттеуге бағытталған мақалалар жазғанда және әдебиеттану саласында кәсіби қызмет еткенде пайдалана алады.

Пререквизиттер тізімі

№	Пән атаулары, олардың бөлімдері (тақырыптар)
1	Әдебиеттануға кіріспе
2	Әдебиет тарихы
3	Әдебиет теориясы
4	Әлем әдебиеті
5	Қазіргі әдеби процесс

Постреквизиттер тізімі

№	Пән атаулары, олардың бөлімдері (тақырыптар)
1	Көркем әдебиет психологизмі
2	Көркем мәтінді әдеби редакциялау
3	Қазіргі салыстырмалы әдебиеттанудың мәселелері
4	Әдеби даму заңдылықтары

Пәннің тақырыптық жоспары

№ п/п	Тақырып
1.	Әдебиеттану ғылымы және оның басқа ғылым салаларымен байланысы
2.	Қазіргі әдебиеттанудың жаңа парадигмалары
3.	Қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық мәселелері
4.	Әдебиеттанудағы мектептер мен жаңа бағыттар
5.	Әдебиеттегі эстетикалық пайымдаулар
6.	Мәтін теориясы мен поэтикасы. Мәтінтану мәселелері
7.	Әдеби когнитология
8.	Көркем антропология
9.	Әдеби герменевтика. Рецептивті эстетика
10.	Әдебиеттегі авторлық мәселесі
11.	Қазіргі әдебиеттегі ұлттық таным
12.	Мифопоэтика және археопоэтика
13.	Көркем туындының шығармашылық тарихы
14.	Әдеби процесс, әдеби бағыт, ағымдар
15.	Әдебиеттегі дәстүр және жаңашылдық

Пәннің мазмұны

1Әдебиеттану ғылымы және оның басқа ғылым салаларымен байланысы. Әдеби дамудың заңдылықтары.

Әдебиеттану ғылымы, мақсат-міндеттері, салалары. Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы: жетістіктері мен проблемалары. Өнерге жаңаша көзқарас. Әдебиеттану ғылымының зерттеу, қарастыру нысанына, мақсат-міндеттеріне орай оның эстетика, тарих, филология, тіл, мәдениеттану, т.б. ғылымдармен байланысы. Өмір болмысы, қоғамдық шындықты танудың екі жолы: ғылыми таным және көркем таным ерекшеліктері. Әдебиеттанудың гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдармен байланысы.

Әдебиет және фольклор. Әдебиеттің пайда болуы. Әдеби дамудың тарихи кезеңдері, мәдени-тарихи дәуірлері. Әдеби бірлесіп әрекет ету, дәстүрлер және жаңашылдық. Әдебиеттегі нақтылы-тарихи және салыстырмалы-типологиялықты үйрену. Мәдени-тарихи дәуірлер және ондағы көркемдік ойлаудың үстем болуы. Әдебиеттің даму кезеңдері.

2. Қазіргі әдебиеттанудың жаңа парадигмалары

Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа мәселелері. Теориялық әдебиеттанудың дәстүрлі әлеуметтік-тарихи парадигмасы. Теориялық әдебиеттанудың инновациялық, компаративтік, гендерлік, баяндау, дискурсивтік, постмодернистік, герменевтикалық, психопэтикалық парадигмалары. Қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақ кезең келбеті және оның қазіргі тұрғыдан зерттелу сипаты. Алаш әдебиеті. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі көркемдік әдіс мәселесінің қайта қаралуы. Қазіргі әдебиеттанудың міндеттері мен мақсаттары.

XX-XXI ғасырлардағы әдебиеттану ғылымының даму тенденциялары. Тарихи поэтика мен салыстырмалы-тарихи әдебиеттанудың әдістемелері. Компаративистік мектеп. Салыстырмалы-салғастырмалы әдістің әдебиеттануға енгізілуі. Салыстырмалы әдебиеттану теориясының міндеттері (А.Веселовский, Ф.Ноэль, Ж.Ампер, К.Пищуа, А.Руссо). Дюрюшин концепциясы бойынша әдебиетті салыстырмалы түрде зерттеудің мақсаты мен міндеті. Жирмунский мен Конрад еңбектеріндегі Батыс пен Шығыс байланыстары.

3. Қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық мәселелері.

Әдеби үдерісті зерттеудің тәсілдері. Әлем әдебиеті тарихында қалыптасқан әдебиетті зерттеудің принциптері. Әдебиеттанудағы әдістердің тарихи дамуы. Әдебиеттанушылық теориялар, әдістер, бағыттар.

Қазіргі ғылыми-зерттеу методологиясы туралы әдебиеттегі жаңа бағыт, соңғы сарындар, ұлттық рухтың қазақ әдебиетінде жаңаша көріну сипаттары. Көркем әдебиет және цензура. Сөз бостандығының көркем шығармашылықтағы көріністері. Қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің жеке адам мен қоғамдық санаға ықпал-әсері. Технократтық индустрия негізінде жоғары дамыған елдердің мәдениеті мен өнеріндегі, әдебиетіндегі интеграциялық процестердің көрінісі және оған қарсы интеллектуалдық ағымдар күресі. Әлемдік әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің мәні мен маңызы, беті мен бағыттары. Отаршылдық кезең мен кеңес дәуіріндегі тоталитарлық жүйенің көркем әдебиетте реалистік тұрғыда

бейнеленуі. Дәстүрлі, классикалық, эстетикалық көзқарастар сипатындағы әлемдік өзгерістер.

4. Әдебиеттанудағы мектептер мен жаңа бағыттар

XX ғасырдағы әлем әдебиеттануындағы мектептер. Мәдени-психологиялық мектеп. Кембридждік мектеп. Р.Френк, А.Айвор, У.Эмпсонның зерттеу еңбектеріндегі мәдени-психологиялық бағыттың қағидаттары. Психоаналитикалық мектеп. З.Фрейд, К.Юнг, Ж.Лакан еңбектеріндегі шығарманы психоаналитикалық талдау үлгілері. Психоаналитикалық зерттеулердегі автор образы. Тарихи-әлеуметтік бағыттағы мектептердің әлеуметтік концепциялары. Философиялық-эстетикалық әдебиеттану. Ноосфергенез және адамның ғылыми-гуманистік дамуы. Бахтин поэтикасының принциптері. Формальды, құрылымдық-семиотикалық мектептер әдістемесі. Мәдени-тарихи дәстүрлер мектебі. Герменевтикалық дәстүр мектебі. Мәтінтану мектебі. Әдебиеттанудағы феминистік бағыт. Қазіргі батысеуропалық феминистік таным. Мәдениетті ерлер құндылығы жүйесіне бағыттау. Дәстүрлі көзқарастарды феминистік жүйеде қайта қарау. Әйелдер әдебиетінің пайда болуының тарихы және әйел образының ойлауының дербестігін сақтау, әйелдер бастамасының ерекшелігі мен игілігі.

Структурализм және постструктурализм. Әдеби структурализмнің алғашқы ғылыми идеялары. В.Матезиус, Я.Мухаржовский, Р.Якобсон еңбектеріндегі структуралистік бағыттың көзқарастары. Р.Барт, А.Греймас, Ж.Жаннет еңбектері.

5. Әдебиеттегі эстетикалық пайымдаулар

Қазақ әдебиетіндегі эстетика мәселесінің зерттелу деңгейі. Ұлттық эстетиканың кенжелеп даму себептері. А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың әдеби-эстетикалық көзқарастары. Әдебиеттің тәрбиелік қызметін арттыру жолдары. Модернистік өнердің мақсат-міндеті. Негізінен реализмге, өмір-болмысты нақтылы танытуға қарсылығы. Кеңестік әдебиет теориясы мен эстетикасында модернистік өнер түрлерінің айыпталуы, оның себептері. XX ғасыр басындағы модернистік бағыт-ағымдар ерекшелігі. Модернистік өнер аясындағы ағым-бағыттардың композициясы құруда, сюжет дамытуда, адамның ішкі сырына бойлау және танытудағы кейбір амал-тәсілдерінің озықтығы, пайдалылығы.

XX ғасырдағы және қазіргі қазақ әдебиетіндегі кейбір туындыларда модернистік ағымдарға тән суреттеу тәсілдерінің қолданылуы (экзистенциализм өнеріне тән жатсыну, жалғыздық мәселесі; сондай-ақ психологиялық талдау, «сана ағымы» т.б.көріністері.).

6. Мәтін теориясы мен поэтикасы. Мәтінтану мәселелері

Мәтін және болмыс, мәтін және автор, мәтін және мәнмәтін, оқырман және мәтін арасындағы поэтикалық байланыс түрлері мен деңгейлері. Көркем мәтіндегі тілдік құбылыстардың поэтикалық қызметі. Көркем мәтінді зерттеудің жалпы филологиялық бағыттары. Мәтін жайлы көзқарастар тарихы. Суреткер тұлғасы туралы ғылыми-теориялық көзқарастар өрісі.

«Әдеби мәтіндегі автор» ұғымы. Авторлық баян және көркем әлем. Көркем мәтіннің поэтикалық сипаты. Әдебиеттанулық интерпретацияның теориясы мен практикасы. Мәтінді мақсатты түрде жазу және сақтау. Г. Пауль мен В. Перетцтің филологиялық мектебі, мәтінтанудың тууы.

Мәтін ұғымының әр алуан мағыналары. Лингвистика мен әдебиеттану аяларындағы мәтін туралы түсініктер. Текстология ғылымы. Мәтінді семиотикалық және мәдениеттану тұрғысынан бағалау. Сөзсіз мәтіндер. Мәтін-толғамдар. М.Бахтин және Ю.Лотман пікірлері. Мәтіндегі диалогтық қатынас. Мәтіннің мәдени әрі қарым-қатынас субъектісі ретіндегі маңызы. Мәтін шексіздігі (Ж.Деррида, Р.Барт) жайлы постмодернистік тұжырым.

Мәтінтану – әдебиеттану ғылымының жанама бір саласы екендігі, оның міндет-мақсаты. Орыс және қазақ әдебиеттану ғылымдарындағы мәтінтанушылық зерттеулер жайы. Бұл саланың қазақ тіл білімі ғылымында білім дамуы. Орыс ғылымында мәтінтанудың іргелі ғылыми сала (акад. Д.С.Лихачев т.б. еңбектері болып) екендігі. Бізде кенжелеп қалғандығы. Махамбет, Абай т.б. қаламгер туындыларының мәтіндеріне қатысты пікірталастары. Мәтінтанушы мамандар даярлау қажеттілігі. Мәтіндік зерттеу, талдаулар жүргізудің ерекшелігі мен қиындықтары.

7. Әдеби когнитология

Когнитивті әдебиеттану генезисі. Когнитивтік әдебиеттанудың базалық ұғымдары. Мәнмітіннің когнитивтік жүйесі. Көркем концепт әдебиеттанушылық категория ретінде. Ұжымдық сана бірліктері. Универсалиилер, стереотиптер метакатегория ретінде. Тұлғаның когнитивтік стилі. Мағына когнициясы. Когнитивтік стратегиялар және идеостиль. Әлемнің тілдік бейнесі. Көркем әлем концептосферасы. Мәтіндегі ақпаратты өңдеу. Дж. Лакоффа, М. Джонсон еңбектеріндегі когнитивтік риторика, М. Тёрнер еңбегіндегі когнитивтік метафора, П. Стоквелл, Р. Цур еңбектеріндегі когнитивтік поэтика мәселелері. Әдеби шығарманы когнитивті-концептуалды тұрғыдан талдау. Автор образы. Әдебиет әлемнің тілдік бейнесінің эстетикалық көрінісі ретінде

8. Көркем антропология

Көркем антропология: қазіргі әдебиеттану дискурсы. Көркем антропология пәні, зерттеу нысаны, басқа пәндермен байланысы. Антропологиялық теориялар негізі. Қазіргі гуманитарлық білімнің антропологиялық әдісі. Адам мәселесін шешуде көркемдік дамудың өзгеруі. Әдеби антропологиядағы жаңа ғылыми әдістер. Әдеби және көркем антропологияның ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Авторлық тұғырнама. Қазақ прозасы және көркем антропология.

Пәлсапалық антропологиядағы адам болмысының негіздері, инварианттары мен универсалиялар. Антропологиялық бағыт бастауындағы еңбектер. М.Шелер, А.Гелен, Г.Плеснер еңбектеріндегі субстанция. Антропологиядағы маргиналдық сана, бейсаналық көріністер, санасыздық сәттері, елестік әлем, тән тәжірибесі секілді мәселелер. Авторлардың көркем антропологиясы. Антропологиялық әдістегі биологиялық тұрғыдан бағалау.

Персонализм мен экзистенциализм, психоанализ бен неофрейдизм, феноменология және структурализмнің кейбір теорияларының антропологисттік идеялармен қабысуы.

9. Әдеби герменевтика. Рецепттивті эстетика.

Герменевтикалық бағыттың бастауы. Ф.Шлейермахер, В.Дильтей, Г.Гадамер, В.Изер, Г.Яусс еңбектеріндегі герменевтикалық зерттеудің ерекшелігі. Герменевтикадағы «шығарма – оқырман – дәстүр» жүйесі. Рецепттивтік теория. Рецепттивтік теория қағидаттары. «Шығарма – оқырман» жүйесі. Богин, Арнольд, Залевская, В.Я.Задорнова, И.Гюббенет, Л.В.Чернец секілді ғалымдар еңбектеріндегі. Эксплициттік және имплициттік оқырман. «Алдын-ала ұғыну» түсінігі. Әдеби шығарманы түсінудің логикалық сатылары. Көркем шығарманы талдау және қабылдау мәселелері. Әдебиеттегі диахрондық және синхрондық талдау әдістемелерінің жемісі. Рецепттивті эстетика теориясы. Әдебиеттегі герменевтика және эстетика тәжірибесі. Әдебиеттанудағы формалистік концепциялар. Объективті-аналитикалық талдау және субъективті қабылдау қатынастары. Шығармашылық процесс және оны қабылдау жолдары.

Аристотель, Пифагор, Платон, Аквинский, Кант еңбектеріндегі катарсис туралы ой-тұжырымдар. Көркем шығарма жазу мен қабылдауындағы сезім мен қиял қызметі. Автордың ойлау, ой қорыту процессіндегі диалектикалық шешім. Катарсис мақсаты – эстетикалық әсер. Шығарманың сезімталдық аясы оқырман қабылдауында туғызатын тілектестік сезімдердің табиғаты және оны пайдалану. Сезімталдық жұмбақтарын жанды бейнеге көшіру мәселелері.

Герменевтика – гуманитарлық ғылымдардың метеодологиялық негізі. Түсіну ұғымы. Сөз, өнер сөзі. Түсінудің кісіаралық сипаты. Интуитивті тану және интерпретация. Түсінудің шарттылығы. Интерпретацияның (зерделеу) таңдамалы және шығармашылық қуаты.

Шынайы оқырман. Әдебиетті тарихи-функционалды тұрғыдан үйрену. Әдеби сын. Көпшілік-бұқаралық оқырман. Әдеби иерархия және репутация. Әдеби классика. Бұқаралық әдебиет. Беллетристика. Әдеби репутацияның тербелісі. Беймәлім және ұмытылған авторлар. Өнердің элитарлы және элитарлы емес концепциясы.

10. Әдебиеттегі авторлық мәселесі

Өнердегі авторлық мәселесі. Әдебиет, өнер тарихында түрлі себептер мен кейбір туындылар авторларының аталмауы немесе басқа біреудің атымен таралуы, жариялану фактілері. Мұндай фактілердің ән саласында (нақты авторы бар туындының халық әні аталуы), әдебиетте орын алуы, оның түрлі себептері.

Авторлық мәселесін анықтаудың жолдары мен әдістері. Төл әдебиет тарихында кенестік дәуірде М.Дулатов өлеңінің Ы.Алтынсаринге, А.Байтұрсынов аудармасының Асан қайғыға делінуі осылай жарияланып, насихатталып келуі, т.б.

11. Қазіргі әдебиеттегі ұлттық таным. Әдебиеттің ұлттық сипаты

Әдебиет және ұлттық дүниетаным. Ұлттық дүниетаным негіздері – оны түсінудің, талдаудың, қолданудың қажеттілігі, түрлі әдіс-тәсілдері. Қазақ әдебиетінің ұлттық танымға әсері, оның даму ерекшелігі. Таным. Ұлттық және ғылыми таным. Ұлттық таным және дәстүрлі ментальдық. Этнодеформация – ұлттық сана мәселелері. Қазақ әдебиетіндегі даналық үрдіс. Қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық мұрат. Әдебиеттегі ұлт тарихы (І.Есенберлин, С.Сматов, Ә.Нұрпейісов, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов) романдарындағы тарихи тақырып. Жазушылар шығармаларындағы қазақ ұлтының мінез, болмысының суреттелуі.

Автордың санасы мен ой-пікірлері. Қаламгер шығармашылығы және ұлттық мәдениет. Ұлттық әдебиеттердің ерекшелігі және әлем әдеби үдерісінің заңдылықтары. Әдеби байланыстар. Көркем шығармаларды аудару мәселесі.

12. Мифопоэтика және археопоэтика.

Миф, мифология – адамзат көркемдік ойлау дүниетанымының негізі. Мифтік, фольклорлық сана мен дәстүр. Мифтің идеяны ашудағы қызметі. Мифтік құбылушылық. Құбылушылықтың түрлері мен жолдары. XX ғасырда қазақ әдебиетіндегі фольклорлық сарындардың игерілуі. Миф поэтикасы. Қазақ поэзиясындағы мифтік – поэтикалық бейнелер. Қазақ әдебиетіндегі жанр синкреттілігі мәселесі

Мифологиялық мектеп – әдебиеттану мен фольклористиканың бағыты. Мифологиялық мектептің философиялық негізі. Мифологиялық мектептің өкілдері. Қазіргі филология ғылымындағы неомифологиялық бағыты.

13. Көркем туындының шығармашылық тарихы

Шығармашылық процесс – жазушы лабораториясы – шығармашылық психологиясы мәселелері. Бұл мәселені қарастырудың бір өнімді жолы – көркем туындының шығармашылық жазылу тарихын зерттеу, қарастыру. Мәселенің орыс және қазақ әдебиеттану ғылымдарының жай-күйі, төл ғылымымызда кенжелеп келе жатқандығы, одан жуандайтын проблемалар.

Шығармашылық тарихты зерттеудің жолдары мен әдістері, мұндай зерттеудің маңыздылығы мен қажеттілігі. Жазушылық еңбек құпияларын ашуға қаламгердің өмір шындығын өнер шындығына айналдыру барысында сан-сала ізденістерін шеберлігін тануға, т.б. мүмкіндік беретіндігі. Қазақ әдебиетінде шығармашылық тарихы зерттелген туындылар (М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, т.б.) тағылымы.

14. Әдеби процесс, әдеби бағыт, ағымдар

Әдеби процесс – әдеби даму. Әдеби процестің, әдеби дамудың толыққандылығының көрінісі әдеби бағыт, адамдардың молдығы екендігі. Әдеби бағыт, әдеби ағымдар жайлы пікірталастары. Қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби бағыттар мен ағымдар, олардың арақатынасы. Зар заман ағымы т.б. Әрбір әдеби бағыттың, әдеби ағымның өзіндік бағдарламасы, өзіндік өмір шындығын тану, бағалау, суреттеу ұстанымдары болатындығы. Абай шығармашылығы арқылы қалыптасқан әдеби бағыт, оның

бағдарламасы. Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық, ағартушылық ағымдар. XX ғасырдағы кеңестік әдебиет.

Ағым мен бағытта шындықты бейнелеудің әдісі, бағалау, талдау принциптері бойынша құру. Әдебиеттегі негізгі бағыттар. Әдебиеттегі негізгі бағыттар мен ағымдар. Қазақ әдебиетіндегі постмодернистік өнердің кейбір көріністері. Әдеби бағыт, ағымдар проблемасының төл әдебиеттану ғылымында жетімсіз қарастырылуы. Модернизм, постмодернизм әдеби бағыт және көркемдік жүйе ретінде.

15. Әдебиеттегі дәстүр және жаңашылдық

Дәстүр мен жаңашылдық. Дәстүр мен жаңашылдықтың ажырамас бірлігі. Дәстүр жалғастығы – аралық буын. Жаңашылдық – талант пен шеберліктің жемісі. Миф, аңыз, ертегі жанрлардағы дәстүрдің жазба әдебиеттегі шағын эпикалық жанрлардан жалғастық табу мәселесі. Автор мәселесіне байланысты ауыз әдебиеті мен ақындар поэзиясы, кәсіби әдебиеттің айырмашылығы. Фольклорды тудырған орта мен қазіргі жағдай. Дәстүрге айналған жаңалық және дәстүрлі бұзған жаңалық қатынастары. Таланттың қалыптасуына қажетті өмірлік шығармашылық факторлар. Жазушыны өмірді поэтикалық тұрғыдан көре білу ерекшелігі.

Қазіргі кезеңдегі әдебиеттану мәселесі. Жазушының өмір құбылыстарын жинақтап бейнелеуі, көркемдік шеберліктің үлкен үлесі екендігі. Прототип пен қиялдау элементтерінің маңызы туралы.

Семинар сабақтардың тақырыптары:

1. Қазіргі өмірдегі әдебиеттанудың ролі.
2. Қазіргі әдебиеттанудың даму тенденциялары.
3. Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар пәнінің мақсат-міндеттері
4. Қазақ әдебиетіндегі салыстырмалы тарихи талдау жасау
5. Әдебиеттанудағы әдістемелік принциптер
6. Әдеби когнитологиялық талдау амалдары
7. Әдеби мәтінді талдаудың антропологиялық негіздері
8. Мәтінді психопоэтикалық талдау мен талқылаудың әдістері
9. Көркем шығарманы тарихи-әлеуметтік әдебиеттану тұрғысынан бағалау амалдары
10. Қоғамдық даму және ғылыми прогресс.
11. Өмір-болмысты, қоғам шындықты тану жылдары.
12. Еуропа әдебиеттануындағы әдеби-ғылыми мектептер.
13. Орыс академиялық әдебиеттану ғылымы арасындағы мектептер, олардың әдебиетті зерттеуде ұстанған әдістері мен принциптері.
14. XX ғ. 20-30 жылдарындағы формалистік және социологиялық мектептері, өкілдері.
15. Кеңестік әдебиеттану ғылымы ұстанған әдістер мен ұстанымдар. Жетістік-кемшіліктері.

Өз бетімен орындалатын жұмыстар тақырыбы

1. Қазіргі әдебиеттану ғылымында қолданылатын негізгі ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер
2. Көркем шығарманы талдау негізгі әдістері.
3. Қазіргі әдебиеттегі жанр типологиясы.
4. Әдеби компаративистиканың міндеттері.
5. Көркем шығармадағы миф поэтикасы және архетиптердің ролі.
6. XX ғасырдағы қазақ және орыс әдебиетіндегі модернистік ағымдар.
7. Тұлға концепциясы.
8. Герменевтика және коммуникативтік поэтикасы.
9. Әдеби иерархиялар. Қазіргі өмірдегі классикалық және көпшілік әдебиетінің ролі.
10. Автор және оқырман. Әдеби шығарманың тағдыры.
11. Модернизм және реализм.
12. Қазіргі Қазақстан әдебиетіндегі негізгі бағыттары мен ағымдары.

Магистранттың оқытушымен бірлесіп атқаратын өздік жұмыстарының (МОӨЖ) үлгі тақырыптары:

- 1 Қоғамдық даму және ғылыми прогресс.
- 2 Өмір-болмысты, қоғам шындықты тану жылдары.
- 3 Еуропа әдебиеттануындағы әдеби-ғылыми мектептер.
- 4 Орыс академиялық әдебиеттану ғылымы арасындағы мектептер, олардың әдебиетті зерттеуде ұстанған әдістері мен принциптері.
- 5 XX ғ. 20-30 жылдарындағы формалистік және социологиялық мектептері, өкілдері.
- 6 Кеңестік әдебиеттану ғылымы ұстанған әдістер мен ұстанымдар. Жетістік-кемшіліктері.
- 7 Қазіргі әдебиеттану ғылымында қолданылатын негізгі ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер.
- 8 Тарихилық принципі, мәні.
- 9 Герменевтикалық талдау әдісі.
- 10 А.Н. Богданов пен Л.Г.Юдкевичтің «Методика литературоведческого анализа» (1969) еңбегінің маңызы.
- 11 Н.Ф.Бельчиковтың «Пути и навыки литературоведческого труда» (Москва. 1965) еңбегі.
- 12 Зерттеу жұмысының тақырыбының өзектілігі мен ғылыми жаңалығын дәйектеу. Тақырып талдау. Жоспар құру мәселелері.
- 13 Сын-зерттеу еңбектермен библиографиялық көрсеткіштермен жұмыс істеу.
- 14 Әдебиеттану мәселелерін тарихи-диалектикалық методология негізінде зерттеу тәсілдері
- 15 Әдебиеттегі диахрондық және синхрондық талдау әдістемелері
- 16 Әдебиеттанудағы көзқарастар мен тұжырымдар.
- 17 Әдебиет тарихының зерттелуі.

18 Қазақ әдебиеті тарихына қатысты пікір-тұжырымдар және жаңаша көзқарастар.

19 Әдеби сын мәселесі. Сын жанрлары.

20 Салыстырмалы әдебиеттану принциптері.

Магистранттың өздік жұмыстарының (МӨЖ) үлгі тақырыптары:

- 1 Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар пәнінің мақсат-міндеттері
- 2 Қазақ әдебиетіндегі салыстырмалы тарихи талдау жасау
- 3 Әдебиеттанудағы әдістемелік принциптер
- 4 Әдебиеттанудағы әлеуметтік концепциялар
- 5 Әлем әдебиеті туындыларына феминистік талдау
- 6 Формальды, құрылымдық – семиотикалық мектептер әдістемесі
- 7 А.Веселовскийдің тарихи-салыстырмалы мектебі
- 8 Салыстырмалы әдебиеттану әдебиет туралы ғылымдағы жаңа бағыт
- 9 Мәдени – тарихи дәстүрлер мектебі
- 10 М. Бахтин, Аверинцев, Виноградов, Манн мектебінің ерекшеліктері
- 11 «Ж.Аймауытов романдарындағы әлеуметтік мазмұн
- 12 Мәтінтану мектебі
- 13 Герменевтикалық дәстүр мектебі.
- 14 Структурализм және постструктурализм
- 15 Әдебиеттанудағы феминистік бағыт
- 16 ХХ ғасырдағы әлем әдебиеттануындағы бағыттардың даму тарихы
- 17 Мәтін теориясын зерттеуші ғалымдар еңбектері
- 18 Психоаналитикалық бағыттың даму кезеңдері, өзіндік ерекшелігі.
- 19 Структуралистік және постструктуралистік бағыттың әдебиеттану ғылымында тұрақталуы, негізгі ұғым-түсініктері.
- 20 Конструктивизм және деконструктивизм бағыттың теориясы, өкілдері, өзіндік ұғым-түсінігі.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Негимов, С.Әдебиет әлемі / С. Негимов.- Алматы: Ана тілі, 2008
2. Нұрғалиев Р. Талант қырлары. Қазақ әдебиеті, 9 қыркүйек, 2009.
3. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. - Алматы : Қазақ университеті, 2010
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті2005
5. Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазуы2008
6. Қалижан У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым 1998
7. Мәдібаева Қ. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. 2001
8. Омаров Б. Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика. 2003
9. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. 2003
10. Абдрахманова Т. Қасым Аманжоловтың поэтикасы. Монография. – Алматы: ғылым, 1976.

11. Атымұв М. Қазақ романдарыны поэтикасы. – Алматы: ғылым, 1975.
12. Ахметов З. Поэтика эпоеи Путь Абая в свете истории ее создания. – Алматы: Наука, 1981.
15. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Қарағанды: Арқоң, 2004
16. Байтұрсынов А Ақ жол. / құр. Р. Нұрғалиев. – Алматы; Жалын; 1991
17. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973.
18. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: ғылым, 1979.
19. Есембеков Т. Драматизм и казахская проза. – Алматы: Қазақ университеті, 1997.
20. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы, 1998.
21. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы; қазақ Университеті, 1992
22. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Қазақ университеті, 1996.
23. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2003.
24. Темирболат А.Б. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. – Алматы: Ценные бумаги, 2009.
25. Мақырұлы С. Адамтану өнері. – Алматы, 2006.

Қосымша әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы, 1995.
2. Ауэзов М. Мысли разных лет. Собрание сочинений. – Алматы, 2005.
3. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы, 1979.
4. Борев Ю. Эстетика. – М., 2006.
5. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
6. Джуанышбеков Н. Проблемы современного сравнительного литературоведения. – Алматы: Қазақ университеті, 2000.
7. Есин А. Психологизм русской классической литературы. – М., 1988.
8. Жаксылыков А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в казахской литературе. Типология. Эстетика. Генезис. – Алматы: Қазақ университеті, 1995.
9. Жетписбаева Б. Символ в движении литературы. – Алматы., 1999.
10. Жирмунский В. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. – М., 1977.
11. Классицизм и модернизм. – Тарту, 1997.
12. Лотман Ю. Анализ поэтического текста. – Л., 1972.
13. Нұрғалиев Р. Поэтика драмы. – Алматы, 1976.
14. Потебня А. Эстетика и поэтика. – М., 2006.
15. Пірәлиева Г. Ішкі монолог. – Алматы, 1993.
16. Савельева В. Художественный текст и художественный мир. – Алматы: Дайк-Пресс, 1996.
17. Савельева В.В. Художественная антропология и творчество писателя. – У-Каменогорск-Алматы, 2007.

18. Володина Н.В. Концепты, универсалии, стереотипы в сфере литературоведения. –Москва. 2010.
19. Подорога В. Феномология тела. Введение в философскую антропологию – Москва, 1995.
20. Бахтин М.М. Вопросы литературы эстетики. Исследования разных лет. – Москва., 1975.

Құрастырғандар:

Таңжарықова Алуа Василийқызы – филология ғылымдарының докторы, аға оқытушы

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ДОКТОРАНТУРА

6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300-Педагогика және психология, 6D010500-Дефектология, 6D010700-Бейнелеу өнері және сызу, 6D010900-Математика, 6D011000-Физика, 6D011100-Информатика, 6D011200-Химия, 6D011300-Биология, 6D011400-Тарих, 6D011500-Құқық және экономика негіздері, 6D011600-География, 6D011700-Қазақ тілі және әдебиеті, 6D012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары үшін

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

РҒАН 7201 Педагогиканың философиясы және әдіснамасы

3 кредит

Алматы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

1. Бекмағамбетова Р.К. – Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

2. Жиенбаева Н.Б. – Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының профессоры, психология ғылымдарының докторы

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Педагогиканың философия және әдіснамасы» пәні педагогикалық мамандықтар бойынша PhD докторларын дайындау бағдарламасындағы базалық пән болып табылады. «Педагогиканың философия және әдіснамасы» пәнін меңгеру үшін докторанттар магистратура деңгейіндегі «Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері», бакалавриат деңгейіндегі «Ғылыми педагогикалық зерттеулердің негіздері» және «Педагогика», «Психология» алған білім, білік, дағдыларын пайдаланады.

«Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы» *пәнінің мақсаты* докторанттарды ғылыми және практикалық зерттеу қызметінде әдіснамалық білімдер, біліктерімен қаруландыру болып табылады.

Курстың негізгі міндеттері:

- докторанттарды ғылым мен білім философиясының заманауи мәселеріне бағыттау;
- қазіргі қоғамдағы білімнің әлеуметтік қызметін айқындау;
- докторанттардың зерттеу үрдісінде талдау мен өзіндік талдау пайдалануға дайындау.

«Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы» пәнін оқу нәтижесінде докторант *білуі керек:*

- ғылыми танымның әдіснамасын;
- «педагогика философиясы», «педагогика әдіснамасы» түсініктерінің мәнін, қызметін;
- ғылым эволюциясындағы парадигмалардың ауысуы мен дамуының негізгі кезеңдері туралы;
- ғылыми жаңалықтарды практикалық қызметке ендіру тетіктерін;
- ғылыми қоғамдағы қарым-қатынас нормаларын;
- жаһандану мен интернацияландыру жағдайында отандық ғылымның дамуының заманауи беталыстары мен заңдылықтарын;
- белгілі бір саладағы әлемдік және қазақстандық ғылымның жетістіктерін;
- ғылым мен білімнің әлеуметтік жауапкершілігін (сезінуі және қабылдауы);

жасай алулары керек:

- ғылыми зерттеулер үдерісін ұйымдастыруды, жоспарлауды және іске асыруды;
- ғылыми зерттеулер үдерістерін жоспарлау, үйлестіру, іске асыру;
- зерттеу саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдамаларды талдауды, бағалауды, салыстыруды және қорытынды жасауды;
- әртүрлі деректерден алынған ақпараттарды талдауды және өңдеуді;
- зерттеудің заманауи әдіснамасын таңдап, оны тиімді қолдануды;
- өзінің кәсіби дамуын жоспарлауды және болжауды.

Пәннің пререквезиттері:

1. Білім беру философиясы
2. Жоғары мектеп педагогикасы. Педагогиканың әдіснамалық негіздері

3.Педагогикалық психология. Білім беру қызметінің психологиясы

Пәннің постреквезиттері:

- 1.Жоғары мектеп педагогикасы. Жоғары мектеп психологиясы
2. Қарым-қатынас мәдениеті және педагогикалық этика
3. Құзыреттілік педагогикасы

Пәннің тақырыптық жоспары

- 1-тақырып. «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» курсының мақсаты, пәні және міндеттері
- 2- тақырып. Ғылым - ерекше әрекет түрі ретінде.
- 3 – тақырып. Философия - әдіснамалық білімдердің жоғары деңгейі
- 4 – тақырып. Педагогика философиясы
- 5 –тақырып. Әдіснама – ғылымды тану туралы ғылым
- 6 – тақырып. Әдіснаманың деңгейлері және олардың жалпы сипаттамасы
- 7- тақырып. Педагогика – білім туралы ғылым
- 8 – тақырып. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары мен ұстанымдары
- 9- тақырып. Педагогикалық зерттеулердің логикасы
- 10 – тақырып. Педагогикалық зерттеулердің ғылыми аппаратының құрамалары
- 11 – тақырып. Болжам – зерттеудің ғылыми аппаратының компоненті
- 12 – тақырып. Педагогикалық зерттеу әдістері
- 13 – тақырып. Зерттеудің ғылыми нәтижелері
- 14 – тақырып. Диссертацияны қорғауға дайындау процедурасы
- 15 – тақырып. Педагог – зерттеушінің әдіснамалық мәдениеті

Пәннің мазмұны

1-тақырып. «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнінің мақсаты

Кіріспе. «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» курсының пәні және міндеттері. Пәннің негізгі категориялары. Қазіргі замандағы педагогикалық білімнің ролінің артуы.

2- тақырып. Ғылым ерекше әрекет түрі ретінде.

Ғылым философиясы және әдіснамасы. Таным ерекше әрекет түрі ретінде. Ғылым әрекет ретінде. Ғылыми таным деңгейлері, формалары, әдістері. ғылыми рационалдық түрлері. Т.Кун ғылымның парадигмалық дамуы жайында, «ғылыми қауымдастық» түсінігі. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар, оларды классификациялау амалдары.

3 – тақырып. Философия әдіснамалық білімдердің жоғары деңгейі

Педагогиканың философиялық негіздері. Педагогика әдіснамасы ретінде қолданылатын философиялық ілімдер: экзистенциализм, неотомизм,

позитивизм, неопозитивизм, прагматизм, диалектикалық материализм т.б. Философияның педагогика әдіснамасын дамыту әлеуеті.

4 – тақырып. Педагогика философиясы

Педагогика және білім философиясы. Білім онтологиясы. «Білім» ұғымының үш мағынасы. Білім берудің дәстүрлі және балама жүйелері. Білім логикасының жалпы сипаттамасы. Білім аксиологиясы. Білімдегі құндылықтар табиғаты және көздері. Педагогикалық құндылықтар классификациясы. Білім этикасы. Білімдік орта сипаттамасы және ондағы субъектілердің өзара әрекеттестігі. Мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар. Педагогтың психологиялық-педагогикалық дайындығының өзекті мәселелері.

5 – тақырып. Әдіснама – ғылымды тану туралы ғылым

Педагогика әдіснамасының мәні. Педагогика әдіснамасының түсініктері. Педагогика әдіснамасының нысаны мен пәні. Педагогика әдіснамасының қызметі. Педагогикалық зерттеулерді әдіснамалық қамтамасыз ету мәселелері.

6 – тақырып. Әдіснаманың деңгейлері және олардың жалпы сипаттамасы

Педагогика әдіснамасының деңгейлерін түсіну амалдары. Педагогика әдіснамасының философиялық деңгейі. Педагогика әдіснамасының жалпығылыми деңгейі. Педагогика әдіснамасының нақты ғылыми деңгейі. Педагогика әдіснамасының технологиялық деңгейі. Әдіснамалық білім құрылымы.

7- тақырып. Педагогика – білім туралы ғылым

Педагогика ғылымының нысаны мен пәні. Педагогиканың ұғымдық - категориалық аппараты. Педагогика ғылымының дербестігі мен ашықтығы. Педагогика ғылыми білімдер аумағында. Педагогика ғылымының даму көздері.

8 – тақырып. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары мен ұстанымдары

«Әдіснамалық амал» мен «әдіснамалық ұстанымдар» түсініктері және олардың арақатынасы. Педагогикалық зерттеулердің негізгі әдіснамалық амалдарының сипаттамалары: (жүйелілік, тұлғалық, іс әрекеттік, мәдениеттанымдық, құзыреттілік, акмеологиялық, синергетикалық, т.б.). Педагогикалық зерттеулердің ұстанымдарының сипаттамалары: (теория мен практиканың бірлігі, объективтілік, жан - жақтылық, кешенділік т.б.)

9- тақырып. Педагогикалық зерттеулердің логикасы

Педагогикалық зерттеулер үрдісі мен құрылымы. Зерттеудің логикалық құрылымының сипаттамасы. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық аппараты. Зерттеу бағдарламасын жасау.

10 – тақырып. Педагогикалық зерттеулердің ғылыми аппаратының құрамалары

Зерттеу мәселесін таңдау және негіздеу. Зерттеудің жетекші идеясы. Зерттеудің нысаны мен пәні. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қорғауға

ұсынылатын қағидалар. Зерттеу нәтижелері, олардың педагогика ғылымы мен практикасы үшін маңыздылығы.

11 – тақырып. Болжам – зерттеудің ғылыми аппаратының компоненті

Зерттеудің ғылыми болжамы. Ғылыми болжамның типтері мен түрлері. Ғылыми болжамды тұжырымдауға қойылатын талаптар. Ғылыми болжамды тексерудің жолдары мен стратегиялары.

12 – тақырып. Педагогикалық зерттеу әдістері

Ғылыми таным әдістерінің классификациясы. Әдістер сипаттамасы. Зерттеудің эмпирикалық әдістері. Зерттеудің теориялық әдістерінің мәні, олардың зерттеу пәнін сипаттайтын тұжырымдамалар мен теорияларды құрастырудағы ролі. Зерттеудің социологиялық және басқа әдістері және олардың деректер жинақтау мен өңдеудегі орны мен ролі. Зерттеу әдістерінің ізденушілік мақсаттарына сәйкестігі. Математикалық және статистикалық әдістер. Эксперимент – зерттеу әдісі ретінде.

13 – тақырып. Зерттеудің ғылыми нәтижелері

Зерттеу нәтижелері және оларды сипаттау тәсілдері. Зерттеудің нәтижелерінің теориялық және практикалық құндылығы. Педагогика бойынша ғылыми зерттеулердің сапасын анықтау критерийлерінің сипаттамасы. Зерттеудің нәтижелерінің шынайылығы мен дәлелділігі. Зерттеудің нәтижелерін тәжірибеге ендіру. Зерттеудің нәтижелерін жариялау. Ғылыми жарияланымдар түрлері: конспект, мақала, баяндама, тезис, пікір, т.б. Шет елдік басылымдарға мақала жазуға қойылатын талаптар.

14 – тақырып. Диссертацияны қорғауға дайындау процедурасы

Диссертацияның жазылу тілінің ерекшеліктері және академиялық стилі. Зерттеудің библиографиялық аппараты. Диссертациялық жұмысты мемлекеттік стандарттарға сәйкес безендіру. Диссертацияны қорғауға ұсыну, ашық қорғау процедуралары. Ашық қорғау кезіндегі ізденушінің сөйлеу тіліне қойылатын талаптар.

15 – тақырып. Педагог – зерттеушінің әдіснамалық мәдениеті

Педагогтың әдіснамалық мәдениеті - оның кәсібилігінің жоғары деңгейі ретінде. Педагог- зерттеушінің әдіснамалық мәдениетінің құрылымы. Педагог- зерттеушінің әдіснамалық мәдениетінің белгілері. Зерттеушінің кәсіби-мәнді сапалары. Зерттеушінің ғылыми адалдығы, әдебі және мәдениеті. Педагог- зерттеушінің әлеуметтік перцепциясы. Педагог- зерттеушінің ғылыми рефлексиясы.

Семинар сабақтардың тақырыптары

1-тақырып. Таным - ерекше әрекет түрі ретінде.

2- тақырып. Педагогиканың философиялық негіздері

3 – тақырып. Философияның педагогика әдіснамасын дамыту әлеуеті

4 – тақырып. Білім онтологиясы, логикасы, аксиологиясы, этикасы

5 –тақырып. Педагогика әдіснамасы және оның қызметі

6 – тақырып. Әдіснамалық білімдер құрылымы

7- тақырып. Педагогиканың мәртебесі

8 – тақырып. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары мен ұстанымдарының сипаттамасы

9- тақырып. Педагогикалық зерттеулердің логикасы

10 – тақырып. Педагогикалық зерттеулердің ғылыми аппаратының элементтері

11 – тақырып. Зерттеу болжамын, жетекші идеясын тұжырымдау

12 – тақырып. Педагогикалық зерттеу әдістерінің жіктемесі

13 – тақырып. Зерттеудің ғылыми нәтижелері және оларды сипаттау

14 – тақырып. PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалатын диссертацияларға қойылатын талаптар

15 – тақырып. Педагог – зерттеушінің сапалары

ДООЖ тақырыптары

- 1.«Таным - ерекше әрекет түрі», «педагогика философиясы» тақырыбында глоссарий жасау
2. Педагогика ғылымы мен білім мәселелеріне негіздеме жасау
3. Әдіснама деңгейлері мен оның қызметіне жазбаша сипаттама жазу
4. Білім философиясына негіздеме жазу
5. Заманауи білім философиясына сәйкес білім жүйелеріне жазбаша сипаттама беру
6. Ғылыми әдебиеттерден «педагогика» ұғымы генезисіне кесте жасау
7. «Әдіснаманы білу не үшін керек?» тақырыбына эссе жазу
8. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдарының сызбасын жасау.
9. Өз зерттеуіңіздің әдіснамалық ұстанымдарын негіздеу.
10. Педагогикалық зерттеулердің ғылыми аппаратын сипаттап жазу.
11. Өз зерттеуіңіздің болжамын, қорғауға ұсынылатын тұжырымдарды негіздеу
12. «Ғылыми болжам ...» ойды аяқтап жазу.
13. Педагогикалық зерттеулердің әдістерінің жіктемесін кесте түрінде бейнелеу
14. Полонский бойынша зерттеу нәтижелерін бағалау критерийлерін жазбаша сипаттау
15. «Педагог- зерттеушінің әдіснамалық мәдениеті деген...» тақырыбына эссе жазу

ДӨЖ тапсырмалары

1. Педагогика салалары бойынша өзекті мәселелерді айқындап тізім жасау
2. Зерттеу жұмысында әдіснаманың әртүрлі деңгейлерін қолдануды негіздеу
3. Қазіргі педагогиканың категориялық аппаратына байланысты материалдар жинақтау
4. Зерттеу жұмыстарындағы теориялық әдіснамалық негіздемелерге талдау жасау (авторрефераттармен жұмыс)
5. Зерттеу мәселесінің көкейтестілігін негіздеу

- 6.Зерттеудің нысаны мен пәнін негіздеу (авторефераттармен жұмыс)
- 7.Қорғалған зерттеу жұмыстарының ғылыми болжамдарына талдау жасау(авторефераттармен жұмыс)
- 8.Зерттеулердің жетекші идеяларының тұжырымдалуына талдау жасау
- 9.Зерттеу жұмыстарының әдістерінің таңдалуына талдау жасау
- 10.Зерттеу нәтижелерінің жаңалық деңгейлерін негіздеу (авторефераттармен жұмыс)

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Краевский В.В. Методология педагогического исследования. – М., 2005.
- 2.Методология педагогических исследований / Под ред. Г.А. Пискунова, Г.В. Воробьева. – М., 2007.
- 3.Скаткин М.Н. Методология и методика педагогического исследования. – М., 2003.
- 4.Коржуев А.В., Попков В.А Научное исследование по педагогике: теория, методология, практика. М.: Академический проспект. 2008. 287 с

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. – М., 2002.
- 2.Ботвинников А.Д. Организация и методика педагогических исследований.- М., 2001.
- 3.Введение в научное исследование по педагогике / Под ред. В.И. Журавлева. – М., 2008.
- 4.Загвязинский В.И., Атаханова Р. Методология и методы психолого-педагогического исследования. - М., 2003.
- 5.Методологические проблемы развития педагогической науки /Под ред. П.Р.Атутова, М.Н.Скаткина, Я.С.Турбовского.- М.:Педагогика, 1985.
- 6.Полонский В.М. Оценка качества научно-педагогических исследований. - М.: Педагогика, 1987. - 144 с.
- 7.Г.И.Рузавин. Методология научного исследования: Учеб.пособие для вузов.- М.:ЮНИТИ-ДАНА, 1999.
- 8.Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века (в поисках практико-ориентированных образовательных концепций). М., 1998. 608 стр.
- 9.Н.Э.Гусинский, Ю.И.Турчанинова Введение в философию образования. М.:Логос 2003.
10. *Таубаева Ш.* Методология и методика педагогического исследования. В помощь начинающему исследователю. – Астана : РНПЦ "Дарын", 2009. – 244 с

Анықтамалық әдебиеттер:

- 1.Коджаспирова Г.Н., Коджаспиров А.Ю. Словарь по педагогике. – М.: ИКЦ "Март". – Ростов-Д: Изд. Центр "Март", 2005. – 448 с.

2. Российская педагогическая энциклопедия: В 2-т.т. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1993. – 608 с.
3. Современный словарь по педагогике / Сост. :Рапацевич Е.С. – Мн.: "Современное слово", 2001. – 928 с.

Нормативтік әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 1999. – 96 б.
2. Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңы Астана, Ақорда, 27 шілде 2007
3. Конвенция о правах ребенка // Учитель Казахстана. – 5 июля 1995.
4. Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - Астана, 2010 ж.
5. Қазақстан Республикасы жаңа формация мұғалімінің үздіксіз педагогикалық білімі тұжырымдамасы.
6. Қазақстан Республикасы жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасы – Алматы, 2005. – 32б.

Интернет-көздері

1. <http://ecsocman.hse.ru/data/2012/01/21/1269291043/книга.pdf> 1. Персональный сайт В.В.Краевского <http://www.kraevskyvv.narod.ru/papers/tenden.htm>
2. В.П. Кохановский. Философия и методология науки. <http://padabum.com/d.php?id=13613>
3. В.Ярская. Методология диссертационного исследования.

Құрастырған:

Тұрғынбаева Б.А.- Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы